

*Бақытжан*  
*КЕНЕНҰЛЫ*

# ТҰЛПАРДЫҢ ТҰЯҒЫ

(естеліктер, мақала-арнау өлеңдер)



Алматы  
2023  
“Алматы-Болашақ” АҚ

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84 (5Қаз)  
К 30

**Кененұлы Б.**

**ТҰЛПАРДЫҢ ТҮЯҒЫ** / Бақытжан Кененұлы. – Алматы:  
«Алматы-Болашақ» АҚ, 2023. – 336 б.

**ISBN 978-601-7865-45-0**

Бұл жинаққа Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, белгілі қаламгер, аудармашы, сазгер Бақытжан Кененұлының әндері нотасымен, сондай-ақ мектеп, университет қабырғасында жүріп жазған тырнақалды өлеңдері мен әңгімелері, мақалалары, қаламгер-журналистің өмірі мен шығармашылығына арнап қалам тартқан замандас достарының, әріптестерінің естелік эсселері енгізілді.

Тұлпардың тұяғы, асылдың сынығы Бақытжан ағамыз, әкесі, қазақтың бұлбұл әншісі, дүлдүл ақыны Кенен Әзірбаев туралы бірнеше қомақты туындылар жазып қалдырды. Оның қаламынан шыққан «Әке рухымен сырласу», «Ұлы дала жыршысы», «Дүлдүл», «Адам болу оңай ма?» атты роман – эсселері, сондай-ақ жүрегінен туған сырға толы әсем әндері бүгінде жұртшылық назарында жүрген дүниелер.

Бұл кітап Кенен ақынның ұрпақтары туралы кеңірек мағлұмат алғысы келетін оқырмандарға, жалпы көпшілік қауымға арналады.

ӘОЖ 821.512.122  
КБЖ 84 (5Қаз)

**ISBN 978-601-7865-45-0**

© Бақытжан Кененұлы, 2023  
© «Алматы-Болашақ» АҚ, 2023

## *Автордан*

Біздер – сонау 60-70 жылдары Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов Әсет Бейсеуов секілді қазақтың біртуар дарынды ұлдарының Алатаудай асқақ, шыншыл, арманшыл, сырға толы әндерін естіп, бойымызға сіңіріп өстік. Расында, сол кездегі әндердің қай-қайсысы болмасын әуезділігімен, қазақы бояуымен, сазды нақышымен ерекшеленіп тұратын еді ғой. Сол бір кезеңді қазақ әндерінің мерейі биіктеп, асқақтай түскен, арнасынан асып төгілген ғажап өнер деуге әбден болады.

Жанымызды елітіп көңіл тербеген, әншілік өнердің бастау көзіндегі болған ағалардың әсем туындылары менің де ән шығаруыма көп септігін тигізді. Бұл ретте ардақты халық ақыны, күміс көмей әнші, ұлы композитор – әкем Кенен Әзірбаевтың тәлім-тәрбиесі, ұлағатты өсиеттерінің ықпалы болмай қалған жоқ.

Мен ән шығаруды кәсіптеп көрген жоқпын. Арнайы музыкалық білімім де жоқ. Бар болғаны көмейіме келіп қалған сазды әуен болса, соны ыңылдап, ұзақ айтып жүріп еске сақтауға тырысамын. Содан соң домбырада қайта-қайта тартып пысықтаймын. Әннің әуезіне орай сөзін жазамын. Осы жинаққа еніп отырған әндерімнің дені жас кезеңдеріне қарай, әр кезде, әрқилы көңіл толқуына байланысты шыққан туындылар. Әнде де, ән мәтіндерінде де осал түсіп жататын тұстары болуы әбден мүмкін. Мамандарға көрсетіп, ақындарға тексертіп алуға да болар еді. Бірақ әр жылдары, әрқилы оқиғаларға байланысты жанымды тербеген, әралуан сезімге бөлеген көңіл иірімдерін сол қалпында қалдыруды жөн көрдім. Сіздер де мұны сол қалпында қабылдап, кешіріммен қарар деген үміттемін. Өйткені олар сол сәтінде айтылған, жанымды мазалаған жүрек сазы.

***Б.Кененұлы***

## БАҚЫТЖАННЫҢ ӘНДЕРІ

Біз - бір-бірімізге ғашық едік. «Біз» деп отырғаным – 1965 жылы республиканың әр түкпірінен келіп университеттің журналистика бөліміне оқуға түскен студенттер. Біз негізінен соғыстан кейін туған арманшыл ұрпақ болатынбыз. Біздің ата-аналарымыз соғыстың қасіретін көрген, елдің ауыртпалығын өз иықтарымен көтерген, солай жүріп алдағы күннен үмітін үзбеген көнтерілі еңбекшілер еді. Сондықтан да дүниеге енді келген ұрпақтарының бақытты өмір сүретініне, көздеген мақсаттарына жететініне сенімді болатын. Сол ана сүтімен, әке үмітімен сіңген арманшыл еркіндік, әлдебір алыстағы беймәлім жақсылыққа деген ғашықтық бізді астанаға бастап әкелді. Адал еңбегің, терең білімің көздеген мақсатқа жеткізеді деген нық сеніммен студенттік кезеңнің ғажап толқынында тербеліп жүре бердік.

Қазіргі белгілі журналист, ақын, жазушы: Айтолқын Қаржаубай, Әбдірашев Жарасқан, Бейсенова Шәрбану, Қожахметова Мағира, Отарбаев Ақкөл, Досымов Сейітқазы, Дайрабаев Тынышбек, Кененбаев Ырым, Меңдібаев Сәлім – сол біздер едік.

Солардың бірі – Әзірбаев Бақытжан. Студенттік орта әзіл-сауығы басылмайтын, той-томалағы таусылмайтын қызықта орта. Негізгі міндет - оқудан соң, студенттің ең басты жұмысы дос іздеу. Ол жақсы дос іздеп кітапханаға баруы мүмкін, басқа институттарға баруы мүмкін, қаланың әр түкпірінде өтіп жатқан кездесу кештеріне баруы мүмкін. Соның бәрі жақсы арманның жетегі. Сөйтіп жүріп тапқан жаңа достармен, әдемі қыздармен, көркем жігіттермен бас қосып думандатып жатқаны. Сондай думандарда Бақытжан ортаға шығып ән салатын. Сол кездің өзінде арамыздағы жігіттердің жаңа әндері белгісіз автордың әні болып айтыла беретін. Шынын айтқанда, оның авторын іздеп пәлендей бас қатырмайтынбыз. Өйткені біз үшін басты нәрсе – әннің әдемілігі. Ал оның авторында әйгілеп атымды шығара қояйын деген пендешілік бола бермейтін. Ондай қасиет бертінірек келе пайда болды. Сол кездердегі көп әндердің арасында Бақытжан өзінің әнін де айтып жүретін. Бірақ, онысын ең жақын достары болмаса басқалар білмейтін.

Жалпы ақжайсаң ашықтығына, көпшіл, досшылдығына қарамай Бақытжанның табиғатында ішкі сырын жая бермейтін ұстамдылық бар. Ол оқуға түскен кезде «Қабылтаев Бақытжан» болатын. Оның мәнісін кейінірек білдік. Майданға кеткен нағашысы Қыдырбек сол сұрапылдан оралмапты. Жас жігіттің артында тұяқ та қалмаған. Сондықтан, соғыстан кейін туған Бақытжанды нағашы шешесінің көңілін аулау үшін, қыршын кеткен боздақтың аты жойылмасын деп: «Қабылтаев Бақытжан Қыдырбекұлы» деп жаздырған екен. Шынымен соғыстан оралмаған әкенің орнында қалған тұяқ екенмін деген жауапкершілікпен өскен Бақытжанның бозбала шақта ғана шындықты білуі өзінше бір хикая.

Дегенмен қазақ-қырғызға мәлім «Кенен Әзірбаевтай» әкенің бар қасиеті қонса да, Бақытжан тумасынан көрген тәрбиесіне бағып, қарапайым, ұстамды қалпынан өзгермеуге тырысты. Сондықтан да ол әке атымен дайын тұрған консерваторияға түспей, университеттің табалдырығына келді. Студенттік кезде де сол кездегі көдедей көп «әнші-күйші» ансамбльдеріне қатыспай, журналист болуға табанды түрде еңбектенді. Тіпті, өмірбаянды өзінше жазбақ болып, университет бітірген соң шұғыл әскери міндетін өтеу үшін лейтенант шенінде, сонау Бурятиядан бір-ақ шықты. Сонда елден ала кеткен серігі қалақтай ғана қара домбырасы болатын. «Өмірі желдің ызыңынан басқа ештеңе естімеген тайганың ормандарын қазақ домбырасының үнімен шулатып жүрмін. Елден алыс, түрі ұқсас болғанмен, тілі басқа жұрттың арасында жалғыз домбыра тұтас оркестрдей, сыңсыған орман жаңғырығына қосылған менің үнім көшкен елдей болып естіледі» деген сағынышқа толы хаттар жазатын.

Қалай болғанда да Бақытжанның өмірінде әннің орны ерекше. Қанша қарапайым көптің бірімін деп, атаның даңқымен емес, өз бетінше өмір сүруге тырысқанымен сүтпен кіріп, сүйекке сіңген өнер маза бермейді. Баяғы студенттік кештерде қазмойынын кербез бұрып, қалақ басын бір жағына қисайта отырып, көздерін тарс жұмып алып, әлдебір қиырларға қанат қаққандай даусын еркін соза, мақпалдай үнімен ән тербегенде селт етпей тыңдайтынбыз. Өнді аяқтай бере айналасына барлай қарап, эзіл-шыны аралас: «Оу, қыздар, бәрің бірдей мүлгіп ғашық боп қалғанбысындар!»

деп саң ететін. Сол сәтте мен де әзілдеп: «Бақытжан, сен ән салып отырғанда ғашық болмау мүмкін емес», деп жауап қайтаратын едім. Қазір ойласам, сол әндерде Бақытжанның арманшыл, адалдыққа құштар жаны көрінеді екен. Ол адамның болмысы, табиғат берген ерекше қасиет.

Бақытжан журналист, аудармашы ретінде де нанын тауып, балашағасын асырап, ел қатарында жүр. Бірақ қайғы мен қуанышта, әлдебір оңаша сәттерде оның жаны әуен іздейді. Көңілдің күйін шертер сол бір сәттерін ол ерекше күтетін, аялайтын.

Иә, біз соғыстан кейін туған арманшыл, романтикаға бейім ұрпақпыз. Сондықтан, көздеген мақсатқа жететінімізге сенімді едік. Сондықтан да өз өмірбаянымызды өз еңбегімізбен жаза бастадық. Ешқандай есеп-қисапсыз, ешбір қолпаш-жетексіз, әке беделі, ағайын білегінсіз жаздық. Ол өмірбаян: Қаржаудың романдарында, Жарасқанның өлеңдерінде, Шәрбанудың әңгімелерінде, Тынышбектің архивтік ізденістерінде, Сейітқазының повестерінде, Ырымның публицистикалары мен Сәлімнің очерктерінде...

Және...Бақытжанның әндерінде.

Біз бір-біріміздің еңбегімізге еш қызғанышсыз ғашық едік. Ал бәріміз жиналып Бақытжанның әніне ғашық едік. Өйткені, оның әні атадан балаға үзілмей жеткен өнердің қасиетін байқатады. Табиғат берген дарынның көзі әйтеуір бір ашылатынын байқатады. Ән салғанда арман қанатында қалықтап жүргендей беймарал күйге түсетін Бақытжан Әзірбаев бәріміздің көңілімізде айтылмаған сырды ақтарып отырғандай болатын. Ол әнді жанымен шығарып, жүрекпен айтатын. Ал, бұдан отыз бес жыл бұрын біз естіген мақпал дауыс тек солардың қосымшасы ғана.

Иә, біз бір-бірімізге ғашық едік. Әсіресе, арманшыл жанымыз өнерге ғашық еді. Бақытжанның үні мен әні сол ғашықтықтың белгісі.

*Сара ЛАТИЕВА*  
*жазушы-журналист*  
*2004 ж.*

# Көңіл кептері

(лирикалық әндер)



## Қош бол, балалық!

Баяу

Қош бол, ба - ла - лық, Көң(i) - лің - де жоқ а - ла - лық, Қы - зы - ғың біт - пей - тің,  
4 Шек - сіз - ау, са - на - лып. Қош бол, ба - ла - лық! Е - сей - дік ер жет - тік,  
7 Көктем - дей кө - ге - ріп. Шар - шау - ды біл - дік пе? Қу - ған - да кө - бе - лек.  
10 Қош бол, ба - ла - лық!

1. Қош бол, балалық,  
Көңіліңде жоқ алалық.  
Қызығың бітпейтін,  
Шексіз-ау, саналып.  
Қош бол, балалық!

2. Есейдік ер жеттік,  
Көктемдей көгеріп.  
Шаршауды білдік пе?  
Қуғанда көбелек.  
Қош бол, балалық!

3. Балалық отымыз,  
Барады әлсіреп.  
Жігіт боп отырмыз,  
Қарайып мұртымыз.  
Қош бол, балалық!

4. Сұрғылт күзге ұқсап,  
Барасың сен ұзап.  
Қимастай қараймын,  
Артыңнан мен ұзақ.  
Қош бол, балалық!

5. Қайтпайды ол бізге,  
Қоштасты мәңгіге.  
Қосып ал, балалық,  
Осы бір әнді де.  
Қош бол, балалық!

*Алматы қаласы. 1963 жылы мектеп  
бітіргенде шығарған тұңғыш ән*



# Ақ арманым

**Асықпай**

Жа - қын жүр - сең ар - ман гү - лім, Жан сы - рым - ды сез - бес пе (е) дің.

5

Се - нің бей - не - н ар - ман бү - ті - н, Не - ге бұ - ры - н кез - дес - пе - дің?

9 **Қайырмасы:**

Ақ ар - ма - ным, ақ мар - жа - ны - м! Са - ган ар - нап сал - га - н ә - нім.

1. Жақын жүрсен арман гүлім,  
Жан сырымды сезбес пе едің.  
Сенің бейнең арман бүгін,  
Неге бұрын кездеспедің?

## Қайырмасы:

Ақ арманым, ақ маржаным!  
Саған арнап салған әнім.

2. Сезінсін деп, қызғалдағым,  
Жүрегімнен жыр арнадым.  
Балауса едім, балғын едім,  
Балалықты неге ұрладың?

## Қайырмасы:

3. Жүрек алау жыр ақтарсын,  
Көңілімде сыр сақталсын.  
Мен күрсінсем “бақытымын”,  
Өмір сені мұңайтпасын.

## Қайырмасы:

Алматы, 1965 жыл

# Жүрек сазы

Баяу, тербелге



Е - сім - де мәң - гі, Ер - келік на - зың. Қош - та - сып та - ғы, Өт - ті бі - р жа - зым.

5 Қайырмасы:



Мұ - най - ма жа - ным, Көңіл се - йі - лер. Ақ жаң - быр се - зі м, Нұр боп тө - гі - лер.

1. Есімде мәңгі,  
Еркелік назың.  
Қоштасып тағы,  
Өтті бір жазым.

**Қайырмасы:** (2 рет қайталанады)

Мұңайма жаным,  
Көңіл сейілер,  
Ақ жаңбыр сезім,  
Нұр боп төгілер.

2. Жадымда мәңгі,  
Айтылған тілек.  
Өзің деп соғар,  
Сағынған жүрек.

**Қайырмасы:** (2 рет қайталанады)

Мұңайма жаным,  
Көңіл айығар,  
Қайта оралар,  
Қайтқан тырналар.

Алматы, 1967 жыл

# Наз

**Жылы, сезіммен**

Ма - хаб-бат нұ - ры маз - да - ған, Кө - зің - нен мәң - гі сөн - бе - сін.

3 На - зым бұл са - ған ар - на - ған, Ке - ші - гіп та - п - кан сә - у - ле - шім. **Қайырмасы:** Ақ - жар - қы - н,

6 кы - лы - қ - тым, Кө - зің - не - н сыр - ұқ - тым. А - яу - лы - м, кы - лық - тым,

11 Ке - ші - гі - п жо - лы - қ - тың.

1. Махаббат нұры маздаған,  
Көзіңнен мәңгі сөнбесін.  
Назым бұл саған арнаған,  
Кешігіп тапқан сәулесім.

### **Қайырмасы:**

Ақжарқын, қылықтым,  
Көзіңнен сыр ұқтым.  
Аяулым, қылықтым,  
Кешігіп жолықтың.

2. Гүлденсе қайта гүлбағым,  
Өмірдің болар сол мәні.  
Мұнайған кейбір сәттерде,  
Қасымда болсаң болғаны.

### **Қайырмасы:**

3. Налыма сәулем бейуақыт,  
Алаулап жетер арманың.  
Ойлаудың өзі зор бақыт,  
Тірлікте, жаным, сен барың.

### **Қайырмасы:**

# Сағыныш

Мұңлы



Не - ге қа - йың наз ай - тып шу - ла - ма - й - ды? Не - ге жү - рек бұл - қы - нып

ту - ла - ма - й - ды? Не - ге бұ - лақ күл - кі - сі - н ти - (я)ал - май - ды?

Ай күр - сі - ніп ау - лақ - та мү - на - я - ды?

1. Неге қайың наз айтып шуламайды?  
Неге жүрек бұлқынып туламайды?  
Неге бұлақ күлкісін тия алмайды?  
Ай күрсініп аулақта мұңаяды?

2. Шөлге айналған су көзі ашылмайды,  
Жан қайғысы тірлікте басылмайды.  
Нәзік жандар жылайды, жасымайды,  
Тәкаппарлар тағдырға бас ұрмайды.

3. Көңіл дүлдүл шарқ ұрып қиялдайды,  
Бір жүрекке екі өмір сия алмайды.  
Шын сүйгендер сезімін жасырмайды,  
Жамандыққа бір - бірін қия алмайды.

Қордай, 1982 жыл

## Құштар көңіл

Асықпай, шеберлікпен

Әр-кім-нің аққу-сы барар-ман-да-ға-н, Ай-ры-лып қа-пелім-де із-деу са-л-  
ған. Қол-соз-бай ба-қы-ты-на ки-я-да-ғы, Өт-кіз-ге-н күн-де-рің-нің  
бә-рі жа-л-ған. Шір-кін-а-й, бә-рі жа-л-ған, ар-ма-н-а-й!

1. Әркімнің ақ құсы бар армандаған,  
Айрылып қапелімде іздеу салған.  
Қол созбай бақытыңа қиядағы,  
Өткізген күндеріңнің бәрі жалған.  
Шіркін-ай, бәрі жалған, арман-ай!
2. Күндерім өткен шығар елеспенен,  
Ақ құсым сенсің бе әлде кездестірген?  
Өзіңе алып ұшқан құштар көңіл,  
Асырар әлі талай белестерден.  
Дариға-ай, белестерден, арман-ай!
3. Жолықтық өмір-өзен арнасында,  
Өткел бар уақыт салған арамызда.  
Қайығың мұнартады ұзай жүзген,  
Қайтейін жаутандаумен барасың ба?  
Япыр-ай, барасың ба, арман-ай!
4. Біреудің бағындағы лала гүлсің,  
Саяңа бақыт қонып, нұр төгілсін.  
Әйтеуір, жаным, сенен тілейтінім,  
Аялап жүрегінде әнім жүрсін.  
Дүние-ай, әнім жүрсін, арман-ай!

Алматы, 1983 жыл

## Қасиетті, киелі махаббат!

Жылы сезіммен

Жа-лын-дап, жа-са-ра бер мәңгі-лі-к, Ақ, а-дал жү-рек-тер-ге нәр бе-рі-п. А-я-ла

6 Қайырмасы:  
се-зім-дер-ді ба-лау-са, Се-зім-дер-ді ба-ла-у-са, а-я-ла! А - а - а

10  
А - а - а А - а - а Тір-ші-лік-тің ті-ре-гі,

13  
Ға-шық-тар-дың ті-ле-уі, Қа-си-ет-ті, ки-е-лі, Ма-ха-ба - т, ма-ха - бат!

1. Жалындап, жасара бер мәңгілік,  
Ақ, адал жүректерге нәр беріп.  
Аяла сезімдерді балауса,  
Сезімдерді балауса, аяла!

### Қайырмасы:

А-а-а-а-а! А-а-а-а-а! А-а-а-а-а!  
Тіршіліктің тірегі,  
Ғашықтардың тілеуі,  
Қасиетті, киелі,  
Махаббат, махаббат!

2. Жарқыра жұлдызым боп көгімде,  
Шырай бер нұр толтырып сезімге.  
Алаула жалын атып кеудемде,  
Жалын атып кеудемде, алаула!

### Қайырмасы:

3. Ән болып сағынышым  
жетер ме?  
Қалықтап арманыма жетеле.  
Әлдиле ақ бесігін көңілдің,  
Ақ бесігін көңілдің, әлдиле!

### Қайырмасы:

Ыстықкөл, 1983 жыл

# Жігіттер сыйласуда өмір мәні (Нақыл ән)



Тол-кын-дай жар-ға ұр-ған өт - кел бе - р - ме - й, Ө - те - ді жас - тықду - ман ес - кен жел - дей.



А - дам - ның жан а - зы - ғы кө -ңіл де - ге - н, Қал - ма - сын а - та - лы сөз ес - ке - ріл - ме - й.



А - а - ау! Жақ - сы сөз жа - рым ы - рыс кө -ңіл нәрі, Жі - гіт - тер, сый - ла - су - да ө -



мір мә - ні.

1. Толқындай жарға ұрған өткел бермей,  
Өтеді жастық думан ескен желдей.  
Адамның жан азығы көңіл деген,  
Қалмасын аталы сөз ескерілмей.

## Қайырмасы:

А-а-а-ау!

Жақсы сөз жарым ырыс көңіл нәрі,  
Жігіттер, сыйласуда өмір мәні.


2. Өркім де қолын созар жұлдызына,  
Тоймаған ешкім өмір қызығына.  
Ақ пейіл, адал көңіл, дарқан мінез,  
Жарасқан қазағымның ұл-қызына.

## Қайырмасы:

3. Ізгілік, ар алдында бас иетін,  
Киелі ата-баба өсиеті.  
Ананың ақ сүтімен қанға сіңген,  
Жоғалтып алмайықшы қасиетін.

## Қайырмасы:

## Көңіл кептері



1. Елестейді көз алдыма от бейнең,  
Өкпеңіз де, назыңыз да көп кейде.  
Жүрегімнің күй пернесін дәл бассаң,  
Көңіл шіркін, майдай еріп кетпей ме?

2. Жанымызды жарастырған ән қайда?  
Қабақ шытпай ғұмыр кешсек болмай ма?  
Аяулым деп “алдай” салсаң қайтеді,  
Байғұс жүрек мәз-мәйрам боп қалмай ма?

3. Әлде сенің айдай толған кезің бе?  
Бар әлемнің сұлулығы өзінде.  
Тағдырымның бақыт кілті тұрғандай,  
Сенің нұрлы, сенің мұңлы көзіңде.

4. Көпіршіген күйкі тілден абайла,  
Ер жігітке саяқ жүру оңай ма?  
Аңсап күтер ақ тілеуің мен болсам,  
Әнімді сал, көп сарғайып мұңайма.

5. Түйсінбеген пенделер не демейді?  
Жаны жазға жалған сөздер ермейді.  
Ғашық болып көргендерден сұрашы,  
Шын махаббат қайғы, мұңсыз келмейді.

**Қордай, 1984 жыл**



# Бал күндер

Асықпай, сезіммен



1. Елеусіз, қызықсыз, бал күнім өтті деп,  
Жүрсің бе, сәулешім, ішіңнен өкпелеп.  
Жастықтың желігі құйын ғой, құйын ғой!  
Кешіргін, қойыппын азырақ еркелеп.

## Қайырмасы:

Көркіңнен нұр таймасын жан жарым,  
Көңілде кірбің ізі қалмасын.  
Өзінді әнге қосып жырласын,  
Аяулым, ақ құсым, сырласым, мұңдасым!

2. Көз ілмей сырласқан ақ тілек түндерде,  
Сыздаған жүрегім өзінді іздерде.  
Жүрсем де шалықтап жетпейді-ау, жетпеді-ау!  
Өзіңмен дәм-тұзым жарасқан күндерде.

## Қайырмасы:

3. Ризамын тағдырға от сезім өшпесін,  
Өзіңмен гүлдәурен кештірген еркешім!  
Басыңнан бақ құсы мәңгілік-мәңгілік,  
Осы бір әуендей қалықтап кетпесін.

## Қайырмасы:

Алматы, 1984 жыл

# Досыма

**Асықпай, байсалды**

Тағ-ды-ры-на мұң а-й-тып өк-пе-ле-ме, Ақ-пан жел-ге ұқ-сай-ды  
ө-мір кей-де. Қу-ан-та-ды, ба-ла-дай жы-ла-та-ды, "Жақ-сы-лық-қа  
**Қайырмасы:**  
жо-ры" деп жү-ба-та-ды. Тау-сы-лар ма са-ған де-ген ті-ле-гім,  
Мәң-гі құш-тар, мәң-гі ға-шы-к жү-ре-гім!

1. Тағдырыңа мұң айтып өкпелеме,  
Ақпан желге ұқсайды өмір кейде.  
Қуантады, баладай жылатады,  
“Жақсылыққа жоры” деп жұбатады.

## Қайырмасы:

Таусылар ма саған деген тілегім,  
Мәңгі құштар, мәңгі ғашық жүрегім!

2. Тіршілікке тарылтпа пейіліңді,  
Ақ ниетпен құшалық келер күнді.  
Алауласын жақсы үміт, жалындасын,  
Жүдеу көңіл алыстап сағымданын.

## Қайырмасы:

3. Солдырмашы көңілдің бәйшешегін,  
Сарқылмасын бойыңда асыл сезім.  
Күрсінбеші, досым-ау, нұр тілеші,  
Келешекті көрсетер өмір өзі.

## Қайырмасы:

*Кенен ауылы, 1985 жыл*

# Күншуағым

**Асықпай**

Те - ніз - дей бу - ы - р - қа - ны - п ба - с ыл - ға - ң - мын, Не - сі - не жәй - күй - ім - ді

6 жа - сы - ра - мын. Тір - лік - те бай - ыз - тап - па - й жүр - ге - нім - де, Жо - лық - тың

11 **Қайырмасы:**

ақ - пей - іл - ді күн - шу - а - ғым. Мен се - ні ки - май - д (ы) е - кем, ки - май - д (ы) е - ке - м,

16 жан ер - ке! Мен сен - сіз сый - май ке - тем жер көк - ке. Сен ме - нің жү - ре - гім - сің,

22 жү - ре - гім - сі - ң, жан ер - ке! Жү - рек - сіз ғұ - мыр ке - шу мүм - кін бе?

1. Теңіздей буырқанып басылғанмын,  
Несіне жәй-күйімді жасырамын.  
Тірліктебайыз таппай жүргенімде,  
Жолықтың ақпейілді күншуағым.

## Қайырмасы:

Мен сені қимайды екем, қимайды екем, жан ерке!  
Мен сенсіз сыймай кетем жер-көкке.  
Сен менің жүрегімсің, жүрегімсің, жан ерке!  
Жүрексіз ғұмыр кешу мүмкін бе?

2. Көргенше дидарыңды тыншымадым,  
Бұлбұлдай торға түскен тұншығамын.  
Өмірде әнім де сен, сәнім де сен,  
Кеудемекүй толтырған, күншуағым!

## Қайырмасы:

3. Ақ жүзің алаулаған сұлу сағым,  
Келтірген домбырамның наз бұрауын.  
Жаныма алқа таққан пәк сезімнен,  
Мәңгілік сөнбесе екен, күншуағым.

*Қордай, 1985 жыл*

# Бала кез, достарым



1. Кетсе де қыр асып көңілдің кептері,  
Бала кез, достарым ойымнан кетпейді.  
Өмірде табысқан сыйласым көп менің,  
Бәрі де солардың сендерге жетпейді.

## Қайырмасы:

Сағымдай алыстап, кеттің бе достарым,  
Арманға қол созған, жеттің бе достарым?  
Әйтсе де көңілім сендерді табады,  
Әйтсе де жүрегім сендер деп соғады.

2. Көңілді жабырқау басқанда нала мұң,  
Бірге өскен достарды есіме аламын.  
Сағымдай жеткізбес бал дәурен күндердің,  
Шадыман күлкісін сендерден табамын.

## Қайырмасы:

3. Риясыз шақтарым, алғашқы махаббат,  
Құяды жаныма әлі де шапағат.  
Сағыныш бөлеген ақ кептер бұл әнім,  
Бал күндер куәсі сендерге аманат.

Алматы, 1985 жыл

# Тұлпар өмір

(40 жасқа толғанда шығарған терме - өн)



1. Ауылым ақ бесігім, қандастарым,  
Тел өскен құлын тайдай құрдастарым.  
Жүрегім жарылғандай қуаныштан,  
Толғанып өздеріне жыр бастадым.
2. Келгендей домбырама соны сарын,  
Бал дәурен сені қалай ұмытармын.  
Қынаптан суырылған алау жүзі,  
Қырық жас осы ма еді қылыштайын?
3. Бүгінгі қуанышты көп көрмейін,  
Думандап өздеріңмен көкке өрлейін.  
Ризамын тағдырыма сансыз алғыс,  
Сендердей маңдайыма дос бергенін.
4. Түсінген іні назын, сөздің нарқын,  
Қасымда сендер барда жүзім жарқын.  
Сүрінсең демеу болған дарқан көңіл,  
Аман бол арқа сүйер аға-бауырым.
5. Сендерге бұл дүниеде тең келер кім?  
Келіп тұр арсалаңдап еркелігім.  
Қайным деп шашбауымды көтеретін,  
Мәңгілік қартаймандар жеңгелерім.
6. Күйеулер, келіндерім, қарындастар,  
Артымда інілерім атымды ұстар.  
Тағы бір қырық жасқа келгенімде,  
Төрт көзің түгел болғай замандастар.
7. Көтерген талай жолғы еркелігін,  
Өн салды сендерге арнап тентек інің.  
Көз жасын сығып алып, “қайтейін” деп,  
Кешіре салатұғын тәтелерім.
8. Жарымас мұңын айтқан жатқа барып,  
Отырмын сондықтан да ақтарылып.  
Қылыштай қырық жасқа толғанымда,  
Туған жер келдім сені арқаланып.
9. Келтірмес қамшылауға асау көңіл,  
Шабытым бүгін менің ағыл-тегіл.  
Мінгендей сәйгүлікке заулап келем,  
Қапыда қалдырмағын тұлпар өмір!

# Жүрек сәлемі

**Орташа, қалқыта**



Жұ - па - рын - дай ма - мыр - дың, а - яу - лы ер - ке - м, Е - лі - те - сің жа - ным - ды  
на - зың - мен көр - ке - м. Са - мал ле - бі да - ла - ның бе - тің - нен өп - ке - н,  
Жү - ре - гім - нің лү - пі - лі са - ғы - ны - п же - т - кен. Таң - ер - тең тың - да  
құс - тар ә - уе - нің, Құс - тар ә - уе - нің, Ө - зі - не де - ген жү - рек сә - ле - мі!

1. Жұпарындай мамырдың аяулы еркем,  
Елітесіңжанымды назыңмен көркем.  
Самал лебі даланың бетіңнен өпкен,  
Жүрегімнің лүпілі сағынып жеткен.

## Қайырмасы:

Таңертең тыңда, құстар әуенін,  
Құстар әуені,  
Өзіңе деген, жүрек сәлемі!

2. Шаттандырған көңілді көктем гүліндей,  
Нәзігім-ау, аққудың көгілдіріндей!  
Жүрегіңнің мөлдірі ақ сезім моншақ,  
Жанарыңда дірілдеп тұрды-ау үзілмей.

## Қайырмасы:

*Қордай, 1986 жыл*

# Жаным-ау, сені іздедім!

Асықпай

Өмірдің ақпанында, Қиналған шақтарымда, Үзілген жапырақтай,  
Сарғайып жатқанымда. Жанымда мұң батқанда, Жүрекке мұз қатқанда,  
Құлазып адасқанда, Жаным-ау, сені іздедім!

1. Өмірдің ақпанында,  
Қиналған шақтарымда.  
Үзілген жапырақтай,  
Сарғайып жатқанымда.  
Жанымда мұң батқанда,  
Жүрекке мұз қатқанда.  
Құлазып адасқанда,  
Жаным-ау, сені іздедім!

2. Өксімен жылдан-жылға,  
Жанарым толды-ау мұңға.  
У, көңіл “доссымақтар”,  
Сағымды сындырғанда.  
Көгімді кір шалғанда,  
Жол таппай бұл жалғанда.  
Торығып ұзақ таңға,  
Жаным-ау, сені іздедім!

3. Жанымды шырқыраған,  
Түсінбей ешбір адам.  
Жүргенде қиял қуып,  
Жолықтым, гүлім, саған.  
Ақтардым жан сырымды,  
Арнадым ән-жырымды.  
Ұсындым күнәсі мол,  
Сүреңсіз тағдырымды.

Алматы, 1986 жыл

# Беймаза көңіл

**Баяу, сезіммен**

Е - лі - тіп май - да ко - ны - р таң са - ма - лы, Кө - ні - лім не - ге мұн - ша там -  
са - на - ды? Тер - бе - ті - п жү - ре - гім - ні - ң нұр шу - а - ғы - ң, нұр шу - а - ғы ң,  
Ау - лақ - та сан - ду - ғаш құ - с ән са - ла - ды. **Қайырмасы:** А - ау! Жер бе - тін - де  
сұ - лу - лар көп әр - түр - лі, Қыр гү - лін - дей бә - рі көр - кем тар - тым - ды,  
та - р - тым - ды Еш бі - рі - не ұқ - са - май - тын а - яу - лым!  
Дом - бы - ра - да са - ғы - ны - шым тар - тыл - ды.

1. Елітіп майда қоңыр таң самалы,  
Көңілім неге мұнша тамсанады?  
Тербетіп жүрегімнің нұр шуағын,  
Аулақта сандуғаш құс ән салады.

## Қайырмасы:

А-а-а-ау!  
Жер бетінде сұлулар көп әртүрлі,  
Қыр гүліндей бәрі көркем тартымды.  
Ешбіріне ұқсамайтын аяулым!  
Домбырада сағынышым тартылды.

2. Тынымсыз мөлдір бұлақ сылдырайды,  
Сыбырлап сұлу қайың сыр сұрайды.  
Думаны жастық шақтың тарқаса да,  
Беймаза көңіл шіркін тыншымайды.

## Қайырмасы:

*Қордай, 1986 жыл*



## Өмірге менің жоқ өкпем...

**Асықпай, толғаныспен**



Ак-ку-лы көл бе-тін, ә-ні-міз те-р-бе-тіп, Күн-дер-ай, жү-рек-пен ұ-ғыс-ка-н.  
Ө-кі-нем не-сі-не, тү-се-ді е-сі-ме, Ри-я-сыз шақ-та-рым нұр күш-ка-н.  
**Қайырмасы:**  
А-лау-лай бе-р, а-лау-ла-й бер! Жас-тық шақ, ду-ман жыр-көк-те-м.  
Ай-на-ла-йы-н, ай-на-ла-йын! Ө-мір-те ме-нің жоқ өк-пе-м.

1. Аққулы көл бетін, әніміз тербетіп,  
Күндер-ай, жүрекпен ұғысқан.  
Өкінем несіне, түседі есіме,  
Риясыз шақтарым нұр құшқан.

### **Қайырмасы:**

Алаулай бер, алаулай бер!  
Жастық шақ, думан жыр-көктем.  
Айналайын, айналайын!  
Өмірге менің жоқ өкпем.

2. Айдын көл бүгін де, алаңсыз шулайды,  
Жағада тұрғандай сыр тұнып.  
Кеш ұққан жүрегім дәрменсіз тулайды,  
Кеткенін “бақыттың” бұрылып.

### **Қайырмасы:**

Сыр толғайды, жыр толғайды,  
Жаныма таққан актұмар.  
Оралмайды, оралмайды,  
Жерсінбей кеткен аққулар.

3. Елітіп келеді, махаббат әуені,  
Даланың жұпары еседі.  
Жанымның көктемі, қаншама көктеді.  
Ұмытар емеспін тек сені!

*P.S. Қайырманың екі шумағы бірге қайталанады.*

**Тараз, 1987 жыл**

# Ауылым - берекем

**Асықпай, толғаныспен**

Жүр-сем де шал-ғай, ту-ған жер се-ні аң-сау-мен ке-ле-мін, Са-ғы-нам ел-ді, кок-о-рай бел-ді,  
7 да-ла-ның ә-уе-нін. Кө-гім-де шал-қып, ән бо-лып қал-қып жат-қан-дай құ-йы-лып,  
13 Ки-е-лі ме-кен, құр-мет-пен са-ған ба-сым-ды и-е-мін! Тау-ла-рың ас-қар,  
18 кой-нау-ың құт-ты, құ-ла-шы ке-ң өл-кем, Жай-қал-ған е-гін, жа-зи-ра да-ла  
23 жа-ным-ды тер-бет-кен. Қыз-да-рың көр-кем, ұл-да-рың е-рен, ақ-пей-іл жан-да-рың,  
29 А-уы-лым-ә-нім, а-уы-лым-сә-нім, а-уы-лым-бе-ре-кем!

1. Жүрсем де шалғай, туған жер сені аңсаумен келемін,  
Сағынам елді, көкорай белді, даланың әуенін.  
Көгімде шалқып, ән болып қалқып жатқандай құйылып,  
Киелі мекен, құрметпен саған басымды иемін!

## Қайырмасы:

Тауларың асқар, койнауың құтты, құлашы кең өлкем,  
Жайқалған егін, жазира дала жанымды тербеткен.  
Қыздарың көркем, ұлдарың ерен, ақпейіл жандарың,  
Ауылым-әнім, ауылым-сәнім, ауылым-берекем!

2. Бұлағың мөлдір, жұпарың шипа, көгілдір аспаның,  
Саянда жүріп, қызғалдақ үзіп, кеудеме таққанмын.  
Даланың нұры, ақ бесік жыры келеді әлдилеп,  
Өзіндей дарқан, өзіндей қымбат жерұйық таппадым.

## Қайырмасы:

*Қордай, 1988 жыл*

# Мойындау

**Еркелете, сезіммен**

Шір-кін-ай, бал-бұл жү-зің қан-дай а-шы - қ! Тұр-ған-дай ай-на-ла-ға нұ-рын ша-шы - п. Ө-зі де мұн-ға то-лы жү-ре - гі - ме, Сез-дің бе кет-ке-нің-ді най-за шан-шы - п? А-жа-рың ай-дай тол-ға - н, қа-ра - ғым - а - й! Ү-кі-нің үл-піл-де-ге - н ба-ла - сын-да - й. Кө-ші - ңе іле-с(е)ал-ма-сам ке-шір, қал - қам! Жа-с-тық шақ қас пен көз-дің а - ра - сын - да - - - й.

1. Шіркін-ай, балбұл жүзің қандай ашық!  
Тұрғандай айналаға нұрын шашып.  
Өзі де мұңға толы жүрегіме,  
Сездің бе кеткеніңді найза шаншып?

## Қайырмасы:

Ажарың айдай толған, қарағым-ай!  
Үкінің үлпілдеген баласындай.  
Көшіңе ілесе алмасам кешір, қалқам!  
Жастық шақ қас пен көздің арасындай.

2. Япыр-ай, жаным, неткен көркем едің!  
Сезіндім шарпып өткен көктем лебін.  
Секемсіз сағым тұнған жанарыңа,  
Баладай жаутаң-жаутаң қарай бердім.

## Қайырмасы:

3. Көргендей алаулаған сарғалдақты,  
Жүрегім қапелімде діріл қақты  
Өз мұңын өзіне айтып бір бозбала,  
Булығып көңілімде жылап жатты.

Астана, 1998 жыл

## Күзгі тамшылар

Тербелге, мұңды



Тө - бе - ден өт - кен там - шы - лар, Е - ден - ге тырс - тырс та - ма - ды.

Та - рам - та - рам күз жа - сы, Те - ре - зе бой - лап а - ға - ды, Те - ре - зе бой - лап а - ға - ды.

1. Төбеден өткен тамшылар,  
Еденге тырс-тырс тамады.  
Тарам-тарам күз жасы,  
Терезе бойлап ағады,  
Терезе бойлап ағады.

2. Ағартып самай шашымды,  
Күз келді, тоба, күз келді.  
Қайырылып соғар деймісін,  
Гүлдәурен, думан бізге енді?  
Күз келді, тоба, күз келді.

3. Көңілдің күзгі бақтарын,  
Қиялай жүріп ақтардым.  
Куәсі сендер, достарым,  
Жұлдызым жанған шақтардың,  
Жұлдызым жанған шақтардың.

4. Сүреңсіз болса келер күз,  
Оны да байқап көрерміз.  
Тәңірім тарлық етпесе,  
Нәсібін талай терерміз,  
Сүреңсіз болса келер күз.

5. Ағартып самай шашымды,  
Күз келді, тоба, күз келді.  
Қайырылып соғар деймісін,  
Гүлдәурен, думан бізге енді?  
Күз келді, тоба, күз келді.

*Алматы, 2000 жыл*

# Мағжаным - арманым

Орташа, назбен

А - рай-лап ат - қан та - ңым-сың, Ба - сы - ма кон - ған ба - ғым-сын.

Ал-дым-нан шық - саң а - та-лап, Жү-ре-гім мей - лі жа - ғыл-сын,

Жү-ре-гім мей - лі жа - ғыл-сын. Қайырмасы: Кү - міс кө - мей, ба - л таң-дай,

Эн - ши бол Бір - жан, А - қан-дай. Там-сант-қан бар - ша қа - зақ - ты,

А - қын бол Ке - нен а - таң-дай, А - қын бол Ке - нен а - таң-дай.

1. Арайлап атқан таңымсың,  
Басыма қонған бағымсың.  
Алдымнан шықсаң аталап,  
Жүрегім мейлі жарылсын,  
Жүрегім мейлі жарылсын.

## Қайырмасы:

Күміс көмей, бал таңдай,  
Өнші бол Біржан, Ақандай.  
Тамсантқан барша қазақты,  
Ақын бол Кенен атаңдай,  
Ақын бол Кенен атаңдай.

2. Артымнан ерген ұрпағым,  
Көгімде самғар сұңқарым.  
Сұлулар ғашық болғандай,  
Жігіттің болғын сұлтаны,  
Жігіттің болғын сұлтаны.

## Қайырмасы:

3. Мұхитым, Мұхтар, Мағжаным,  
Өмірдің жібін жалғадың.  
Көңілге мәңгі тоқып ал,  
Атаңның тілек - арманын,  
Атаңның тілек - арманын.

## Қайырмасы:

Алматы, 1997 жыл

# Қыздың жолы осындай

**Асықпай, тебірене**



Би - і - гі - не ба - қығ - тың, шат - тық - тың қол соз - ған,  
Гүл - г(е)о - ран - сын гүл - ба - ғың, мәң - гі - лік, сол - ма - сын,

3



Қо - сыл - ды бү - гі - н қос ар - на, ко - с ар - ма - н.  
А - таң - ның ру - хы қол - да - сын, ко - р - ға - сы - н.

**Қайырмасы:**



Жа - зи - ра, жа - ным, тұң - ғы - шым, Ар - тың - нан ер - сін ұл - қы - зың.  
Е - р - ке - лет - тім мен се - ні, Тү - р - лен - ді - ріп то - ты - дай.

7



Жар - қы - рай бер - сін жұл - ды - зың! жұл - ды - зы - ң! Қыз - дың жо - лы о - сын - дай.  
Ұ - за - тыл - ды - н мі - н(е)ен - ді,

1. Биігіне бақыттың, шаттықтың қол созған,  
Қосылды бүгін қос арна, қос арман.  
Гүлге орансын гүлбағың, мәңгілік солмасын,  
Атаңның рухы қолдасын, қорғасын!

## Қайырмасы:

Жазира, жаным, тұңғышым,  
Артыңнан ерсін ұл-қызың.  
Жарқырай берсін жұлдызың!  
Жұлдызың!  
Еркелеттім мен сені,  
Түрлендіріп тотыдай.  
Ұзатылдың міне енді,  
Қыздың жолы осындай.

2. Жапырақ жайды жас қайың, жайқалды бой түзеп,  
Тоғысты бүгін қос тілек, қос жүрек.  
Басына қонсын бақ құсы, құт болсын қадамың,  
Қосағыңмен қоса ағар, қарағым!

**Семей, 2002 жыл**

# Жақсы болса жан - жарың!

(сөзі: К.Әзірбаев, әні: Б.Кененұлы)

**Орташа, нақтылай**

Бо-лың-дар, ер-лі-за-йып, та-ту-тэт-ті, Ба-сың-нан қу-а-ла-ма қон-ға-н ба-қ-ты.

3

Бол-май-ды дас-тар-қан-ның бе-ре-ке-сі,

4

**Қайырмасы:**

Е-рі са-ран, ә-йе-лі бол-са қа-т-ты-о-у. Е-ей, е-ей,

7

о - - - о - - - ой!

1. Болыңдар, ерлі-зайып, тату-тәтті,  
Басыңнан қуалама қонған бақты.  
Болмайды дастарқанның берекесі,  
Ері саран, әйелі болса қатты.

### Қайырмасы:

Е-е-е-е-ей, е-е-е-е-ей, о-о-оу!

2. Әйелің жаман болса қатар сілең,  
Отбасы күнде-күнде әуре-сүрен.  
Қарайды қабағына келген қонақ,  
Болмайды дәм-тұзына ешбір рең.

### Қайырмасы:

3. Келеді кейбір әйел сыбыс құмар,  
Ер қайтіп ондай жанды тыныс қылар?  
Қонағың аттанғанша шыдай алмай,  
“Құдай” қарғап, құрғырың ұрыс қылар.

### Қайырмасы:

4. Әйелің жақсы болса атың байлар,  
Шапылдап жаман болса отынға айдар.  
Жұбайың шайпау мінез болып шықса,  
Қаймығып қатарыңнан сорың қайнар.

### Қайырмасы:

5. Жақсы әйел жұрт алдында жасытпайды,  
Салмақты, сабыр сақтап асықпайды.  
Алғаны ер жігіттің жаман болса,  
Достарың, ағайының қашықтайды.

### Қайырмасы:

6. Адамның қолы ашық, жолы да ашық,  
Ешкімнен қор болмайсың сөзден сасып.  
Жігітке алыс та дос, жақын да дос,  
Жүресің ортасында алшаң басып.

### Қайырмасы:

Қордай, 1985 жыл

# Ауылынан ғашық-жардың аттанарда

(сөзі: К.Әзірбаев, әні: Б.Кененұлы)

**Кербез, жылы сезіммен**



Ке - рі - ліп кер - ма - рал - дай кө - зі кү - ліп, Жұм - ба - ғын  
Жау - ды - рап кош - та - сар - да қа - ра - у - шы е - ді, Жа - ны - ма

5 **Қайырмасы:**



жү - ре - гі - н - нің ө - зі бі - ліп Е - ей! Гүл - гүл - дәу - рен, қыз - ғын дә - у - рен!  
көк - те - м нұ - рын се - зін - ді - ріп.

10



О - йым - нан бір шы - қ - па - й - сың, Сүй - ген сө - у - лем!

1. Керіліп кер маралдай көзі күліп,  
Жұмбағын жүрегіңнің өзі біліп.  
Жаудырап қоштасарда қараушы еді,  
Жаныма көктем нұрын сезіндіріп.

## Қайырмасы:

Е-е-е-ей!

Гүл-гүл дәурен, қызғын дәурен!

Ойымнан бір шықпайсың,

Сүйген сәулем!

2. Қош айтып өрлей желдім Қалқұтыны,  
Буымен әріптестің жан құтырды.  
Мамырдың маужыратып жұпар гүлін,  
Бұлбұлдар сайраушы еді тап сол күні.

## Қайырмасы:

3. Мінген ат ақал теке, құмай торы,  
Қамыстай қос құлағы, жылқы зоры.  
Әніне ғашық жардың шырқап салсам,  
Тау-тастың жаңғырады ылди-өрі.

## Қайырмасы:

4. Сый қандай, мінез қандай, сымбат  
қандай?

Ойласаң арзан қандай, қымбат  
қандай?

Қызығы қыз-бозбала ұмытылмас,  
Аңдып кеп айдын көлден қу  
атқандай.

## Қайырмасы:

5. Шіркін-ай, қайта келсе жастық  
дәурен,  
Көзіңнен бір-бір ұшар өткен әурен.  
Қасыңа қартайғанда бір келмейді,  
Кетпейтін төңіректен талай сәулен.

## Қайырмасы:

Астана, 1997 жыл



# Қалай танысың?

(сөзі: К.Әзірбаев, әні: Б.Кененұлы)



1. Арғымақ болар құлынды,  
Желі басынан танысың.  
Азамат болар ұлынды,  
Ел қасынан танысың.  
Батыр болар балаңды,  
Тұлғасынан танысың.  
Жақсы болар балаңды,  
Жолдасынан танысың.

4. Ұста болар балаңды,  
Балғасынан танысың.  
Шебер болар балаңды,  
Балтасынан танысың.  
Қыздың қандай боларын,  
Анасынан танысың.  
Қасың менен досыңды,  
Қарасынан танысың.

2. Ырысты болар балаңды,  
Мал баққаннан танысың,  
Кедей болар балаңды,  
Көп жатқаннан танысың.  
Ұры болар балаңды,  
Түн қатқаннан танысың.  
Сараң болар балаңды,  
Зар қаққаннан танысың.

5. Ісмер болар қызыңды,  
Бармағынан танысың.  
Асыл менен жасықты,  
Салмағынан танысың.

3. Шешен болар балаңды,  
Тіл қатқаннан танысың.  
Епті болар балаңды,  
Ым қаққаннан танысың.  
Шаруа болар балаңды,  
Шөп шапқаннан танысың.  
Үйкүшік болар балаңды,  
От жаққаннан танысың.

# Шатқалға біткен бәйтерек

(сөзі: С.Бақбергенов, әні: Б.Кененұлы)

Баяулата



Шат - қал - ға өс - кен көк те - рек, Жел шай - қап се - ні тең - селт - ті.

5 Шат - қал - ға шық - қан жас - те - рек, Жер шай - қап се - ні ең(і) - рет - ті.

1. Шатқалға өскен көктерек,  
Жел шайқап сені теңселтті.  
Шатқалға шыққан жас терек,  
Жер шайқап сені еңіретті.
2. Шатқалда тұрған нән терек,  
Мұң шайқап сені тербетті.  
Шатқалға біткен бәйтерек,  
Баяулап, баппен әндетті.
3. Шатқалға біткен бәйтерек,  
Баяулап, баппен әндетті.  
Қордайды көктем жебелеп,  
Сұлу да, сазды ән кетті.

Астана, 2001 жыл

# Асыл аға!

Салтанатпен, биіктікте

А - ла - тау ту - ган же - рің Үш ко - ңыр - да - н, Би - ік - ке сам - ғай ұш - тың  
са - йып қы - ра - н. Кө - тер - дің за - ма - на - ның а - уыр жү - гі - н, Жі - гіт - ең ар - на - мыс - тан  
жа - ра - тыл - ға - н. Ба - ғы - на ту - ган ел - дің біт - кен да - ра, Күл -  
л(і)ә - лем мо - йын - да - ды бер - ді ба - ға. Хал - қым - ның а - дал ұ - лы,  
мақ - та - ны - шы, Ел ү - шін а - ман жүр - ші а - сыл а - ға! Хал - қым - ның кө - ре - ге - ні,  
ке - мең - ге - рі, Е - лің - мен мәң - гі жа - са а - сыл а - ға!

1. Алатау туған жерің Үшқоңырдан,  
Биікке самғай ұштың сайып қыран.  
Көтердің заманың ауыр жүгін,  
Жігіт-ең ар-намыстан жаратылған.

## Қайырмасы:

Бағына туған елдің біткен дара,  
Күллі әлем мойындады берді баға.  
Халқымның адал ұлы, мақтанышы,  
Ел үшін аман жүрші асыл аға!  
Халқымның көрегені, кемеңгері,  
Еліңмен мәңгі жаса асыл аға!

2. Қалың ел ер деп сенді, қасыңа ерді,  
Ұстатып көкбайрағын баға берді.  
Сан ғасыр бабаларым армандаған,  
Бақытын қазақ елі көзбен көрді.

## Қайырмасы:

3. Қадірін ұлылардың ел біледі,  
Өзіндей ұл туар ма енді дейді.  
Көгімде, көңілімде, жүрегімде,  
Мәңгілік елдің туы желбіреді.

## Қайырмасы:

# Махаббатым балауса!

**Сезіммен, толғана**

Бір а - уы - л - дың, бір кө - ше - нің, Бір - ге жұт - тық жұ - па - рын. Ақ - ку кү - с - тай

**Қайырмасы:**

ка - тар жүз - ген, Сен е - дің ғой сы - на - рым. Сен бой жет - тің, Мен ер - жет - тім,

12

Кеш ұ - ғын - дым кыз мұ - ңын. Бас - қа жан - ға ұс - тат - ты - ң - ау,

16

Тағ - ды - рың - ның тіз - гі - нін.

1. Бір ауылдың, бір көшенің,  
Бірге жұттық жұпарын.  
Аққу құстай қатар жүзген,  
Сен едің ғой сыңарым.

## Қайырмасы:

Сен бойжеттің, мен ержеттім,  
Кеш ұғындым кыз мұңын.  
Басқа жанға ұстаттың-ау,  
Тағдырыңның тізгінін.

2. Пәк көңілден құлай сүйген,  
Махаббатым балауса.  
Жүрегімді лүпіл қаққан,  
Сезінбедің қалайша?

## Қайырмасы:

Жылдар өшті, арман көшті,  
Уақыт бізді тоса ма.  
Қайтесің сен, қайтейін мен,  
Қосылмаған қос арна.

## Қайырмасы:

Сен бойжеттің, мен ержеттім,  
Кеш ұғындым кыз мұңын.  
Басқа жанға ұстаттың-ау,  
Тағдырыңның тізгінін.

# Ел бесігі - Есілім!

**Биіктеу, еркін**



Сұ - лу - дай шол - пы тақ - кан, Кө - не - нің кө - зін - дей - сің. Ке - ме - рің шал - қып жат - кан,

7



Қа - зaq - тың ө - зін - дей - сің. Ке - ме - рің шал - қып жат - кан, Қа - зaq - тың ө - зін - дей - сің.

13 **Қайырмасы:**



Е - сі - лім ша - ға - ла - лы, Көк май - са са - я - ба - ғы. Ас - та - на ә - сем а - ру, Жа - ғаң - да та - ра - на - ды.

21



Ас - та - на кер - без сұ - лу, То - ты - дай та - ра - на - ды. То - ты - дай та - ра - на - ды.

1. Сұлудай шолпы таққан,  
Көненің көзіндейсің.  
Кемерің шалқып жатқан,  
Қазақтың өзіндейсің.  
Кемерің шалқып жатқан,  
Қазақтың өзіндейсің.

## **Қайырмасы:**

Есілім шағалалы,  
Көк майса саябағы.  
Астана әсем ару,  
Жағанда таранады.  
Астана кербез сұлу,  
Тотыдай таранады.

2. Сарыарқа – дарқан дала,  
Бақ қонған берекелі.  
Есілім – ел бесігі,  
Жанымды тербетеді.  
Есілім – ел бесігі,  
Жанымды тербетеді.

## **Қайырмасы:**

3. Егемен елім бүгін,  
Баршаға төкті нұрын.  
Бар әлем мойындады,  
Халқымның тектілігін.  
Бар әлем мойындады  
Қазақтың тектілігін.

## **Қайырмасы:**

# Аққу құстай пәк дүние



1. Көк жи - ек - те күн бат - ты, Сұ - лу жү - зін жа - сы - рып. Ка - ра көр - пе жа - мыл - ған,



Түн ке - ле - ді а - сы - ғып. Әп - пақ әп - пақ ақ дү - ние, Е - лі - те - сің, ал - дай - сын.



Ақ - ку құс - тай пәк дү - ние, Не - ге со - лай қа - л - май - сын.

1. Көк жиекте күн батты,  
Сұлу жүзін жасырып.  
Қара көрпе жамылған,  
Түн келеді асығып.

## Қайырмасы:

Әппақ, әппақ ақ дүние,  
Елітесің, алдайсың.  
Аққу құстай пәк дүние,  
Неге солай қалмайсың.

2. Көкте жұлдыз ағады,  
Арман қуып барады.  
Қол бұлғайды алыстан,  
Махабаттың алауы.

## Қайырмасы:

3. Аққайындар айнала,  
Тербеледі жәй ғана.  
Сұрғылт бұлттар аулақ жүр,  
Тұнығымды лайлама.

## Қайырмасы:

1966 жыл

# Тәңірдің сыйы шығарсың...

Асықпай



1. Сыр-ғи - ды жылдар сы-нап-тай, Ты - ным - сыз ақ-қан бұ-лақ-тай.

3



Кө - нiл - ді кір - бiң, мұң бас-са, Қо - я - ма сі - рә жы-лағ-пай.

5 Қайырмасы:



Мен се - ні не ү - шiн сүй-дiм, Жа - ным - ды ұқ - ка - ның ү - шiн.

7



Шоқ бо-лып күй-ге-нің ү - шiн, Жү-рек-пен сүй-ге - нің ү - шiн.

1. Сырғиды жылдар сынаптай,  
Тынымсыз аққан бұлақтай.  
Көңілді кірбің, мұң басса,  
Қояма сірә жылатпай.

## Қайырмасы:

Мен сені не үшін сүйдім,  
Жанымды ұққаның үшін.  
Шоқ болып күйгенің үшін,  
Жүрекпен сүйгенің үшін.

2. Жарасым тауып өмірде,  
Аққуым болдың көгімде.  
Өтелік мына жалғаннан,  
Түсірмей қаяу көңілге.

## Қайырмасы:

3. Қуансам бірге қуандың,  
Мұнайсам бірге мұнайдың.  
Тұмар ғып таққан мойныма,  
Тәңірдің сыйы шығарсың!

## Қайырмасы:

# Дәурен-ай!

**Толғана**



1. Ө - мір - дің ө - зі қас қа - ғым, А - лыс - тап кет - т(і)ау, жас ша - ғым!

3



Ша - рық - тап, шал - қып бір жүр - ген, Қай - да - сың қай - да, дос - та - рым!

5

**Қайырмасы:**



Ө - тіп - т(і)ау, дәу - рен ой - пыр - май! Кө - ніл - дің мұн - ша тол - қу(ы) - ай!

7



Жа - ға - лау - ға же - т(е)ал - май, А - ла - сұр - ған тол - қын - д(ы)ай.

1. Өмірдің өзі қас қағым,  
Алыстап кетті -ау, жас шағым!  
Шарықтап, шалқып бір жүрген,  
Қайдасың қайда, достарым!

3. Қарсы алып жылдың әр таңын,  
Сендерді аңсап жатамын.  
Айрылып құрбы-құрдастан,  
Сиреп те, қалды-ау, қатарым!

## Қайырмасы:

Өтіпті-ау, дәурен ойпырмай!  
Көңілдің мұнша толқуы-ай!  
Жағалауға жете-алмай,  
Аласұрған толқынды-ай.

## Қайырмасы:

2. Жүректе маздап тұратын,  
Сырыңды көзбен ұғатын.  
Кеудеме таққан гүл-тұмар,  
Қайдасың-қайда, құрбылар!

## Қайырмасы:

Өтіпті-ау, жалған, ойпырмай!  
Көңілдің мұнша толқуы-ай!  
Жағалауға жете алмай,  
Шабандап қалған толқиндай.



# Әкеге тағзым!

Тербелге



1. Ол кез - де тү - біт и - ек боз - ба - ла - мын, Ә - ке - нің  
Зы - мы - рап жыл - дар өт - ті қас қа - ғым - да, Біл - мей - мін



үл - гі тұт - кан әр қа - да - мын. "Қа - ра - ғым, бар ү - мі - тім сен - де де - ген, Сө - зің - ді  
ү - мі - тің - ді ақ - тадым ба? Қал - дыр - ған ән - жы - рың - ды жат - тап а - лып, Не - ме - ре



Қайырмасы: (2 және 4 куплеттерден кейін айтылады)  
жи - і жи - і ес - к(е)а - ла - мын. Жү - ре - гім ө - зің - д(і)аң - сап  
шө - бе - ре - релер шат - та - ну - да.



ту - лай - д(ы)ә - ке! Кеу - де - ме са - ғы - ны - шым сый - май - д(ы)ә - ке!



За - ма - ным сам - ғай о - зып кет - се - да - ғы, Ә - ке - ден



ба - ла - с(ы)ә - зып ту - май - д(ы)ә - ке!

1. Ол кезде түбіт иек бозбаламын,  
Әкенің үлгі тұтқан әр қадамын.  
Қарағым, бар үмітім сенде деген,  
Сөзіңді жиі-жиі еске аламын.

2. Зымырап жылдар өтті қас-қағымда,  
Білмеймін үмітіңді ақтадымба.  
Қалдырған ән-жырыңды жаттап алып,  
Немере-шөберелер шаттануда.

## Қайырмасы:

Жүрегім өзіңді-аңсап тулайды, әке!  
Кеудеме сағынышым сыймайды, әке!  
Заманым самғай озып кетседағы,  
Әкеден баласы – озып тумады, әке!

3. Уақыттың қалып қоймай тереңінде,  
Дабысың кетті шарлап түмен елге.  
Ақынын ардақтайтын, қастерлейтін,  
Қазақтың мәңгі қалдың жүрегінде.

4. Ұрпағың асқақтатып әуенінді,  
Жеткізді болашаққа сәлемінді.  
Даланы әнге бөлеп, жыр толғаған,  
Алатау, сағындың ба, Кененінді?

## Қайырмасы:

## Көңілге, балам, тоқып ал! (74 жаста сүйген немерем Мерей Мұхтарұлына арналған терме-ән)



1. Қуаныш емей немене,  
Нұр толтырып кеудеме,  
Өмірге келді немере.  
Жетпістен асқан шағымда,  
Басыма қонған бағым ба,  
Арында көңілім арында!  
Ақ домбыра қолымда  
Бұрыңғының жолымен  
Салайын көне сарынға.

2. Атадан қалған қасиет,  
Айтайын біраз өсиет,  
Ұрпағыма нәсіп ет.  
Ақылын берсін дананың,  
Қарымды болсын қадамың,  
Шалымды болсын жанарың,  
Ел үшін туған бала бол,  
Тілеймін ұзақ-дара жол,  
Толағай болсын талабың!

3. Арғы атаңнан сұрасаң,  
Батырлық пен көсем бар,  
Намысын жауға бермеген.  
Бергі атаңнан сұрасаң,  
Ақындық пен шешен бар,  
Сүрініп сөзден көрмеген.  
Кенен атаң ән салса,  
Алатауды тербеткен,  
Өлең-жырды көлдеткен.

4. Солардың жолын берер деп,  
Тәңірім желеп-жебер деп,  
Атыңды қойдым Мерей деп,  
Тұлпарға мініп, ту ұста,  
Жұлдызың қонсын уысқа,  
Жұқсыздарға жуыспа,  
Ізгілік болсын жолдасың,  
Қанатың әсте талмасын,  
Бабалар рухы қолдасын!

5. Тумасы жақсы жігіттің,  
Туары жаман болмайды,  
Сақадай қолға оңтайлы.  
Ерлерден ердің кемі жоқ,  
Ел үмітін ақтасаң,  
Ата салтын сақтасаң,  
Ерке-бұлаң өссеңде,  
Ез болып тума өмірге,  
Түсірме қаяу көңілге.

6. Қуыс кеуде, бос өсіп,  
Өмірді зая өткізбе,  
Ұқсама жайдақ, тексізге.  
Мың өліп, мың тірілген,  
Үзік-бауы үзілген,  
Еңсесі енді түзелген.  
Сүйеніш бол еліңе,  
Жұлдызы бол көгінде,  
Қорғаныш бол жеріне.

7. Алатау, Алтай жерің бар,  
Сарыарқа, Көкше белің бар,  
Көңілі дарқан елің бар.  
Ел басына күн туса,  
Ез адамдай жасыма,  
Жан берер кезің осында.  
Дұшпанды бастан аттатпа,  
Ел намысын таптатпа,  
Ер болып тусаң расында!

8. Тамырыңда бүлкілдеп,  
Ағып жатқан бабаңның,  
Аманатын ұмытпа.  
Бабалар салған сара жол,  
Әкелер өткен дара жол,  
Тұғырыңнан адаспа.  
Жасындай, балам, жарқылда,  
Қиындықтан тартынба,  
Жаксы сөз қалсын артыңда.

9. Жұлдызға қолың жетседе,  
Ғарыштан асып кетсеңде,  
Еліңді, балам, ұмытпа.  
Досы көппен силас бол,  
Досы жоқпен мұңдас бол,  
Қатарыңа кимас бол.  
Жетпесті қуып желпіңбе,  
Ырысты болсаң көпсінбе,  
Даурығып босқа тепсінбе.

10. Жерініп ана тілінен,  
Жатырқап жастай бүлінген,  
Туған жерден түңілген.  
Тұғыры жоқ тұрлаусыз,  
Ұрпағың қалса құнарсыз,  
Атаңа, балам сол қайғы.  
Адасып ата-салтыңнан,  
Қол үзіп қалсаң халқыңнан,  
Атаңа, балам сол қайғы.

11. Инабатты, сыпайы,  
Мінезі көркем, шынайы,  
Асыл ғой қазақ қыздары.  
Қазақтың ғажап қыздарын,  
Өзгелерден кем көрме,  
Сайқалдарға теңгерме.  
Тұратын маздап көкейде,  
Пейілі дарқан қазақтың,  
Қыздарына жетер ме!

12. Зымыран заман өтеді,  
Кәрілікте жетеді,  
Көңілден думан кетеді.  
Темірөзек жан болмас,  
Қанша ғұмыр кешсеңде,  
Құлқыны жердің бір тоймас.  
Кұйма құлақ ұл болсаң,  
Сөз асылын жиып ал,  
Кеудеңе бәрін құйып ал.

13. Өр қазақтың ұрпағы,  
Баршаңа тілеу тіледім,  
Елім деп соқсын жүрегің.  
Текті елдің баласы,  
Уланбасын санасы,  
Жыртылмасын жағасы.  
Ел болам десең шуақты,  
Басынан тұндыр бұлақты,  
Ұрпағың өссін қуатты.

14. Жер бетінде ұлт болып,  
Мәңгі қалам десеңіз,  
Ынтымақты үзбеніз.  
Бірінді, қазақ, бірін дос,  
Көрмесен істің бәрі бос,  
Бармақ тістеп жүрмеңіз.  
Дана Абайдың айтқаны,  
Ғұлама сөз білсеңіз,  
Көңілге тоқып, түйсеңіз.

15. Толғайды тілім толғайсың,  
Ел үшін туған өрелі,  
Ерлерім аман болғайсың.  
Қалғанда жұртым селдіреп,  
Азаттық құсы, бақ құсы,  
Тұғырыма қонды кеп.  
Бүкіл әлем көз тіккен,  
Еркіндіктің көк туы,  
Көгімде тұр желбіреп.  
Мәңгілік елдің байрағы,  
Мәңгіге қалсын желбіреп!

# ЖҮРЕГІМНІҢ ЛҮПІЛІ



## Б. КЕНЕНҰЛЫНЫҢ ТЫРНАҚАЛДЫ ӨЛЕҢДЕРІ МЕН ӘҢГІМЕЛЕРІ

### ӨЛЕҢ СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ, СӨЗ САРАСЫ...

*Мен 7-8 сыныптан бастап өлең жаза бастадым. Онымды ешкімге білдірмей, көрсетпей құпия ұстайтын едім. Біраз өлеңдерім мектептің, интернаттың қабырға газеттеріне шығып тұратын. Мұның өзі бозбала шағында әркімнің-ақ басында болатын жәй болса керек. Менің ол кездегі тегім Қабылтаев Бақытжан еді. Ол жөнінде кейінірек түсініктеме беремін. Балаң кезде шығарған өлең жолдарын өзгерусіз, сол күйінде қалдыруды жән көріп отырмын. Өйткені, тырнақалды жазған дүниелерім әрі ыстық, әрі балауса, әрі риясыз, таза көңілден туған тербеніс.*

*Автор*

#### **Үйрен, жас дос!**

Домбыра екі ішекті, бір тиекті,  
Домбыра қыр жиекті, тегіс бетті.  
Кірсем де, шықсам да кеп тартамын,  
Көңілім бар ынтаммен саған кетті.

Ардақтасаң, домбыра, жан- жолдасың,  
Үйрен, досым, талаптан құр қалмассың.  
Өшпес өнер иесі әнші жігіт,  
Бұлбұлдай тамылжытып әнге салсын.

Қиын емес үйрену талаптыға,  
Оңай емес, дарынсыз салақтыға.  
Жетпіс өнер жігітке аздық етер,  
Үйрен, досым, бойыңа жарастыда.

**Б. Қабылтаев, 1958 жыл  
7-сынып оқушысы.**

## Туған жер-тұғырын

Жүрекке ыстықсың-ау, уа туған жер!  
Тау-тасың асыр салған, сай-сала, бел.  
Алаңсыз балалық шақ байқатпапты,  
Мейірімді екенсің, анамдай кең.

Бауырыңда тер төккен адал халық,  
Жатыр әне, далаңда егін салып.  
«Еңбек еткен емеді» деген сөз бар,  
Алады қазынаңды ашып барлық.

Сүйемін, қадір тұтам, ардақтаймын,  
Кең байтақ, кендігіңді мадақтаймын.  
Адал дос береріңді ала берсін,  
Жауызды қара ниет жолатпаймын.

*Б. Қабылтаев, 1959 жыл  
8 -сынып оқушысы*

## Ана ойы

Ұлы ананың ойы да, тілегі де,  
Мейірімді адал соққан жүрегі де.  
Еркелетіп өсірген ұл мен қызым,  
Жараса деп өмірдің керегіне.

Ананың өз қолымен ұшырғаны,  
Біз емес пе өсірген құс- қыраны.  
Келешек өмір кілтін қолға алатын,  
Ананың таза, мөлдір, бал-бұлағы.

Ананың бар тілеуі, арман тойы,  
Ұл-қыздың қамын жеген жылдар бойы.

Білім алып, өсейік шамшырақтай,  
Ананың орындалсын адал ойы.

*Б. Қабылтаев, 1960 жыл  
8-сынып оқушысы*

### **Ауыл кеші**

Тыныштық маужыраған, түнгі самал,  
Сабырлы, рахат тапқан жан-жануар.  
Күндізгі қарбаластан ләззат алып,  
Жатқандай жан сүйсініп демін алар.

Бетіңнен шарпып өткен самал қандай!  
Бейне бір еркелеткен қыз қолындай.  
Сырласып жүрегіңмен үнсіз жатсаң,  
Көңілге өлең өзі оралғандай.

Аспанға нелер әсем тас сепкендей,  
Жұлдыздар көктен қарап тілдескендей.  
Сырыңа ортақ болып, жымың қағып,  
Тәрізді арманыңды іздескендей.

Жапырақ жұпар желге иіліскен,  
Сыбырлап ғашықтарша сыр бөліскен.  
Бұлардың кездесуін өкпе алғандай,  
Төбеттер анда-санда «күңкілдескен».

Жазғы түн, тұнық ауа, ашық аспан,  
Тыныштық бұзылардай кірпік қақсаң.  
Осы бір сөздер келіп түрткілейді,  
Ұйқылы-ою, төсекте сұлап жатсам.

*Б. Қабылтаев, 1960 жыл  
8-сынып оқушысы.*

## Көктем келді

Көктем күй, түні де жыр, гүлі де жыр,  
Көкірек қуаныштан керіліп тұр.  
Сай-сала, тау мен тасы, кеңдаласы,  
Жаңарып, шапан киді төгілтіп нұр.

Мынау лақ, анау қозы, сайда бұлбұл,  
Секіріп, бірі сайрап, қызған дүлдүл.  
Анадай елжіреген табиғаттың,  
Ағады бал-бұлағы сылдыр-сылдыр.

Көктемнің мақпал жұмсақ желі де ән,  
Далада көктей шыққан шөбі де ән.  
Сағынтып, келсе оған қуанбаған,  
Пенде жоқ көктемге бой алдырмаған.

*Б. Қабылтаев, 1960 ж  
8-сынып оқушысы.*

## Молда мен олжа

(мысал)

Керіліп, кекіріп таңертең молда,  
Шай ішіп отырды тәпсісі қолда.  
Сораптап ұрттап, қиялдап отыр,  
Қай жақтан бүгін түсер деп олжа.

Естіген хабары бүгінгі күнгі,  
Тілеуін беріпті тілеген түнгі.  
Өліпті кеше малы көп біреу,  
Орнынан атып молдекең тұрды.

Молда да молда, қарға да молда,  
Айырма тек қанат пен қолда.



Тілеуі бір болған соң, нәсібі бір,  
Жанұшыра екеуі шығады жолға.

Жығылып-сүрініп, өкпесін кептеп,  
Жетті ғой молда мысықша ептеп.  
Пысынап, терлеп, сақалын сипап,  
Отырды төрде өзгеден шеттеп.

Күбірлеп ерні, құранын алып,  
Оқыған болды бар күшін салып.  
Кәдеге толы қоржынды көріп.  
Отырды әрең есінен ауып.

Көңілі өсіп, олжаға жетті,  
Сапарлас «досын» ұмытып кетті.  
Олжасын бүріп, қолтыққа тығып,  
Алартып көзін бұрды үйге бетті.

Үйіне келіп, көсілте ішіп,  
Шариғат, тәубе есінен шықты.  
Молдекең қанша болса да мықты,  
Ақыры «ақан» ұйқыға жықты.  
Таңертең молда, тәпсісі қолда,  
Барады кетіп тағы да жолда...

***Б. Қабылтаев, 1962 жыл  
9-сынып оқушысы.***

## **Туған жер**

Қырға шығып төңірекке қарадым,  
Неткен әсем, жылы лебі даланың.  
Анаң ана, анаңның да Анасы,  
Мен дегендей желпіп қоңыр самалын.

Ұяламын, кінәлімін алдыңда,  
Еркелікпен әбестікке бардым да.  
Байқатпаған балалықтың әсері,  
Енді мәңгі боларсың сен жадымда.

Ұзай ұшып, алыстасам өзіңнен,  
Сағынамын таса болсаң көзімнен.  
Сыртта аңсап ұзақ жүрсем, туған жер,  
Ғұмыр жүрек жарылғандай төзімнен.

*Б. Қабылтаев, 1962 жыл  
9-сынып оқушысы.*

## Домбыра

Түсінген, домбыраның нарқын білген,  
Жетіпті бізге сонау һәм ежелден.  
Талайға жігер-қуат, шабыт беріп,  
Үнімен атақ-абырой, даңқ әперген.

Шалықтап, асқақтатып, көкке өрлеп,  
«Сусындап» қалар адам келген шөлдеп.  
Тынымсыз ақбұлақтай күй төгілтіп,  
Көңілді көтереді, әнмен тербеп.

Әр саусақ әр пернені басқан сайын,  
Жатқандай сырын айтып, сұлу жайын.  
Маужырап, жүрек тулап, естіп үнін,  
Тұрғандай мүлгіп, балқып терек-қайың.

Дос болдым домбырамен сырласамын,  
Артамын үлкен сенім сыр ашамын.  
Кеудеме күй толтырып, әлдилеген,  
Пернесін «сыбырла» деп мен басамын.

*Б. Қабылтаев, 1963 жыл  
10-сынып оқушысы.*

## Мектеп- анам!

Тұр есімде алғаш есік ашқаным,  
Баспалдағын ақтілеумен басқаным.  
Жас сәбилік жүрегіме тулаған,  
Тұр есімде ыстық сәуле шашқаның.

Қоңыраудан алғаш шыққан қоңыр үн,  
Қадамыңа шашу шашты нұрлы күн.  
Шаттанады, елжірейді, шалқиды,  
Жасыра алмай ішкі толқу сезімін.

Тұр есімде жылы жүзді мұғалім,  
Ұмытам ба, тебіреніп тұрғанын.  
Аналық бір, сазды-жұмсақ үнімен,  
Жүрегіме білім дәнін құйғанын.

Тұр есімде галстугім жайқалған,  
Ұмытпастай берген антым жатталған.  
Тұр есімде комсомолдық билетім,  
Қуанышқа-қуаныш боп қапталған.

Мектеп-анам, ұяңда біз балапан,  
Қарлығаштай бізді өсіріп баптаған.  
Қанат қағып, кетсек те ертең алыстап,  
«Алтын ұя» мектебім деп шаттанам!

Ұмытам ба құшағыңды қарт анам,  
Ұмытпасқа тәліміңді жаттағам.  
Болсада саяз, тердім терең теңізден,  
Осы еді асыл, алғысым саған сақтаған.

*Б. Қабылтаев, 1963 жыл  
10-сынып оқушысы.*

## Өзіме серт!

Алдымда арманым көп алдырмаған,  
Көз тұрмақ қиялға да шалдырмаған.  
Жолы ұзақ десе де, қайтпан серттен,  
Жетемін болсада күз адырлаған.

Атақ құмар болмауға серт еткенмін,  
«Осы ғой» деп айтпасқа қол жеткенім.  
«Күрес» адам бақыты талмайтұғын,  
Күрессіз адам білмес құр өткенін.

Мақсатым алға қойған емес алыс,  
Қалайша қол созбаймын етіп қалыс.  
Еңбек ет, оқы-оқы, талмай жүрек,  
Сонан соң «бақытым» деп бар да табыс.

«Жеттім-болдым» дей көрме мақсатыма,  
Үлес қос, өмір, қоғам, басқасына.  
Әр күнің туған елге пайда әкелсін,  
Қызмет қыл, қалмас үшін һәм қапыда.

*Б. Қабылтаев, 1963 жыл  
10-сынып оқушысы.*

## Айтшы, жүрек сырыңды!

Жасырмашы айтшы жүрек сырыңды,  
Мазаламай ашып салшы шыныңды.  
«Күйесің бе?», «сүйесің бе?» білмедім,  
Балауса едім ала бермей тынымды.

Көңіліңді қалдырды ма әлде кім?  
Сезіндің бе алау сезім әсерін.  
Әлде, сұлу, сырлы сөзбен сыбырлап,  
Білмедің бе ғашық етіп кетерін.

Алаңдайсың, күткендейсің біреуді,  
Бірақ ешкім ұстап бермес тілеуді.  
Сағынасың, күрсінесің, жылайсың,  
Мұның сырын кімнен барып сұрайсың?

*Б. Қабылтаев, 1963 жыл  
10-сынып оқушысы.*

### **Арман көп**

Көп толғандым ұстармын деп сөз сырын,  
Көп іздедім табармын деп асылын.  
Қиялымда жарқ етеді жасындай,  
Алып қашып гауһар ойды жасырын.

Жазайын деп талпынсам да қаламым,  
«Жүгірмейді» сірә, әлі шаламын.  
Арманымды, алдымдағы жемісті,  
Қай уақытта жетіп, үзіп аламын?

Ақын болсам сөзі ағындап бораған,  
Жыршы болсам төкпелетіп толғаған.  
Әнші болсам күміс көмей, бал таңлай,  
Амалым не, бәрі де сол көп арман!

Малшы болсам малмен үнсіз тілдескен,  
Күйші болсам домбырамен үндескен.  
Ғалым болсам таңқалдырған ғаламды,  
Амалым не, бәріде өтті елестен...  
Бәрін емес, бірін таңдап ізденсең,  
Сөз жоқ жетер арманына күрескен.

*Б. Қабылтаев, 1962 жыл  
10-сынып оқушысы*

## Аяз ата

Сәлем бердік сағынған,  
Көпті көрген атамызға,  
Сақал-мұртын қырау шалған,  
Келді міне ортамызға.

Қандай қиын борандарда,  
Өзгермепті көңіл-күйі.  
Жүрседе ол шың-тауларда,  
Бізді ойлапты жиі-жиі.

Қуанышпен қарсы алыңдар,  
Атаң келді тойыңа.  
Думандатып, ән салыңдар,  
Нұр жүгіртіп бойына.

*Б. Қабылтаев, 1962 жыл  
10-сынып оқушысы.*

## Көктемгі шумақтар

Құлпырған әсем назды көктем келді,  
Гүлге орап, жасыл түске барлық жерді.  
Ақ қайың, сырлы терек, нән бәйтерек,  
Сызылтып ән салғандай, төгіп күйді.

Кешкі уақыт, таудан ескен қоңыр жел,  
Шарпып бетті, сүйсіндірер жүректі.  
Тау самалы тұлабойды сергітер,  
Әкелгендей жаңа ыстық тілекті.

Күн күлімдеп ұясына еңкейген,  
Қой қайтарып қойшылар жүр беткейден.  
Естіледі тракторлар сарыны,  
Keң далада жер қаймағын төңкерген.

Қоңыр тартып төңірегің сөгіліп,  
Кеуде кере демаласың сүйсіне.  
Сан-алуан, көріністер көктемгі  
Күй сыйлайды көре білген күйшіге.

*Б. Қабылтаев, 1963 жыл  
II-сынып оқушысы*

### **Анаға тағзым!**

Мейірімді анашымның ақ жүзіне қараймын,  
Тереңдеген әжімінен өткен күнін санаймын.  
Егде тартқан ажарынан, нұры қайтқан көзінен,  
Төгілгендей сезінемін бақыт күйі маңайдың.

Қалай етсем ақ сүтінді, борышыңды ақтаймын,  
Қарыздармын мәңгілікке жүрегімде сақтаймын.  
Ақын болсам өзіңе арнап төгер едім жырымды,  
Бірақ қазір тәй-тәй жүрген сәбиіңдей аттаймын.

Ұмытам ба, ақыл қосқан сенің жылы сөзіңді,  
Ұмытам ба, мейірбанды тұнық ойлы көзіңді.  
Зор сеніммен жол көрсеткен жеңісіме ертеңгі,  
Ұмытам ба, қажымайтын тәрбиеңді төзімді.

Кеше ғана үлбіреген нәзік жанды балдырған,  
Біз едік қой, сағынғанда мейіріңді қандырған.  
Жалын атқан, күлкі-думан барымызбен бойдағы,  
Біз едік қой, нұр жүгіртіп жүрегінді жандырған.

Кеше ғана құшып сүйген көлдегі жас құрағың,  
Біз едік қой, күлкімізбен шөл қандырған бұлағың.  
Бір-екі ай келмей қалсақ, байыз таппай көңілің,  
Біз едік қой, жан ұшырып хабар күтіп тұрарың.

Біз едік қой, ұяндағы ұлпұлдеген балапан,  
Қанат қағып, кеттік ұзап, арман іздеп қаладан.  
Сағынамын, тәлім беріп, тұсау кескен ұямды,  
Бұл дүниеде ешнәрсе жоқ асып түсер анадан!

*Б. Қабылтаев, 1963 жыл  
II-сынып оқушысы*

## Менің ауылым

Төңірекке көз жүгіртші қонағым,  
Басын сәлге тарта тұршы атыңның.  
Мынау қимыл қуырған жер танабын,  
Шабыты ғой шаба білген ақынның.

Қоңыр желі тамағыңды қытықтап,  
Бетіңді өбіп өте шыққан сұлудай.  
Қонағым-ау, жұта беріп қызықтап,  
Мас адамша қалып қойма шыға алмай.

Қарлығаштар кес-кестеген алдыңды,  
«Қарындастар сәлемі» деп ұққайсың.  
Мөлдір болып адал бассаң адымды,  
Теңіздегі жүзушіге ұқсайсың.

Сол бір сәтте көмейіңе ән келсе,  
Жатырқасаң білмеймін не боларын.  
Адамдары елендейді ән десе,  
Менің ауылым- ақын аулы қонағым!

*Б. Қабылтаев, 1964 жыл  
Киров колхозы.*



*Құрметті, оқушым! Мен университеттің 3-курсына дейін Қабылтаев Бақытжан Қыдырбекұлы атанып, содан кейін Әзірбаев Бақытжан Кененұлы деп тегімді өзгерткенім жайлы замандас-құрдастарым, әріптес-достарым жақсы біледі. Енді сол жылдары жазған тұңғыш әңгімелерімді ұсынамын.*

### *Тырнақалды жазғандарым*

## **ЖАНКҮЙЕРДІҢ САҒЫНЫШЫ**

(суреттеме-репортаж)

Осы бір сөзді еске алуыңыз сол екен көз алдыңызға сан-алуан жанкүйерлердің жылы жүздері елес беріп тұра қалады. Таным да, талғам да әртүрлі. Осыған орай жанкүйерлер де әрқилы, көп-ақ. Театр болсын, концерт, кино, поэзия, музыка, спорт сияқты сан-алуан өнердің қай саласын алмайық, өзіне ғана тән құшақ жайып қарсы алатын, ынтызар көрермендері жетерлік.

Ал футболдың ше? Аузыңыздан бұл сөздің шығуы-ақ мұң екен шын жанкүйердің «ах!» ұратыны белгілі ғой! Шіркін, футбол!

Міне кең жайылған жасыл дастархан іспеттес стадион алаңы. Лек-легімен тоқтаусыз ағылған футбол қонақтары сол дастарханның төңірегіне жайғасып жатыр. Көмейінен тамылжыта ән төгілткен репродукторлар, «қош келдіңіздер, төрлетіңіздер» деп ағынан жарылған үй иесі тәрізді, елпең қағады. Әсіресе алуан түсті киім киген адамдарға лық толғандағы көріністі айтсаңызшы! Сан түрлі бояулармен тұтасып дөңгелене қалған стадион, бейне жердің көкке ұсынып тұрған үлкен гүл шоғы іспеттес құлпырып кетеді емес пе! Ал сонау екі бұрышына екі жалау ілінген жалпақ табло төбесі қылтиған Алатаудың кеудесіне іліп қойғандай асқақ көрінеді. Оның бетінде ірі әріптермен бүгінгі қарсылас командалардың аттары жазылған.

Стадионды алуан түстердің тұтасқан әсем гүл шоғына теңесек, дәл ортадағы көздің жауын алатындай құлпырған жасыл алаң соның тұғыры іспеттес. Ал сол тұғырдың қақ ортасында тұрған әне бір ақ ноқат осы бір ерекше гүл шоғының өзегі іспеттес көзге бірден шалынады. Ол – доп. Жасыл дастарханның дәл ортасына әдейі қадап қойған ақ түймеге ұқсайды. Сәл уақыттан соң оқша заулап, жұлдыздай аққан сол бір ақ түйме сіздің бүкіл жан дүниенізді елітіп, бар ынтызарыңызды өзіне тартып алады. Бейне дұғалап қойған адамдай одан көз алмайсыз. Сіз де ес жоқ, жас баладай айғайлап, жалын атасыз. Иә, сіз ғашықсыз! Расында, құлай ғашықсыз!

Бірақ ол – қатыгез. Бірде көкпен, бірде жермен зырлаған «теңбіл доп» сіздің баладай әбігерге түскеніңізді, жанарыңыздан ұшқын шаша қадалғаныңызды сезбейді. Тіпті әжуа қылғандай оқша атылып қақпа маңдайшасына сарт ете қалған теңбіл доп кері ыршыған сәтте, сіздің де жүрегіңіз жұлынып кетердей солқ ете түседі. Иә, сіз одан көз алмайсыз. Бірде ренжіп, бірде баладай мәз боласыз. Шын сезіміңізді білдіріп, жүрегіңізді суырып беруге әзірсіз. Амал не? Ол- тәкаппар, ол – асқақ. Ақжарылған жан дүниенізді, аласұрған көңіл-күйіңізді сезбеген соң, кейде қолды бір сермеп, қатты ренжитін сәттер де болады. Алайда жүрегіңізде лаулаған үміт оты бір сәтке де басылмайды, қайта алау шашып жақындай түседі. Міне сол күткен сәт! Міне – ол! Го-о-л!

Жұлдыздай ағып кеп қақпа торына соғылған доптың балықтай бұлқынып жатқанын айтсаңызшы. Дүр сілкінген стадион жанкүйерлердің айқайынан жарылып кететіндей. Сізде тіпті ес жоқ. Баладай айғайлап, орныңыздан атып тұрасыз. Жүздеген, мындаған көрермендер бір-біріне құшақ жайған сәт. Бір-бірін жаңа көргендей бас салып, арқасынан қағып мәз-мәйрам. Тіпті сол допты өзі салғандай шаттанады. Адамдарға шынайы қуаныш сыйлаған ғажап көрініс. Шіркін, өмірде осындай сәттер неге көбірек болмайды екен? Риясыз, шексіз бақыт деген осы ғой.

Өмірдегі сияқты, футболда да өкініп, қатты налытын сәттер аз болмайды. Ондайда көңіл алауы су сепкендей басылып, кеуденізден біреу теуіп кеткендей құлазып қаласыз. Айтары

жоқ, қатты өкпелісіз. Қалай десек те, нағыз жанкүйерге тән ынтызар сезімі бір сәтке де басылмайды. Көңіл түкпірінде жатқан үміт шырағы қайтадан маздай түседі. Тағы да көрісу, қайта кездесу, футболға деген ынтызарлық ұшқыны сіздің кеудеңізде жаңадан тұтанып бара жатады. Шынайы жанкүйер де, шынайы ғашықтық та міне осындай.

*Б. Әзірбаев*

*ҚазМУ-дің 1-курс студенті, 1965 ж.*

## ЖАЛҒЫЗ ҚҰЛАҚ

(әңгіме)

Өзімнен бес жас кіші досым бар десем бәлкім сенбеуіңіз де мүмкін. Көшен екеуміз жұбымыз жазылмай үнемі бірге жүреміз. Арамыздан қыл өтпейтіндей тату болған соң, бір-бірімізді «дос» деп атап кеттік. Ал біздің тағы бір «досымыз» бар. Ол көбінесе көңілсіз, бізден жырақ жүреді. Кейде ешкімді де көзіне ілмей басы ауған жаққа қаңғырып, жоғалып кететін кездері де жиі болады. Ондайда Көшен екеуміз өкпемізді қолға алып, тау-тасты аралап зыр жүгіріп, өкшемізді тоздырып әрең тауып аламыз. Сонда да кінәсін мойындамақ тұрмақ, құлағын бір қағады да, пысқырып алып жайына кете береді. Қалай ыза болмайсың? Осындай тоңмойын мінезіне қарап Көшен оны «көкбет» деп атайды. Ол өзінің көк есегі.

Көшеннің өзі де қызық бала. Өзге балалар асық ойнап, торғай атып, иттерін таластырып көшені шулатып мез-мәйрам жатса, Көшен көк есегіне мініп алып оларға қосылмай бөлек жүреді. Кім өтінсе де айтқанын істеуге әзір тұратын мінезі бар. Біреудің ұнын, енді біреудің отынын жеткізіп береді. Ешкімнің көңілін жықпайтын елгезектігіне қарап, жұрт бұларды жақсы көреді. Өне, «көк есекті» бала келе жатыр дейді дауыстап.

Ал көк есекті сұрамаңыз. Оның да көрмегені жоқ. Қой да бақты, сиыр да бақты. Шөп те тасыды, су да тасыды. Тоңмойын мінезі үшін әлде біреудің қорасында аштан - аш апталап қамауда да жатты. Жасынан пісіп-қатқаны соншалық, арқасынан, жонынан шықпыртып сабап жатсаң «мыңқ» етпейді-ау шіркін!.

Денесі көк шыбықтың шыпылына әбден көнігіп, ыстық-суыққа әбден пісіп, терісі тулақтай қатып қалған болу керек.

Бір жолы сымтемірмен тұмсығын тұмшалай орап, басын алдыңғы аяғына тұқырта байлап жіберіпті. Аяқтарын ілби басып, үйге әрең жеткені бар. Тізелері дірілдеп, тамағы сырылдап, енді аз болса құлағалы тұрған есегін: «Әй, көкбет-ай! Осы мінезінді қоймасаң, түбіңе жетер!» деп жыламсыраған Көшен сым құрсаудан әрең босатып алып еді. Кейін білді біреудің көгеріп тұрған бақшасына түсіпті. Жаны қатыгез, обал-ау демейтін қолдары темірден де қатты адамдар бар-ау! деп зығыры қайнаған. Қайтесің, бәріне де есегінің өзі кінәлі.

Ал мына бір оқиға Көшеннің есіне түссе жүрегі «суыл» ете қалады. Сол күні ерте оянып, ұйқысы ашылып кеткен соң тысқа шыққаны сол еді, есік алдында басын төмен салып, сүмірейген «көк есегі» тұр. «Бұлай өз бетімен ерте келу көк есектің әдетінде жоқ еді ғой» деп ойлаған. Мұны көріп басын көтеріп алған есегінің оң жақ көзін қан жауып кетіпті. Көшен шошып кетті. Түбінен кесілген құлақтың шолтиып түбірі ғана тұр. Бұл қорлыққа кім шыдасын. Көшен дауыстап жылап жіберді. Сол күні- ақ, ұзынқұлақ әңгімеден «пәлен кесіпті, түген кесіпті» дегенді естіп сол үйдің маңын тінтіп, ұқыр-шұқырына дейін қалдырмай есегінің құлағын іздеді. Табыла қалса, тігіп қойсамда бірнәрсе істермін деп ойлаған. Амал не? Көк есекке бәрі бір сияқты. Бір құлағын қағып қойып жүре беретін. Осы күннен бастап Көшеннің «көк беті», «жалғыз құлақ» атанды.

Бүгін де, міне, жер жұтып қойғандай ұшты-күйлі жоқ. Қайда қаңғырып кеткені белгісіз зым-зия. Әсіресе көршіден ұят болды-ау! Диірмендегі тартылған ұнын жеткізіп беремін деп уәде беріп едім. У-у, ұятсыз-ай! У-у тас жүрек!

Көшеннің бүгін «жалғыз құлақты» іздеп шығуына тағы бір себеп бар еді. Бірнеше күн бұрын ауылға екі-үш әскери адамдар келіп кеткен. Олар әрбір үйге кіріп үй иелерімен әлде неге келісіп жүрді. Мектепке де, кеңсеге де кіріп шықты. Бұлардың үйіне де келген. Бірақ осының бәріне Көшен аса мән бере қойған жоқ.

«Шен, білешің бе? Біздің қара ешекті апам кешегі келгендерге беріп жіберді, деді сабақтан келе жатып «тыртық ауыз»

Тұрар. Оның астыңғы ернінде тыртығы болғандықтан балалар осылай атап кеткен.

- Неге береді?

- Өшкерге керек дейді ғой апам.

- Қандай әскер?

- Кәдімгі өзіміздің әшкер дейді апам. Оларды неше түрлі сынақтан өткізеді дейді апам.

Біліпсің, деді балалардыңбірі жұлып алғандай. Әскерге ақылды иттерді жинайды, ал ақымақ есектердің керегі не?

Өзара дауласып кеткен сыныптастарын үнсіз тыңдаған Көшеннің көз алдына кинолардан көрген кейбір суреттер тұра қалды. Міне, мойнына қосақтап граната байлаған қасқыр ит жер бауырлап жау танкісіне жақындап келеді. Таудай неміс танкісі шынжыр табанымен жер апшысын қуырып, аузынан от бүркіп, жалын шашады. Сол сәтте өзіне қарай жер бауырлап келе жатқан итті көзі шалып қалған фашист көзі шарасынан шыға айғай салды. Қасқыр иттің қорқатын түрі жоқ. «Қап, сенің көзіңді жоймай қоймаймын» дегендей, құлағын жымқырып алып зытып келеді. Жо-жоқ, зытып келе жатқан ит емес екен, өзінің «жалғыз құлағы» ғой мынау. Мойнындағы қосақталған граната емес, қоржын толған миналар. Фашист болса, танкісін кері бұра алмай жанталасып жатыр. «Жалғыз құлағы» жақындап келеді. Бес қадам, үш қадам... Мина гүрс етіп жарылды. Жау танкісі табаны көктен келіп теңкиіп жатыр...

Қиялға беріліп кеткені сонша, Көшен өз үйінің тұсынан өтіп кеткенін байқаған да жоқ. Балалар болса шу-шу етіп әлі таласып келеді. Кенет, бұларға жалт қараған Көшен «оттапсыңдар!» деп бар даусымен айғайлап жіберді. Мұны күтпеген балалар состиып тұра қалды. «Білсеңдер, есек иттен де ақылды». Көшен осыны айтып, көресіңдер әлі дегендей балаларға мақтанышпен бір қарады да, үйіне қарай жүгіре жөнелді. Апасының тамағыңды іш дегеніне қарамастан апыл-ғұпыл киімін айырбастап қайта шыққан еді.

Көк есегін ол әрең тапты. «Кең дала құрып қалғандай, жайылған жерін қарашы. Шойын жолдың бойынан не жейді екен?» деп жүре ұрсып келе жатқан. Көк есек мұны түсініп

қойғандай басын кекжитіп алды да, пысқырып алып қаша жөнелді. Мұны күтпеген Көшен біраз абдырап, сасқалақтап қалды. Шәпкісін қолына алып, «моһ-моһ» деп қанша дауыстаса да қарайтын түрі жоқ. Тап бір қасақана істегендей құлақтарын жымқырып алып қашып барады. Табанына тікеннің қадалғанын елең қылмай алдын орап көріп еді, бұдан да ешнәрсе шықпады. «Жалғыз құлақ» мұны келеке қылғандай басын шұлғып-шұлғып алып тура темір жолға қарай тартты. Енді қайтсем екен деп ойлады. Дәл осы сәтте сонау бұрылыстан қара түтінін бұрқыратып шыға келген пойызды көріп Көшеннің жүрегі қатты-қатты соғып кетті. «Мына құрғырың, пойыздың астына түсіп өлмек пе? Ой, ақымақ! Моһ-моһ!

Көк есектің кереметі бұл ғана емес екен. Жолдан кесіп, ары қарай өтіп кетсе жақсы ғой. Жоқ екі рельстің арасына түсіп алып зытпасы барма. Осы қалпымен пойызды сүзіп құлататындай шауып барады. Көшен бір бүйірден қапталдап көріп еді, тура жарысқа шақырғандай жеткізбеді. Қазір өледі деген ой сап ете қалды. Өзінің қалт тұра қалғанын да аңғарған жоқ. Жер апшысын қуырып, жақындап қалған паравоз бірнеше дүркін ысқырып-ысқырып қалды. Тура маңдайдан ұрған ащы дауыстан есін жигандай көк есек те қалт тұра қалды Бір сәт жалғыз құлағын тіктеп тұрды да бүйірге қарай ойыса берді. Бірақ...

Бірақ дәл осы сәтте Көшен екі алақанымен көзін баса қойып теріс айналды. Зар илеген дөңгелектер «өлді-өлді, өлді-өлді» деген сөзді бірінен-бірі қағып алып қайталап бара жатқандай. Өлгі дыбыстан Көшенніңсамай тамырлары жарылып кетердей солқылдап кетті. Өлгінде қиялға беріліп, көк есегінің ерлігін мақтан еткені есіне түсті. Япырау, бұл құрғырың танк емес қой...Үй, ақымақ! Көшен бетін басып біраз тұрды. Не деген бітпейтін ұзын эшалон. Миын солқылдатып әлі өтіп жатыр.

Пойыз әлде қашан көзден таса болса да Көшен көзін ашудан қорқып біраз тұрды. Несіне ашады. «Өлді-өлді» деп кеткен жоқ па? Көз алдына басы бір жерде, денесі бір жерде қан-қан болып жатқан есегінің өлігі тұра қалғандай. Тұла-бойы қалтырап кетті. Көңілін қорқыныш биледі. Жоқ осы қалпыммен артыма карамай үйге қайтайын. «Менің жазығым не? Пойыздың асты-

на түсіп өлетіндей мен оған не жамандық істедім?». Көшен көзіне толған жасты тоқтатқан жоқ. Домаланған жас тамшылары бетін айғыздап, омырауына үздіксіз тамып жатты. Аяғы желімдеп қойғандай қозғалар емес, тым ауыр. Ана жылы шөп саламын деп жүріп, мінезі «шәлкез» тор аттың тұяғы тигенде де тап осындай болмап еді. Ауыр тартқан аяғын әрең басып орнынан қозғалды. Кенет арт жағынан жол бойындағы ұсақ тастарды шықырлатқан аяң естілді. Бірақ Көшен артына бұрылған жоқ. Тұяғының тықырынан-ақ танитын Көшен, оның темір жолдан бері қарай өтіп келе жатқан «Жалғыз құлақ» екенін сезді.

«Қап, тұра-тұр. Әскерде сені бұлай еркінсітіп қоймас. Ажалының жоғын қарашы. Тас жүрек.». Дегенмен ол «Жалғыз құлағының» тірі қалғанына іштей қатты қуанды. Әсіресе, көршісіне берген уәдесін орындайтынына қуанды. «Жалғыз құлақ» болса кешірім сұрағандай жиі-жиі пысқырынып қояды.

*Б. Әзірбаев, 2 курс студенті  
1967 жыл, мамыр.*

## ҚОС БИЛЕТ (әңгіме)

Асан үйге өте кеш оралды. Бөлмесіне кіріп шешінбестен төсегіне құлай кетті. Күндегі есіктен кірген бойда киімін «атып» жіберіп сөйлей жөнелетін жайсаң әдетін ұмытқандай. Бір нүктеге қадала қалған қой көздері қызара түсіп, жанары жасқа толып кетіпті. Енді бір сәтте діріл қаққан мөлдір шықтар үзіліп-үзіліп кететіндей. Ол қайта-қайта жұтынып, өзін-өзі сабырға шақырғанмен, іштегі аласапыран сезім толқыны ерік беретін емес. Ұзын кірпігінен бөлініп шыққан жалғаз тамшы самайына қарай сырғып бара жатты.

Бұл қалай? Бәрінің де тірелген жері осыма? Жан тәнімен, балауса сезіммен ұмтылған арманы, арзанқол, тұрақсыз, желөкпе жан болғаны ғой. Мынау, жүректі солқылдатып үзе алмай жатқан неткен күш? Осынша уақыт қалай сезбей келгенмін?

Бұл мүмкін емес. Осыдан басқа аузына сөз түспей, бірін-бірі жетелеген шым-шытырық ойлар ұршықтай иіріліп санасынан шықпай қойды. Тек тастай түйілген алақанында умаждалып қос билет жатты.

Иә, бәрі де осыдан басталған. Адамның кей-кездерде өзін қуаңқы, жеңіл сезінетін күндері болады. Ондай сәтте бойыңды ерекше қуаныш кернеп, кеудең әсем әнге бөленгендей, жандүниенің шыйыршық атып, көңіл-күйің көтеріліп, ерекше бір сергектік күйге енесің. Айналаңа ерекше сезіммен көз тастап, сырласқандай боласың. Жаныңды тербеткен әсем ән көмейіңнен ақтарылып жүрегіңе құйылып жатқандай. Сен ән салып, билеп кеткің келеді. Ондай сәтте Асан, арсалаңдап келіп анасының алдына құлай кететін. Одан қалса бірдеме айтып былдыраған інісін құшағына алып допша лақтырып, оның сықылықтаған күлкісіне мәз болушы еді. Кейде төрде тұрған радионы бар даусына қойып, шалқая жатып музыка тыңдайтын. Мүмкін осының бәрі алаңсыз бозбала шақтың әсері болар. Алайда Асан үшін бұдан артық бақыт, бұған жетер қуаныш жоқ сияқты көрінетін. Мұндай сәттер әлі ғашықтық сезімге бөленіп көрмеген, жаны таза, көңілі пәк, арманшыл жандардың еншісінде. Мүмкін ол осы алаңсыз күйде қала берер ме еді? Егер де...

Мамыр айының май тоңғысыз, жайсаң күндерінің бірі. Институттан кешірек шыққан Асан қою қара шашын екі қолымен көсіп-көсіп жіберіп ашаң жүзін күннің жұмсақ нұрына тосып біраз тұрды. Көктемнің жұпар желі жанын сергіткендей, көңілі көтеріліп сала берді. Лекциядан соң ешқайда бұрылмай тіке үйіне тартатын еді. Сол әдетінен бүгін айнып қалғандай.

Алматының мамыр айындағы көрінісі қандай? Оны келістіріп суреттеуге мықты деген ақындардың жүрегі дауалай бермейді. Көркіне сөз жетпейтін, сұлулығына көз тоймайтын, ерекше сымбатты қала ғой! «Алматы – ару қала, арман қала!» дейтініміз содан шығар. Ал оның гүлге оранған, оқтай түзу гүлзар көшелерімен серуендеп жүру қандай тамаша!

Өркімнің жақсы көретін, өзіне ерекше қымбат, сүйікті көшесі болады. Асан үшін «Комсомол» көшесі тап сондай еді. Әсіресе, осы көшенің бойына орналасқан Үкімет үйі қандай?



Айналасы тап-таза, көлденең жатқан бір зат көрмейсің. Көкке шапшып, «субұршақ» шашқан әртүрлі фонтандар көздің жауын алады. Әртүрлі ағаштар өсірілген бақ іші сап-салқын, самал есіп тұрғандай. Ал Үкімет үйінің алдындағы кең алаң Асанның балалық шағының мәңгі естен кетпес ең қызық сәттерін еске түсіреді. 1-май мерекесі келген сайын әкесінің мойнына отырып алып, жұртпен бірге шат-шадыман қуанышқа бөленген салтанатты шеруге қатысатын. Сол сәттегі адамдардың шаттыққа толған көңіл-күйі, қолдарына ұстаған ал қызыл жалаулар, алуан түсті гүл шоқтары, шабыттана ойнаған оркестр үні Асанның жүрегінде мәңгі қалып қойды. Бұл көшенің Асан үшін аса қымбат болатыны сондықтан.

Ал «мандайы» күнге шағылысып, асқақ көрінетін «Алатау» кинотеатры жастардың көп жиналатын орны. Алматыдағы ең жас, ең көрікті ғимарат. «Сол жерде біраз демалып, анау бұрыштағы киоскіден бір балмұздақ алып үйге қайтармын» деп ойлаған еді. Театр алдындағы сан-алуан фотоафишаларды қызықтап, алаңсыз келе жатқан Асан:

- Сізге билет керек емес пе? деген дауыстан селк ете қалды.

- А-а! Не дейсіз? деді сасқалақтап.

- Сізге билет керек емес пе? деп тұрмын ғой.

- Иә, біреу, деді. «Біреу» деген сөзді қалай айтып қалғанын өзі де білген жоқ. Мұның қатты абыржып қалғанына күле қараған бейтаныс бойжеткен:

- Жүріңіз онда бірге отырып кино көрейік деді.

Тілдей көк билетті қыздың қолынан алып жатып, құлағына дейін қызарып кеткенін аңғарған да жоқ. Өзіне күлімсірей қараған қыз жанары кеудесін тесіп өткендей. Асанның жүрегін біреу сілкіп қалғандай жиі-жиі соғып кетті.

Күндізгідей жап-жарық зал іші әп-сәтте адамдарға лық толды. Лып ете қалған шам жарығы баяу ғана солғын тартып, зал іші күңгірт тарта бастады. Неге екені белгісіз осы бір ала-көлеңке сәтте Асан көрші қызға жалт қарап еді. Ол да жүзін бұрып, күлімсірегендей болды.

Бұрын-соңды қызбен киноға барып көрмегендігі болар, сәл қозғалса бірдемені бүлдіріп алатындай тырп еткен жоқ. Тіпті

каттырақ тыныс алудан қорыққан адамдай демін ішіне тартып сездіргісі келмейді. Киноның қаншаға созылғанын, не жайлы екенін де аңғармаған секілді. Бойын өзіне беймәлім әлде бір тылсым күш билеп алғандай. Көңіл түкпірінде осы тыныштық жалғаса түссе екен, кино аяқталып қалмай созыла түссе екен дейтін тәтті үміт Асанның жан дүниесін тербеп, елітіп әкеткендей. Тамаша қиялға берілген Асанның тыныштығын «фильмнің соңы» деген жазу, орындықтарын сартылдатып тұрып жатқан көрермендердің шуы бөліп жіберді. Осындай қарбаласта көзжазып қалмайын деп ойлаған Асан қыздың қолтығынан қалай ұстай алғанын өзі де аңғармай қалды. Бейтаныс қыз бұған риза болғандай сәл ғана жымиып басын изеді. Күлкісі қандай тартымды еді.

- Асығыс жүріп, билеттің ақшасын беруді де ұмытып кетіппін. Айыпқа бұйырмаңыз. Тіпті атыңызды да сұрамаппын деп төс қалтасына қолын апара берген Асанды, әдемі ишаратпен тоқтатқан қылықты қыз:

- Оқасы жоқ, менің атым Әсел. Оданда сол ақшаға балмұздақ алып жейік деді. Әселдің бұл сөзіне қуанып кеткен Асан өз атын айтуды да ұмытып киоскіге қарай жүгіре жөнелді.

...Әсел екеуінің алғаш рет танысып, балмұздақ жеген сәттен бері де үш ай уақыт өтіпті. Сол жолы әр аптаның соңында, яғни сенбі күндері осы кинотеатрдың алдында кездесіп тұруға уағдаласып тарасқан. Кездесетін уақытына дейін келісіп алған. Кешкі сағат 5.00. Сол сәттен бері екеуі де осы шартты бұзып көрген емес. Уәделі уақытында Асан күтіп тұрады, көп кешікпей Әсел де жетеді. Ең алдымен бір-бірден балмұздақ алады. Жаңа кино болса кіріп тамашалайды, болмаса қасындағы 28 панфиловшылар атындағы баққа барып біраз уақыт серуендейді. Бұл әбден қалыптасып, әдетке айналған жәй. Көбіне сөйлейтін Асан. Осы үш айда айтылмаған әңгіме, сөз қылмаған тақырып қалмаған сияқты.

Неге екені белгісіз Әсел өзі жайлы әңгіме айтудан қашқалақтайтын сияқты. Осы уақыт ішінде Асанның ол жөнінде білгені. Ат спортымен айналысады екен. Бірақ соны көріп қызықтауға Асанды шақырып көрген емес. Ата-анасы,

бауырлары бар екен. Бірақ олар жөнінде де жарытып ешнәрсе айтқан емес. Қашықта тұрады деген де қойған. Есесіне осы қалада тұратын біраз «достарымен» таныстырды. Дені жігіттер. Жігіт демекші соларды көрген сайын: «Осылардың қай жері ерек. Ұсқындарынан адам шошиды. Ұйпа-тұйпасы шығып, тарақтың жүзін көрмеген ұзын шаштары жалбырап иығына түскен. Аяқтары шидей, көтерем болған малдай ирелеңдеп әрең қозғалады. Қолдарынан темекінің тұқылы түспейді, ауыздарынан шараптың иісі аңқып тұрады. Бұларды көрген сайын Асанның қабағы шытылып, қаны басына шығатын еді. Тезірек кетуге асығатын. Ақыры шыдай алмай осы ойын Әселге айтып салған. Оның бұл сөзіне қамығудың орнына біраз сықылықтап күліп алған Әсел:

- Несіне ашуланасың. Бұлар біткен адамдар. Ешкімге зиян да, пайда да әкелмейді. Көп ұзамай бәрі де кетеді бұл дүниеден деді.

- Сонда бұлардың ата-анасы, туыстары, үйі жоқ па?

- Бұлар кімге керек? Бәрі де теріс айналған. Өйткені нашақор адам, өлген адам. Оларға ем жоқ.

- Сен неге бұлармен бірге жүресің. Қалай қорықпайсың, қалай жиіркенбейсің? Асанның даусы қаттырақ шығып кеткен болу керек. Әсел, сұқ саусағын аузына апарып, ақырын сөйле дегендей ымдап белгі берді.

- Қалай түсінбейсің, Асан? Біз кішкентай кезімізден бір аулада, бір көшеде бірге өстік қой. Оларды қимаймын. Мен болмасам, олар әлде қашан өліп қалар еді. Мен оларға мүмкін болғанша көмектесіп, кейде ақша беріп тұрамын. Әселдің ағынан жарылып шындықты айтып отырғанын жүзінен-ақ аңғаруға болатын еді. Жұқалаң өңі сұрланып, көзіне жас толып кетіпті. Осыны байқаған Асан әңгімесін кілт тоқтата қойып, басқа жаққа бұрып әкетті.

Осы әңгімеден соң Асанның Әселге деген құштарлығы бұрынғыдан да арта түскендей. Осы уақытқа дейін Әселдің жандүниесін терең ұғына алмағанына, оның бойындағы тек нәзік жандарға ғана тән қайырымдылықты, сезімталдықты аңғармай келгеніне іштей үялған еді. Әсел болса сол баяғы жарқын

мінезіне салып, бұл жөнінде тіс жарып көрген емес. Екеуінің жан-дүниесі үйлесіп, ерекше жарасым тапқандай күй кешетін. Әселдің сабалақ бас «достарына» да көзі үйреніп, олардың баржоғын елең қылмай үнсіз жүре беретін еді. Реті келіп қалғанда бірер сом ақша ұстатып кететін. Онда да Әселдің көзінше.

Биыл құдай қаласа институттың III курсын бітіргелі отыр. Алда үш айлық практикасы бар. Тұңғыш рет көмір шахтасына түсіп, ондағы жұмысшылардың ерен еңбегін көзбен көріп, үлкен тәжірибе жинап келмек ойы бар. Бірақ Асан бұл жөнінде Әселге ашып ешнәрсе айтқан жоқ. «Біраз ақша тауып келіп, Әселге үлкен сыйлық жасайын. Сурприз болсын» деп ойтүйген. Жезқазғанда болған үш ай уақыт та зырлап өте шықты. Шахтаға алғаш түсуін, сондағы алған әсерін, тіпті бетіне көмір күйесін жағып алып түскен суретіне дейін салып, төрт бетке толтыра хат жолдайтын. Неге екені белгісіз соның біріне де Әселден жауап келмеді. Бұған Асан көп мән берген жоқ. «Біраз күннен соң өзімде барамын ғой, сонда себебін сұрап білермін» деп шешті...

Үйіне жеткен бойда анасын құшақтап, арнайы әзірлеп қойған тамағынан апыл-ғұпыл дәм татып, тез киініп Әселді көруге асықты. Осы үш ай мерзім Асан үшін үш ғасырға созылғандай, аяқталып бітпейтіндей көрінгені рас. Әлгінде Әселге телефон шалған. Даусы қарлығыңқы, үні бәсеңдеу болып көрініп еді. Асанның атой салған ғашық жүрегі бұған аса мән берген жоқ. Сол баяғы «Алатаудың» алдында кездесуге келісті. Дегбірсіздене күткен Асанның жанары Әселді тым алыстан шалып қалған. Сол-ақ екен алдынан жүгіріп шығып, қызды құшағына алған бойда аяғын жерге тигізбей бірнеше рет айналдырып алды. Тура бір вальске билеп жүргендей. Бірақ Әселден бұрынғы жарқын күлкіні, еркелік мінезді көре алмай, біраз абдырап қалған.

- Әсея, көңілсізсің ғой? Кім ренжітті, әлде ауырып тұрсың ба? Қандай жаңалығың бар? Мен сені қалай сағынғанымды білсең ғой! Асан ішкі толқуын жасыра алмай, қыздың оң жағына, біресе сол жағына шығып әбiгерге түсті.

- Асан, сен ренжіме. Сенің хаттарыңа жауап беруге мүмкіндігім болмады. Просто, көңіл-күйім жоқ. Өткен айда

өзің білетін Алик қайтыс болды. Тимур ұрлық жасағаны үшін түрмеде жатыр. Вот и все.

- Оған сен кінәлі емессің. Өздерінен көрсін. Мына жарық дүниеде басқа жол құрып қалғандай, сол жақта не бар еді? Жүздеген, мындаған жас жігіттер жүр ғой, әне. Оқуы бар, спорты бар. Асан өзін мысалға келтіруді ойлап тұрды да, мұным ерсілеу болар. Мақтанғандай болмайын деп сөзін өзгелерге бағыштап айтты.

- Сен оларды түсіне бермейсің, Асан. Сондай боламын деп ойлады дейсің бе? Бірі ақыл тоқтатпаған бала кезінде торға түсіп қалады. Енді бірін эзезіл оңбағандар қасақана осыған үйретеді. Инеге отырғызады. Енді біраз сөйлесе солқылдап жылап жіберердей эрең тұрған Әселді қапсыра құшақтап:

- Қойшы енді. Жүр оданша жақсы ресторанға барып біздің осы кездесуімізді жуайық деді даусын барынша жұмсартып.

- Ресторанға шашатындай ақшаң жетеме, көп пе сонша?

- Жеткенде қандай!

Расында Асанның бұлай деуінде шындық бар еді. Қайтар жолы шахта басшысы шақырып алып: «Шахтердің қиын да, абыройлы еңбегін көзбен көрдің, балам. Өзің де біраз тер төгіп, солармен бірдей еңбек еттің. Оқуыңды бітірген соң бізге кел. Құшақ жайып қарсы аламыз. Бізге жас мамандар ауадай қажет», деді. Артынша, қағазға оралған буманы Асанның алдына қойып: «Мынау сол адал еңбегіңнің ақысы. Бұл сенің тұңғыш алып отырған жалақың шығар?» деп шын пейілін білдіріп еді. Сол ақшадан Әселге арнап аса қымбат болмаса да көз тартатындай көркем жасалған сырға алды. Бірақ онысын Әселге айтқан жоқ. Тосын сый болсын деп ойлаған.

Алайда Әсел айтуын айтса да ресторанға барудан үзілді-кесілді бас тартты. «Одан гөрі, керекті азық-түлікті, пиво-шарапты дүкеннен алып қаланың сыртына шықсақ қайтеді. Қаланың қапырығынан өкпеміз тазарсын» деген. Ол аз болғандай: «Сен ренжімесең, Маратик пен Жоржиды ала кетейік. Екі жолдасынан бірдей айрылып жетімсіреп жүрген шығар. Қуанып қалсын» деді. Осы уақытқа дейін Әселдің айтқанын істеп, көңілін қайтарып көрмеген Асан, іштей қанша наразы болса да

онысын білдірмей, жәй ғана басын изеді.

Алатаудың әсем көрінісі, асқақ шындары, жұпар самалы расында көңілге ем болғандай. Оның үстіне ішке арақ-шарап барған соң бұлардың көңіл-күйі тіпті көтеріліп, ұлардай шулап, баладай асыр салды. Бәрінен де Әселдің сыңғыр күлкісі, маржандай әппақ тістері, алаңсыз мінезі Асанның жүрегін тулатып, есін алғандай еді. Тап осы сәтті пайдаланған Асан: «Менің бейнем Әселдің жүрегінде, үнім Әселдің құлағында жүрсін» деп қылықты қыздың құлағына сырға тақты. Асаннан мұндай әрекетті күтпеген Әселдің бота көздері жасаурап кеткендей болды. «Тұрмысқа шығатын қыздың құлағына жеңгелері сырға тағушы еді. Сені кім деп атайын? Жеңге деймін бе, әлде жан досым деймін бе? деп Әсел ерекше бір қылық танытып, Асанның мойнынан құшақтып, ернінен сүйді. Асанның жүрегі кеудесін тесіп жіберердей дүрсілдеп қоя берді. Сол сәтте жер теңселіп, бүкіл дүние шыр айналғандай болып еді. Бұрын-соңды тап осылай көңіл көтеріп көрмегендігі болар, жас баладай арсалаңдап, канат біткендей «бір ұшып бір қонды». Япырай, ішімдікті де өкіртіп ішуге болады екен-ау! Ендігі жерде бұған бәрі де етене жақын, қимас адамдардай көрініп еді. Қолына қырлы стаканды алып: «Қане достар, Әселдің бақыты үшін, менің балауса махаббатым үшін алып тастайық» деп стакан толған шарапты бір деммен жұтып жіберді. Бұдан кейінгісі есінде жоқ. Әселді қайта-қайта құшақтап, айрылып қалатын адамдай кеудесіне қыса берді.

Бұлардың той-думаны күн ұясына еңкейгенде ғана аяқталды. Бір-бірін қолтықтап, сүйрегендей үлкен жолға әрең жетті. Өмірінде мұнша шарап ішіп көрмеген Асанның жүрегі айнып, бар дүние шыр айналып тұрғандай көрінді. «Такси ұстаңдар, Әселді жеткізіп тастайық» деген. Бұдан соң әлде біреу тірсегінен қағып түсіргендей құлап түсті. Ар жағы түс көргендей беймәлім.

...Әлде біреулер иығынан жұлқылап оята алмай әлек. «Оу батыр, тұрсаңшы. Тап бір нағашысының үйінде жатқандай шолжиуын. Басыңды көтер қане. Енді бірі қолындағы бөтелкеден бетіне су бүркіп жатыр. Асанға ес кіргендей басын жұлып

алды. Көзі аларып, шарасынан шығып кетердей аң-таң. «Мен қайдамын? Әсел қайда?» деді күмілжіп.

- Оны ертен тауып аларсың. Қазір үйіңе жетуді ойла. Адресің қандай? Қайда оқисың?

- Политте деді тілі күрмеліп. Мен қайда жатырмын? Сендер кімсіңдер?

- Бізде өзің сияқты студентпіз. «Народная дружина» дегенді естіп пе едің? Біздің қолға түскенің абырой болды. Болмаса ППМ-ның қолына түссең. Прощай «папа-мама» болатын едің. Олар сенімен көлгірсіп тұрмайды. Сауықтыру мекемесіне бірақ апарып тығады. Оның не екенін білесің бе? Асан үнсіз басын изеді.

- Одан оңай құтылмайсың. Институтқа хабар берсе, сол күні-ақ қуып шығады, жігітім деді екіншісі жұлып алғандай.

- Жарайды обалыңа қалмайық. Түр-тұрпатың ішетін адамға ұқсамайды. Бәлкім, бір көңілді ортаға түсіп қалған шығарсың. Бірақ сені осы күйінде жалғыз тастап кеткендері қалай?

Құдайға қараған жігіттер мұны қолтықтап үйіне әкеп тастады. Оларға рахметін айтып, сый-сияпат білдіргісі келіп қалтасынан ақша іздеп еді. Студенттік билеті де, ақша салатын амияны да болмай шықты. Асан амалсыз езу тартып, алақанын жазып, иығын көтерді. Әлгі жігіттер «оқасы жоқ» дегендей арқасынан қағып, күлген де қойған.

Осы уақиғадан соң Асан екі аптаға жуық ауырып жатты. Қатты ұшынған болу керек. Еріндеріне ұшық қаптап кетті. Басы ауырып, лоқсып құса беретін. «Балам-ау, мұндай әдетің жоқ еді. Не болды саған? Әлде менен жасырып жүрген бір себебің бар ма? Бұдан да айтып өлтірсеңші» деп анасы бәйек. «Жігіттің абыройға ие болуы да, сол абыройдан жұрдай болып айрылуы да бір сәттік дүние, балам» деп марқұм әкесі де айтып отырушы еді.

Асан анасына тіс жарып ешнәрсе айтқан жоқ. Өзі де сусылдап отырған жүрегін ауыртқысы келмеп еді. «Апа, осындай жағдай болып қалды. Кешіріңіз мені. Енді ешқашанда мұндай іске бармаймын» деп анасын құшақтап, бетінен сүйді. Сонша еңбекпен тапқан бүкіл ақшасынан айрылғанын, Әселге сырға

эпергенін, тауға барып «жын-ойнақ» салғанын қайтіп айтады. Анасы тұрмақ, сол оқиға есіне түссе өзі де қатты налып, жүрегі дүрсілдеп, ұяттан жерге кіріп кете жаздайтын. Өзіне өзі: «Ақымақ, бір шайнам миы жоқ қуыс кеуде мақтаншақ» деп сөгетін еді.

Екі апта бойы Әселдің телефон соққанын күтіп тағаты таусылған Асан, тәуір бола салысымен оны іздеуге шықты. Күнде сабақтан шыға салып, «Алатау» кинотеатрына құстай ұшып барады. Ұзақ жүріп Әселді күтеді. Тіпті шыдамы таусылғаны сонша алыстан көрінген қыздардың бәрі мұның көзіне Әсел болып елестейтін еді. Ақыры күте-күте күдерін үзген Асан жүрегіне біреу ине сұғып алғандай ауыр қозғалып, жан-дүниесі құлазып үйге қайтып жүрді. Бүгін де сол әдетімен оңашалау тұрған орындыққа келіп отырды. Жаңа фильм, өте керемет. Мосфильм шығарыпты деген соң кезекке тұрып екі билет алды. Кенет Әсел келіп қалғандай болса билет іздеп әуресарсаң болмайық деп ойлаған. Тағы сол алабұртқан көңіл, өтіп-бітпейтін уақыт. Әселдің енді келмесіне көзі жетсе де, іштегі бір түйсік үміт отын тұтатып, алаулай бастайды.

Әбден күдерін үзіп, кетпек болып орнынан тұра беріп еді арқасынан біреу түрткендей болды. Жалт қараған Асанның алдында 17-18 жасар бозбала тұр екен. Мұның тым шұғыл бұрылып, тесіле қарағанынан сескеніп қалған жас жігіт тез-тез сөйлеп: «Асан деген сен бе? Мынаны саған беріп жіберді» деп қолына бір тілім қағазды ұстата салған бозбала кілт бұрылып жүгіріп кетті. Біраз сілейіп тұрып қалған Асан, орнына қайта отырды. Саусақтары сәл дірілдеп тілдей қағазды ашып, көз жүгіртіп оқып шықты. «Асан мені іздеме, күтпе. Мен алыстамын. Қош бол. Әсел.» деген бір ауыз сөз жазылыпты. Бар болғаны осы. Асан не жыларын, не күлерін білмей ұзақ отырды. Күн ұясына батқалы қашан. Қара көрпе жамылған түн болса Асанның жан-дүниесін дел-сал күйге салып, қоюланып келе жатты. «Бәрі бітті, бәрі де түсінікті» деп Асан орнынан тұрды.

Алайда Ақан түсіне алмай, біле алмай кеткен бір жәй бар еді. Сол жолы әбден мас болып, ес-түсінен айрылғандай қатты ұйқыға кеткен Ақанды, өздері де аяқтарында әрең тұрған Марат



пен Жора екі қолтығынан алып, 28-панфиловшылар паркінің қараңғылау түкпіріне апарып тастамақ болған еді. Бұған Әсел көнбей қойды.

- Мен Асан оянғанша қасында боламын деді.

- Жоқ сен бізбен бірге барасың. Бізге «зарядка» керек. Ұқтың ба? деп Марат сұқ саусағымен сол қалының білек тұсын түртіп көрсетті. Бұл «ломка» басталды, тезірек есірткі қажет дегені еді. Ақша жетеді. Мына «фраэрдін» ақшасы көп екен. Еше студентпін дейді. Откуда у него столько денег?». Марат қолындағы әмиянды көрсетіп қарқылдап күлді. Оны Асанның қалтасынан қай уақытта алып қойғанын кім білсін.

- Әкел бері ақшаны. Қайырымсыз хайуан! Ол сендерге дастархан жайып сыйлады емес пе. Әсел қолын созып ұмтылып еді кеудесінен бір періп ұшырып түсірді.

- Айттым ғой сен бізбен барасың. Бізге норката керек. Біз қарызға белшеден батқанбыз. Бізге бермейді, саған береді. Понятно? Егер көнбесең сені де, мына жігітіңді де бауыздап кетемін. Ол артқы қалтасынан басы қайқы пышағын жұлып алып Асанның тамағына тақай қойды. Әсел шыр етіп, қолына жармасып еді. Оң қолымен мұның шашынан ұстап, жұлқып-жұлқып жіберді. Сүйек-сүйегі сырқырып, жанына батқан кезде туған әкесін де аямайтын қаныпезер жайлы Әсел талай естіген. Оның ештеңеден тайынбайтынын сезген Әсел: «Жарайды мен келістім. Бірақ Асанға қол тигізбендер» деген шырылдып. Ондағы ойы: «Осында жата тұрсын. Мыналардан құтылған соң, қайтып келіп оятып алармын».

Алайда есірткі сағатын үйдің де, үй иесінің де милицияның бақылауында екенін бұлар білген жоқ. Үй иесімен алдын ала келісіп қойған. Бұлар алаңсыз келіп терезесін қағып ішке кірді. Қолма-қол ақша беріп жатқан сәтте тасада жатқан милиция қызметкерлері сау ете қалды. Сөйтіп, үшеуінің қолдарына кісен салып бөлімшеге алып кетті. Тергеу барысында Марат пен Жора келісіп алғандай бар жаланы Әселге аударған еді.

- Бізді алып келген де, ақша берген де осы деп зар илеген.

- Мыналардың айтқаны рас па? Ақша кімдікі? деп сұраған тергеушіге:

- Рас, ақша менікі деп мойындаған. Өйткені бұл жерде Асанның аты аталса, оның да қатысы бар деген күдік туары сөзсіз. Бар кінәні өзіме алайын. Асанның жан-дүниесіне, адал көңіліне дақ түспесін деп шешкен еді. «Мына сүмелектерді шақырған да өзіммін.»

Сот шешімі ұзаққа созылған жоқ. Әлгі екеуіне алты жылдан, Әселге есірткімен әуестенбейтінін ескеріп әрі бәрін өз еркімен мойындағаны үшін екі жарым жыл кесті.

...Осы оқиғадан соң Асанның мінезі күрт өзгерді. Ешкіммен ашылып сөйлеспей, көбіне өзімен-өзі болатын. Көрмегенім «Алатау» кинотеатры болсын деп өзіне-өзі серт бергендей ол жаққа аттап баспайтын. Баласының бойындағы осы жәйді анасы да сезіп жүретін. Бір күні Асанды құшағына алып, шашынан сипай отырып мынадай өсиет айтты. «Қарағым, тірлікте көргеннің бәрі қызық. Қуаныш та, қайғы да, өкініш пен мұң да алма кезек ауысып отырады. Өмір деген сол. Жетпесті кума, келмесе өкінбе. Келер күн, арайлап атқан әрбір таң адамға өзгеріс әкеледі, көп жаңалық әкеледі. Үмітсіздік шайтанның ісі. Адамды биік арманға жетелейтін де, күш-қуат беретін де сол үміт. Мен саған сондай шуағы мол, қуанышы көп өмір тілеймін. Күйреуік болма, болаттай берік бол, балам.» деп мейірлене маңдайынан сүйді.

Анасының мақпалдай жұмсақ үнін естіп жатып қатты ұйқыға кеткенін сезбей де қалды. Баласын оятып алмайын деп үстіне жұқа көрпе жауып, жарықты сөндірген анасы ақырын ғана бөлмеден шығып кетті. Тап сол сәтте тәтті ұйқыда жатқан Асанның жан-дүниесі қай кеңістікте шарлап жүргенін кім білсін. Жаны жәй тапқандай, жүрегіне біреу үміт шамын жаққандай болып еді. Сол үміт шырағы сөніп қалмай, алаулай түссе екен...

*Б. Әзірбаев*  
*Алматы, 1969 жыл.*

## ШАЙ ҮСТІНДЕ (әңгіме)

«Ау, шеше! Қалай күйлі-қуаттысыз ба? Балаңыз келін түсіргенше аман жүріңіз. Кәрілікке берілмеңіз» дегендерге:

- Е, қарағым, менде не дәрмен қалды дейсің. Осы қоңырымнан бір уыс топырақ бұйыртса арманым жоқ деп жауап беретін. Міне сол кәрі құшаққа басымды тығып алып, насыбай исі сіңген кеудесін құшырлана иіскеп тұрмын. Каникулға шыға салып асыр салған ауылыма, алаңсыз еркелеп өскен отбасына асыға жеткенім де осы. Ал мен десе құрақ ұшатын қарт әжемнің орны тым бөлек. Өйткені мен осы кісіге тән баламын. Қабылтаев Бақытжан Қыдырбекұлымын. «Айналайын, құлыншағым!» деп құшағын жая ұмтылған апам, тамырлары білеуленіп еті қашқан нәзік саусақтарымен мені кеудесіне қысып, кәрі дене босап қалды.«Апа-ау, мұныңыз не? Қасыңызда бір ай боламын. Жыламаңыз!» деп жуатқан боламын. Сексен жастың сеңгіріне шықсада әлі тың, қимылы ширақ. Ешкімнің сүйеуінсіз өз аяғымен келіп маңдайымнан иіскеген қарт адамның бойында қаншама қайрат, күш-жігер жатқанына қалай танданбайсың. Сүйегі асыл деп осындай адамдарды айтатын шығар. Болмаса бұлар көрген қиындықты өзгенің басына бермесін. Нені көріп, нені бастан кешірмеді дейсіз.

Иә, әркімнің ырқына көніп, құрығына түсе бермейтін Сексен жас. Алатаудай қатпар-қатпар созылып жатқан әрқилы өмір жолы. Қай қапталында балалығы, қай қиясында жастық шағы қалды екен? Қуаныш, қайғысы қанша рет алмасты екен? Білер ме еді, шіркін! Бетімнен сипаған мақпалдай жұмсақ алақаны менің жөргегімді жуудан-ақ тозған болар? Арқасына қарғып мініп дігәр намазға бірге құлайтыным есіме түсіп іштей елжіреп езу тарттым. Қайта-қайта бетімнен сүйіп бәйек болған әжеі мұны сезген де жоқ.

Міне сол еркесі, сол құлыншағы құшағына симай есейіп кетіпті. Бәлкім, қарт кісінің есіне осылар түсті ме, әлде қайраты қашып қартайғанына налыдыма, әйтеуір жанары тайған көздері суланып, тіссіз иегі кемсендей қалып еді... Апамды сүйемелдеп үйге алып жүрдім. Аз уақытта-ақ: «Балаңыз келіп көзәйім

болдыңыз ба?» деушілермен қоса, асып-тасып буы бұрқыраған самауыр да кірді. Жүздері жарқын, мейірімге толы ауыл адамдарымен кездескенде өзінді ерекше сезінесің. Еркелігің ұстап, балалығың қайта ояңғандай. Апам болса сандықта сақтаған бар мәзірін алдыма қойып әлек.

- Қалада қай бір жарытып тамақ іштім дейсің. Бір ішек болып қатып қалдың ғой, қоңырым деп бәйек. Кәрі адамның балаша қуанғанын алғаш аңғарғаным ба, апам маған жаңадан «тәйтәй» басып келе жатқан бала сияқты көрінді. Асығыс күйбендеп жүргенде аяғына оралған кимешегі кішкене денесіне аса бір шапшаңдық бергендей. Қызық.

- Апаңның насыбай жабысқан кір-кір кәмпитін сағынған шығарсың? деген көрші әйелдің сөзіне жабыла күліп алдық.

- Сағынған да қандай, жеңеше! Кейде түсіме кіріп, салп-салп сорып шығамын. Тілімді насыбай ашытып қуырғанына да қарамаймын. Менің бұл сөзіме қызыл иегін көрсетіп әжем де қоса күледі.

- Ол жақтағылар түгел аман ба? Оқуың қалай? деп сұрағандарға қысқа жауап беріп отырмын. Қазақы дөңгелек столды айнала отырып шай сораптаған, жүздері күнге тотығып қоңыр тартқан осы бір адамдардың бойында жәй көзге аңғарыла бермейтін қаншама мейірім, жылылық бар. Осы уақытқа дейін қалай байқамай келгенмін?

- Мә, ағаңның қаладан әкелген кәмпитінен жеңдер деп апам ұсынған тәттіге кішкене саусақтарын жайып қол созған балалар шешелерінің қолтығынан бастарын қылтитып ұяла қарайды.

- Қарағым, шашыңды неге алдырғансың? деді апам шай құйылған кесені ұсынып жатып.

- Әскерге аламыз дейді ғой, апа.

- Кімдер ол? Жетелеп апаршы. Жүздерін көрейін. Сені жібергенше мына мен-ақ барып өлейін, деп апам шынымен ашуланып қалды. Жалғызым Қыдырбекті алды. Сүйегінің қай жерде қалғанын да білмеймін. Артында сенен басқа тұяқ та қалған жоқ. Апам қайта-қайта кимешегінің ұшымен көзін сүртіп әлек.

- Е-е, қайтсін енді. Кеудеде жан болған соң сүйрей береді ғой. Қайта бұл кісінің көрмегі бар екен. Қыздарынан болса да немере-шөбере көріп отыр. Күйеуден де, ұлдан да, тіпті бәрінен айрылып зарлап қалғандар азба? деді бетінде бұжыры бар көрші

әйел. Бұл кісінің жастау кезін көрдік-қой. Анау-мынау еркекті алып ұратындай қайратты болатын. Таудан отын теріп қайтатын еді. Ойпырмай, сонда арқанмен буып алған жотасындағы төбедей үйілген тобылғыдан жыбырлап екі аяғы ғана көрінетін. Ол кез қуатының бар кезі екен-ау!

- Әй, жеңеше-ай! Несін айтасың, сол бір жылдардың әкелген зұлматы талайлардың қабырғасын қайыстырып, қайғы жұтқызып кеткен жоқ па! Сұрқия соғыс кімді зарлатпады, кімнің жанарын жасқа толтырмады? Енді ондай кесапаттан сақтасын, осы тыныштықтан айырмасын деңіз! Осыны айтып төрде отырған аққұба әйел қолындағы ыстық шайды ұрттап-ұрттап жіберді.

Жаңа ғана жаркылдап отырған дастархан үстін ызғарлы, суық жел шарпып өткендей бәрі де мұңайып, үнсіз қалды. Манағы аман-саулық сұрасып, қауқылдасып отырған жайсаң жүздері сұрлана қалыпты. Қас-қағым сәтте үй ішін үрей басқандай, тыныштала қалды. Әлі де еңтігін баса алмаған самауыр ғана біркелкі ысылдайды. Салбырай қалған тыныштықты бұзғысы келгендей: «Бәрінің де балалары әскерге барып, борышын өткеріп, аман-есен елге оралып жатыр ғой. Екі жыл деген не тәйір» дей берген жеңгемнің сөзін апам зекіп аяқтатпай та-стады.

- Қарағым, не деп отырсың? Өлер күнім тақалған шақта көз алдымда қарайып жүргені керек емес пе маған. О дүниеге осының қолынан аттандыр деп құдайдан күнде тілеймін. Бұл келгенше бармын ба, жоқпын ба? Қыдырбегім болса...Апам ар жағын айта алмай, булығып тұрып қалды. Біраз үнсіздіктен соң апам орнынан ауыр көтеріліп, сандықтан қызылала орамалға оралған түйіншекті алып менің алдыма қойды. «Бар қалғаны мынау ғой!».

Түйіншекте әріптері сарғайып өше бастаған бір-екі хат бар екен. Қыдырбек ағадан келген хаттар болу керек. Үш бұрыштап бүктелген хаттың сыртында жазылған жазуларды оқу тіпті мүмкін емес. Кәдімгі алғаш рет хат таныған адам сияқты көзімді сығырайта ежелей отырып: «Болат балқып, топырақ жанып жатқанда адам жаны қалай шыдасын» деген сөздерді әрең оқыдым. Көз алдыма жер қопарылып астаң-кестені шыққан қанды майданда белуарына дейін шешініп тастап жаумен алы-

сып жатқан жауынгерлердің қаһарлы жүздері тұра қалғандай болды. Осы бір көңілдері пәс, көздерін мұң басқан жандарға жылы сөз айтып, қайғысын сейілткім келсе де, әңгімені қайдан бастарымды білмей далмын. Бар болғаны:

- Апажан! Өткенді еске түсіріп қайтесіз. Қасыңызда мен бармын ғой. Оқуымды бітірген соң Сізді арқалап сонау Мекке-Мәдинаға дейін апарып келемін деп әңгімені өзге арнаға бұрып жібердім. Бұған риза болған көрші әйелдер: «Бұдан артық не керек? Балаңыз көтеріп Меккеге апарса арманыңыз қайсы!» деп шуылдасып қалды.

- Құлыным, шайынды ішші. Қай-қайдағыны еске түсіріп тамақ жегізбедім ғой саған. Қайғырғаннан не түсті. Жылай-жылай көзден де нұр тайып, жаста қалмаған шығар. Ендігі тілеуім мұндай соғысты сендер көрмесендер екен. Өмір жасың ұзақ болып, жамандық көрмей өтіңдер! деді апам. Үлкен кісінің мұнысын берген батадай қабылдап: «Әумин, айтқаныңыз келсін» деп бетімді сипадым. Дастархан басындағылар да алақан жайып ишарат білдіріп жатты.

- Айналайын-ау, осы «пашис-пашис» деген қашан құриды? Ана жылы тұқымы құрып бітпеп пе еді бұлардың? деді көрші әйел әңгімені қайта жандандырғысы келгендей.

- Қашып-пысып жүрген сарқыншақтары ғой. Әлі-ақ, олар да түк қалмай жойылады әпке!

- Жойылсын! Қарасы батсын соғыс құмар, имансыз нәлеттердің! деп апам біртүрлі бұрын байқамаған ерекше шабытпен сөйлеп кетті.

- Дұрыс айтасыз, апа. Қарасы батсын олардың дедім даусымды көтеріңкірей сөйлеп. Дастархан үсті қайта жанданғандай болды. Келген көршілер де қауқылдасып, көңілдері сергіп қалғандай. Аналарының көңіл-күйін бағып өскен балалары да тартыншақтамай дастархандағы дәмге қолдарын соза түседі. Күрең шай құйылған кеселер де қолдан- қолға жиілеп көше бастады.

*Б. Әзірбаев*

*ҚазМУ-дің студенті, 1969 ж*

## БІР ТҮЙІР ТҮЗ

Менің атам өте жақсы адам. Әңгімешіл. Аңыз-ертектен көп біледі. Балалардың асыр салып ойнағанын жақсы көреді, у-шуды ұнатады. Әсіресе, дастарқан үстінде: «қарақтарым, сендердің томпиған ауыздарыңнан, алаңсыз көздеріңнен айналдым!» деп алдындағы тағамның бар дәмдісін бізге ысырады. Соңынан анама қарап! «Менікі жәй пендешілік қой. Болмаса осылардың алдында өңешімнен ас өтер ме» деп Аяз атаның сақалындай эппақ сақалымен бетімізді қытықтап мейірлене сүйетін. Үнемі тізесінде сүйеулі тұратын қоңыр домбырасын шерте отырып қызық әңгімеге көшетін еді.

Бүгін де сол әдеттегідей күрең шайды ұрттап-ұрттап алды да өзінің бала кезінде бастан кешірген бір оқиғаны айтып кетті. Бір кезде шапанының терең қалтасынан бір түйір ақ затты алып алдымызға қойды. Бәрімізге жағалай қарап алды да: «мынаның не екенін білесіңдер ме?» - деді. Біз алғашында не дерімізді білмей сасып қалдық. Мөп-мөлдір затты көргенде тіл үйретін тәтті науат екен деп ойладым. Өзгелерден бұрын қимылдап әлгі затты жұлып алып ауызыма бірақ ұрдым. Артынша, «тфу, мынау тұз ғой» деп қайта тастағанымда үйдегілер ду күлді. Өзімнің сабырсыздығыма қатты қызарып кеттім.

- Е, шырағым, мұның тұз екені рас. Бірақ ойланған адамға бұл жәй ғана тұз емес.

- Қандай тұз?- ата деп біз шу ете қалдық.

- Бұл жәй ғана тұз емес, қасиетті зат. Өзі қышқыл болғанмен мұнсыз жеген наның өңешіңнен өтпейді. Өзі бар тіршіліктің арқауы. Жаны бардың да, жаны жоқтың да қорегі. Мұнсыз бүкіл жан-жануар, табиғат тіршілік ете алмайды.

- Ата-ау, мына терезеде тұрған гүлдеріме де тұз керек пе? деп сұрады бес жасқа енді толған кіші қарындасым. Атам сәл жымып отырды да: «Әрине, қалқам! Тұз болмаса өсімдіктер де, жан-жануарлар да, сенің қызыл гүлің де болмас еді» - деп жауап берді. Содан соң кесесін қолына алып, шайдан ұрттап қойып біраз үнсіз отырды. Біз де атаның аузына қарап, тағы не айтады? екен деп күтіп отырмыз. Біраздан соң атам менің

басымнан сыйпап: «Тұзды тағамдар ғана емес, тұзды адамдар да көп. Сендердің бақытты болашақтарың үшін қиындықтан қайыспай, тер төгіп, еңбек етіп жүрген сол тұзды адамдар. Сендер де өсіп ер жетесіңдер. Сол уақытта қоғам үшін, халқың үшін аянбай еңбек етіп, осы түйір тұз секілді пайда әкеліндер, дәм беріндер» - деді атам бәрімізге жағалай қарап. Біз: «елімізге көп пайда әкелеміз, ата!» деп шу ете қалдық.

Аузымдағы жұтылмай қалған тарыны бытырлатып шайнай бастадым да, алдымдағы бір түйір тұзға көз тастадым. «Тұзды боламын, тұзды боламын!» деп ішімнен қайталай бердім.

*Б. Әзірбаев, 1969 жыл  
ҚазМУ-дің студенті*





## АРНАУ ӨЛЕҢДЕР

(өзіме арнап жазылған ақтілеу, құттықтаулар)

### МҰРАГЕРІ АТАНЫҢ...

(50 жасқа толуыңа орай)

Тартқызып азап өмірден,  
Қайысты талай дерттен шын.  
Сол қиын кезде атама,  
Жұбаныш болған сендерсің.

Балдарын алған тағдырға,  
Тудыңдар ұл боп төлеуге.  
Бесігің әнмен тербеліп,  
Сусындап өстің әуенге.

Көркемжан мен Бақытжан,  
«Екі өркеші түйенің,  
Екі емшегі биенің»,  
Әнге қосып сендерді,  
Аттанып еді сеніммен.

Еркелейтін алдыңда,  
Келмеске кетті Көркемжан.  
Мұрагері әкеңнің,  
Өзіңсің енді, Бақытжан!.

Мұңайған ел-жұрт, анаң,  
Әкелші серпін, шын бақыт.  
Шырқай түс талмай әлі де,  
Әкеңнің әнін тыңдатып.

Сенім жүк артар кез келді,  
Замана, уақыт өзгерді.

Болмасаң да дәл Кенен,  
Өкпелетпе «жездеңді».

Атаның бар деп салтында,  
Мүшел той жасап жатырсың.  
Жасай бер жап-жас қалпыңда,  
Арманы Кенен ақынның.

*Тасыған ағаң,  
1995 жыл.*

### **БАУЫРЫМ, БАҚЫТЖАНҒА!**

(60 жылдық тойыңа тарту)

Болады қыдыр жолдас өрлегенге,  
Тойыңа жеттім, бауырым, сен дегенде.  
Беріпті Кенекенә тәңірім бізді,  
Мойнына бұршақ салып шөлдегенде.

Жүрсем де Алатауда жанындамын,  
Тараған алпыс екі тамырдамын.  
Соңында әкеміздің қалған тұяқ,  
Тәтеңнің ақ тілеуін қабылдағың.

Жасыңнан, айналайын, ұлықталған,  
Кенендей жаралып ек тұнықтардан.  
Санамыз ән мен жырға қанып өстік,  
Аспанда бозторғайдай тұрып қалған.

Бұл күнде арманның да жоқ тұрағы,  
Күйдіріп көкірегіңде шоқ тұрады.  
Бір иіскеп маңдайыңнан кету үшін,  
Келгім-ақ жиі-жиі кеп тұрады.

Ат жалын тартып мінген күніңнен-ақ,  
Екі етпей Әже сөзін дүрілдедің.

Әкенді – жезде, анады – әпке қылып,  
Біздерді тыңдамадың, көзге ілмедің.  
Бәрібір түсерінді қалыбыңа,  
Ол кезде біз сезгенмен, сен білмедің.

Бұл күнде бір басыңда барлығы бар,  
Өзіндік сән-салтанат, салдығың бар.  
Үлкенге ізет, ал енді құрдастармен,  
Жарасымды, таптырмас қалжыңың бар.

Өнерің бар, әнің бар, жырың да бар,  
Өр мінезің, қылығың, сырың да бар.  
Қыр гүліндей қыздарың, ұлдарың бар,  
Күлімдеген кеңпейіл сүйгенің бар,  
Кей жігіттер әйелден сорлап жүрсе,  
Жар сүюден бауырымның салымы бар.

Көңілімнен шыққан сайын тірліктерің,  
Жеңілдеп келе жатыр менің жүгім.  
Менің көшім сендермен қыр асады,  
Алдымда өзің жүрсең, асыл інім.  
Таласып ана сүтін еміскенім,  
Алысып тай-құлындай тебіскенім.  
60 жас – ата жасың құтты болсын!  
Кеңейсін жылдан-жылға өрістерің.  
Әкене де бақ-дәулет қонған екен,  
Алпыстан асқаннан соң беріп төрін.

Мен келдім шашуымды шашайын деп,  
Өзіңді көкірегіме басайын деп.  
Үлкендік жолыменен той бастадым,  
Мәртебе мәртебеңе қосайын деп.

*Төрткен Кененқызы,  
Астана, 2005 жыл.*

## КЕНЕКЕМНІҢ КЕНЖЕСІ

(60 жасың құтты болсын!)

Даңғаза ән секілді көңіл кірін жумайтын,  
Бұл қазақта ұл сирек әке жолын қумайтын.  
Жұрнағы ғой Бақытжан, күміс көмей Кененнің,  
Алатауға ексең де екеу болып тумайтын.

Алпыс деген бір белес,  
Аға болу – ол да сын,  
Ақыл керек адуын,  
Мінез керек қорғасын.  
Құрағы ғой Бақытжан,  
Кәусар - Мәтібұлақтың,  
Жел шайқаса қайталар,  
Көкшолақтың жорғасын.

Сері жігіт Бәкең де,  
Әдептен бір озбаған,  
Әуелетіп ән салса -  
Небір шерді қозғаған.  
Үйлестіріп үніне,  
Сеңдей соққан сезімін,  
Бозторғай боп шырылдап,  
Бозінгендей боздаған.

Бар бақыты басында,  
Бір Бақыты қасында,  
Әке рухын сомдаған.  
Жарқылдаған жасындай.  
Әзірбайдың әулетін,  
Мұхит, Мұхтар жалғағай,  
Көш көлігін самғатып -  
Ғасырлардан ғасырға!

Тойлап жатыр, ел-жұртың,  
Жора-жолдас, ағайын,

Төрге оза бер тарланым,  
Жебеп тағдыр-талайың!  
Шеру тарт 70,80,90 -ға,  
Әдемі әзіл үзілмей,  
Әнге оранып маңайың.

Бақыт – аға, бауырым,  
Кеңге сілте құлашты,  
Елің – азат,  
Жолың – ақ,  
Шабыт бағы гүл ашты.  
Денсаулығың зор болып,  
Ұзақ болсын өмірің,  
Қосағыңмен қоса ағар,  
Тойың тойға ұлассын!

*Қадыр ақын Әлімқұлов  
10. 07. 2005 жыл.*

**БАҚЫТЖАНҒА**  
(70 жылдық тойыңа...)

Арнайы шақырған соң келген едім,  
Баршаңа үлкен-кіші сәлем бердім.  
Солтүстік аталатын Қызылжардан,  
Ақ - тілек, ақ - батамды ала келдім.

Бүгінгі той - ерекше елдің тойы,  
Бақытжан ел ағасы, терең ойлы.  
Өмірінің сан қилы сырлары бар,  
Бір ғасырлық шежіре тұла бойы.

Тарих қой өмір жолы өзі өткен,  
Халқына қызмет етіп, терін төккен.  
Көкірегі сыр сандық, түйгені мол.

Өнерін әкесінің жалғастырып,  
Руғына Кенен ата тағзым еткен.

Тілейміз ұрпағына амандықты,  
Құдырет көрсетпесін жамандықты.  
Сіздердей азаматтың үлгісімен,  
БІнтымағы халқымның болар мықты.

70 жас келген болар сынамаққа,  
Кәріліктен бойыңды аулақ ұста.  
Дәл бүгінгі сәніңмен, сымбатыңмен,  
Мүдірместен ширақ жет 105 жасқа.

Жан-жарың Бақытжаннан нұр таймасын,  
Тәңір берген бақ-дәулетің шайқалмасын.  
Мұхтаржан ата өнерін жалғастырып,  
Ойлаған армандарың орындалсын.

*Сапура қажы Әміреқызы,  
15 шілде, 2015 жыл.*

**БЕУ, БАҚЫТЖАН, БАУЫРЫМ!**  
(Б. Кененұлының 70 жылдығына жыр-шашу)

Беу, Бақытжан, бауырым,  
Көп ішінде тәуірім.  
Өмір жылжып өтуде,  
Сыйпатқызбай сауырын.  
Жүрген жоқсың желігіп,  
Сүйредің жүктің ауырын.  
Бағалап соның салмағын,  
Жиналды, міне, қауымың:  
Жарың мен ұрпақ,  
Сауығың,  
Ағайын,  
Туыс,

Ауылың.  
Беу, Бақытжан,  
Бауырым!

\*\*\*

Тұяғысың тұлпардың,  
Қияғысың сұңқардың.  
Сарқытын ішкен серінің,  
Сияғысың іңкәрдің.  
Екі Кенен тумайды,  
Бақытжан боп бұрқандың.  
Естелік боп өріліп,  
Сырлы саз боп төгіліп,  
Әсем әнді шырқадың.  
Сынығысың асылдың,  
Таныта білген мұршанды.  
Тұлға атандың еліңе,  
Баласы емес бір шалдың!  
Ұлысыңның ұлтаны-  
Беу, Бақытжан,  
Сұлтаным!  
Кемедейін мұз жарған,  
Тайсалмаған күз-жардан,  
Қаймықпай аттап,  
Ызғардан,  
Шайлықпай өтіп сыздардан,  
Жетпіске, міне, жетіпсің,  
Жасырғанмен қыздардан...  
Сеңгірінен сексеннің,  
Заңғарынан тоқсанның,  
Алаңдамай аса бер -  
Жамбыл жәкең жүзді алған...  
Күн күлдіріп,  
Түн қатып,  
Сұлуларды ымдатып,  
Қызды ауылға мың барған -

Беу, дүние...  
Күз де арман!

\*\*\*

Жеткізбесе жүз-жалған,  
Артында айқы із қалған.  
Бәрінен аман өткесің,  
Заманда да сызданған.  
Құлақтан кетпес сарындай,  
Жан жылытар жалындай,  
Кенеуі кеппес бұлақтай,  
Мәңгі солмас құрақтай -  
Кенекем туын құлатпа,  
Адастырмасын ізгі арман!  
Бауырым, саған төнетін,  
Кәрілік жоқ біз барда.  
Ұрпағың:  
Ұл мен қыз барда...  
...Көп ішінде тәуірім,  
Беу, Бақытжан,  
Бауырым,  
Тарқамасын сауығың!

*Қадыр Әлімқұлов ақын,  
Астана қ-сы, 2015 жыл.*

### **ӘРІ ҚАЙЫН АҒА, ӘРІ ҚҰРДАС БАҚЫТЖАНҒА!**

Ауылым Алатаудың аясында,  
Қоңыр жел баяу соққан саясында.  
Толтырған саф ауасы көкірегімді,  
Қарасаң көңіл шіркін тоясың ба?!

Балауса балғын кездер көктемі де,  
Қоңыр жел еркелетіп өткені де.



Алауы жастық шақтың бәсең тартып,  
Япырай, жетпістің де жеткені ме?

Бақытжан, маған әркез жақын болдың,  
Қайнаға, әрі бауыр, әрі құрдас,  
(Ақтамағым жанымда дүние түгел)  
Бақыттың базарында жүрген шақта,  
Өзіңмен әруақытта ортам толды.

Бұл жастық өткені ғой басымыздан,  
Еліңе қызмет еттің жасыңыздан.  
Жетпіс жас көк шуағын төккен шақта,  
Бақ-дәулет кетпес деймін қасыңыздан.

Құтты болсын бүгінгі мерейтойың,  
Орындалсын арман-тілек, ізгі ойың.  
Қайнаға, замандас боп қатар жүріп,  
Әмәнда, арта берсін абыройың!.

*Жеңіс Жүсіпов,  
милиция полковнигі, 2015 жыл.*

## **БАҚЫТЖАН АТАМНЫҢ ТОЙЫНА (тақпақ)**

Бұлақтай бастауынан сылдырлаған,  
Баламын ғой мен әлі былдырлаған.  
Қарайды құлақ түріп тойшы қауым,  
Атамның мерейтойын жыр ғып салам.

Келіпсіз, асқар ата, жетпіс жасқа,  
Мал емес ақыл жинап ғазиз басқа.  
Ақжарқын атам үшін мен қуанам,  
Болсам да әлі балғын бала жаста.

Ән-жырдың түгесілмес байтақ кені,  
Кенен бабам аламан ақтаңгері.  
Кенен десе бар қазақ елеңдеген,  
Ұрпағымын осындай мықты тегі.

Атажан, денсаулығың мықты болсын,  
Басыңа бақыт құсы келіп қонсын.  
Қуаныш сыйлайтұғын ұрпағың бар,  
Қартаю қаперіңнен аулақ болсын.

Бұл тойды өскенімде жыр етемін,  
Есейіп әлі-ақ ертең бой жетемін.  
Атамның әрбір айтқан нақыл сөзін,  
Мақтанып достарыма үлгі етемін.

*Жасмин Мұратқызы, 8 жаста.  
Кенен ақынның шөбересі, 2015 жыл.*



**Б. КЕНЕНҰЛЫНЫҢ АРНАУ ӨЛЕНДЕРІ.**  
(Парламентте бірге істеген құрбы-құрдастарға арналады.)

**ТАЛҒАТ – ҚҰРДАСҚА!**  
(60 жасқа толуына орай)

Деуші едім, Тәке, өзінді бел құрдасым,  
Бір жылды қалай-қайтіп оздырғансың?  
Өзіңнің «көшірмеңдей» ұл-қызың бар,  
Айнытпай, Тәке, қалай тудырғансың?

Мінезің - төске ұрған балғадайсың,  
Жұмысты аз ба, көп пе таңдамайсың.  
Қос тілдің қос тізгінін қатар ұстап,  
Төрт аяғы тең түскен жорғадайсың.

Салмақтысың құлжаның асығындай,  
Бура сан, бұрынғының батырындай.  
Кесіп-кесіп айтасың әділ сөзді,  
Байырғының «көк дауыл» ақынындай.

Көтергенің қысы-жазы болат гирлер,  
Жігітсің тас шайнайтын, темір илер.  
Қас батырдың нақ өзі болар едің,  
Абылай заманында тусаң егер.

Қыз-келіншек үйіртер көзіңде нұр,  
Алпыс қадам жасадың онда не тұр?  
Өткенді болашақпен ұштастырар,  
Алпыс жас бар болғаны алтын көпір.

Мұз шайнап, жер тарпыған қаракерсің,  
Алпысың талай қызық ала келсін.  
Өзіңе достық ниет, тілек айтқан,  
Өзіңнен бір жас кіші «бала» дерсің.

*Б. Кененұлы,  
Астана, 3 сәуір, 2004 жыл.*

## ӘРІШТЕСІМ, ӘЗ-БӘТІМАҒА!

Көрген сайын өзіңді, еске түсер өткенім,  
«Қызғын» шағым алыстап, қызуының кеткені.  
Тілеулес боп әрқашан шашбауымды көтердің,  
Қатар жүрген замандас, көзкөргенсің өйткені.

Төлкегіне тағдырдың бас ұрмадың, көнбедің,  
Қолыңдағы шырақтың қапелімде сөнгені.  
Қыдекеңнің көзіндей қалды артында ұл-қызы,  
Солар болды ендігі сүйенішің, сенгенің!

( жұбайы Қыдырбай дүниеден ерте кетті)

Қуанышпен жарыса, жүреді екен қатар мұң,  
Күншілдердің меселін кісілікпен қайтардың.  
Өмірде де, үйде де салиқалы орның бар,  
Ардақты ана, ақ әже, әз-бәйбіше атандың.

Адал жардың, әмәнда, ырысы мол, бағы артық,  
Басқа қонған бақытты алмайықшы жоғалтып.  
Қиып айтсам несі бар, байырғының соңғысы,  
Ұлы Абайдың ұрпағы, соған лайық болмысың.

Әке туын жығылтпай, ойлайтындай ел қамын,  
Қыдекеңнен жалғыз тақ, аман болсын Бердағың.  
Аққу-қаздар шулаған айдын көлдей көрікті,  
Ұлағатты ұрпақпен кемелденсін жан-жағың.

Қастерлейтін өзіңді қауымың бар қасыңда,  
Нұр тілейді бөлімнің үлкені де, жасы да.  
Айдыныңнан өрбіген өсіп-өнсін өренің,  
Бақыт құсы әуелеп, бақ боп қонсын басыңа.

Төрт аяғы тең болмас, көп салмасаң жорғаны,  
Қадірлісің, сыйлысың сөзімнің жоқ жалғаны.

Оң жағында қолтықтап Мәди жүрсе бір медет,  
Сол жағында «сүйкеніп» өзім жүрсем болғаны.

*Әзіл айтып, ізгі ниет білдіруші  
Бақытжан Кененұлы, 17. XII. 2006 ж.*

### **КАМАЛҒА!**

(Әйелі құрдастың – күйеуі құрдас.)

Болмайықшы өзімізге қатал тым,  
Ізгі тілеу біз айтпасақ, айтар кім?  
Екі тілдің қатар ұстап тізгінін,  
Аударманың майталманы атандың.

Іске берік, тілге жүйрік Камалсың,  
Шашау сөзге алдырмайтын қамалсың!  
Жанарыңнан шабыт отын көргенде,  
Осы Камал, ақын ба деп қаларсың.

Жылдар жылжып, ай аяндап, өтер күн,  
Бүгіннен де жарқын болсын ертең.  
Он жігіттің істей алмас тірлігін,  
Жалғыз өзің иығыңмен көтердің.

Сөйтіп жүріп ұлың өсті, қыз өсті,  
Мысық тілеу, күншілдердің үні өшті.  
Мойынына немерелер асылып,  
Әже атанып айдарыңнан жел есті.

Айтуға оңай бақыт өзі келе ме?  
Өмір жолың кейінгіге өнеге.  
Шайқалмасын, сөгілмесін, нық болсын,  
Бір шыбықтап өзің өрген кереге.

Текті қызсың, епті қызсың, сөзім шын,  
Сөйлеп кетсең қанар құлақ құрышың.  
Елбасымен соғыстырып бокалды,  
Шампан ішкен бақытты қыз өзіңсің.

Әріптессің, кішілерге әпкесің,  
Қарындассың, сіңлілерге тәтесің.  
Әйеліме құрдас болғандығың ба?  
Сүйкенгім кеп тұратынын қайтесің!

Күйрек жанға қу тірліктің бәрі мұң,  
Сарқылмасын тау бұлақтай арының.  
Елуінде сыр бермеген «қайсар қыз»,  
Жүз жаста да өзгермесін қалыбың.

*Әріптес ағаң Бақытжан,  
Астана – 2006 жыл.*

### **ӘРІ БАЖАМ, ӘРІ БАСТЫҒЫМ СЕРІКҚАЛИҒА!**

Елу жылды ердің жасы деседі,  
Қоңыраулатып біз өткен жол кешегі.  
Үнің жұмсақ, мұртың қияқ, көзінде от,  
Өн-бойыңнан жастық лебі еседі.

Бажам шіркін, кесіп айтты демегің,  
Жанарыңнан желік отын көремін.  
Наймандарға күйеу болған жігіттің,  
Жүрегінің түгі барын білемін.

Ізеттісің, жаның нәзік сыр тұнған,  
Көз тігеді ғашық қыздар сыртыңнан.  
Сұлу көрсең «жыбыр» ете қалатын,  
Серілігің байқалады мұртыңнан.

Жүз жаста да сарқылмасын қуатың,  
Алда талай аусулар бар шығатын.  
Шағың ғой бұл тас шайнайтын, мұзбалақ,  
Тайбурылдай жер тепкілеп тұратын.

Майра - бағың, өзің - ғалым, ұл – ғалым,  
Бейімбет боп тереңнен сыр толғадың.  
Қызметті де, ғылымды да тең ұстап,  
Таң қалдырып «докторлықты» қорғадың.

Әр кезде де ақжол болсын қадамың,  
Бар бақыты ұрпағында адамның.  
Шын көңілден ақ тілеуін тілейміз,  
Білім қуып, мұхит асқан балаңның.

Сөзге де, қызметке де тастүйінсің,  
Өзіңе дос сүйініп, қас күйінсін.  
Әзілге «малып-малып» алар едім,  
Амал не?...  
Жас болсаң да бастығымсың.

*Бақытжан бажа Кененұлы,  
Астана, 20. 02. 2006 жыл.*

## **БАУЫРЫМ, ЖҰМАХАНҒА!**

(ауылдас, туыстас інім)

Бала едің-ау, көз алдымда кешегі,  
Өмір керуен аялдамай көшеді.  
Шақырыпсың тойға кел деп, бауырым,  
Аға көңілі осындайдан өседі.

Ақ пейілдің ақ сандығын ақтарып,  
Саған лайық сөз іздедім шаттанып.

Менің бауырым 50 жасқа келді деп,  
Сарыарқаға симай кеттім мақтанып.

Қадірлі інім, құтты болсын елуің!  
Күйрек жанға қу тірліктің бәрі мұң.  
Ізгі ниет, шын жүректен тілеймін,  
Бұл дүниенің бақыты мен жарығын...

Кәкетайдан, Саймасайдан өрбіген,  
Сол әулеттің алтын діңгек, көзісің.  
«Бәрін айт та, бірін айтсам» бүгінгі,  
Қордайдағы қас батырым өзіңсің.

Тектіліктен туған ғазиз адамға,  
Байлық емес, бақ береді әмәнда.  
Ептілікпен жүргендер көп өмірде,  
Ондай қулар ата-салтқа қарай ма?

Көгере ме, әруақты еске түймеген,  
Нәпсінің құлы ата рухын білмеген.  
Кебекеннің ескерткішін көргенде,  
Басымды иіп, ерекше бір күйге енем.

Елу жас қарымы мол қайсар шағың,  
Келінім маңдайыңа қонған бағың.  
Ел тілеуі, екеуің жүз жасаңдар,  
Ризығын бере берсін құдай тағы...

Қораң қойға, өрісің малға толсын!  
Басыңа ер Ноқаңның бағы қонсын!  
Дархан ұлың ержетіп, ел-жұртына,  
Бабасы Кебекбайдай ақыл босын!

*Бақытжан Кененұлы,  
Астана – Қордай, 25 қазан, 2007 ж.*



## БАҚЫТЖАННЫҢ БЕТАШАРЫ

*(арнайы ән-мақамы бар)*

Оу, халайық, халайық!  
Жақынырақ келіндер,  
Алатаудың аруы,  
Келінімді көріндер.  
Тотықұстай түрленіп,  
Тобылғыдай бүрленіп,  
Алдыңа келді жас келін,  
Ізет сақтап, именіп.  
Бұрынғының жолымен,  
Бетін ашып берейін,  
Келген қауым, көпшілік,  
Көріндігін беріндер.

Қос ішекті домбыра,  
Пернесін біраз басайын,  
Бақытты болсын екі жас,  
Жырыммен шашу шашайын.  
Аққу сынды – келінді,  
Өлеңіме қосайын,  
Балаңыз екеу болды деп,  
Ағаның көңілін ашайын.

Алатаудай айбынды,  
Елге келдің, келінім.  
Көкорай шалғын, бал-бұлақ,  
Жерге келдің, келінім.  
Әруақты, бақ қонған,  
Үйге келдің, келінім,  
.....әулеті,  
Төрге келдің, келінім.

Ақ отауың алдыңда,  
Иіліп кір, келінім,

Ата-баба жолына,  
Сиынып кір, келінім.

Айналайын, ақ келін,  
Сауысқандай сақ, келін.  
Қайын ата-анаңның  
Басына қонған бақ, келін.  
Туған-туыс, жекжатқа,  
Ардақты бол, келінім.  
Өте жеңіл болмағың,  
Салмақты бол, келінім.  
Өте ұяң, бос өсіп,  
Ынжық болма, келінім.  
Жаман әдет үйреніп,  
Сұмдық болма, келінім.

Оу, ақжаулықты аналар,  
Асқар таудай ағалар.  
Жақсы болсаң, келінім,  
Пейіліңді бағалар.  
Тілеуі мына сендерсің,  
Ізетінді ел көрсін,  
Батасын ал еліңнің,  
Иіліп сәлем бергейсің.  
Ат сабылтып алыстан,  
Тойға келген дүйім жұрт,

.....

(Жеке-жеке аттары аталып,  
таныстырылады)  
Бәрі де сенің туысың,  
Жақсы болсаң, келінім,  
Кетерсің әлі-ақ жұғысып.  
Қадірменді, қонақтар!  
Баршаңызға бір сәлем!

Абысындар айбынды,  
Жезделерің қайырымды.  
Бірге жүріп бөлісер,  
Қуаныш пен қайғыңды.  
Жақсы әдептен аспайын,  
Аттарын тізіп жатпайын.  
Абысын, қайны, жезделер,  
Қайын сіңлі, жеңгелер,  
Баршаңызға бір сәлем!

Құрбы-құрдас, замандас,  
Аға-іні, қарындас.  
Жас отаудың тілеуін,  
Тілеп келген қауымдас.  
Көңілімен түйсініп,  
Жүрегімен сүйсініп,  
Келін сәлем беріп тұр,  
Бәріңізге иіліп!  
О-о-оу!  
Қазағымның төріне,  
Кең байтақ, шалқар беліне,  
Қазығын қақты жас отау,  
Киелі Арқа жеріне.  
Дәм айдап сонау Қордайдан,  
Мен де келдім көруге,  
Көп қақсатпай маған да,  
Сәлем қыл, келін, ерінбе!

О-о-оу!  
Ал, көпшілік қолың жай,  
Келінге бата берейін.  
Көнеден қалған көне жол,  
Сөз маржанын терейін.  
Келіндерге арнайы,  
Әкем Кенен айтатын,  
Ақ тілеуін төгейін.

Көгерсін, келін, көсегең!  
Көп болсын, келін, төсегің.  
Жаялықтар желбіреп,  
Кеппей жатсын неше күн.  
Ұлың болсын орынды,  
Қызың болсын қонымды,  
Қосағыңмен қоса ағар,  
Құдай берсін жолыңды!

Оу, құдалар, қонақтар!  
Сөзді осымен кеселік,  
Дастарқанға отырып,  
Құйрық-бауыр жеселік.  
Ақ жол тілеп жастарға,  
Аллаһу акбар, деселік!  
Амин!

*Астана, 1998 жыл.*

\*\*\*

### **КӨКШЕГЕ ТАРТҚАН КЕРБЕЗДІК** (60-қа жеткен Қапез Қожахметов бауырыма)

Зымыран уақытта тоқтау болсайшы. Зырлай береді, зырлай береді. Басталуы қайсы, аяқталуы қайсы беймәлім. Көзге көрінбейтін, ұстауға келмейтін, құрықтауға көнбейтін тылсым құпия. Жұрттың жалған дүние дейтіні де содан шығар. Күндер, айлар, жылдар деп жүргеніміз адамдар ойлап тапқан уақыт өлшемі, өмір белесі ғана. Сондай бір кемерлі белестен, қайталанбас қастерлі белестен өзің де асып отырсың.

«Алпыс – талтүс, жетпіс – жет те піс» деп Шерағаң (Шерхан Мұртаза) айтыпты деген сөз бар. Ұлағатты ағаның бұл айтқаны осы күні мәтелге айналып кетті. Оның ар жағында «секемшіл» сексен, «тоңмойын» тоқсан дегенің тағы бар. «Жасың жүзге жетсе де жаның тәтті, қара жердің қойнына енгін

келмес» дегенді Кенен ақын да айтып кеткен. Осының бәрі жәй пендешіліктен емес, өмірге құштарлықтан, жарық дүниеге деген ынтызарлықтан, қимастықтан айтылса керек.

Өзіңе осындай ғажап, шапағаты мол ұзақ ғұмыр тілеймін!. «Алпысты – тал түс» десек, ендігі жерде ол күннің еңкеюі болмақ. Сол жарық дүниенің ұзағынан болғай, нұр-сәулесін молынан төгіп, өзіңе, отбасыңа, артыңнан ерген ұрпағыңа береке-бірлік, бақ-дәулет әкелсін демекпін.

Адамның жан- дүниесі, мінез-құлқы өзінің туып өскен, кіндік кескен топырағына байланысты дегенді ғалымдар да жоққа шығармайды. Бәлкім мұнысы негізсіз емес те шығар. Аз сөйлеп, көп тындайтын мінезіңе, адамға ілтипат көрсетуге әзір тұратын іс-әрекетіңе қарап менің де ойым осыған саяды.

Сенің бойыңнан көгілдір Көкшенің кермарал маңғаздығын, сені өмірге әкелген Зерендінің керімсал табиғатын сезінгендей боламын. Мұным жәй көлгірсеу емес. Өйткені осыдан тура жиырма жыл бұрын тұңғыш рет Зерендіге жолым түсіп, мақпалдай жұмсақ көліне шомылып, сенің туған үйіңде болып, Бәтима анамыздың қолынан дәм татқаным әлі есімде. Сол алғашқы алған әсерімнен болса керек, Көкшенің адамдарының бойынан табиғат берген осындай ерекшеліктерді, ақындықты, зиялылықты, сыпайылықты іздейтінім рас. Ондай қасиеттен өзің де кенде емессің. Сенің көп ақындардан асып түсетіндей тәп-тәуір өлең жазатыныңды әріптестеріңнің бірі білсе, бірі білмейді. Оған менің қолымдағы бір топ өлеңдерің куә.

«Тау-таумен кездеспейді, адам-адаммен кездеседі» дейтін мәтел бар. Қарап отырсам, біздің өмір жолымыз үш дүркін түйіскен екен. Ең алдымен -Алматыда, екіншісі - Көкшетауда, үшіншісі - Астанада.

Алғаш рет өзіңмен 1972 жылы Алматыда бірге оқыған курстасым Мағира Қожахметованың үйінде танысқанмын. Ол кезде біздің де университетті бітіріп, айдарымыздан жел ескен, қызғын да, қызық шағымыз. «Мына жігіт менің туған бауырым» деген Мағира. Мығым денелі, қою қара шашты, құлжаның сақасындай салмақты кезің еді. Сол кездегі «Алмаатажилстрой» тресіне қарасты №20 құрылыс-монтаждау басқармасында бе-

тоншы, тас қалаушы екенсің. Таныстық, дәмдес болдық, көз көрісті. Зымырап жылдар өтті.

Екінші рет Көкшетау, Щучинск қалаларында облыстық «Көкшетау правдасы» газетінде қызметте жүргенінде жолықтық. Баяғы ұяндау, үнсіз, бұйығы жігіттен із де қалмапты. Әңгімеге шебер, салиқалы пікір айтатын, қаламы төселген, ойы ұшқыр журналист Қапезге айналған кезің екен. Осы қызметте жүріп үлкен мектептен өттің. Тілші, аға тілші, меншікті тілші атандың. Аталмыш газетте табандап он бір жыл қызмет атқардың. Әкең Дәулетбек пен анаң Бәтимадан алған тағылым-өнеге текке кетпепті. Толғана жазған топ-топ суреттеме, очерк, мақалаларың газет бетінде шығып жатты. Одан бергі де азабы көп журналистика саласында қырық жылдан астам уақыт тер төккенің тағы бар.

Жай аудармашылықтан бастап осы бір қасиетті мамандықтың қыр-сырын бір кісідей меңгеріп, қос тілде шығатын Шоқан Уәлиханов аудандық «Шалқар» және «Простор», кейіннен Көкшетау аудандық «Бұлақ» газеттерінің бас редакторы болып қызмет атқаруың көп нәрсені аңғартса керек. Көкшетау ауданы таратылған кезде біраз уақыт жұмыссыздар қатарын толықтырыпсың, ол да болса өмірдің бір кезеңі. Соның бәріне мойымаған нар мінезіңе сүйсінбей қайтейін. Мұның бәрі өзің өткерген 60 жыл ғұмырыңның шөкімдей бір бөлігі ғана. Ендігі жерде сол жылдары жазылған құлаш-құлаш очерк, суреттеме, мақалаларыңның, сырмінез өлең туындыларыңның кітап болып шыққанын күтеміз.

«Ерден- ердің кемі жоқ, ер пейілін сапасаң, елден- елдің кемі жоқ ата салтын сақтасаң» деген аталы сөз бар. Біріміз сонау Алатау-Қордайдың Иірсуында, біріміз кербез Көкшенің Зерендісінде туып, әр тарапта жүрсек те, жиі ұшыраса беруіміз кездейсоқтық емес-ау, сірә! Бәлкім, көңіл сыйластығы, пейіл ұқсастығы деген осы болар.

Үшінші кездесуіміз Астанада жалғасты. 1997 жылы халқымыздың арғы-бергі тарихында болмаған үлкен оқиғаның куәсі болдық. Еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамашылық етуімен Қазақстанның астанасы Алматыдан

Ақмолаға көшірілді. Елбасының бұл қадамына ашық қарсы шыққандар да, іштен тынып артын күткен «сәуегейлер» де болмай қалған жоқ. Уақыт тезі Президентіміздің көрегендігін, тоқсан толғанып қабылдаған осы шешімінің өміршендігін дәлелдеп берді. Арқа төсінде ару қыздай түрленіп Астана бой көтерді. Көк аспанмен тілдескен зәулім биік ғимараттар көңілге қуаныш ұялатып, бойымызға қуат-қайрат бергендей мақтаныш сезіміне бөлейді. Сан жылдар бойы тұншығып, тұмшаланып қалған ой-санамыздың көк жиегі кеңейіп, қиял-арманымыз биіктей түсті.

Міне, сол ұлы көшпен ілесіп бірге келген бір топ журналист-аудармашылар Парламент қабырғасында тізе қосып еңбек етіп жатырмыз. Егемен елімізге көрсеткен азды-көпті еңбегіміз ел ырзығына айналып жатса одан артық бақыт жоқ. 2001 жылы осы лекке өзің де келіп қосылдың. Бұл күндері ҚР Парламенті Сенатының Редакциялық-баспа бөлімінде бас консультант болып жемісті қызмет атқарып жүрсің. «Халқыңа адал қызмет етпесеңіз, абырой – атақ деген келе ме оңай» деп Кенен атаң жырына қосқандай, «ісің оңға бассын, кәдеге ассын!» деп ақ тілеуімді білдіре отырып, 60 дүркін алаулап атқан ақ таңың шуақты болсын! Табиғатыңа тән табандылықтан таймай туған еліңе адал қызмет етіп, ел құрметіне бөлене бер! дегім келеді.

*Ағаң, тілеулес-әріптесің,  
Бақытжан Кененұлы, 2008 ж.*

## ЭПИЛОГ

### БАҚЫТЖАН КЕНЕНҰЛЫНА ІЗГІ ТІЛЕК

Қуалап әке жолын ізін бас та,  
Келе бер солар жеткен ұзақ жасқа.  
Ескерткіш өшпейтұғын өзі қойып,  
Мәңгілік жазып кетті олар тасқа.

Ақ басты Жамбыл ата Алатаудай,  
Кісі еді Кенен атам Қаратаудай.  
Тамсанып келбетіңе қараймын кеп,  
Қалыпты-ау, дәл өзінен баласы аумай!

Кенекең жүз жиырма бес келді жасқа,  
Өлген жоқ мекендеп жүр жерді басқа.  
Өнердің қас шебері нағыз солар,  
«Сегіз қырлы, бір сырлы» мәңгі жаста.

Халқымның тұлғасы еді ұлығындай,  
Тереңнен бастау алған тұнығындай.  
Көзіме елестейсің, ер Бақытжан,  
Асылдың бір бөлшегі сынығындай!

*Құдайберген Қорабаев, ақын  
Алматы облысы, Алакөл ауданы,  
Көктұма ауылы, 2019 жыл.*



## **Б. КЕНЕНҰЛЫ ТУРАЛЫ МАҚАЛАЛАР, ЕСТЕЛІКТЕР, ХАТТАР**

### **Досым менің – БАҚЫТЖАН** (журналистің күнделігінен)

Студент күнгі досым Бақытжан Кененұлы бүгінде Астананың байырғы тұрғыны. Қазақтың астанасы Алматыдан Ақмолаға көшкенде ең алғашқы лекпен келіп, жаңа Елорданың ыстығына күйіп, суығына тоңған азаматтардың бірі. Ол Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының редакциялық-баспа бөлімінде сектор меңгерушісі болды. Осы қызметтен зейнеткерлікке шығып, шығармашылықпен шындап айналысып жүрген журналист.

Бақытжанмен 1965 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті журналистика факультетіне бірге оқуға түстік. Ол Алматыдағы әйгілі № 12 қазақ орта мектебінің түлегі. Мектепті менен бір жыл бұрын бітірген, бірақ сол жылы жолы болмай университетке түсе алмапты. Елде Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Киров колхозында екі жылға жуық еңбек етіп, осы жолы бағын сынауға келген беті екен. Алматыда оқыған бала, алып шаһардың ұңғыл-шұңғылын жақсы біледі, кісіге жұғысты, өзі керемет әнші, ақын. Өзі шығарған тамаша әндері де бар. Бас қосыла қалғанда әуелете жөнеледі. Бірақ көбінесе өз әкесі Қазақстанның халық ақыны, әнші-композитор Кенен Әзірбаевтың әндерін асқақтатады.

Неге екенін білмеймін студенттік жылдары бес-алты жігіт жұбымыз жазылмас достар болдық. Олар, осы Бақытжан, Талдықорғаннан келген Ырым Кененбаев, Қызылордадан келген Жолбарыс Әбішев, Атыраудан келген Айтқали Нұрғалиев, жамбылдық Сейітқазы Досымов

1969 жылы оқуды бітіріп, жолдастарымыз жолдамамен жан-жаққа кеткенде, біз Бақытжан екеуміз, тағы да басқа үш-төрт журналистер әскер қатарына шақырылып, Забайкалье әскери округінде қызмет еттік. Бірақ мені олардан бөліп, Иркутск об-

лысына жіберді де, Бақытжандар Улан-Удэ қаласына жақындау жерде қызмет істеді...

Бірде ерте көктемде таң атпай жалдамалы пәтерімнің есігін ашып Бақытжан келіп тұр. Еңбек демалысын алған соң, бірден Алматыға тартып кетпей орта жолда маған соғыпты. Аяғында хром етік, үстінде әскери плащ, басында кокардасы бар фуражка, «Өй, азаматым-ай!» деп құшақ ашып келе жатыр.

- Стой, лейтенант Азербайев! Алдымен етігіңді шеш, чемоданыңды қой. Өзеурейтін ештеңе жоқ. Сіз бен бізді Үкімет пен партия Отанды қорғасын, жауынгерлерге әскери-патриоттық тәрбие берсін деп жіберді. Ешқандай эмоцияға, бос белбеулікке орын жоқ, бұл саған Қордайдың ен жайлауы емес, бұл-Армия! Понятно тебе, Азербайев! – деп төсекте жатқан бойы Бауыржан атамша түсімді суыта қойдым.

Лейтенантым тұрған жерінде қатты да қалды. Менің ойынымды түсінбеген сияқты. Түрін көріп күлкіге булығып барамын. Ақыры екі иығым селкілдеп, орнымнан тұрып, асыл досымды құшаққа алдым.

Сол бір сәтті Бәкең арада қырық жылдан астам уақыт өтсе де әлі ұмытпапты. Өткен айдың басында Астанада бас қосқанда бір топ адамдардың алдында сол бір қызықты эпизотты жұрттың ішек-сілесін қатыра айтып бергені бар. Және болған жағдайды құр баяндап қана қоймай оны тұздықтап, өзінен де бір жанды штрихтар қосып түрлендіре айтады.

Бұл жолы Астанадағы кездесуіміз сол Бәкеңнің үлкен бір шығармашылық жетістігі – өз әкесі, халық ұлы Кенен амамыз туралы түсірілген «Алатаудың ақиығы» атты деректі фильмнің тұсаукесеріне байланысты болды. Алдында Алматыдан «Алатау-Болашақ» баспа-полиграфия корпорациясының президенті Ырым Кененбаев телефон шалған. Фильмнің Алматыдағы тұсаукесерін Нұрлан Оразалин досымыз Қазақстан Жазушылар одағында өткізіпті.

Енді Астанада Президенттің мәдениет сарайында өтеді екен. Соған қатысу үшін Астанада кездеспек болдық. Оның да өзіндік себебі бар, студенттік кезімізде Кенен атаның үйінде болып, оның тағлымды сөзін естіп, дастарқанынан дәм татқан

жандармыз. Былтыр ақынның туғанына 125 жыл толуына орай өткен салтанатқа Бақытжан шақырып еді, алыс жерге барудың ретікелмеді.

Сол мерейтой қарсаңында Бәкеңнің «Әке рухымен сырласу» атты тамаша кітабы шыққан еді. Кенен ақынның әндері мен жырларының толық жинағы том-том кітап болып басылды. Тамаша безендірілген фотоальбом да жұршылық қолына тиді. Енді, міне, ақын жайлы деректі фильм халқына жол тартты.

Режиссер Доктырхан Тұрлыбеков екеуі түсірген бұл туынды жанрдың барлық талаптарына толық жауап беретін дүние екен. Оны осы тұсаукесерге қатысқан Әкім Тарази, Әбіш Кекілбаев, Мырзатай Жолдасбеков, Қуаныш Сұлтанов және өзге де қайраткер азаматтар қадап айтты.

Халық ақынын еске алуға арналған ас үстінде Астананың әртістері Кенен әндерін шырқады. Біз Ырым Кененбаев, Жанат Елшібеков, Шәрбану Бейсенова сияқты Бақытжанның силас достары әке мұрасын насихаттаудағы Бәкеңнің ерен еңбегіне ерекше риза болдық.

Иә, «кім бар ыстық бала күнгі досыңнан». Түн ортасы ауа Астананың әсем жерлерін аралауға шықтық. Алматыда тұратын Ырым досымыз зайыбы Науатпен бірге келген, олар студент кезімізде үйленген. Науаттан жасырар бізде еш сыр жоқ, замандасымыз да кісіге жуық, бауырмал, нағыз қазақ қыздарына тән асыл қасмиеттерді бойына сіңірген ару. Осы Астанада кіші ұлы Рауан тұрады. Ол машинасын жегіп, түнгі қалада әке-шешесінің егде тарта бастаған достарының көңілін тауып жүр.

- Рауан-ау, дейді Ырым. Кезінде біз сенен де жас болғанбыз, бүгінгінің жастары түн ішінде қандай ресторанға барады?

- Ресторанға емес, түнгі клубтарға барады дейді ойында ештеңе жоқ бала.

- Онда тарт, түнгі клубқа. Қызықты көрмек үшін деген...

Қасымыздағы келіншектер сабырға шақырып жатыр. Оған қарайтын Ырекең жоқ.

- Журналистер бәрін де білуге тиіс, бәрін де көруге тиіс...

Сөйтіп, түнгі клубқа келейік. Қараңғы зал. Май шам маздайды. Лыпысы ғана бар екі қыз ортадағы шағын алаңда би-

леп жатыр. Даңғұр-дүңгір музыка. Қасындағы адамның сөзі естілмейді. Даяшы қыздың әкелген асы біз көрмеген, дәмі де түсініксіз бірдеңе. Ішімдіктері удай қымбат. Бірақ келіп қалған соң, әліптін артын бағып отырмыз. Уақыт өткен сайын музыка сарыны да басқа, бидің ырғағы да өзгеше бола бастады.

«Осы тойғанамыз, бойға құт» деп таң ата далаға шықсақ, таңғы Астана ұйқыдан оянған арудай сылаң қағып тұр екен.

- Армысың, Астана! – дедік ескі достар.

*Сәлім Меңдібаев,  
«Қостанай таңы» 2-ші,  
5- шілде, 2011 жыл.*

## ПАРАСАТ БИГІНДЕ

Біздің Бәкеңмен жақын таныстығымыз Парламент Сенаты аппаратының қабырғасында басталды. 1998 жылдың қыс айлары. Тәуелсіз Қазақстанның Арқа төсіндегі жаңа астанасына қоныс аударғанымызға көп бола қоймағандықтан, әрі Алматыдай ару қаладағы жайлы тұрмыстан сол кезеңде қиюы қашып тұрған заманның бір белгісіндей аңғал-саңғал Ақмолаға қайдан тап болдым деп, бей-жай көңіл күйде жүрген бір кезең еді. Ол кезде бүгінгі әсем Астананың жұрнағы да жоқ. Жауын жауса көшесінде балшық кешесің, қар жауса аяз бен жел қатар қысып, әбігерінді шығарады. Қалаға жарық пен жылудың берілуі де мәз емес. Жұмыстан кейін уақытша орналасқан жатақханамызға келіп, тамақ дайындап, теледидар көріп дегендей тіршілігімізге кірісе бастасақ, жарықтың бір өшіп, бір жануы жиілеп ығырыңды шығарады.

Сондай бір сәтте алқа-қотан отыра қалып әңгімелессек, бәріміздің гөй-гөйіміз бір жерден шығады. «Ойпырмай, облыс орталығы деген аты бар емес пе, неге осынша тоздырып жіберген? – деймін мен қаланың сұрқай тіршілігіне көңілімнің толмайтынын білдіріп. «Одақ кезінде бұл қала дүрілдеп тұрған еді. Мен мұнда іссапармен талай келгенмін. Қазіргі Сыртқы істер министрлігінің орнында ол кезде «Москва» деген келісті

қонақ үй болатын, - деп әңгімені одан әрі сабақтайды Кеңес үкіметінің кезінде Қазақстанның Орталық Комитетінде жауапты қызмет атқарған Талғатбек Әминов ағамыз, - Одақ тарап, зауыт, фабрика жабылып, жұрт жұмыссыз қалғанан кейін балапан басымен, тұрымтай тұсымен дегендей, халық әрі-сәрі күйге түсті ғой».

«Иә, мұнда өзге ұлттың өкілдері шынында да басым екен. Көпшілігі есің барда еліңді тап дегенді бетке ұстап, ежелгі отандарына қоныс аударып жатқан да шығар», - деп әңгімеге араласады марқұм досымыз Болат Қанатбаев. «Ендеше, олар кезінде тың игеруге келсе, біз қаланы игеруге келдік. Елбасының түпкі ойы да осы қаланы жер жаннатына айналдыру. Келешекте бүкіл Қазақстан осы қалаға қарап сап түзейтін болады», - дейді және бір досымыз Ақайдар Ысымұлы шабыттана сөйлеп. Осы уәжге бәріміз тоқтап, бәрекелде айтысып, ертеңгі күннің қамына кірісеміз. Қайда жүрсе де қазақтың санын түгендеп, қазақ тілінің 10-20 жылдан кейінгі жағдайын шотқа қағып жүретін Ақайдардың сол сөзінің бүгінде шындыққа айналғанына тәнтімін.

Күндер осылай өтіп жатты. Қыстың беті қайтып, көктемге іліктік. Көктем деген аты болмаса, Алматыдағыдай жеңіл киініп желеңдей алмайсың. Қар қалың. Аяз саябырсығанымен, ызғар бар.

Аппараттағы біз жұмыс істейтін бөлме сол кездегі Парламент үйінің ең жоғарғы 16-шы қабатында орналасқан. Міне, осы арада Бәкең біздің қатарымызға қосылды.

Манадан бері Бәкең деп отырғаным атақты күміс көмей әнші, сазгер, жыршы-жырау, аты аталса бүкіл қазақ баласы елең ете түсетін әйгілі Кенен атамыздың баласы Бақытжан Әзірбаев. Сыртынан жақсы танимын. Жұрттың бәрі Кенен атаның баласы деп, ізетпен, ілтипатпен атайтынын талай естігем. Алматыда жүргенде кейбір бас қосуларда ұшырасып қалып жүретінмін. Бірақ бетпе-бет келіп әңгімелескен адамым емес.

Енді міне осынау дембелше келген, қараторы, қоңқақ мұрын азаматпен қызметтес болудың да сәті түсіпті. «Шынымды айтсам, Астанаға келем деген ойым болған жоқ. Отбасы жағдайымен

қоныс аударғаннан кейін жаңа астанадағы жұмыстың реті де осылай болды», - деп ақталғандай сынай танытты ол алғашқы таныстығымызда. Осының өзі-ақ Бәкеңнің қарапайымдылығын, тамыр-таныстығын бәлденіп, қасында қатар жүргендерге пандана қарайтын, тіпті кейде менсінбейтін де мінез танытатын кейбіреулермен салыстырғанда сыпайылықтың, табиғи болмыстың шынайы көрінісіндей әсер қалдырады екен.

Бәкеңнің әлгінде ақтала сөйлегендей сөз төркінінен түсінгенім ол кісінің үйіндегі жеңгеміз қызмет бабымен осында қоныс аударған. Оның несі айып. Бәріміз де қызмет бабымен келдік. Ендіге жерде отбасымызды көшіріп әкелу қамында жүрміз.

Алғашқыда маған мінезі тұйықтау болып көрінгенімен, келе-келе жақын танысып, әңгімеміз жарасқаннан кейін Бәкеңнің бойынан шығармашылық адамына тән әңгімені жұртты еліктіріп, майын тамызып айтатын, адамның бәріне жайдары көңіл-күймен қарап, реті келген жерде жылы сөз айтып қалуға тырысатын, басқа да көп жақсы қасиеттерді аңғардым. Соның ішінде әсіресе мәмілегерлігі, адамды бір-бірімен қастастыруға емес, достастыруға бейім тұратын әдетін көп байқадым.

Біздің аппараттағы бөліміміз Редакциялық-баспа бөлімі деп аталады. Негізгі қызметіміз - аппараттың іс қағаздарының қазақ тілінде сөйлеуіне қолқабыс жасау, Парламент Сенатына келіп түскен заңдардың қазақшасын қадағалап, орыс тіліндегі мәтінмен салыстырып, редакциялау, ілеспе аударма жасау. Бөлім қызметкерлерінің басым көпшілігі журналист-жазушылар. Арамызда Болат Бодаубай, Қайрат Жұмағалиев, Мәди Айымбетов сияқты белгілі ақын-жазушылар да бар. Жұмыс барысында, кейде еңбек тәртібіне байланысты, тағы да басқа түрлі себептермен ұжымда кикілжіңдер туындап жатады. Мінезі әртүрлі адамдар тоғысқан жерде әркім өзінікін дұрыс көріп, бір-біріне дес бермей, бірінің сөзінен бірі ілік іздеп, айтысып-тартысып кететін кездер болады. Міне, сондайда екі жақты бітімге шақырып сөйлеген Бәкеңнің уәлі уәжінен кейін араздық сап тиылып, әркім өз жөнімен кетеді. Арада бірсыпыра уақыт өткеннен кейін Бәкеңмен бір бөлмеде қарама- қарсы отырып жұмыс істеудің

сәті түсті. Жұмысымыз сол баяғы аударма жасау, заңдардың үстінен қарап, редакциялау.

Бұл арада менің айтпағым-жұмыс мәселесін қаузап, кімнің қайда, не істегенін тізіп шығу емес. Ол жағынан Бәкеңнің кәсіби журналист-маман екенін, баспа-полиграфия саласына бір кісідей еңбек сіңіргенін жұрттың бәрі біледі. Негізгі ойым – Бәкең сияқты азаматтың адамгершілік қырларын, шығармашыл тұлға ретіндегі келбетін көрсетуге талпыныс. Мәселеге осы тұрғыдан келгенде Бәкеңнің ҚазМУ-дің журналистика факультетін бітірген соң өз мамандығы бойынша көптеген ұжымдарда абыройлы еңбек еткені бір төбе де, шығармашылық, жазушылық, сазгерлік қырлары өз алдына бір төбе. Олай дейтініміз – бойында жылт еткен жазушылық, басқа да өнерге бейімділігі, қабілеті жоқ адам қанша тырысқанмен, күнделікті тіршіліктің күйбеңімен алысқа ұзап кете алмауы мүмкін.

Ал біздің Бәкең «Қазақстан», «Қайнар», «Жалын» баспаларында, Қазақстан театр қайраткерлері одағының «Сахна» басылымында редактор, аға редактор, Әділет министрлігінде аударма бөлімінің меңгерушісі, Парламент Сенаты аппаратының редакциялық-баспа бөлімінде сектор меңгерушісі болып ұзақ жылдар бойы абыройлы еңбек ете жүріп, орысша-қазақша, қазақша-орысша бірнеше сөздіктер құрастыруға ат салысқан, неше жүздеген заңдарды редакциялап, олардың қазақша жатық оқылуына үлесін қосқан кәнігі аудармашы, жүздеген кітаптарды ой сарабынан өткізген, қоғам өміріне белсене араласып, ондаған ойлы мақалалар жазған қаламы ұшқыр журналист. «Нұр Отан» партиясының мүшесі. «Астанаға 10 жыл», «Қазақстан тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл» мерекелік медальдарымен және басқа да еңбегіне лайық сый-құрметке ие болып жүрген азамат. Ол сонымен бірге бойындағы шығармашылық, жазушылық, сазгерлік өнерді ұштауды ешуақытта да ұмытқан емес.

Ара-тұра Бәкеңнің әзіл-шынын араластырып: «Атақты адамның баласы болғаныңның кейде пайдасы мен зияны бірдей. Пайдалы жағы – көпшілік саған пәленшенің көзі деп ілтисіп қарайды, сыйластық танытады. Оған өзің де марқаясың. Ал зи-

яны – кейде істеп жүрген жұмысыңды заяға шығаратыны бар. Қызметіңде бір жетістікке ие болсаң, не болмаса жәй әншейін бір қызметтен екінші бір қызметке ауысып жатсаң да «Әне, әке беделінің арқасында шалқақтап жүр деп, жазықсыздан жазықсыз әңгіме қылады. Қайтерсің. Көпке топырақ шашпайсың ғой», - дейтіні бар.

Ал шынтуайтына келгенде Бәкеңді әкенің атын жамылып, жұрт көрмеген рахаттың бәрін көріп жүр дей алмайсың. Бәкеңнің орнында басқа біреу болса, әкенің атын малданып, үлкен қызметтің құлағынан ұстауына да талай мүмкіндіктер туды. Бірақ Бәкең табиғатындағы сол баяғы қарапайым күйінде қалды. Қарапайым деген ұғымды біреулер қарабайырлықпен шатастырады. Ойланған адам бұл екеуінің өзіндік айырмашылықтары бар екенін ұғар еді. Қарапайым дегеніміз ұлық болса да кішік бола білетін, жолдастарымен, жалпы жұртпен тіл табысып өмір сүруге бейім, кішіпейіл, көпшіл адам болса керек. Яғни ол - көпшіліктің, халықтың адамы. Бұл ретте белгілі әнші-сазгер Бүркіттің «Қарапайым қазағым» деген тамаша әні бар екенін айта кеткеніміз де орынды. Ал қарабайыр дегеніміз қарапайым болып көрінемін деп, дарақы, көзге оғаш тірліктерге барғанын білмей қалатын бейбақ болса керек.

Міне мәселеге осы тұрғыдан келер болсақ, Бәкең өмір бойы қарапайым журналист ретінде еңбек етіп келеді. Оның есесіне әкенің шығармашылық мұрасын зерттеуге шығармашылық тұрғыдан келіп, «Әке рухымен сырласу», «Ұлы дала жыршысы», атты роман-естеліктерді жарыққа шығарды.

Аталған романдармен танысу барысында Кенен атаның да, оның отбасының да, соның ішінде баласы Бақытжанның да өмірін басқа қырынан көргендей әсерге бөленесің. Әдетте, жұртшылық Әзірбаевтар отбасын үкімет алақанына салып аялады, әке өнерінің арқасында отбасы үлде мен бүлдеге оранды деп ойлайды. Ал шын мәнінде олай болмағанын Бәкеңнің романымен танысқан адам бірден байқайды.

Тегінде Кенен атамыз өмірден теперішті көп көрген адам. Шешеден жастай айырылып, бір үйде әкесі екеуі ғана қалып, аш-жалаңаш күй кешіп, күндіз-түні қой соңында жүріп ерік-



жігерінің мықтылығының, қайсарлығының арқасында сағы сынбаған, қатал тағдыр шындаған адам.

Осы жағдай романда әкенің өз аузынан айтқан әңгімемен әсерлі баяндалады. Жапан далада қозы бағып жүріп, қаға берістегі қалтарыс тас түбінде талықсып ұйықтаған бала Кененнің түсіне арғы аталары кіріп, шырағым шөлдеп қапсың ғой деп, торсықты ашып, ағарғанды аузына тосады. Ағарғанды түк қалдырмай қанып ішкен бала Кенен ояна келсе, түсі екен. Бұл жәйтті әкесі Әзірбайға жеткізгенде, ол кісі қатты толқып, мал сойып, құдайы өткізеді. Осы оқиғаның соңы Кеңекеннің ақындығына, әншілігіне ұласып, атағы бүкіл елге жайылады. Атақпен бірге есік алдына қара-құра мал бігіп, тұрмыс түзеле бастайды.

Әрине, біз романның желісін баяндауды мақсат етіп отырған жоқпыз. Айтпағымыз – өткен ғасырдың 20, 30, 40-шы жылдары заманның небір дүрбелең оқиғаларының куәсі болған, сол заманның заңынан туындайтын небір қиындықтарды, шырғалаңдарды бастан кешкен Кенен атамыз Құдай берген өнерінің арқасында халықтың арасында беделі асқақтап, елінің еркесі атанып жүрді.

Алайда, 1950 жылдардың бас кезінде жағдай күрт өзгерді. Қазақ ақын-жазушылары, оның ішінде халық ақындары да қуғынға түсіп, алды 25 жылға сотталып, қазақтың М. Әуезов, Қ. Сәтбаев сияқты даналары Мәскеуді паналап, 1937 жылдың зобалаңы қайта айналып соққандай заман орнады.

- Шынын айтқанда, әкемнің атағы жер жарып тұрғанымен, тұрмысымыз ел қатарлы болды, - деп еске алады Бәкең сол бір жылдарды. Отар станциясындағы сол кездегі қоржын тамдардың бірін біз де мекендейміз. Басқалардан айырмашылығымыз шамалы. Жұрт қатарлы мал ұстаймыз. Ал 1950-жылдары әкем бірнеше жыл төсек тартып жатып қалғаннан кейін жағдайымыз күрт төмендеп кетті. Біраз уақыт қолдағы малды талшық еткенімізбен, күндердің күнінде ол да таусылды. Шиеттей балашаға, бәріміз жаспыз. Мен сонда 7-8 жасар баламын.

Өстіп қиналып жүргенде бір күні есіктің алдына сүліктей қара жеңіл машина келіп тоқтады. Машинаның артқы есігінен

мол денелі бір кісі асықпай түсіп жатты. Сонан соң бұл көріністі қызық көріп әр жерде жарбиып-жарбиып тұрған бізге – ауыл балаларына қарап, қарлығыңқы дауыспен: «Кененнің үйі осы ма?» - деп сұрады. «Осы, осы» деп шу ете түстік. «Онда үйге бастандар» деді әлгі кісі. Кейін білдік, бұл атақты Сәбит Мұқановтың тап өзі екен.

Сол күнен бастап біздің үйде ерекше бір серпіліс пайда болды. Үстіне ешкімді кіргізбей, ұзақ жылдар төсек тартып жатқан әкемнің беті бері қарады. Орнынан тұрып, далаға шығатын халге жетті. Біраз уақыттан кейін ауруынан құлан-таза айығып, азып-тозып кеткен отбасының шаруасын түзеуге кірісті.

Кейін ұққаным – Сәбит Мұқанов жоғары жаққа халық ақындарының шығармашылығына, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайына қатысты мәселе қойып, оң шешімнің қабылдануына қол жеткізген. Сол сол-ақ екен біздің шаруамыз оңала бастады. Үкімет қаржысымен салынған зәулім шатырлы үйге кірдік. Әкемнің 75, 80, 85, 90 жылдық мерейтойлары республика көлемінде дүрілдеп атап өтілді.

Мұны айтып отырған себебім – әкем 75 жасқа келгенше өмірдің қиыншылығын көп көрді. Ел арасындағы өнерпаздарға кемеңгер жазушы Сәбит Мұқанов сияқты қамқорлықпен қарайтын игі жақсылардың жігерлі әрекеті болмаса, әкемнің де, біздің де тағдырымыздың қандай күйге ұшырайтынын кім білсін.

Бәкең осылай деп ағынан жарылады. Соңғы жылдардағы әссе тақырыбында қалам тербеген шығармаларында Бәкең Кенен ағамызбен етене араласқан қазақтың біртуар ұлдары – Ораз Жандосов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Мұқаметжан Қаратаев және басқалары туралы мөлдіретіп жазды. Кенже баласының атын ырымдап, Мұхтар деп қойды. Сол бала Астанадағы Өнер университетін скрипка сыныбы бойынша ойдағыдай тәмемдап шықты. Атасы импровизатор – суырып салма ақын болса, немересі заман талабына сай классикалық өнерге бой ұрған сияқты.

Жоғарыда айтқанымдай, Бәкең екеуіміз бір бөлмеде отыратындықтан, әңгімеміз жарасып, бір-бірімізге әбден бауыр басып кеттік. Әңгіменің тиегін ағытатын негізінен Бәкең. Мен –

тыңдаушымын. Анда-санда дем беріп, «па шіркін!» деп қойсаң, Бәкең бауыры жазылған жүйріктей көсіліп, басынан өткен-кеткен оқиғаларды тамылжыта, нәшіне келтіре әңгімелеп, адамды өзіне еліктіріп әкетеді.

- Бауырым, жас кезінде көп нәрсеге мән бермейді екенсің, - деді Бәкең кезекті бір әңгімелесу сәтінде, - Жас ұлғайған сайын өмірдің мәніне, қарыз бен парызға ой жүгіртесің бе деп қалдым. Халқымыз «Әке - асқар тау» деп бекер айтпаса керек. Жасым келген сайын әке жөнінде көп ойланатын боп жүрмін. «Жастықтың әсерімен салдым сайран» демекші, сенен несін жасырамын, жігіт шағымда, тіпті қырықтың қырқасына шыққанға дейін баяғының сал-серілері құсап өмір сүріппін. Теңіздің суы тобықтай келмей алқып-шалқып жүретін кезіміз көп болыпты. Сондай кезде кейде әкем түсіме кіреді. Бір күні түсімде Алматының көшесі екен-ау деймін, трамвайдан түсіп келе жатып, сүрініп кетіп, шалқалай құламасым бар ма. Оң иығым жер иіскеді. Аяқ астынан ақ сақалы желбіреп, үстіне түйе жүн шекпен киген әкем пайда бола кетті. «Балам, иығың ауырып қалған жоқ па», - деп, сүйемелдей тұрғызып жатыр екен. Ояна келе «Қайран әкем, аруағымен желеп-жебеп жүр-ау!» деп ойладым. Тірі кезде демегені аздай, о дүниеде де жебеп жүргені жанымды тебірентіп жіберді. Содан бері әке алдындағы парызды көп ойлайтын болдым.

Ал меніңше Бәкең әке алдындағы парызды ойлап қана жүрген жоқ, артығымен орындап та жүр. Әке туралы екі роман жазғанын жоғарыда айттым. Бәкеңнің өз жанынан шығарған отызға тарта әні бар. 2004 жылы «Көңіл кептері» деген әндер жинағын оқырманға тарту етті. Одан бөлек, 2011 жылы Кенен атамыздың өмірі мен шығармашылығына арналған «Алатаудың ақиығы» атты деректі фильмді жарыққа шығарды, Алматы, Астана, Павлодар, Көкшетау, Қызылжар қалаларында, ақынның туған жері Қордайда фильмнің тұсаукесерін өткізді. Бес томдық шығармалар жинағының басылып шығуына мұрындық болды. Соңғы жылдары бітірген және бір үлкен шаруасы – Алматыда Кенен Әзірбаевтың зәулім ескерткішінің бой көтеруіне қол жеткізді.

Қазақта «Тегіне тартпай ұл тумас» деп жатады. Сол айтпақшы біздің Бәкең тегіне тартып туған азамат. Әке атағының аспандауына, шығармаларының халқымен бірге жасай беруіне шама-шарқы келгенше үлес қоса жүріп, өзінің адал еңбегімен, адамгершілігімен ағайын-туыс, жора-жолдастарының арасында абыройға бөленген Бәкең де жетпіс деген үлкен бір белеске көтеріліпті. Жәй көтерілген жоқ. Өсіп-өнген, жапырақ жайып, жан-жағынан қаумалаған ұл-қыздарымен, немерешөберелерімен, мәуелі үлкен отбасымен көтеріліп отыр. Кенен атамыздай асылдың тұяғы, өзі де парасат биігінде жүрген ағамызды мерейтойымен құттықтай отырып, ойымды мынадай өлең жолдарымен аяқтағанды жөн көрдім:

*Қазақта ақын өткен Кенен деген,  
Естісе атын ел-жұрт елеңдеген.  
Жарықтық ән мен жырды қатар өріп,  
Халқына қызмет еткен өлеңменен.  
Сол кісі тоқсан жасап заманында,  
Хош, хош деп о дүниеге жөндей берген.  
Бақытжан, ол уақытта жап-жас жігіт,  
Дүлділдің тұяғы еді соңына ерген.  
Әке көрген оқ жонар деген бар зой,  
Көп еді көркем тірлік көзі көрген.  
Зерек ұл соның бәрін ойға түйіп,  
Төкті ортаға сәтінде кезі келген.  
Рухымен сырласты әкесінің,  
Неше күн, нешеме ай безіп елден.  
Өтеуіне қомақты кітап шықты,  
Шежірені жалғазан туған жермен.  
Ақынға мұнан артық ескерткіш жоқ,  
Ұрпағы көрінсе егер асқар белден.  
Атаның адал ұлы Бәкең бүгін,  
Ортада жүр жарқылдап асыл берен.  
Немере, шөберелер олардағы,  
Қаулап өскен бүгінгі жасыл өрен.  
Тоғысып бір арнаға барлық тілек,*

*Қуаныш, шаттық күтіп келер күннен.  
Жетпісін Бәкең бүгін тойлап жатыр,  
Қаумалап қадыр тұтқан халқыменен.  
Біздағы өкіше басқан тілекшіміз,  
Қартай деп осы әдемі қалпыңменен!*

**Орынбек ЖОЛДЫБАЙ,**  
**қаламгер-ғалым, «Қазақ әдебиеті» 2-ті,**  
**10 шілде, 2015 ж.**

## **БӘЙТЕРЕКТИҢ БҰТАҒЫ** **немесе** **ҰРПАҚТАР ЖАЛҒАСТЫҒЫ ҮЗІЛМЕСІН**

Қазақтың қара домбырасын қасынан тастамай өзімен алып жүретін Бақытжанмен алғаш рет Алматыда құрылыста жұмыс істеп жүрген кезімде менің туған әпкем Мағираның үйінде танысқаным әлі есімде. «Менің курстасым, Бақытжан» деп таныстырған болатын Мағира әпкем. Табиғатынан ашық, ақжарқын, әсіресе әзіл сөзге ұста екені сол кездің өзінде бірден байқалатын. Ал оның Алатаудай асқақ, дара тұлғалы, туған халқына өте бай мұра қалдырған асқан әнші әрі композитор, суырып салма ақын әрі жырау, бойы қандай биік болса, өнері де сондай биік, сал-серілердің соңғы тұяғы Кенен атамыздың кенже ұлы екенін кейінірек білген едім.

Жылжып ондаған жылдар өтті. Дәм жазып Астанаға келіп, Парламент Сенаты Аппаратына жұмысқа алынғаннан кейін Бақытжанмен дәм-тұзымыз, әңгімеміз бұрынғыдан бетер жарасып, жақын араласып кеттік. Ауылдан анамыз Бәтимә Астанаға келгенде, үйінде арнайы қонақ болып, дәм татқанымыз бар. Сөз орайында «Алыңыздар қонақтар, алып отырыңыздар. Тіпті болмаса қалғанын пакетке салып алып кетіңіздер. Әйтпесе мына Бақытжан сіздерден қалғанын құдайдың құтты күні жылытып береді де отырады, береді отырады» деп әңгіменің ауа-

нын шуақты күлкіге батыратын әзілге бұрып, отырыстың сәнін әсем әнімен де өрнектеп отырған еді.

Иә, табиғатына тән ақыл-ойының ұшқырлығына орай ойнақы әзіл-қалжыңы мен асқақтата салатын әсем әндері әрдайым әзір тұратын Бақытжан ағамызды қай ортада да жиын-тойдың гүлі деуге әбден болады.

Бір атап өтерлік жай сол, жұбы жарасқан қос Бақытжан тағдырдың жазуымен бірге өмір сүріп, бұл өмірдің қызығы мен шыжығын бір бөлісіп, қазақ ұғымында қасиетті саналатын қарашаңырақтың түтінін түзу ұшырып келеді. Қарашаңырақ иесі Бақытжанның «Мен әйел алсам, тек Найманнан аламын» деп әзіл-шынын араластыра ара-кідік қуақылана қоқиланып қоятыны бар.

Сөйткен Бақытжанның алпыс жылдық мерейтойын Сенат Аппаратында, кейіннен «Меруерт» мейрамханасында улап-шулап тойлағанымыз күні кеше ғана сияқты еді. Уақыт шіркін неткен жүйрік! Одан бері де сынаптай сырғып он жыл өте шығыпты. Кенен атамыздың алпыстан енді ғана асқан шағында дүние есігін ашқан Бақытжанның бүгінде жетпіске толып отырғанын өзі хабарласып, тойға шықыратынын айтқанда бір-ақ білдім.

Әлбетте, Парламент Сенаты Аппаратына қызметке алынғандар өз еркімен зейнетке кетуге асықпайды ғой. Бірақ Бақытжан болса «дембельге» шығуға пәлен күн қалды, түген күн қалды» деп соңғы айларында күн санаумен болды. Құдды бір әскерден қайтарда алып-ұшып ауылына асығатын қатардағы сарбаздай күн кешті. Сөйтсек, мұның да өзіндік сыры бар екенін кейін бажайлап байқадық. Әке алдындағы перзенттік парызды өтеуге барынша ұмтылудың амалы екен ғой.

Әке алдындағы парыз демекші, зейнетке шығар алдында Бақытжан «Әке рухымен сырласу» кітабын жарыққа шығарып, оқырмандарды бір қуантып тастаған болатын. Бақытжанның ащы болса да шындықты ашық жазатыны аталмыш кітабында айқын байқалады. «Бағзы біреулер «сенің орныңда болсақ үйтер едік, бүйтер едік. Кенекең туралы том-том кітап жазар едік. Бұл сенің тікелей перзенттік парызың» деп тұқыртып тастайды. Он-

дай сәтте «Оу, жігіттер! Бір ғасырға бір Өзірбаев жетпей ме?» деп қалжыңмен құтылған боламын. Осылай деуін десем де, жан дүниемді бір күш жұлқып-жұлқып жібергендей, жүрегіме біреу ине сұғып алғандай құлазып қалатыным да рас. Сәуегей шіркіндер, менің жазғым келмей емес, жаза алмай жүргенімді қайдан білсін. Пешенеме Мұхтардай тереңге бойлайтын кенен-кемелдік, Ғабиттей сұлу сөзді сылаң қақтырар зергерлік, Шерхандай шымырлата жазатын сергектік бермеген соң амал не? Барыммен базар демеске не шара?»...Кітаптың алғашқы бетінен алынған осы бір үзіндіден бастау алған шыншылдық жібі ақырына дейін үзілмей жалғасып жатқандай сезіледі. Қалай десек те болашағынан зор үміт күткен Кенен атаның алдындағы перзенттік парызды өтеу жолындағы Бақытжанның адалдығы тәнті етеді. Деректі проза ретінде жазылған бұл кітапты бір деммен құныға оқып шығуға болады.

Өзі де ақынжанды, әңгімеге өте ұста, небір қиссал-толғауларды жатқа айтып отыратын, «дүниеге келер бір рет, дария кеуде, тау мүсін, құрыштан құйған құдырет» Өзірбай қарттың, анадан ерте айрылған, жан дегенде жалғыз баласы, сегіз қырлы, бір сырлы Кененнің небір жайларды басынан өткергені, ақылшы-кеңесшісі бола білген Еркебайдың арқасында жыр алыбы Жамбылдың батасын алғаны, «қидың арасында көміліп жатқан сом алтындай, булығып жатқан өнерін» кең дүниеге паш еткені, атышулы отызыншы жылдары сол Еркебайдың ақылымен қырғыздар арасында үш жылдан аса тұрып ашаршылықтан аман қалғаны, елге қайтып оралғанда әр отбасында шошайып бір-екіден ғана адам қалғанын көріп, солардың қатарында Еркебайдың да қаза болғанын естіп қатты налығаны, өзі құрысқан үкімет халық жауы деген жала жауып, жарты жылдай түрмеге отырғызса да, жан адамға шағынып, сыр бермегені, жан жары Насихадан да соны талап еткені- бәр-бәрі кинолентасындай тізбектеліп көз алдыңнан өтіп жатады. Оқырманды бейжай қалдырмайды. Әкенің балаға, баланың ата-анаға деген риясыз көңілін, жан тебіренісін, мәңгілік таусылмайтын сағынышын, өтпелі өмірдің алма-кезек ауысып отыратын қайғысы мен мұңын айқын сезінгендей боласың.

Осы орайда Кенендей ел ардағына асыл жар, балаларына аяулы ана бола білген, ақын шаңырағының түтінін түзу шалқытып, төңірегіне жылы шуақ шашудан танбаған, тағдыр салған қиындыққа қынбаған, қолға алған шаруасын жеріне жеткізбей тынбаған Насиха анасының кісілік келбеті, өзінен кейінгі қазақ әйелдеріне қалдырған өнегесі орасан зор екенін байқаймыз. Ең алдымен өмірлік жан серігінің абырой-беделін бәрінен биік қойған, тек қана арды ойлаған ананың қажыр-қайратына, көл-көсір пейіліне тәнті боласыз.

Сондай-ақ Бақытжанның бұл кітапқа енген бір топ естелік-эсселері Кенен атаның ақын, азамат, әнші, айтыскер ретіндегі ажар-келбетін айшықтап аша түскендей. Әсіресе «Ләтипа немесе Кененді мойындатқан келіншек» атты туындысында Кенен мен Ләтипа ақын айтысының қалай болғаны, сол бір алмағайып замандағы айтыскер қазақ әйелінің теңіне қосылып, арманына жете алмаған аянышты тағдыры, «тандайында өлең-жырдың ұясы бар», «неше таңға зорықпайтын» дүлдүл ақынның жарқын бейнесі, жан-дүниесі жарқ етіп көрінеді. «Сол сәттегі ақын Ләтипаның ширьға, арқалана, төгіп айтқан өлендерін жазып алар адам болса ғой, шіркін!» деп өкініш білдіреді шын дарынды тани білетін, бағалай білетін дүлдүл өнер иесі. Шын көңілден туған ақ ниетін орындай алмай опынып қалуы, оқиға өрбуінің ақынның өз аузынан айтылып, нағыз новелладағыдай қайғылы аяқталуы сұрапыл бір қимастық сезімге бөлейді.

Бақытжанның өзі де негізіне тартып туған әнші әрі сазгер екенін тағы бір айта кеткен орынды деп білеміз. Сонау 1963 жылы мектеп бітірушілердің кешіне арнап «Қош бол, балалық!» атты тұңғыш әнін шығарған екен. 2005 жылы Бақытжан Кененұлының «Көңіл кептері» деп аталатын лирикалық әндер жинағы жарық көріп, қолымызға тиген болатын. Әндер жинағының алғысөзі ретінде өзінің курстасы, журналист-жазушы Сара Латиеваның «Бақытжанның әндері» атты мақаласының алынуы тегін болмаса керек.

«Біз бір-біріміздің еңбегімізге еш қызғанышсыз ғашық едік. Ал бәріміз жиналып Бақытжанның әніне ғашық едік. Өйткені оның әні атадан балаға үзілмей жеткен өнердің қасиетін



байқатады. Ән салғанда арман қанатында қалықтап жүргендей беймарал күйге түсетін Бақытжан Әзірбаев бәріміздің көңілімізде айтылмаған сырды ақтарып отырғандай болатын. Ол әнді жанымен шығарып, жүрекпен айтатын» деп түйіндейді өз ойын Сара апамыз.

Бұған қоса айтарымыз, Бақытжан әндерінің қай-қайсында болса да адам баласына тән тәтті бір сағыныштың лебі есіп, бүкіл жан-дүниенді баурап алғандай болады. Сол бір мауқы басылмаған сағынышты сезім, шынайы жүректен шыққан саз бен әуен бір-бірін толықтыра түсіп, құлақ күйі әсем келтірілген домбыраның қос ішегіндей қатар өріліп отырады. Адам баласына тән осы бәп армандай сағыныш бірде қайта оралмас балалыққа, туған ауыл, жақын бауырға арналса, енді бірде жүректі тербейтін таңғы шықтай таза, сал сезім, бал сезімдерге, балдай тәтті қызығы көп немереге, ұзатылып бара жатқан тұңғыш қызы Жазираға арналады. Әсем ән мәтіндерін оқи отырып, мәңгілік таусылмайтын, тот баспайтын сағынышты сезімнің жасанды емес, әсемдік атаулыны аңсайтын әппақ көңілден шыққан шынайылығы қуантады.

Бақытжан басқа сазгерлер сияқты әннің мәтінін өзге ақындардан іздеп әуре болмайды. Алдымен ыңылдап айта жүріп әуенін дүниеге келтіреді, артынан соған лайықтап сөзін жазады. Соның арқасында сөзі мен әуені жымдаса үйлесім тауып, жүректің нәзік қылын шерте біледі. Ұзақ жылдар бойғы сазгерлік еңбегінің жемісіндей болып қолымызға тиген «Көңіл кептері» атты ән жинағының сыры мен сипаты, түйіндеп айтар болсақ, осындай әрлі де нәрлі.

«Біздер – сонау 60-70 жылдары Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов, Әсет Бейсеуов секілді қазақтың біртуар дарынды ұлдарының Алатаудай асқақ, шыншыл, арманшыл сырға толы әндерін естіп, бойымызға сіңіріп өстік. Расында, сол кездегі әндердің қай-қайсысы болмасын әуезділігімен, қазақы бояуымен, сазды нақышымен ерекшеленіп тұратын еді ғой. Сол бір кезенді қазақ әндерінің мерейі биіктеп асқақтай түскен кезі деген әбден болады. Жанымызды елітіп, көңіл тербеген, әншілік өнердің бастау көзіндей болған ағалардың әсем туындылары

менің де ән шығаруыма көп септігін тигізді...

Осы жинаққа еніп отырған әндерімнің дені жас кезеңіне орай, әр кезде туындаған дүниелер. Өнде де, ән мәтіндерінде осал түсіп жататын тұстары болуы әбден мүмкін. Мамандарға көрсетіп, ақындарға тексертіп алуға да болар еді. Бірақ әр жылдары, әртүрлі жағдайларға байланыст әралуан сезімге бөлеген көңіл иірімдерін сол қалпында қалдыруды жөн көрдім. Сіздер де мұны баз қалпында қабылдап, кешіріммен қарар деген үміттемін. Өйткені олар сол сәтінде айтылған, жанымды мазалаған жүрек сазы ғой», - деп ағынан жарылады Бақытжан өзінің сазгерлігіне байланысты. Бұл енді өнердегі қарапайымда өте шыншыл адамның сөзі.

2009 жылы Алатаудай асқақ тұлғалы Кенен атамыздың туғанына 125 жыл толып, республика көлемінде аталып өтілді. Осыған орай республикалық «Өнер» баспасы қазақ халқының біртуар перзенті – Кенен Әзірбаевтың құлашы кең шығармашылық ауқымын түгелдей дерлік қамтитын көптомдық шығармалар жинағын басып шығаруды 2007 жылдан бастап қолға алған болатын. Сол кездегі ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы бойынша «Ғасырлар үні» кітаптар сериясымен Кенен Әзірбаевтың бес томдық шығармалар жинағы жарық көрді.

Бұл кітаптар сериясының дизайнерлік кескіндеме жобасын жасаған аталған «Өнер» баспасының директоры, белгілі қаламгер Әшірбек Көпішев болса, көптомдықты баспаға әзірлеп дайындаған – ақынның артында қалған тұяғы Бақытжан Кененұлы. Бұл айтуға оңай болғанымен, қыруар күш-жігерді, қазылып отыруды, асқан шыдамдылықты қажет ететін өте ауқымды жұмыс екенін басына түскен адам ғана біледі.

«Мен сүйемін халқымды» деген атаумен жарық көрген бірінші томға ақынның әр жылдары жазған өлеңдері, термелері мен толғаулары енген. Белгілі қоғам қайраткері, филология ғылымдарының докторы Мырзатай Жолдасбековтың «Өнер шыңында» деген атаумен ақын шығармашылығына талдау жасаған алғысөзі берілген. Бірінші томның соңында өлең, терме, толғауларға берілген түсініктер ақын шығармашылығының

беймәлім болып келген біраз сырларына, қай өлеңнің кімге арналғанына, қай уақытта жарияланғанына, қандай кітаптан не газеттен немесе Кенекеннің өз айтқанынан жазылып алынғанына қанықтырады.

Жинақта тұңғыш рет жарияланып отырған «Ауылыма алғыс», «Мырзатайға», «Нысанбекке», «Қалады-ау» сияқты бірқатар өлеңдерді кітапқа Төрткен Кененқызының енгізгені айтылады. Көптомдық шығармалар жинағының екінші томы ақынның өз өлеңінен алынған «Айтыстым талай елдің жүйрігімен» деген атаумен жарық көрген. Кітапта жарияланған айтыстардың қай уақытта және кіммен болғаны, дастандардың қай жылы, қалай жазылғаны туралы филология ғылымдарының докторы Нысанбек Төрешұловтың түсініктері берілген.

«Жан серігім, домбыра» деп аталатын үшінші жинаққа ақынның халық арасында кең тараған әндерімен бірге бұрын нотаға түспеген көптеген туындылары енгізілген. Осы орайда айта кететін бір жай, әндердің ноталары автордың өз орындауында және көптеген әндері Кенекеннің өз аузынан үйреніп алған сүйікті қызы, ҚР Мәдениет қайраткері Төрткен Кененқызының орындауында түсірілсе, домбыраға лайықтап нотаға түсірген – Қазақ ұлттық өнер академиясы домбыра кафедрасының меңгерушісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әйгілі күйші-орындаушы Орынбай Кәріғұлұлы Дүйсен, ал ноталарын компьютерге түсіріп, жүйелеген ақынның өнерлі немересі Мұхтар Бақытжанұлы Әзірбаев.

Бала Мұхтар ол кезде Айман Мұсаходжаева жетекшілік ететін Қазақ ұлттық музыка академиясында оқитын. Мұхтар дүниеге келгенде оның есімін «Мұхтар» деп Насиха әжесі қойыпты. Мұхтар Әуезов, Мұхтар Шаханов, Мұхтар Мағауин сияқты талай-талай атақты адамдар дәм татып еді, сол ағаларының қадыр-қасиеті жұғысты болсын деп ырымдаса керек. Кейін ақын Мұхтар ағасы бала Мұхтарға батасын беріп, өз кітабын сыйға тартқанда, «Мұхтар, барлық Мұхтарларды басып оз.» деп қолтаңба қалдырыпты. Тоғыз жасынан бастап музыка жазумен шұғылданып келе жатқан, кезінде шетелдерде өткізілген халықаралық конкурстарға скрипкашы ретінде

катысып, жүлделі орындарға ие болған Мұхтар бүгінде Парламент Сенаты Аппаратында депутаттың көмекшісі болып жұмыс істеп жүр.

Бір кездері балалары бірінен соң бірі өле беріп, бір-бірімен тетелес қос перзенті Базар, Назар – екеуі бірдей шетінеп кетіп, Кенен атамыздың аса зарлы әні «Базар – Назар» өзекті жарып шыққан баланы, артынан ерген ұрпақ амандығын аңсаған іңкәрлік сезімнің асқар шыңындай болып бізге жетсе, табиғатынан балажан ақынның осы бір мұң-зары құдайдың құлағына шалынған сыңайлы. Бүгінде Кенен атаның ұлқызынан тараған ұрпақтар бір қауым ел болды десек, асырып айтқандық болмас. Осы орайда Әзірбайдан туған Кенен атамыздың шежіресін, Бақытжанның айтуымен таратып айтатын болсақ, бірінші әйелі Үлпілдектен Талжыбек пен Ұлтай туған. Талжыбектен қалған қыз Бәтимәдән Жұмабай, Жарқынай деген балалар, Жігер, Жандос, Жалын деген жиеншарлар бар. Ұлтайдан Райхан, Төлепберген, Серік, Кенжебек туған. Бәрінің де артынан ерген ұл-қыздары бар.

Екінші әйелі, ақынның «Базар-Назар» әнінде айтылатын балалардың анасы Насихадан туған жеті ұл мен екі қыз жастай шетінеп кеткен. Кейінірек Насиха анамыздан туған екі ұл мен үш қыз: Төрткен, Көркемжан, Бақытжан, Ақтамақ, Ақбілектен тараған ұрпақтар, шүкіршілік, аман-есен. Төрткеннен туған Баян, Болат, Роза, Алмас, Ақтамақтан туған Мақсат, Әсел, Ақбілектен туған Әкімжан, Айнұр, Көркемжаннан туған Әйгерім, Қуаныш, Қуат, Мұрат, Айжан – бәрі де тұрмыс құрған, өсіп-өніп келеді. Немере-шөбере, шөпшектерін, жиен-жиеншарларын түгелдей тізіп шығатын болсақ, ұзын саны жүзден асып жығылады.

Ақынның зарығып көрген, сондықтан да болар беташар-толғауын өзі ұзақ жырлаған келіні Дина Көркемжанның қарашаңырағын құлатпай бұл күндері Мұрат баласымен Жамбыл облысына қарасты Кенен ауылында жаңадан салынған үйде тұрып жатыр. Ақын он сегіз жыл тұрған ауылдағы мешіт күрделі жөндеуден өткізіліп, ақын мұражайы ретке келтірілген. Кенен Әзірбаев көшесіне асфальт төселген. Кенен атамыз-

дан тараған ұрпақтар бас болып, ауыл спортын дамытуға көп көңіл бөлініп келеді. Осы таяуда ғана кейінгі ұрпақтарының ұйымдастыруымен футболдан Кенен Әзірбаев атындағы жүлде үшін жарыс өткізілді. Осының бәріне ақынның немересі Мұхит Бақытжанұлы демеушілік көрсетіп, ата рухын көтеруге аянбай атсалысып келеді. Ақын туралы «Алатаудың ақиығы» атты деректі фильм түсіріліп, көпшілік назарына ұсынылған. Әсем Алматыда Үкіметтің, қала әкімі Ахметжан Есімовтың қолдауымен осыдан екі жылдай бұрын Кенен Әзірбаевқа арналып ескерткіш орнатылды. Әрине, бұл игі шаралардың бәрінде Бақытжанның да өзіндік қолтаңбасы, қосқан перзенттік үлесі бар екені сөзсіз.

Жоғарыда айтылғандардың бәрін ескере келе, Алатаудың бұлбұлы, ән мен жырдың дүлдүлі атанған Кенен ағамызды тамырын терең жайған саялы бәйтерекке теңейтін болсақ, бұл күнде жетпіске аман жетіп, қасиетті қарашаңырақтың иесі, Әзірбаевтар әулетінің шырақшысы, әкенің бай мұрасын жинастырып жарыққа шығарушы-қамқоршы болып келе жатқан, негізіне тартып туған Бақытжанды бәйтеректің мәуелі бір бұтағына балауға әбден болады деп білеміз. Ойымызды түйіндей келе, Бақытжан ағамызды абыроймен жеткен жетпіс жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, лайым, ұрпақтар жалғастығы үзілмесе екен деп тілейміз.

**Қанез ҚОЖАХМЕТ,**  
*«Астана ақшамы» 2-ті, 18 шілде, 2015 ж.*

## ӘКЕ РУХЫМЕН СЫРЛАСУ

(пікір)

**Иә, ұлы адамның ұлы болу қиынның қиыны...**

**Әке мен бала. Екі өмір, екі тағдыр. Әке мұраты - ұрпақ өсіру, тәрбиелеу, өмір жолына салу. Бала мұраты - әке салған сүрлеуді жаңаша жалғастыру, өз ұрпағына соны соқпақ салу. Мәңгілік уақыттың адам ғұмырымен өлшенетін сәті, өзара үйлесім тапқан әкеден балаға ұласқан бұлжымас өмір заңы. Мұндай үрдіс ықылым заманнан жалғасып келеді, тек уақыт озған сайын, заманның ағымына сәйкес жаңарып, өзгеріске ұшырауы мүмкін, бірақ қалыпты арнадан ауытқып көрген емес...**

\*\*\*

Осыдан отыз жыл бұрын Бақытжан Момышұлының «Восхождение к отцу» атты кітабын оқып шыққанда осындай ойға келіп, Халық қаһарманы, көзі тірісінде аты аңызға айналған Бауыржандай батыр әкесінің шыңына қол созған Бақытжандай ұлдың ішкі тербеніс-толғанысына, ой-толғамына қайран қалған болатынмын. Батыр атамыздың былайғы жұрт біле бермейтін отбасы, ошақ қасындағы тірліктен бастау алатын тағлымы мол, тәрбиелік мәні зор ұлағатына табынып, адами болмысыммен сезініп, иманымды үйіріп едім. Ең ғажабы, күні бүгінге дейін сол ойдан, сол сезімнен арылған да жоқпын. Енді міне араға жылдар салып, ойда-жоқта қолыма Бақытжан Кененұлының «Әке рухымен сырласу» атты кітабы қолыма түсіп, алғашқы бетін оқи бастағаннан-ақ, өмірлік серігіме айналған баяғы ой-сезімдер қайта алаулап шыға келгенде, тебіренісімде шек болған жоқ.

Қазақтың ақиық ақыны, күміс көмей әншісі Кенен әкесінің рухымен сырласқан Бақытжанның перзенттік үні, сағынышы төл туындының «әліпбиінен» соңғы тыныс белгісіне дейін ілесіп, көз алдында Әзірбай шалдың жалғыз тұяғы, бозторғайдың шырылына балаң дауысын қосқан қойшы

Кененнің, «Көкшолағын» тепендетіп, жиналған жұртты қырантопан күлкіге кенелтіп, өнер додасына түскен бозбала Кененнің ғасырға жуық өмірнамасын еріксіз елестетіп, алдына жайнамаздай жаяды.

Кешегі Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақтардың көзі, қазақ өнерінің шок жұлдыздарының бірі – Кенен атамның өмірі мен шығармашылығын бір кісідей білемін деуші едім, бәрі де бекер екен. Білетініміз – мектептің әдебиет пәні оқулығындағы қасаң өмірбаян, ұлы Жамбылдың шәкірті, айтыскер ақын, әнші, халық сазгері екендігі, содан кейінгісі там-тұмдап болса да мерзімдік баспасөздерден оқыған естелік мақалалар ғана. Ал дархан дарын иегері – Кенен атамның түнді таңға ұластыра талмай жырлайтын жыраулығы, құлақ құрышын қандыра домбырашы-күйшілігі өнер сүйген қалың жұртшылық үшін тосын жаңалық.

Орда бұзар отызында қырғыз-қазаққа ақындығымен танылып, Бүкіл Жетісу өңірін Алатаудай асқақ та, әуезді әндерімен тамсандырған Кенен атамның былайғы өмірі қызыл империяның қысастық құрсауында шырмалыпты. Құдай-ау, қолында домбыра, аузында ән, туған халқын өнерімен сусындатқан, өзі де сіңірі шыққан кедей Кененнің халық жауы атанып, абақтыда отырғанын оқығанда жаным бойымнан безді.

Баланың зары өз алдына бір қасырет, өсек-аяң, көре алмаушылық, торығу, құлазу, ақыр соңында ауруға шалдығу... Осыншалық тағдыр тауқыметін тартатындай ол тәңірдің алдында не жазды? Қарап отырсақ, өнер адамының өмірі қашанда қиын өрбіген екен-ау!...

...Қара шаңырақтың жалғыз табыскері, өмірлік қосағы шығармашылық тоқырауда. Жасы ұлғайғанда көрген, емірене сүйіп мауқын басқан ұл-қыздары әлі жас, келім-кетім қонағы және бар, қала берді қарт енесі мен соғыста шейіт болған жалғыз қайынының келіншегі Сақыпбала бар – бәрі де Насиха әженің қолына қараған ауыр кезең. Барды қанағат тұтқан неткен төзім, неткен шыдам!

Басқа түскен зіл батпан ауыртпалықты жеңіп шығу екінің бірінің қолынан келе бермейтін іс. Тәңірім сыйға тартқан кенері

жоқ Кенен дарын ғана осының бәрін сілкіп тастап, арынды ақындығымен, бұлбұл үнді әншілігімен туған халқымен қуана қауышты. Бұған себепші болған ұлтымыздың біртуар ұлылары Мұхтар, Сәбит, Ғабит және Димаш аға...

Әке рухымен сырласа отырып, көңілге, көкейге түйгендерін перзенттік сезіммен тереңнен толғатқан, оқырманын ойлантқан Бақытжан Кененұлының бұл туындысы үлкен шығармашылық табыс.

Иә, Ұлы адамның ұлы болу өте қиын әрі жауапты. Бұл – сірә, Бақытжанның бағы мен бақыты шығар...

*Ескермес Иманбай,  
«Аграрный Казахстан» 2-ті,  
№ 42, 2004 ж.*

## ЖҮРЕКЖАРДЫ ҒҰМЫРНАМА

«Адам болу оңай ма?» деп бастайды автор өзінің ғұмырнамалық роман-эссесін. Кітаптың соңғы парағын жапқанша мән-мағынасы күрделі де терең осы сауалдың ой-санаңнан бір мезет те арылмайтынын сезініп отырасың. Ал мұның себебі, бұл сауалдың жауабы аспан астында, жер үстінде бастан кешкен күндерінің қилы-қилы сәттерінен адам өзінің болмыс-бейнесін іздейді. Ойланады. Мұңаяды. Шаттанады. Күрсінеді. Үміттенеді. Дамылы жоқ тіршілік қозғалысындағы жанның ішкі әлемі осындай сәттердің аясынан өз көрінісін табады. Міне, «Адам болу оңай ма?» атты өмірбаяндық роман-эссе (Алматы. «Анарис» баспасы, 2021) өзегінің түйінін ашатын ой ә дегеннен оқырманын осылай жетелеп ала жөнеледі.

Кітап авторы – журналист-қаламгер, өнертанушы, сан қырлы таланттың дегдар иесі Бақытжан Әзірбаев, ақындық, жыраулық, әншілік, сазгерліктің өлмес мұрасын қалдырып кеткен қазақ руханиятының ұлы тұлғасы Кененнің ұрпағы. Осы ғұмырнамасының әлқиссасында ол: «...менің ғұмырымның өзгешелеу болатыны – исі қазақ қастерлеген, ардақтап, құрмет



тұтқан ақынның баласы болғандығынан шығар» деген сөзімен оқырманын өзіне бірден жақындастырады да, шығармасының бүкіл өн-бойында жүрекжарды сырымен бөлісіп отырады.

Өзі бас кейіпкер болған бұл ғұмырнамалық романға тән ерекшелік, автор бастан кешкен балалық, бозбала жастықтан бастап бүгінгі дейінгі бүкіл өмір жолын әке берген тәлім-өнегесін адами болмысының бағдары етіп алады. Кенендей әкенің ұлы бейнесі ұлының жүрегінде әр қырынан ашылып отыруымен әсерлі. Көз алдымыздан әрқайсымыздың өміріміз өтіп жатқандай күй кешеміз. Құрақ-құрақ матадан тігілген дорбаға кітап, дәптерін салып ауыл мектебіне барған, бұта-бұтаның арасына тығылып, екі жақ болып «соғыс» ойын қыздырған, тақырда асық ойнап, ләңгі тепкен, жаз болса өзек, тоғайдың арасынан жидек теріп, қырдан жабайы жуа жұлып жеген соғыстан кейінгі, сонау елуінші жылдардағы балалық шақ дәуренге сағынышты сезіммен оралғанымызды еріксіз сезінеміз. Осындай әсерлі де шынайы көріністерге толы кітапты оқу үстінде Қордай баурайындағы Отар ауылында өскен бала Бақытжан өзінің балалық өмірін «менің ғажап ертегім» деп бейнелейді.

Майданда қаза тапқан жалғыз ұлы Қыдырбегінен айырылған нағашы әжесі Нысбаланың бауырына басқан баласы болу тағдырына жазған ол туған әке-шешесін есі кіріп, ақыл тоқтатқанша апке-жезде деп есейеді. Өзін майданда қаза болған әкенің ұлымын деп санаған кейіпкердің аңғал да адал балалық әлемі тұп-тұнық қалпында баурап отырады.

«Мен үшінші сыныпқа келгенше, мейлі қыс, мейлі жаз болсын әжем қолымнан ұстап мектепке алып келіп, алып кететін. ...Мені оқуыма кіргізіп жіберіп, мектеп алдында өскен көне қарағайдың көлеңкесінде ұршығын иіріп отырады. Бұған мұғалімдердің де, оқушылардың да көзі әбден үйренген...» (56-57бет). Жүректі шым еткізетін сурет! Кішкентай шәкірт бала мен соғыстан қайтпай қалған ұлының отын өшірмейтін жалғыз шырағын аялаған, жүрегі мұңлы ана осылайша бейнеленеді. Әжесіне деген балалық махаббатын автор-кейіпкер әдемі де кіршіксіз жылы сезіммен әңгімелейді.

Жетпіс жылдан астам уақыттың өн-бойында талай өмір

сабақтары мен сындарынан өткен жанның ой толғанысына, таным, пайымына толы ғұмырнамалық кітаптың тағы бір құндылығы - әр кезеңде өзі көріп білген, қатарлас, достас адамдардың, небір асыл тұлғалардың образын суреткерлікпен көрсете білуі. Қордайға талай мәрте ат басын бұрған Сәбит Мұқанов, Мұқтар Әуезов, Ғабит Мүсіреповтер - Бақытжанның бала кезінен-ақ жүрегіне ұялаған ұлы бейнелер. Әкесі, аты халыққа мәшһүр ақын Кененді қадірлеп, аға, дос санаған олардың әрқайсысын өз үйінің төрінен көріп қана қоймай, ауыл мектебінің балғын шәкірті баталарын да алды, рухани қазынананың тәлімін бойына дарытудың алғашқы таным-сабағын да алғандай болды.

Автор ғұлама Мұқтар Әуезовтың ауылдағы ескі саман үйлеріне келген сәтін былай суреттейді: «... Мен үшін бұдан артық қуаныш, бұдан артық бақыт болар ма! Алматыда жүріп көре алмаған ұлы жазушыны өз ауылымнан көремін деген «үш ұйықтасам» да түсіме кірмеген жәй. Жәй сәлем беріп шығамыз деген Мұхтар аға сол жолы біздің үйде қонып қалды». (183- б.)

Романының енді бір тұсында ол Сәбит Мұқановтың мектептегі кездесуде өзін Кененнің баласы екенін қалайша «әшкерелегенін» былай жазады: «... Сәбит аға сөзін бөліп біраз үнсіз отырды. Біреуді іздегендей айналаға көз жүгіртіп:

- Ұмытпасам, Кенекеннің бір баласы осында оқып жүрген жоқ па!? Аты – Бақытжан. Иә, Бақытжан, қайда отырсың, бері шықшы, - деді даусын көтеріп. Көзіне түспей алыстау отырайын деп соңғы қатарға жайғасқаным сондықтан. Өзгелерден ерекшеленгім келмеген. Көбісі мені Қабылтаев деп атайды, ақынның баласы екенімді білмейді. Солай болып қала берсін деген ой болды. Қатты қысылсам да, ортаға шығуға тура келді». (223- б.)

Кітап мәтінінен келтірілген ұлы жазушылармен байланысты өмір сәттері туралы осы бірер үзінді мысалдар ғұмырнама иесінің, сыршыл қаламгердің жан-дүниелік болмысын айқындағандай.

Алматыдағы 12-ші мектеп-интернаттағы тәрбиеленуші шәкірттік өмір, университеттегі студенттік шақтар, бір қиырдағы

Бурятияда кеңес армиясының офицері қызметін атқарған екі жыл, содан соңғы журналистік, баспагерлік қызмет пен Ғылым академиясының әдебиет институты, Әзірбай әулетінің Қордайдағы киелі орыны – әке мұражайы оған өмірдің әрқилы сүрлеу-соқпағынан өткерген үлкен тағылымдық мектеп болды. Бұл сан-салалы мектептің сабағы оған өміртанымдық, адамтанымдық тәлімімен баулыды, адал мақсатты дұрыс орындаудың жолдарын көрсетті. Бұл жолдарда Бақытжан өзіне дос тапты, жар тапты, Әзірбаевтар әулетіне немере болып келген ұл-қыздарына шексіз ыстық әкелік мейірімін арнады, өмірінің болашағы – өзінің немерелеріне ата болды.

Жарты ғасырдан астам уақыттағы өмір жолын қамтитын шығармасында автор өзінің қанаттас дос-жарандары, қазақтың белгілі қаламгер журналистері, баспагерлері, өнер мен ғылымның танымал өкілдерінің образдарын жып-жылы нақышты да әсерлі тілмен сүйсіне бейнелейді. Олардың мінез-құлықтарын, жан-дүниелік сыр-сипатын әр қырынан ашады. Қазақтың танымал баспагерлері Хайдолла Тілемісовтың, Ақкөл Отарбаевтың, Жолбарыс Әбішевтің, Махамбет Жәмековтың, Құрманғазы Мұстафиннің, Ырым Кененбаевтың Сейсен Мұқтарұлының, Сәлім Меңдібаевтың, жазушылар Шерхан Мұртаза, Жайсаңбек Молдағалиевтің, ақын Нұрлан Оразалинның, Парламент Сенатында бірге қызметтес болған көптеген әріптестерінің, өзімен сырлас, мұңдас, мақсаттас жандардың үркердей шоғырының әрқайсысына тән адами жақсылықтарын, ізгі қасиеттерін шыншыл да байқампаздық суреткерлік мәнермен әңгімелейді.

Өткен мыңжылдықтың тоқсаныншы жылдарының бел ортасында Ақмолада, арқа төсінде астанасының жаңа шаңырағын көтерген тәуелсіз ел өмірінің айтулы кезеңі Бақытжан өмірінің бір белесі болды. Ой-санасында зерделенген білім-білігі мен тәжірибесін жоғарғы заң шығару билігі – Парламенттегі қызметке арнады. Ғұмырнама беттерінен азаматтың кемелді шағының бейнесі жан-жақты көрініс береді. Замана келбетінің зулаған күндердің аясындағы дамылсыз сәттерін парақтаған ғасыр тоғысындағы жаңа тыныс, жаңа тіршілікті, тұтастай

бір өмір әлемін автормен бірге бастан кешіреміз. Адам болып жер басып жүрудің оп-оңай еместігіне тағы да көз жеткізген, азаматтық биіктігін сақтай білудің тағылымды өнгесін көркем де терең сыршылдықпен толғаған осы жүрекжарды ғұмырнамаға тәнті көңілмен ризашылығымызды білдіреміз...

*Мәди Айымбетов, жазушы*  
*Халықаралық Алаш әдеби сыйлығының иегері*  
*«Қазақ әдебиеті» 2-ті, 22 сәуір, 2022 ж.*

### АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

Бақытжан Кененұлы жайлы марқұм бөле ағам Серік Саймасайұлынан көп естідім. Серік ағаның үйіне барғанда, ақиық ақын Кенен ата туралы айтыңыз - деп қолқа салатынын. Кенен ата туралы айта отырып баласы Бақытжан екеуінің атаның Құлақасқа атын қалай суғарып, баптайтынын, ауыл маңындағы көлге барып шомылатындары жайында қызықты әңгімелер айтушы еді. Кейіннен екеуі де жоғары білім алып, бірі журналист, бірі құрылыс инженері мамандығын алып астанамыз Алматыда еңбек етеді. Сонда үйленіп, отбасымен қоян-қолтық араласады.

Кейіннен Бақытжан аға жұмыс бабымен Астанаға көшті. 2000 жылы сол қалада тұратын құдам Сабазов Бағланға қонаққа барғанымда: «Жәке, Сенаттың аппаратында аударма бөлімінде сенің жерлесің Кененұлы Бақытжан істейді, менде аудармашымын, жүр апарып таныстырайын» - деп ағынан жарылмасы бар ма? Әруақты жерден ат үркеді - дегендей, бұрын теледидардан нақышына келтіріп терме орындағанын көргенім бар. Оның үстіне Бағлан құдам: «Ойпырмай, тура Кенен атадан аумамай қалғаны» - деп құлағыма құйғаны бар, бір шеті қуанып, бір шеті қобалжып жұмыс орнына келдік. Небір себептермен Бақытжан ағамен кездесудің сәті түспеді. Көп кейін, 2009 жылы 2-қазанда Кенен атаның 125-жылдық тойында Бақытжан ағамен таныстым. Танысқанда өзім барып, қолын алып, құтты

болсын айттым. Бақытжан аға маған біраз қобалжулы болып көрінді. Сол кезде Қазақстан мен Қырғызстанның мәдениет министрлері Мұхтар Құл-Мұхаммед пен С.Раев бастаған, тағы да өзге басшылардың қатысуымен ақиық ақын Кененге арналған ғылыми конференция өтіп жатты. Тойға ақындраматург, жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалин, белгілі қаламгер-журналист Ырым Кененбаев қатысты. Сөйтсек, үшеуі ҚазГУ-де бірге оқыған курстас екен. Менің Бақытжан ағамен сыйластығым осы күннен басталып, күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

Көкірегіне дарабоз әкесі Кененнің, Насихадай алтын құрсақты ананың, өскен ортаның тәлім-тәрбиесін құйып өскен Бақытжан ағамен танысқанымға қуанған мен ара-арасында телефон шалып тұрдым. 1916 жылғы Жетісудағы ұлт-азаттық көтеріліс, Кенен ақынның ұстазы, генерал-губернатордың тілмашы Еркебай Базаров, Ноғайбай шешен, Әли батыр, Есдәулет ақын туралы архивтен тапқан материалдар жайында айтып мағлұмат бердім. «Ұлық болсаң, кішік бол»-дегендей мені шеттетпеді, әңгімеміз жарасты.

Әрине, көбіне әңгіме желісі ақиық ақын Кенен жайында өрбитін. Мен қазіргі кезге дейін тарихи он кітап шығарыпшын, соның жартысында Кенен ақын туралы жазбалар, естеліктер бар. Себебі, Кенен ақынсыз Шу өзенін тел емген қазақ-қырғызда болған оқиғаларды елестете алмайсыз. «Екі Кенен келмейді, Алатауға ексеңде»—деп жырлап өткен қайран Абыз ақын - шексіз, Кенен-дария, теңіз, Кенен – мұхит! Қордай өңірінде Кенекеннен асқан шежіреші, тарихшы жан жоқ. Оның айтып, қағазға түсіріп кеткендері інжу-маржан, ал да керегіңе жарата бер ! Осындай кәусар бұлақтан тәрбиеалғанБақытжан Кененұлының шығармашылығына тоқталатын болсақ, басқалардан өзгешелеу.

Заманының озғыры Лев Толстой: «Өмірді қалай сүру мәселесі кез келген адамға айдан анық болып көрінетіні соншалық, ол туралы сөз қозғау тіпті артық та сияқты...Шамаң келгенше жақсы өмір сүрсең болғаны. Мәселенің ең жеңіл жауабы, міне осындай. Алайда осының өзі алғашында тым қарапайым, беп-белгілі сұрақ болып көрінгенмен, шын мәнінде бұл оп-оңай да, беп-

белгілі де дүние емес...» - деп «Жалғыз шырақ» атты еңбегінде егжей-тегжейлі өз пайымдауларын тереңнен толғап өтеді. Сонымен бірге данышпан Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй» - деп өткен пәлсапасын еске ала отырып, Бақытжан Кененұлының «Адам болу оңай ма?» атты ғұмырнамалық роман-эссесін оқыған адам өзінше бір кемел ой түйері айдан анық.

Бақытжан ағаның: «Адамның өмірі магнитофонның лента-сы емес, үзілсе жалғап, аяқталса қайта қоятын. Әр минутың, әр сағатың, апталап, айлап өткен әрбір күндерің келмеске кеткен дүние»-деп он сегіз жасында-ақ түрен тартып ой қозғап, кейбір мағынасыз өткен күндеріне өкінішін білдіреді. Аталмыш еңбек текті атаның ұрпағы бір ғана өзінің өмірін ғана қамтып қоймайтын әкесі- қазақтың ақиық ақыны Кенен және оның замандастары, үзенгілестері, ұрпақтары жайлы сыр шертетін ауқымы кең, тәрбиелік мәні зор дүние.

Алты жүз елуге тарта беттен, елу алты ғұмырнамалық әңгімеден тұратын кітапқа тереңдей үңілетін болсақ сонау балғын балалық шағынан бастап қазіргі қарттық шағына дейінгі кезеңді жалпақ тілмен суреттейді. «Менің ғажап ертегім» атты басынан өткен әңгімеден бастау алып, сонау «Ел боламын десең іргелі» деген рухани-патриоттыққа тәрбиелейтін жазбаға дейін оқырманды баурап алатыны рас. Бірге өскен достары, әскердегі оқиғалар, студенттік шақ және басынан өткен қызықты оқиғалар жайлы баяндап суреттеулері жақсы шыққан. Әрине, өмірде үлгі тұтқан, шоқтығы биіктұлға - әкесі Кенен туралы, сондай-ақ қаламгердің өз перзенттері «қос ұлы-қос қанаты» жайлы суреттеулері әкелік махаббаттан туындаған жүрекжарды, терең мағыналы ойтолғаулар екені даусыз.

Сонымен бірге, Бақытжан Кененұлының әкесі жайында «Ұлы дала жыршысы» және «Дүлдүл» атты еңбектерін атап өтпеуге болмас. «Телегейім, тереңім, кемелім» атты алғы сөзбен (алғы сөздің авторы ғалым – әдебиет танушы С. Негимов) басталатын «Ұлы дала жыршысы» атты кітабында Бақытжан Кененұлы биік парасат, жаңа көзқарас, жаңа таным тұрғысынан келіп, асқартау әкесі қазақ-қырғыздың күміс көмей әншісі - Кененге тәж кигізгендей болады. Автор, Кененнің бойындағы әншілік, күйшілік, композиторлық, импровизаторлық, жыршылық,

әңгімешілдік, шежірешілдік, сал-серілік, дастандық өнер түрлері мен бірегей қасиеттерін тереңнен үңіліп паш етеді, оның рухын асқақтатады. Қарт Алатаудың өркеш-өркеш жоталары сияқты мұзбалақ ақынның өмір жолын балалық махабатпен, бар ынта-жігерімен баян етеді.

Бақытжан Кененұлының «Дүлдүл» атты еңбегіне, жинағына өзінің аты айтып тұрғандай таңнан шапса, кешке озған шашағына шаң жұқтырмас Кенен ақын туралы жазылған, баспа беттерінде жарық көрген арнау өлеңдер мен зерттеу-естелік мақалалар сұрыпталып енгізілген. Қазақ халқының марқасқа ақын – жазушылары, ғалымдары: Сәбит Мұқанов, Ахмет Жұбанов, Олжас Сүлейменов, Әбділдә Тәжібаев, Қадір Мырза – Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Фариза Оңғарсынова, Жәнібек Кәрменов, Ғафу Қайырбеков, Мырзатай Жолдасбеков, Ақселеу Сейдімбек, Несіпбек Даутаев және тағы басқа да авторлардың 23 арнау- өлеңдері, 54 қазақ тілінде, 13 орыс тілінде жазылған естелік мақалалар енген екен. Атап өтетін болсам, осы жоғарыдағы авторлардың бірі ретінде менің Кенен ақынның 125 жылдығына орай «Қазақ әдебиеті» газетіне шыққан «Еңсесі Алатаумен тең ақын» атты мақалам (343- бетте) еніпті. Алатаудай, заңғар да биік Кенен ағамыз жайлы бала кезімнен марқұм Сегізбайқызы Бүбіш анашымның (төркіні Кенен аулынан) құлағыма құйғанынан және қызығушылығымнан болар - деп ойлаймын.

Қазіргі таңда Бақытжан аға кітаптар шығарумен қатар Кенен ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы «Алатаудың ақиығы» атты деректі фильм түсіріп еліміздің бірнеше қаласы мен Қордай ауылында көрсетті.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні сол - асылдың сынығы Бақытжан ағаның істеген игі істері артындағы өкшесін басып келе жатқан біздерге, өскелең ұрпаққа бірден – бір өнеге. Алатаудай асқар тау әкеңіз – Кенен ақынға тереңнен үңіліп, өрнектеп, алтын сөздеріңізбен ескерткіш орнаттыңыз, қаламыңыз ұштала берсін, Бақытжан аға!

*Жандарбек Қарабасов*

*Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі. 2022 ж.*

## ӘКЕ ӨНЕРІНІҢ МҰРАГЕРІ

2022 жылдың мамыр айында Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Кенен ауылында Бақытжан Әзірбаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған кездесу өткен еді. Ауыл ардагерлері кеңесінің бастамасымен өткен бұл жиынға Екейбай Қашағанов атындағы қазақ орта мектебінің ұжымы, оқушылары, еңбек қайраткерлері, ауыл ақсақалдары, сондай-ақ осы кездесуге арнайы келген аудан басшылары қатысты. «Әке өнерінің мұрагері» атты әдеби-танымдық кеште мектеп ұстаздары сөз сөйлеп, ақындық өнерге бетбұрған жас талапкерлер өздерінің тырнақалды өлеңдерін оқыды. Тәрбиелік мәні зор осы кездесу жайлы қысқаша ойтүйін.

\*\*\*

...Қордай елі – жырға тұнған, сырға тұнған киелі орда. Кенен ауылындағы Е. Қашағанов атындағы орта мектепте қаламгер-жазушы, Қазақстан Жазушылар және Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қордай ауданының Құрметті азаматы Бақытжан Кененұлымен кездесу өтті. «Текіден текті туады» демекші, қазақ-қырғызға әйгілі дүлдүл ақын, күміс көмей әнші, композитор Кенен атамыздың ұрпағы, жолын жалғастырушы Б. Кененұлы өз бойынан туындаған шығармаларымен жас ұрпақтың болашағына нұрын шашар, тәрбиелік мәні зор дүниесін паш етті.

«Әке өнерінің мұрагері» атты әдеби-танымдық кездесу кешінде жазушының «Адам болу оңай ма?» және «Дүлдүл» атты туындыларының тұсаукесер рәсімінің куәсі болдық.

Әр қаламгердің өзінің қалам тербеудегі ерекшеліктері мен жазу стилі болады. «Адам болу оңай ма?» роман-эссе, ғұмырнамалық шығармасындағы басты кейіпкерлердің бәрі де шынайы өмірден алынған. Сонымен қатар бұл еңбекте қаламгер өзінің өмір жолындағы бастан кешкен қызықты оқиғалар мен ойға түйген жәйларды аса шеберлікпен көркемдеп, қарапайым тілмен оқушыларына жеткізеді.

Кітаптағы тағы бір ерекшелік: жазушы сонау артта қалған



балалық шағына саяхат жасай отырып, сол кездегі ауылкөрінісін, ауылдағы ақпейіл адамдардың, сондай-ақ өзі қатарлас ауыл балаларының қарапайым тірлігін шынайы суреттей білуінде. Оқиға желісіне байланысты тақырып қою тұрғысынан да қаламгердің жазушылық шеберлігін аңғаруға болады.

Мысалы: «Қош бол балалық» тақырыбына байланысты өзінің ауылда бірге өскен достарымен өткерген қызықты сәттерін асқан шеберлікпен жеткізе білген.

Ал автордың оқушылардың сұрақтарына жауап бере отырып, «Интернат №12», «Шәкәрімнің немере қызы», «Тетелестер», «Қос ұлым- қос қанатым» дейтін тақырыптарды жас өркендерге ұғынықты тілде, жан-жақты талдап көрсетуі өте тартымды болды. Оқушылар бұл әңгімеден өздеріне үлкен тағлым, ұлағатты ой-пікір алғандары даусыз.

Ал «Дүлдүл» атты кітабында сонау 50-60 жылдардан бастап, бүгінгі күнге дейін Кенен атамыз жайлы жазылған ақын-жазушылардың, әдебиет зерттеушілердің естелік мақалаларын, арнау өлеңдерін, әр жылдары жасалған баяндамаларды архивтен іздеп тауып, оны заманауи компьютерлік жүйеге енгізіп, бір кітапқа жинақтап оқырманға табыс етіп отыр. Мұның өзі толағай еңбекті, қыруар уақытты талап ететінін ескерсек Бақытжан ағамыздың әке алдындағы перзенттік борышын абыроймен атқарғанын мақтанышпен айтпасқа болмайды.

«Білімді ұлт болу, сапалы білім беру» бүгінгі заманның бұлжытпас талабы. Бұл дегеніңіз бүгінгі өскелең ұрпаққа ұлттық тәрбие беруге үлкен басымдық беру деген сөз.

Сондықтан «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» дейтін халық даналығына мән бере отырып, болашақ асыл мұрамыз өскелең ұрпаққа рухы биік, ұлттық тәрбие беру, отаншылдыққа баулу, өз халқын, өз мемлекетін көзінің қарашығындай қорғайтындай, ұлттық санасы кемелденген ерен тұлғаларды қалыптастыру аса өзекті мәселе екендігіне осы әдеби кездесуде тағы бір мәрте көз жеткіздік десе болады.

Журналист-қаламгер Бақытжан Кененұлымен болған осы кездесудің жас ұрпаққа берер тәрбиесі сүбелі әрі мол екендігін

көрсетсе, оған қатысқан жас өркендер бұл сұхбаттан жан-жақты рухани тағлым алды.

Қорыта айтқанда жазушы ағамыздың қалың оқырманға, өскелең ұрпаққа ұсынып отырған туындылары дер кезінде шыққан әрі тәлім-тәртібиелік мәні зор шығармалар. Жазу стилі ерекше, тілі жатық, оқуға жеңіл. Оқыған адамды бірден өзіне тартып алады.

*Жапарова Сырзақұл Өксікбайқызы  
Қордай аудандық музейдің ғылыми қызметкері  
«Қордай шамишырағы» 2-ті, 2022 ж.*

## **ТЕҢІЗ БОЛДЫ СЕҢІҢ ӨМІР ӨЗЕҢІҢ!**

Даналықтың ұшқыны бар тұла бойға сақталған,  
Жас кезіңнен ұшқыр ойың ел ішінде мақталған.  
Ақын үшін ең бастысы имандылық ақ жолы,  
Сол парасат бір өзіңнің ой-санаңа жатталған.

Өнердегі ұлы жолды жақын тарттың өзіңе,  
Өлеңдегі әрбір «қимыл» сай келеді сөзіңе.  
Үлгі алады бір көргеннен ақын болам деген жан,  
Туындыңнан көрді халық ізгілікті сезіне.

Қазағымда ақындар көп туылған,  
Туылғаннан жыр бақыты бұйырған.  
Әзірбаев Кенен атты дүлдүлдің,  
Ізін қуған ақын жансыз Бақытжан.

Туған елдің мақтан етер жұлдызы,  
Мақтанардай ауылымның ұл-қызы.  
Туылыпты Кенен ата үйінде,  
Сыйлы болған әділ кісі елінде.

Сол баяғы өз аспаның, өз елің,  
Өз елінде келді сөйлер кезегің.  
Сол кішкентай ауылыңнан басталған,  
Теңіз болды - сенің өмір-өзенің!

*Несіпбек Аяулым,  
8-сынып оқушысы  
Кенен ауылы, 2022 ж.*

## АСЫЛ АҒА

Армысыз ардақты аға, асыл аға,  
Үлгі болып келесіз жас буынға.  
Ақынның артта қалған тай тұяғы,  
Есен-аман жүрсіз бе астанада.

Қош келдіңіз, туып өскен аулыңа  
Туған жұртың күтіп отыр сағына.  
Туындыңыз Атажайлы жазылған,  
Тұнып тұрған қазына...

Өзіңізбен дидарласу бір бақыт,  
Жақсы болды келгеніңіз жол тартып.  
Мектебіміз мәре-сәре боп жатыр,  
Қаламгермен кездесуге шаттанып

*Аянәлі Елубекұлы,  
8-сынып оқушысы.  
Кенен ауылы, 2022 ж.*

## ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

(Бақытжан ағаның өмір жолына қысқаша шолу)

Қордай ауданының құрметті азаматы, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, аудармашы, сазгер Бақытжан Кененұлы 1945 жылдың 4 шілде айында Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Иірсу мекен-жайында туған. Балалық шағы Отар стансасында өтті. 1958 жылы Кенен ақынға үкімет тарапынан қаржы бөлініп, сол кездегі С.М.Киров атындағы колхоздан үй салып берді. Қазіргі күні Кенен ауылы деп аталады. Бақытжан осы ауылда 7 сыныпты бітіріп, 1959 жылы, 14 жасында Алматыдағы №12 қазақ балаларына арналған мектеп-интернатқа қабылданды. Бұл негізінен ешкімі жоқ жетім қалған, әкелері соғыстан келмей қалған, көп балалы малшылардың балаларына арналған жалғыз қазақ мектебі болатын.

Бақытжан нағашы әжесінің қолында өскен. Жалғыз ұлы Қабылтаев Қыдырбек соғыстан оралмай қалып, Бақытжанды 4-5 айлығында бауырына басқан шешесі бар. Ол Қыдырбектің әйелі Сақыпбала еді. Сондықтан ҚазМу-дың (Қазақ мемлекеттік университеті) 3-курсына дейін Қабылтаев Бақытжан Қыдырбекұлы болып келді.

ҚазМу-дың Журналистика факультетін 1969 жылы бітірген соң Забайкалье әскери округінде лейтенанттық шенінде екі жыл қызмет атқарып қайтты. Әскерден келген соң өзінің мамандығы бойынша 1971-1987 жылдар аралығында «Қазақстан», «Жалын», «Қайнар» баспаларында редактор, аға редактор болып қызмет етті. Оның шаруашылықтың әр саласына арнап аударған, редакциялап шығарған оқулық кітаптары осы күнге дейін орта білім беру жүйесінде пайдаланып келеді. Б. Кененұлы тәжірибелі баспагер, саяси-публицистикалық аударманың қас шебері. Кеңестер одағы кезінде марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерін, В.И. Лениннің туындыларын қазақ тіліне аударуға ат салысқан көрнекті журналист.

1985-88 жылдары ауылға келіп, Қ. Әзірбаевтың әдеби-мемориалдық музейінде біраз еңбек етті. Сол кезде әкесінің өмірі мен шығармашылығы жайлы ізденістері, тірнектеп жинаған ма-

териалдары кейін том-том кітапқа айналды. «Лениншіл жас», «Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерінде, теле-радио арқылы жарияланып жатты.

«Қазақстан Театр қайраткерлері одағында «Сахна» басылымының бас редакторы, Әділет министрлігінде «Ұйымдастыру-бақылау басқармасына бас маман-аудармашы» қызметіне тағайындалды. Осы жылдары Б. Кененұлына «Бірінші дәрежелі заңгер» деген куәлік берілді. 1998 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейін (2008 ж.) Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатында «Редакциялық-баспа және сараптама» бөлімінде консультант, аға консультант, сектор меңгерушісі қызметін атқарды.

«Ата көрген оқ жонар...» дейтіндей әке жолын қуған Б. Кененұлы домбырада келістіріп ән салатын әнші, өз жанынан ән туғызатын сазгер, соған лайықтап сөзін де өзі жазатын ақын адам. Сонау, 1963 жылы мектеп бітіргенде шығарған «Қош бол, балалық» атты әнінен бастап, бүгінгі таңға дейін отыздан астам ән туғызған талант иесі. Оның әндері бүгінде үлкен сахналарда айтылып, қазақтың атақты әншілерінің репертуарында жүр. Сүндет Байғожин, Ардақ Балажанова, Азамат Жылтыркөзов, Бейбіт Мұсаев, Гүлзира Бөкейхан, Бауыржан Исаев сынды халқымыздың дарынды әншілерін айтпағанда, көптеген жас әншілердің орындауында айтылып жүр. Елбасына арнап шығарған «Асыл аға» әніне клип түсіріп, елге кеңінен таратты.

2005 жылы Б. Кененұлының әндері нотасымен «Көңіл кептері» деген атпен жарық көрді. Ал 2019 жылы осы атаумен әншілердің орындауында ән дискісі шығарылды. Бұл дискіге автордың 17 ғана әні кіріп отыр. Қалған әндерімен әншілер жұмыс істеуде.

Табиғатынан сыпайы, кішіпейіл Б. Кененұлының қаламынан шыққан көптеген мақала-естеліктерді былай қойғанда, оның соңғы жылдары жазған дүниелері қаншама. «Мен зейнеркерлікке шыққан соң, қалған өмірімді тек әкемнің шығармашылық әлеміне арнаймын» деуші еді. Сол үрдістен шықты. Оған 2009 жылы өз қаражатынан шығарған «Алатаудың ақиығы» деген

деректі фильмі дәлел. «**Әке рухымен сырласу**» атты (2004, 2011 ж.), роман-естелігі «**Ұлы дала жыршысы**» деген (2018 ж.) ғылыми монографиялық ойтолғауы айғақтай түседі. 2020 жылы жазып бітірген «**Адам болу оңай ма?**» дейтін ғұмырнамалық роман-эссесі, Алғы сөзін өзі жазып, құрастырған «**Дүлдүл**», «**Тұлпардың тұяғы**» атты еңбектері де алдағы уақытта ел қолына тиіп қалар. Перзенті ретінде әкенің өлең-жырларын, әндерін, ақыл-нақылдарын кейінгі ұрпаққа насихаттап, жеткізіп жүрген Б. Кененұлының ерен еңбегіне қарап отырып көңілің толады.

2019 жылы Кенен ақынның туғанына 135 жыл толуына орай «**Сарыарқаға саяхат**», «**Туған өлкем-Жетісу**» бағдарламасын әзірлеп, соның табысты өтуіне мұрындық болды. Өзі бас-қасында болып, Қазақстанның 9 қаласында (Астана, Көкшетау, Петропавл, Қарағанды, Павлодар, Талдықорған, Алматы, Шымкент, Тараз) жұртшылықпен кездесулер өткізіп қайтты. Осы қалалардың бәрінде де атамыз жайлы шығарылған «Алатаудың ақиығы» фильмі көрсетіліп, арнайы алып барған әншілер атамыздың әндерін салды. Расында, мұның өзі көне көздерді ұмыта бастаған кейінгі ұрпақ үшін үлкен тәрбие, іргелі шара болғаны ақиқат. Кейіннен Б. Кененұлы осы сапарын қорытындылап «Егемен Қазақстан» газетіне «Алатау, сағындыңба Кененіңді!» деген ауқымды мақала жазып шығарды.

Кенен атамыздың көзіндей, ұлағатты ағамыз жайлы көптеп әңгіме айтуға болады. Бір ғана ақиқат. «Атасы тектілердің тұғыры асыл, тұқымы бір тартады қалыбына» деп ақын атамыздың өзі айтып кеткендей Б. Кененұлы әке алдындағы перзенттік парызын талмай ақтап, барын салып еңбектеніп жүрген үлкен жүректі азамат.

Бүгінде 75 жасқа келіп, 4 бала тәрбиелеп, 8 немересін құшағына алып отырған абзал ағамызға ұзақ өмір, сарқылмас шабыт тілеу бізге парыз.

*Кенен ақынның немересі  
Мұрат Көркемжанұлы  
«Қордай шамшырағы» 2-ті, 2020 ж.*

*Өмірімде дос-жарандардан, сыйлас адамдардан ондап-жүздеп хат алған шығармын. Соның бірі де қолымда қалмапты. Неге екенін қайдам? Студенттік досым Жолбарыстың 1 хатын, интернаттық досым Ақылбектің 4 хатын сақтап қойыппын. Бәлкім, кезінде көңілімді толқытып, жанымға қатты әсер еткен болу керек. Әр тұсын оқып көрелік, не дейді екен?...*

## **ЖОЛБАРЫСТЫҢ ХАТЫ**

Ассалаумағалейкум, буряттың бел құдасы -Бақытжан!  
*(құда-деп отырғаны шын-әзіл. Әскерге бірге келген Сейсен Мұхтарұлы буряттың бір қызына үйленіп, буряттарға құда атанғанымыз рас.)*

Уһ! Ақыры жетті-ау арсалаңдаған мінезінді, «ағатайлаған» жүрегінді арқалап алақандай ғана ақ қағаз! Амандығыңды, аяғыңның сымдай болып «түзелгенін» сырттай естіп жатырмыз...

Жағдайларың қалай? Ол жақтағы біздің офицерлер ше? Ақкөл, Сейсен, бар болса...Дұғай сәлем айтарсың.

Біз де бұрынғыша жүріп жатырмыз. Қызмет баяғыша бір күні алғыс, бір күні қарғыс алып, ілініп-салынып жүрміз әйтеуір. «Баспаның директоры болсаң ғана сөгістер азайып, өмірің ғажап болады» дейтін утопиялық қағидамыз бар. Оған дейін көрген күнің осы. «Тездетіп директор болғым келеді» деп арыз беріп едім, сол күні-ақ сөгіс алдым (әзіл ғой).

Алматыдағы салпаңқұлақ, салбөкселер бұрынғысынша жүріп жатыр. Жарасқан (Әбдірашев) тамырың Рүстем деген масылды болды. (тегін жақшаға алып отырған өзім).Ырым да (Кененбаев) ырсылдап қарнын көтере алмай жүр. Науаттан (Ырымның әйелі) бұрынырақ босанатын шығар, сірә. Құрманғазы (Мұстафин) – «ЛЖ» -ның («Лениншіл жас») бір маңғазы. Тынбай жаза беретін «зар жақ» еді, ақыры «Комсомол тұрмысы» бөліміне «ЗАВ» болды. Сейітқазы (Досымов) да жүр, анда-санда бір көрініп қояды. Нағыз жазғыш сол. Қажытай қарт (Илиясов) жеңгемізді өзі «жемдеп», бордақылап, енді емдетіп

жүр. Мағираның (Қожахметова) тұрмысқа шығатын ойы жоқ, тойының төбесі көрінбейді. Сүлеймен (Тоқсанбаев) – гастрит, сүт ішіп жүр. Сен білетін қыз -жігіттердің жайы осындай...

Ал енді өзімнің маңдайымдағы жалғыз әйелім, жайсаң жұбайым, заңды зайыбым (мақтауын қалай келтірем, ә! 100 грамм беріп қалама деген үміт қой) Нәзкен туралы айтайын. Сендер кеткен соң шайы сұйылыңқырап кетті. Осы күні бар тамақты өзі ішеме, әйтеуір қарны тұмсығына жетіп қалды... Семіз мысық сияқты домаланып, «жүні» жылтырайды. Күні бойы пырылдап ұйықтап жатқаны. Сондағы алған «социалистік міндеттемесі» - сендер әскерден келгенше Жолбарыстың, яғни менің, үлкендігі мысықтай ғана макетімді дайындап қоймақ. Біздің бар жаңалық-сымағымыздың сиқы осы...

Айтпақшы, Баха! «Ештен де кеш жақсы» дейді ғой қазақ. Алдыңғы «аяғыңды» әкел, офицерлік алғашқы мерекеңмен (23 февраль) Әбішевтер әулеті атынан құттықтап қояйын. Жігіттерге сәлем айт. Жабықпасын, жабырқамасын! Отан өздеріңдікі ғой, отқа түсуден қаймықпаңдар! Алға, әрдайым алға!...

Жұма күні (27 февраль) Жарасқанның үйіне жиналып, Рүстемді, әке-шешесімен қоса мақтап қайтпақ ойымыз бар. Дәл ортасында сен үшін қырлы стаканмен бір тартармын. Соған риза бол, шет жерде жүрген байғұс бала!.. Өзің де абайлап жүр. Байқамай қап бір бурятканың бөкесінің астында қалып қоймасаң болғаны.

Анау Сейсен туралы әзілдерің бе, шындарың ба? Біз сеніңкіремей, сенбей, сенгіміз келмей жүрміз.

Ал, Баха! Басқа не айтамын. Бір столдың басында бір шөлмектің екі жағында отырсақ айтар әңгіме көп қой. Хатта қанша мылжыңдайын десең де болмайды екен. Өзің айтпақшы, күрең шайды сораптап қойып, армансыз «мылжыңдасар» күн жақын болсын!

Хош сау бол, қолыңды қыстым.

Ыстық, достық сәлеммен Жолбарыс.

*Алматы, 25 февраль 1970 жыл.*



## АҚЫЛБЕКТИҢ ХАТТАРЫ

(қысқартып, ықшамдап беріп отырмын)

### **Бірінші хат.**

Сәлем, Бақа! Служба қалай өтіп жатыр? Нендей жаңалықтырың бар? Бізде бәрі бәз қалпында. Бірен-саран тұрғын үйлер салынғаны болмаса, қалада да айтарлықтай жаңалық жоқ...Әрине бұл менің көп нәрседен жырақ қалып қойғанымның айғағы болса керек.

Бақыт Атымтаев оқта-текте соғып тұрады. Айтарға әңгіме таппаймыз. Бір қозғап кететін мәселеміз үйлену проблемасы. Ол бір тұрған интернационалист.

...Өмірді кім жек көрсін, бірақта адам жүрегінің түбінде айқын бір идеяға бас ұруы қажет қой. Мүмкін бұл жағдай әркімнің де басынан өтетін болар. Өресі тайыздау, тым аңқылдақ кісілер ішіндегі барын жайып салып, өзінің тап-тақыр ұрланғанын сезбей қалса, «алғырсымақтар» өтірік ұрандау мен жаттанды ой құрсайтын кітаби жалған «шындықты» бетке ұстап өзінің қандай идеяға сүйеніп жүргенін білмей масайрайтын шығар.

Әр адамның өзі ғана білуге тиіс нәрсесі сияқты, өмірде де кей дүниені жария ете алмайсың. Қажеттігіне қаншалықты көзің жетіп тұрғанмен тылсым табиғат та сырттан қол сұққанды жазасыз қалдырған емес. Осы құдыретіне сүйеніп, айнала болып жатқан талай құбылысқа күрсініссіз қарауға өз-өзінді мәжбүр етесің. Осылай белгісіз күндерді із-түзсіз зымыратып, еркіне қоя беріп, «қалқандай» баспен дөңгеленіп кете бермекпіз...

...Хаттың пессимистік сарынынан біздің жағдайдың қандай екенін сезіп отырған боларсың. Осы күні бос сенделіп көше кезгеннен үлкен ләззат алатын болыппын. Айнала ағылып жатқан көліктер, құжынаған кісілер үш өлшемді кеңістіктен тыс өтіп жатқан секілді.

Бұл дүниеде шымырлап төмен тартқан жүрегіммен сенделіп жалғыздан-жалғыз келе жатып, өз-өзіме мазасыз сұрақтар қойып, оның жауабын таба алмай, «шытынаған» басымды төмен салып, қаңғи беремін. Адамға деген жақсы ынтаның салған жалған өрнегі ме, жоқ әлде табиғат тарту еткен мол қазынасы

ма немесе о баста бойына біткен қасиет пе әйтеуір соқыр үміт сүйреуден танбайды.

Алабұртқан көңіл қиялын тізгіндеп, өзіміз бүгінде көк әлеміндегі ғажап өмірден жерге түстік. Ал бірақ ой-арман қиялай ұшып қол жетпес сол биікте қалып қойды. Ендігі жерде біздің еншімізге жанталасқан тірліктер ғана қалып отыр...

Ал, Бақа, егер хаттарым тым сиректеу, сұйықтау болса сөкпегейсің. Қайталансам тайыздығым болар. Көріскенше сау бол!

*Сәлеммен Ақылбек,  
16.10. 1970 ж.*

### **Екінші хат.**

*Азын-аулақ аман-саулық сұрасқаннан кейінгі жазғандары...*

...Өз өмірімде де өзгеріс жоқ. Баяғы жаңылмас сарын, мезі болған көңіл. Төртінші курсқа да келдік, ендігі «сүрлеуді» өкінбестей дұрыс таңдау керек. Кейде алдын ала жоспар құрудың қажеттігін аса ұғына да бермеймін. Ғылымға қарай бұрылсам артымда тірек, алдымда сәуле жоқ. Басқа бір «сүрлеу» таңдауға бір жағынан кештеу болса, екінші жағынан көңіл толмайды. Сонымен мең-зең Гамлеттік сұрақ келіп тұр. «Быть или не быть! Вот в чем ныне вопрос...».

Үйге барсам «бас екеу болмай, мал екеу болмайды» дегенді жиі айтып, құлағыма құйып жатады. Бір жағынан бірге жүрген балалардың көбі үйленіп, семья құрып алған, өзіңе де ыңғайсыз екен...

Жалпы өз басым үйлену мәселесіне немқұрайды қараймын. Асығыс не? Алып бара жатқан махаббат жоқ. Түбінде әйтеуір бір «ата-ананың қызынан» біз де құр қалмаспыз деген ниетпен домаланып жүріп жатырмын...

*Сәлеммен Ақылбек,  
1.12. 1970 ж.*

## **Үшінші хат.**

Сәлем, Бақа!

...Иә, көптен күткен көктем де келді. Қыс бойы түскен еңсені көтере келді. Жайсаң жүзді қыз-бозбала мен жадыраған күндер, тынық түндер, ерекше бір үндестік тауып тұнғыық сырларға тұнып тұрған ғажайып шақ...

Бетховеннің ерлікті дәстүрлеген симфониясындағы секілді тіршілік атты аяулы дүние ду көтеріліп, өмір үшін өршелене айқасқа түсіп жатқандай сезінесің. Осылай бар дүниені жаңғырта келген көктем сенің де көңіліңді елітіп, өзгеше сезімге бөлейтіндей көрінеді. Мәңгілікке жоғалттым деген қабілетің көктем «қытығымен» оянып, әлсіреген үміт отын үдете түскендей. Әлдебір жақсы істерге жетелейді.

Көктем менің шынымен есімді алып, еркімді билеп барады-ау, Бәке! Тіпті лағып барамын ғой!...

Кеше Әуезбектің ( сыныптас) үйінде болдық. 1963 жылы мектеп бітірген қыз-балалар 15 сомнан жинап 1-майға бас қосайық деген ұсыныс бар. Соның төңірегінде әңгіме құрып қайттық.

Ал өз жеке басымның халін сұрасаң айтарлықтай еш жаңалығым жоқ, әзірге көзге көрініп тұрған да ешнәрсе жоқ. Көктемдей құдыретті күш қозғау сала алмаған, осынау асыл күндерді тек оның батуымен, таңның атуымен ғана өлшейтін, сорлылық деңгейінен шыға алмай жүрген адамдар жоқ деймісің. Мен солардың жан айғайын жақсы түсінем. Кейде мен өзімді солардың қатарынан көріп қалғандай боламын.

Әркез жарқ етіп келген ой ұшқыны отызды алқымдаған кісіге көлеңке бола алмас, ол тек дүниден қол үзіп бара жатқан адамның, соңғы күшін жинап әлсін-әлсін ыңырсығаны секілді, келмеске кетіп бара жатқан бойдағы қабілеттің ащы айғайы ғана.

Өмірде шындыққа жетем деу бекершілік. Дегенмен өзіңнің дара жолыңның болғанын қажетті дүние деп ұғамын. Осымен хатымды аяқтаймын.

***Құрметпен Ақылбек***

***14. 04. 1971 ж.***

## Төртінші хат.

Сәлем, Бақа!

...Хатыңды № 5 жатақханаға жазған екенсің, оны бүгін кездейсоқ алдым. Ала салып күнәсін жоюға асыққан кісідей қолыма қалам ұстадым.

Өз басым тағдыр тәлкесіне көбірек ұрынған соң ба, кімнің болсын қайғы-мұңын жүрегіме жақын тартамын. Әдемілік әлеміне ертерек көз аштым. Өзім өнерсіз болған соң іштей тынып, өзімді-өзім жерлеумен кете бердім. Өзің айтқандай «қолды бір сермеп те» байқадым. Бірақ кездейсоқ келген бір толқын, айлар бойы өзімді қорғап, қорған тұтқан байламымды тас-талқан етіп кетеді.

Тағы да өзекті өртеген өкініш. «Жоғалтып» алған қабілетіңді еске алып, өткен өміріңе қарай сенделесің. Қай адамның болмасын жұлдызының бір жарқырап жанар шағы болады ғой, бірақ соны бәріміз бірдей ұғынып, соған бәріміз бірдей қол жеткізе бермейміз.

...Алдымда тағы да бұлыңғыр болашақ. Айыптаушы адамдардың тобы, айыпталғандардың тобы, ақтаушылар – міне қазір көз алдыма елестеп тұрған нәрселер осы.Бақа, жалғыз қалдым дегендей сарын танытасың...Әсте осы күндері мен де жалғыз қалдым. Асханаға дейін жалғыз барамын. Өз басым ешкімді айыптамаймын, өзімнен көремін. Неде болса өзің көтер, неде болсын өзіңмен бол...

Бірақ, Бақа, бір байқағаным жұрттан шеттеген сайын өзіңе-өзің жексұрын көрінесің, бәрібір жақсысы бар, жаманы бар, айналып келгенде адамдарды сүйе білу керек қой деймін. Дәл қазіргі шақта «жеңгендердің» кеудесінен итеріп тастап, қайтадан кітапқа бас ұрып жүрмін. Тек ғылымға емес, әдебиетке. Өткен-кеткенді ой елегінен өткізіп, өткен ғасырлармен тілдесіп, жұбаныш тауып жүрмін.

Адам ешқашан қолдағы бар нәрсені қанағат тұтқан емес. Ала берсем, жинай берсем дейді. Менің олардан қатты көңілім қалған. Бірақ әйтеуір жігер тауып, сиысып өмір сүріп келемін. Өмірге солар неге өкпелемейді? Өйткені біз кейде тым ақылды болып кетеміз, қолдан келер нәрсеміз шамалы болған соң,

сезім мен құрғақ арман-елестің жетегінде кетеміз, құлы боламыз. **Сезімтал адамдар кімді болсын құлай сүйеді, өзгеге де сондай талап қояды. Ал жұрттың бәрінде бірдей жүрек жоқ қой, кейбіруде ол жұдырықтай бұлшық ет қана.** Өзгеге сыйлаған махаббаты достықпен, силастықпен оралмаған соң жалғыз қалып, қасірет шегетіні содан болар.

Енді кейбір кісілер тек өзінің алында құрдай жорғалап, елпілдеп тек мені ғана силаса екен екен дейді. Ал өзінің өзгелердің алдындағы борышын өтеуді өте-мөте сүйе бермейді.

Сағатбек (Раимов) Халық шаруашылығы институтына мұғалім болып орналасыпты. Әйелі екеуі келе жатыр екен, салқын амандасып, тұратын жерін айтуға да жарамады. Адамдар бірінен-бірі алшақтағанда әлгіндей «аргументтерде» есеп болмайды. Ішімнен: «Бірімізге біріміз жат болыппыз қалыпыз-ау!» дедім де ақырын жылжып кете бердім.

Бақыт (Атымтаев) 23 февраль күні загске барды. Бізден Әбдінұр екеуміз ғана болдық. Бұл кештен тағы бір жақын адамымнан айрылып қайтқандай болдым. Жалпы Бақыттың ұстанған ішкі идеясы мен оны қоршаған адамдар маған өте жат. Тым кесіп, ауыр сөздерге барғаныма кешірім өтінемін. Әділ бишіміз уақыт әлі алда ғой. Дегенмен өзіме досым деп санайтын адамды ондай күйде (жалынышты) көргім келмейді. Міне, біздегі жаңалық осылар.

Дәл қазіргі күнде қолымнан келіп тұрған ешнәрсе жоқ, әйтсе де өркөкіректікті, жалған пысықтықты жаным сүймейді. Өз қолым ештеңеге жетпеген соң өзгеге тіл тигізгендей болмайын. Осы бастан жалғыздыққа бет бұрып, кітаптармен достасып, бар ықыласыммен соған үміт артып жүріп жатырмын.

Қадірлі досым, Бақытжан, егер сен биіктен көрініп, жарып шықсаң әрқашан қасыңда, қуанышта болар едім. Берік болғайсың!

*Құрметпен Ақылбек  
16.05. 1971 ж.*

Бірі көңілімді көтергендей, енді бірі терең ойға жетелегендей етіп жазылған осы хаттардың, сонау сібірдің тұнжыр тайгасында әскери қызметте жүрген мен үшін қаншалықты сүйеніш-сүйеу болғанын айтып жатудың өзі артық. Бұл біздің арманшыл, ең таза, риясыз кездеріміз ғой. Жолбарыс Әбішев – журналист. Кейін саяси аударманың бозтарланы атанды. Ақылбек Тәжеков – математик. Ғылым кандидаты, профессор. Жөкең 60-қа толар-толмаста дүниеден баз кешті. Ақаң екеуіміз жетпіс жасты түгесітіп, сексенге қарай аяндап келеміз.

*Ақпан айы, 2021жыл*

### *Тектіліктен нәр алған Бақытжан ағамен сұхбат*

## **ХАЛЫҚ БАЗАР-НАЗАРДАН СОҢ КЕНЕННІҢ БАЛАЛАРЫ БОЛМАҒАН ДЕП ОЙЛАЙДЫ...**

*Ғасырлар тұңғызығынан басталатын салдық-серілік дәстүрдің ең соңғы шыңы Кенен Әзірбаев екендігін мойындау керек. Қазақ сал-серілерінің көп белгі - нышандары бар. Соның бір парасы қазақтың сал-серілері әрі ақын, әрі жырау, әрі ән шығарушы, әрі сол әнді келістіріп айтушы, зерделі қара сөздің де көсемі болып келеді. Этнограф-ғалым Ақселеу Сейдімбектің осы тұжырымын негізге ала отырып, сұхбатымызды бастаймыз.*

**- Бақытжан аға, артына өшпес мұра қалдырған халқымыздың аяулы перзенті Кенен атамыздың ұрпағысыз. Бұл бір үлкен мақтаныш шығар?**

- Кенен атамыздың өміріндегі ең бір қиын жағдай: ол кісі балаларды кеш көрген, екі рет үйленген. Бірінші әйелі Үлпілдек шешемізден Талжібек, Ұлтай атты екі қыз бар. Олардан тараған ұрпақ Алматы облысында өмір сүріп жатыр. Менің анамның аты – Нәсиха. Анама үйленген кезінде әкемнің жасы қырыққа таяп қалған екен. Анам ол кезде бар-жоғы он жеті жаста болған. Екеуі шаңырақ көтергеннен кейін дүниеге келген балалары

жастай шетінеп кете беріпті. Ең атақтысы Базар, Назар деген ағаларым.

«Базар-Назардың» тарихын халық жақсы біледі. Базар, Назардан бөлек, Сағатбек, Болысбек, Әбсәмет деген балалары болған екен. Бір ағамызды Тұрар деп атапты. Бірақ Тұрар да тұрақтамапты. Қазіргі үлкеніміз - Төрткен деген әпкеміз. Бала тұрмай қойғаннан кейін, сол әпкеміз дүниеге келгенде көне әдет-ғұрыппен есімін «Төрт кемпір бір шал» деп қойыпты.... Мектептегі қатарластары: «біздің сыныпта төрт кемпір және бір шал оқиды» деп мазак қылатын көрінеді. 4-сыныпқа барғанда ғана аты Төрткен деп өзгертіліпті. Әкем Төрт кемпірдің төртін алып, өз атының бірінші буыны «кенін» қосып, «Төрткен» атапты.

Төрткен әпкемізден кейін 1939 жылы Көркемжан туады. Көркемжанды әкеміз: «Бұл – Жамбылдың батасынан туған бала. Мен Жамбылдың қасында елу жылдай серік болып жүріп жыршылық, ақындық өнерді үйренген адаммын. Сол кісінің шәкірті болдым. Үш рет ол кісіден бата алдым. Соның біреуі осы Көркемжанның батасы.» деп отыратын. Көркемжан дүниеге келгенде Жамбыл атамыз сонау Қарақастектен ат сабылтып Иірсуға келеді. Қордайда екі-үш күн болып, атамызға «бауы берік болсын!» айтып, Көркемжан деп ат қойып, жырымен батасын берген екен.

1945 жылы мен тудым. «Көркемжанға серік болсын деп», менің атымды Бақытжан қойыпты. Одан кейін Ақтамақ, Ақбілек деген қарындастарым туылды.

**- Кенен атамыз отбасында қандай әке еді?**

- Кенен ақынның өмірі, шығармашылығы туралы айтылып та, жазылып та жүр. Бірақ: «Бұл кісі қандай әке болды? Отбасында қандай адам еді? Балаларын қалай тәрбиеледі?» деген сияқты адами-азаматтық қырлары көп зерттелмей жатыр. Өзім 2004 жылы әкемнің туғанына 120 жыл толу тойына орай «Әке рухымен сырласу» деген кітабымды жаздым. Бұл көркем шығарма емес, перзент ретінде жазылған алғашқы туыным еді.

Әкемнің есімде қалған жүріс-тұрысын, кімдермен араласқанын, бізге қандай тәлім-тәрбие бергенін шамамның

келгенінше жаздым. Әкем бардық тәрбиені дастарқан басында беретін. Шай ішіліп, дастарқан жиналғаннан кейін домбырасын қолына алып, қоңыр даусымен: «Жақсы әйел деген қандай, жаман әйел қандай? Жақсы адамның белгісі қандай болады?» деген әңгімелерді көп айтатын. Біз соның бәрін кітап оқығандай, теледидардан көріп отырғандай қызыға тыңдаушы едік.

Атақты ақындар, жыршылар туралы көп айтатын, билердің, шешендердің сөзін бізге өнеге етіп айтып отырады. Домбырасын шертіп отырып: «Ал, балаларым! Мен сендерге қазір Шөже аталарың боламын. Шөже аталарыңның айтқанын айтып берейін деп, әп-сәтте даусын өзгертіп Шөженің кейпіне кіретін. Шөженің көзі соқыр болған ғой. Әкем зағып адамның қимылын, шақшасын түзегенін, астыңғы ернін созып насыбай атқанын айнытпай келтіретін еді.

*«Домбырам басы балқурай,  
Басына қонар бозторғай,  
Қаламтыр мен насыбай,  
Насыбайды бермесең,*

*Ауырады басым-ай»* деп тура Шөженің мақамымен айтқанда, тап бір қойылым көргендей болушы едік.

«Енді сендерге Үмбетәлі аталарың боламын» дейтін тағы бірде. Үмбетәлі ақын арқасы қозып, жыр төккенде «құйрығымен жорғалап» отырады екен. Төрден есікке дейін, есіктен төрге дейін «жорғалап», әкем осылайша Үмбетәлі атамыз болады.

Сосын: «Мен сендерге енді Шашубай аталарыңды көрсетемін», дейді. Осылайша атамыз өзі көзбен көрген ақындарын бізге «көрсетіп», үлгі етуден шаршамаушы еді. Домбырасын шертіп-шертіп жіберіп: «Жақсы әйел жұрт алдында жасытпайды, Сабырлы салмақ сақтап асықпайды. Алғаны ер жігіттің жаман болса, Достарың, ағайының қашықтайды,» - дейтін өлеңдерімен бізге тәлім-тәрбие беретін. Кітабымда, ол кісінің осындай ерекшеліктерін қамтуға тырыстым.

**- Кенен атамыздың «Келінжан» әні кімге арналған?**

- Әкем тұңғыш келінін жетпістен асқан шағында ғана түсірді. Көркемжан ержетіп жиырмаға толар толмаста: «Әй, балам! Менің қатарым немере, шөбере сүйіп жатыр. Мен болсам



жетпістен астым. Қанша жасарым бір Алланың қолында. Оқуын ешқайда қашпас. Алдымен үйлен» деді. Он тоғызға енді келген Көркемжан ағамызға он жетіден енді асқан қызды әперді. Дина деген жеңгеміз ол кезде Алматыда орыс мектебін бітіріп, енді ғана бір министрлікте хатшы-машинист болып істеп жүр екен. Мен онда 13 жастамын. Жеңгемізді «Победа» деген жеңіл машинамен алып келді. Дина жеңгемізге ештеңе айтпапты. «1-мамыр мерекесін ауылға барып қарсы аламыз, гүл тереміз» деп алдап алып келген екен. «Победадан» түсіп жатқан жеңгемнің алғашқы сөзі: «Ох! Какой свежий воздух!» болды. Ауылдағы жеңгелеріміз басына орамал салып, қолтығынан ұстап үйге кіргізеді. Ол кезде шымылдық ұстау деген бар.

Шымылдықты құрып жіберіп, жеңгемді отырғызып жатса, ол «Что такое?» деп айғайлап жатыр. Арасында: «Уберите эту тряпку! Где, Көркемжан? Обманщик!» дейді. Оның шүлдірлеген сөзіне түсінбеген әйелдер: Қарағым-ау, не деп жатыр? Орманшының үйі дей ме? Жо-жоқ, айналайын, атақты ақынның үйіне келін болдың. Көркемжан да жаман бала емес», дейді тұс-тұстан жамырап. Әкем соның бәрін көріп отырып: «Мына бала қалада өскен, балалық жасап ауылға тұрмай қоя ма?» деп уайымдайды. Беташарға келгенде бет ашатын жігіттің иығына шапан жауып: «Қарағым, мына шапанға ие бол. Өзіңе тағы бір мал арнаймын. Жолыңды маған бер» деді. Жиылған жұрт оны басында түсінбей қалып: «О заманда, бұ заман! Келіннің бетін атасы ашушы ма еді? Кенекеңе не болған?» деп аңтарылып қалды. Оны бәріміз сезіп тұрмыз. Әкем бір кезде домбырасын шертіп отырып: «Әрі беташар болсын, әрі берген батам болсын, әрі келінге айтқан өсиетім болсын.» деп сол жерде ұзақ жыр төкті. Сонда, өзінің бүкіл өмірін шолып өткендей болды. Баланың зарын айтып, Базар-Назарын тілге тиек етіп, кешігіп көрген баласынан тұңғыш рет келін түсіріп отырғанын айтып «Келінжан» деген әнін шығарды.

Қазір айтылып жүрген «Келінжан» әні - сол кезде туған үлкен жырдың төрт-бес шумағы ғана. «Қайтсін енді? Қартайғанда көрген қызығы» деп кемпір-шалдар қосылып, кемсеңдеп жылап, тойда сондай үлкен оқиға болған. «Келінжан» әні бүкіл

Қордайға, кейін бүкіл қазақ жеріне тарап кетті.

Жеңгеміз қайындарына ат қою керектігін ауылдағы әйелдерден естіген болу керек. Маған «жалғыз қайным ғой» деді ме, «Төрем» деген ат қойды. Ақтамақты – «Ботакөз», Ақбілекті – «Кенжем» деп атады. Ауылда Бидай деген қайнағасы бар еді. «Бидайды қалай атайсың?» дегендерге: «Атын атауға болмайды. «Пшеница» жәкем деп айтамын» деген көрінеді. Жеңгемнің қылығына бүкіл ауыл күліп жүретін. Жеңгем кейін бәрін үйренді. Үй тіршілігіне бейімделіп, нағыз қазақ ауылының келіні болып шықты. Атасының бет ашқанда айтқан өсиеттерін орындады.

**- Кенен атаның арғы ата-бабаларында әнші, ақын адамдар болған ба?**

- Біздің жақта жеті атасынан бері қолынан билік кетпеген Ноғайбай деген атақты би, шешен өткен. Құнанбайдың замандасы. Кезінде Абай атамызды Қордайда қонақ еткен кісі. Әкеме туыс болып келетін атақты Кебекбай атамыз бар. Бүкіл Қордай халқына билік еткен әділетті, туған-туысқа, әсіресе кедей-кепшікке жанашыр, қамқор болған, әрі батыр, әрі би болған адам. Жамбылмен, суырып салма ақын Қуандықпен айтысқа түскен атақты Сарыбасты кім білмейді. Кенен атамыздың ұстазы, жақын туысы. «Өлерде Сарбас мені шақырып ап, Ұстатты аманат қып домбырасын» дейтіні сондықтан.

Алматыдағы (ол кезде Верный аталады) ерлер гимназиясын бітірген, орысша оқып, кейін Қордай еліне болыс болған Еркебай Базаров деген атамыз әкемді алғаш көргенде-ақ: «Кененді жол көрсетіп, тәрбиелесе, үлкен өнер адамы шығатыны даусыз» деп, он алты жасында қырғыздың манабы атақты Шәбдан батырдың асына апарады. Осы жиында әкем Қалмырза, Тоғолоқ, Жамбыл, Бармақ сияқты ірі, іргелі ақындарды көреді. Тойда атамызға кемер белдік сыйлайды. «Өнерің өрістей берсін!» баталарын береді. Содан бастап Кенекеннің өнердегі жұлдызы биіктеп, жарқырай түседі. Қазақ-қырғызға Кенен әнші-ақын деген аты шығады.

**- Кенен деген көп кездесе бермейтін есім. Әкеңіздің бұлай аталуының сыры неде екен?**

- Кенен деп анасы Ұлдар қойған. Мен өзімнің кейін жазған «Ұлы дала жыршысы» атты монографиялық еңбегімде бұл жөнінде кеңірек айттым. Кенен деген сөз: «кең, шалқар, жазира, шексіз, мол» деген мағына береді. Оны мен кейін кітаптардан оқып барып ұқтым.

**- Кенен атамыздың дауыс ерекшелігі музыка мамандарын да қатты таңқалдырған көрінеді...**

- Радиодан естіп жүрген әндерінің көпшілігі жасы келіп, сал тартқан, қартайған, шаршаған кезінде жазылып алынған әндер. Сексенге таяған кездегі даусы. 30-40 жас аралығындағы дауысы жазылмай қалған. Соның өзінде білгір мамандар әкемнің дауыс ерекшелігімен (темборы) қатар, кең тынысты диапазонына тәнті болушы еді. Мәселен, «Бұл кісінің көмейінде өзге әншілерде кездесе бермейтін шағын қуыс «қалташық» бар. Ән салған кезде ауа сол арқылы бірден емес, біртіндеп шығып жатады. Мұның өзі ерекше қасиет» дейтін пікір бар.

Атақты әнші-досым Қайрат Байбосынов бір жолы: «Атамыздың «Бозторғайын» күніне он рет тыңдасам да, қай жерінде үзіліс жасайтынын, қай жерінде тыныс алып үлгеретінін білмей-ақ қойдым. Тынысты ауыз арқылы алатыны, әлде мұрын арқылы алатыны белгісіз. Кенекеннің құпиясы осында болса керек» дегені бар. Расымен де, «Бозторғай» әнінің қайырмасын үзбей, бір тыныспен айтып шығатыны тек музыка мамандарына ғана емес, жәй тыңдаушыға да сезіліп тұратын. Әкемнің айтысына қарағанда, бірде жалайыр елінде үлкен той болыпты. Сонда алты қанат ақ үйдің ішінде әкем «Тік шырқау» деген әнін шырқап жатқанда, үйдің кереге жіптері бырт-бырт үзіліп, шаңырағы қисайып ортаға түсе жаздапты. Жиылған жұрт: «Кененнің даусына шыдамай кетті» деп шуласып қалыпты сонда.

**- Кенен атамызға арнап шығарылған фото-шежіре альбомның да авторы өзіңіз екенсіз...**

- Әкемнің 125 жылдық мерейтойына арнап, Мәдениет министрлігінің қолдауымен «Өнер» баспасынан бес томдық кітабын шығардық. Артында қалған барлық мұрасын соған енгіздік. «Ғасырлар үні» деген сериямен шығарылған осы

жинақта ақынның бүкіл өмір жолы, шығармашылығы қамтылды. «Жан серігім – домбыра» атты кітапта әкемнің 107 әні, 6 күйі бар. Ең бастысы, ақынның бүкіл әндері тұңғыш рет домбыраға лайықтап нотаға түсірілді.

Ел арасында «Кененнің артында ұрпақ қалмаған» деген ұғым бар екен. «Кенен ақешкігезарын айтып жүріп, ұрпақ сүймей өткен ақын екен» дейтін аңыз әңгімелерді де естідім. «Кенекеннің бел баласымын, кіші ұлымын» дегеніме сеніңкіремей, секем алып қарайтындар да болды. «Жақын туыстарының бірінен туған бала шығар» деушілер де бар екен. Сондайды көргеннен кейін арнайы шежіре-альбом жасайыншы деген ойға келдім. Фото-шежіренің алғы сөзін өзім жазып, жоғарыда айтқандай әкемнің екі әйелінен тараған ұрпақтарының бәрінің фото суреттерін бергіздім. Талжыбек, Ұлтай тәтемізден бастап, Төрткеннің, Көркемжанның, өзімнің, қарындастарымның ұрпақтарының суреттері түгелдей басылды.

Әкеміздің халық көп біле бермейтін тағы бір қызы бар. 1946 жылы жан-жақтан жер аударылғандар келе бастағанда Дағыстаннан ауып келген Хамсият деген қыз бала қоса келеді. Жол-жөнекей екі бауырынан айрылып қалған он-он бір жастағы қыз Отар станциясында әркімнің есігінде жүреді. Не бір ауыз қазақша сөз білмейді. Соны көрген әкем қызды қолынан жетектеп үйге алып келіп: «Мына баланың атын Айша деп қоямыз. Бұл енді біздің үйдің бір мүшесі болады» дейді. «Айша Кененқызы» деп өз атын беріп, асырап алыпты. Ол Төрткенмен бірге қазақ мектебіне барды. Кейін қазақшаны жақсылап үйреніп, мектеп бітіргеннен кейін Қордайда тұратын Нәмет деген қазақтың жігітіне тұрмысқа шығады. Сол Айша тәтемізден 5 ұл, бір қыз бар. Қазір Қордай ауданында бір қауым болып өмір сүріп жатыр.

Иә, Айша тәтем өлерінің алдында балаларына: «Мен о дүниеде тыныш жатсын десеңдер, Нәсиха шешелерің мен аталарыңды құрметтеп өтіндер» деп өсиет айтып кетіпті. Нәсиха шешеміз 2000 жылы 98 жасында дүние салды. Мұнда да, кейін Көркемжан қайтыс болғанда да Айша тәтемнің балалары түгел келді. Қандайда бір той-жиыннан қалған емес. Осы

фото-альбомға олардың да суретін түгел кіргіздім.

**- Кенен атаның мінезі қандай еді?**

- Атамыз Кенен десе Кенен ғой. Өзімен талай дәмдес болған, бірге жүрген ақын-жазушылардың бәрі де әкеміздің асып-тасуды, өзін-өзі көтермелеп сөйлеуді білмейтін, сыпайы адам болғанын айтады. Пейілі кең, кешірімді еді. Әкемнің қатты ашуланғанын немесе дауыс көтеріп ұрысқанын көрген емеспін. Жас кезінде де сондай болыпты...

Атамның өзі: «Ер жігіттің мінезі май сылаудай жұмсақ болуы керек» деп отыратын. «Үлкенді аға, кішіні іні деп сыйлау керек» дейтін. «Қазағымызда жаман бір әдет бар, жік-жікке, ру-руға бөлінеді. Сондайдан бойларыңды аулақ ұстаңдар. Сендер халық ақынының баласысыңдар, енді халықтың баласы болуларың керек» деп ақыл айтатыны есімнен кетпейді. Менің ше, сол айтқандарын орындадық-ау деймін. Төрткен тәтемнен бастап бәріміз де сыпайымыз. Ешқайсысымызда кеуде көтеріп, артық мінез көрсету жоқ. Бәріміз де еңбек еттік, адал болдық. Әкем: «Біреудің алдына барып, «мен Кененнің баласы едім» деп менің атымды көп малдана бермеңдер. Өмірдегі өз нәсіптеріңді адал еңбекпен тауып, бала-шағаларыңды өсірсеңдер болғаны» дейтін.

Әкемнің ұрпақтарында тікелей әншілікті немесе ақындықты қуған ешкім жоқ. Бірақ, бәріміз де өнерді сүйеміз, шамамыз келгенше ән саламыз, атамыздың әндерін, өлең-жырларын насихаттаймыз. Бәріміз де өз қалауымызша әртүрлі мамандық алып кеттік. «Балалардың біреуін неге өнерге жаққа жақындатпасқа» деп Мұхтар деген ұлымды бес жасында Алматыдағы Ахмет Жұбанов атындағы музыка мектебіне бердім. Кейін Астанадағы өнер академиясын скрипка сыныбы бойынша бітіріп шықты. Осы бала атасының өнерін жалғастырып, мол мұрасына ие болса деген ойым бар.

**- Кенен атаның өмірден өткен кезіне шегініс жасасақ...**

- Әкем тоқсан үш жасқа сәл толмай кетті. 1974 жылы 90 жылдық мерейтойы республика көлемінде тойланды. Президиумда өзі отырды, ауылдағы бәйгені де көзімен көрді. Атамыз сексеннен асқанша ат үстінде жүрген адам ғой. Кейде шешем: «Әй, Кенен! Аттың аты ат қой. Бір күні үркіп кетіп, аттан

күлап мерт болсаң мына жүрт «аттан күлап өліпті» дейді ғой. Анау мәшинене мінсеңші» деп ұрсатын. Үкімет силаған жеңіл мәшинесі бар еді. Ондайда әкем: «Е-е, Нәсиха-ай! Ол мәшинен түзу жолдан басқа қайда барады? Маған, Ойжайлауға көтерілу керек емес пе? Анау, Қызылқайнарға барып су ішпеймін бе? Жас кездегі өзім жүрген, айтысқан жерлеріме бармаймын ба? Оған сенің мәшинен бара ала ма?» дейтін күліп.

Кейін сексеннен асыңқыраған соң атты қойды. Қартайыңқырап қалды. Тоқсан екіге келген, жарықтық, ажалдың лебін сезді ме екен, бір дәптерге қырғыздардың Күнгеі Алатауы, Тоқмақ, Бішкектен бастап өзі араласқан, дәмдес болған барлық адамдардың аты-жөнін тізіп жазып кетті. «Мен өлгеннен кейін сендер мұның бәрін қайдан білесіңдер? Ашаршылық кезде, 1916 жылғы халық көтерілісі кезінде маған көп жанашырлық көрсеткен қырғыз ағайындар бар. Өнерімді жоғары бағалаған азаматтар бар. Бәрін сендер жазып алыңдар. Анау-мынау болып кетсем, осыларға хабар бересіңдер» деп үйретіп кетті.

«Қалған шаруаны Үкімет өз қолына алып, өзі ұйымдастырады. Мен халықтың арасында өскен, өмір бойы Аллатағлаға күлшылық етіп, намаз оқып өткен адаммын. Сондықтан келген үкімет адамдарынан бір күн рұқсат сұраңдар. Мені мұсылмандық жолымен шығарыңдар. Жаназамды оқып, күран аударады. Содан кейінгісін Үкімет өзі білер» деді. Қанша молда келетініне дейін, оларға қанша тиын-тебен беру керектігіне дейін айтып кетті.

Тура солай болды. Оннан астам молда келді. Шарихатқа сәйкес кәделердің бәрі істелді. Ертеңіне мәйітін ауылдың Мәдениет үйіне алып кетті. Сонда халық көп жиналған қаралы жиын өтті. Ауылдың сыртындағы баққа апарып қойдық. Бүгінде ол жерде әкеміздің мұражайы тұр. Бір кездері отырғызылған жас шыбықтар, жайқалған баққа айналды. Қазір атамыз сол бақтың ішінде мәңгі «ұйықтап» жатыр.

*Сұхбаттасқан Марфуға ШАПИЯН  
«Арқа ажары» 2-ті, 29 қыркүйек, 2018 ж.*

## ӘКЕМНІҢ 107 ӘНІ БАР...

Қазақ: «Жақсының жаратылысы бөлек, тектінің тегеуріні мықты» деп жатады. Расында да тектілігі болар, басына түскен әрбір қайғыны қасқая қарсы алып, бар жұбанышын әннен тапқан қазақтың Кененінің туғанына да 135 жыл толыпты. Ел ішінде әкенің артында қалған мол мұрасын кеңінен насихаттап, әке алдындағы перзенттік борышын адал атқарып жүрген Кенен Әзірбаевтың ұлы Бақытжан Кененұлы жуырда Ертіс-Баян өңіріне сапарлап келді. Осы бір сәтті пайдаланып, қонағымызды аз-кем әңгімеге тартқан едік.

**- Бақытжан аға, қазақтың Кененінің бар қайғысы бала болды...**

- Бұл шындық, шырағым! Менің 7 ағам жер ананың құшағында жатыр. Әкеміз саналы өмірінің жартысын балаларын жоқтаумен өткізді. Әріден тарқатар болсам, ол кісі екі рет үйленген адам. Бірінші әйелі Үлпілдек шешемізден Талжібек, Ұлтай аттыекі қызы бар. Олардан тараған ұрпақ қазіргі таңда Алматы, Жамбыл облыстарында тұрып жатыр. Ал мен әкеміздің екінші жары – Насихадан туамын. Әкем мен анам шаңырақ көтерген кезде әкемің жасы 40-қа жақындап қалған, ал анам небары 17 жаста болған. Екеуі үйленгеннен кейін дүниеге келген балалары сәби кезінен шетінеп кете беріпті. Оның ішінде қаймана қазақ тарихын жақсы білетін қос ағам Базар мен Назар. Олардан бөлек Сағатбек, Әбсәмет, Болысбек, Тұрар деген бір туғандарым болған екен. Қазіргі үлкеніміз – Төрткен деген әпкеміз. Бала тұрмай қойғаннан кейін, сол әпкеміз дүниеге келгенде көне әдет-ғұрыппен есімін- «Төрткемпірбіршал» деп қойыпты.

**- Сонда ол қандай ғұрып?**

- Естуімізше шешеміз толғатқан кезде жанында төрт кемпір болыпты. «Қызды болдыңыз, Кенеке» дегенде әкеміз: Ораулы баланы анау төрт аруананың аяғының астынан өткізіндер», депті. Сол кезде үйге бір шал сәлем бере келеді екен. «мына ақсақалдың да аяғының астынан өткізіндер. Бұл баланың аты – «Төрткемпірбіршал» деген екен. Кейін үлкендерден естуім бойынша бұны қазақ «ажалды адастыру» деп атайтын көрінеді.

**- Ал «Төрт кемпір бір шал» атауы неге Төрткен болды?**

- Әпкеміз осы атымен 5-сыныпқа дейін жүрген. Бірақ баланың аты бала, «біздің сыныпта «Төрт кемпір бір шал» оқиды деп қатарластары мазақтайтын болса керек. Сонымен әкеміз қызының атын Төрткен деп өзгертіпті. Яғни, Төрткемпірдің «төртін» алып, өзінің Кенен деген атының «кенін» қосып «Төрткен» атапты. Бұл туралы кезінде Сәбит Мұқанов «Кенен ақынның қызы – Төрт кемпір бір шал» деген мақала да жазған. Әкеміздің орта жастағы кезін көрген, көптеген әндерін өз аузынан үренген де – сол Төрткен. Қазір сексенге келді, зейнеткер.

Төрткен әпкемізден кейін 1939 жылы Көркемжан туады. Көркемжанды әкеміз: «Бұл – Жамбылдың батасынан туған бала. Мен Жамбылдың қасында елу жыл серік болып жүріп жыршылық, ақындық өнерді үйренген адаммын. Сол кісінің шәкірті болдым. Үш рет ол кісіден бата алдым. Соның біреуі осы Көркемжанның батасы» деп отыратын. Базар-Назар өлгеннен кейін Көркемжан дүниеге келген ғой. Сонда Жамбыл атамыз сонау Қарақастектен атпен Иірсуға келеді. Қордайда екі-үш күн болып, Кенен ақынға «бауы берік болсын!» айтып, Көркемжанға жыр арнап, бата берген екен. Әкеміздің 55 жасында көрген ұлы 55 жасында дүниеден озды. Көркемжаннан кейін 1945 жылы мен тудым. «Көркемжанға серік болсын әрі аттары ұқсас болсын» деп атымды Бақытжан қойыпты. Одан кейін Ақтамақ, қазір ол да арамызда жоқ. Сосын Ақбілек туылды. «Ақбілегім, сүт кенжем!» деп еркелетіп отыратын.

Ал мен әкемнің 61 жасында дүниеге келген екенмін. Содан болар көбі мен Кененнің ұлы дегенге сенбейді. Немересі болар деп топшылап жатады. Қазіргі күні біздің әулетте ер азаматтан әкемнің артында мен ғана қалдым.

**- Аға, Кенен атаның шығармашылығына ойыспас бұрын, ол кісінің қандай әке болғанын айтып беріңіші...**

- Әкеміз қатты балажан болатын. Менің қазіргі бейнем, түркелбетім әкеме өте ұқсайды. Бірақ ол кісі бойшаң, сұңғақ, яғни 1 метр 90 сантиметрге жуық болатын. Әкенің бойшаңдығы немерелеріне, жиендеріне берілді. Негізі, әкем барлық тәрбиені дастарқан басында беретін. Шай ішіп, дастарқан жиналғаннан кейін домбырасын қолына алып, қоңыр дауысымен: «Жақсы әйел деген қандай, жаман әйел қандай? Жақсы адамның мінезі қандай болады? деген әңгімелерді көп айтатын. Атақты



ақындар, жыршылар туралы, би-шешендердің нақыл сөздерін бізге өнеге етіп отыратын.

Бір өкініштісі, әкеміздің өмірі мен шығармашылығынан бөлек ол кісінің азаматтық қыры, адами болмысы тасада қалып қойып жатыр. Зерттеушілер де, ғалымдар да, көз көргендер де Кенекеннің тек өнерін сөз етеді. Кейіннен ойлана келе, әкемнің бүкіл болмысын, өмір жолын балалары біздерден өзге ешкім де аша алмайтынын ұқтым. Осыдан соң 2004 жылы әкемнің 120 жылдық мерейтойына орай «Әке рухымен сырласу» деген кітап жаздым. Бұл - көркем әдебиет емес, перзент ретіндегі парызым. Әкемнің есімде қалған әңгіме-нақылдарын, жүріс-тұрысын, кімдермен араласқанын,, бізге қандай тәрбие бергенін шамамның келгенінше жазып шығуға тырыстым. Одан кейін «Ұлы дала жыршысы» атты монографиялық ойтолғауым мен «Алатаудың ақиығы» деген әкем жайлы деректі фильмді жарыққа шығардым.

**- Бақытжан аға, расымен де Кенен ата туралы деректі фильмдер жоқтың қасы ғой. Бұл бастаманы өзіңіздің қолға алғаныңыз дұрыс болған екен. Менің білгім келіп тұрғаны аталмыш фильмде Кенен атаның қай қыры көбірек камтылған? Оны түсіріп шығуға қанша уақыт кетті?**

- Бұл фильмді негізі ертерек түсіруіміз керек еді. Естеріңізде болса, еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей қолдауымен Кенен Әзірбаевтың 125 жылдығын кең көлемде атап өткен болатынбыз. Осы кезде ақынның перзенті ретінде «мен не істей аламын?» деген ой келді. Сосын әкеміздің көзін көргендер тым аз, ол кісі туралы ел біле бермейтін тың деректерді іздеп табуға кірістік. Негізі Кеңес үкіметінің тұсында әкей туралы түсірілген бірді-екілі деректі фильмдер болған. Бірақ оның өзі сол кездегі саясаттың ықпалынан шыға алмай, үгіт-насихаттық сипатта түсірілген туындылар.

Осыдан кейін өз бетімізше ізденіп архивтерді ақтарып, деректер тауып, әркімнің қолында, жеке қорында жүрген дүниелерді жинастырып 5 жарым айдың ішінде «Алатаудың ақиығы» атты деректі фильмді жасап шығардық. Тағы бір айта кететін нәрсе, фильмде мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Жандосов пен Кенен Әзірбаевтың достығы туралы әңгіме бо-

лады. Яғни, 1938 жылы Ораз Жандосовты «халық жауы» деп ұстап бара жатқанда әкем досының қасында болып, қырғыздың Токмақ қаласына дейін еріп барып, соңғы сапарға шығарып салғаны тарихтан белгілі. Сол жолы досына арнап «Оразжан» деген ән шығарады. Осы әні үшін әкеміз де халық жауы атанып, 5-6 ай түрмеде жатады. Кейіннен ел ішіндегі беделі, атқарған істері ескеріліп түрмеден босап шыққан. Сол Ораз атамыздың артында қалған тұяғының бірі Санжар Жандосов еді. Міне, осы Санжар ағамыз өзінің бір немересінің есімін Кенен деп қойған екен. Фильмде ол да бар. Қазіргі таңда бұл деректі фильм «ютубқа» жүктелген. Фильмнің сценарийін қаламгер- журналист Доктырхан Тұрлыбек екеуміз бірлесіп жаздық.

**- «Ютуб» демекші, Кенен атамыздың шығармашылығы қаншалықты ел аузына тарап жүр. Олай дейтінім, бұқара ол кісінің санаулы ғана әндерін біледі.**

- Дұрыс айтасыз. Кенен Әзірбаевтың «Бозторғай», «Көкшолак», «Базар-Назар» әндері халық арасында кең тараған. Осыдан болу керек әкеміздің бұдан өзге әндері жоқ деп ойлайды. Негізі ол кісі 107 әннің авторы. Қазіргі таңда 60-тан астам әні өз орындаушыларын тапты. Дәстүрлі әншілер Бейбіт Мұсаев, Шолпан Дәржанова, Ардақ Балажанова, Рамазан Стамғазиев және тағы басқа да әншілердің жеке орындауында кемі 3-4-тен әндері бар.

Кейінгі кезде әкеміздің әндері ел ішінде жақсы таралып келеді. Оған себеп, ақынның ұрпақтарының тікелей қатысуымен Кенен Әзірбаевтың 125 жылдық мерейтойына орай «Өнер» баспасынан» 5 томдық өлеңдер жинағы жарық көрді. Оған артында қалған барлық мұрасын кіргіздік. Соның бір томы «Жан серігім, домбыра» деген атаумен әкемнің әндеріне ғана арналды. Мұнда 107 әні және 8 күйі бар. Ең бастысы, әкемнің бүкіл әндері тұңғыш рет домбыраға лайықтап нотаға түсірілді. Оны жүзеге асырған атақты күйші, профессор Орынбай Дүйсен. Сонымен қоса ақынның өміріне арналған үлкен фото-шежіресін басып шығардық.

Ендігі жерде Кенен Әзірбаевтың әндерін іздегендер сол 5 томдықтан, ал әндерін тыңдағысы келгендер, дәстүрлі әншілердің орындауында «ютубтан» таба алады.

**- Қазақ өнерді «әкенің қанымен, ананың сүтімен» дари-**

**ды деп жататын еді. Кенен атаның ізін жалғаған ұрпағынан ол кісінің жолын қуғандар бар ма?**

- Бізге ең көп қойылатын сұрақтың бірі осы. Негізі әкем өз жырында: «Екі Кенен келмейді, Алатауға ексең де» деп айтып кеткен ғой. Бұл шындық. Бірақ қанда бар нәрсе жібермей қоймайды. Ұрпақтарында тікелей ақындық өнерді, әншілікті қуған ешкім жоқ. Бірақ бәріміз де өнерді сүйеміз, шамамыз келгенше ән саламыз, әкеміздің әндерін, өлең-жырларын кеңінен насихаттап келеміз. Мәселен, үлкен әпкем Төрткен әкемнің бүкіл әндерін мақамын бұзбай, сол табиғи қалпында әншілерге үйретіп келеді. Ол кісі ұстаз. Мен болсам әкенің өміріне, шығармашылығына көбірек ден қойып біраз еңбектер жаздым. Арнайы музыкалық білімім болмаса да (нотаны да білмеймін) өз жанымнан 30-дан астам ән шығардым. Олардың бірқатары әншілердің репертуарында жүр.

Әкемнің жолын қусын, өнерін жалғастырсын деген мақсатта Мұхтар деген ұлымды бес жасында А. Жұбанов атындағы музыка мектебіне берген едім. Кейін оқуын жалғастырып Астанадағы Ұлттық өнер академиясын бітірді. Скрипкашы. Кәсіпқой музыкант. Осы балам, атасының бүкіл музыкалық мұрасына ие болып, әрі қарай жалғастырса деген үмітім бар. Замана талабына сай қазіргі күні интернетте, әлеуметтік желілерге атасының мұрасын жүктеп жүрген осы Мұхтар.

**- Алдағы жоспарыңыз қандай?**

- Жоғарыда аталған жұмыстардың барлығы соңғы 10 жылда атқарылған еңбектің жемісі. Алдымызда әлі талай істер күтіп тұр. Мәселен, биыл ақынның туғанына 135 жыл. Осы датаға орай еліміздің бірқатар өңірін аралап Кенен Әзірбаевтың ақындық-әншілік өнерін кейінгі ұрпаққа насихаттап жүрміз. Енді менің алдымда алынбаған тағы бір асу тұр. Ол әкемнің жыршылық-жыраулық өнерін елге таныту. Қазіргі таңда осы мақсатта жұмыс істеп жатырмыз. Жалпы Кенен Әзірбаевтың зерттелмей, танылмай жатқан тұстары көп.

- Бақытжан аға, уақыт бөлгеніңіз үшін, ашық әңгімеңіз үшін көп рақмет. Алдағы жұмыстарыңыз сәтімен іске асын!

**Сұхбаттасқан:**

**Қарлығаш Хашымқызы.**

**«Сарыарқа самалы» газеті, 2019 ж.**

*Өткен жылдар елесі...*

## **Б. КЕНЕНҰЛЫНЫҢ ӘР ЖЫЛДАРЫ ЖАЗҒАН МАҚАЛА, ОЙ ТҮЙІНДЕРІ**

### **ЕЛ БИЛЕУДІ ЕМЕС, ЕЛ БОЛУДЫ ОЙЛАЙЫҚ!**

*Құрметті оқушым! Бұл мақаланы осында аты аталған жеке адамдардың емес, сол кезеңдегі «Республика», «Сөз» атты газеттердің ұстанған позициясына қарсы жазылған ойтүрткі ретінде қабылдаңыз.*

*Автор.*

Көпті көрген дана адамнан:

- Еркіндік деген не деп? - сұрағанда:

- Шексіз-шектеусіз ойлау, алаңсыз ұйықтау, еркін тыныс алу! - деп жауап беріпті. Сол бір данағөйдің айтқандары бүгінгі таңда бойымызға етене сіңіп, ой-санамызды түбегейлі өзгертіп жатыр. Нені ойлайсың, қалай пайымдайсың? Нені айтпақсың? Оны қалай тұжырымдайсың? Бәрі-бәрі өз еркінде. Ғасырлар бойы тұншығып, тұмшаланып келген қазақы ойдың түңлігі көтеріліп, еркін сөйлеудің күні енді туды. Еңсемізді көтеріп, бой түзедік.

Бала кезімде естіген мынадай аңыз бар. Бізге беймәлім ерте-ерте заманда адамдар жер-суға таласып, бөлісе алмай қырық пышақ болып жатады екен. Кім алғаш келіп қазық қақса, сол жер, бүкіл аймақ сол жұрттың иелігі болып саналады. Жасы жетіп әбден қартайған қария жалғыз ұлын осындай алыс жолға аттандырып тұрып:

- Балам, қайда жүрсеңде аман бол. Бізге қарайлама. Құдайдың бұйыртқан жеріне барып жаңырақ көтер. Өз алдына ел бол. Жолыңа беретім мынау ғана, деп баласының алдына: жұдырықтай алтын, өткір қылыш, бір дорба дән қойыпты. Алтын – байлығың, қылыш – айбының, дорбадағы дән – азығың дейді. Сонда баласы тұрып:

- Жолда не күтіп тұрғанын қайдан білейін, әке. Бұдыры көп жер жатыр, танымайтын ел жатыр. Алтынды көрсе бай деп қалар, қылышты көрсе жау деп қалар. Алып жүруге екеуі де қауіпті. Маған анау дорбадағы дәнді берсеңіз болғаны. Ашықсам талшық етермін. Бейкүнә, бейбіт жүрген адамға ешкім де тиісе қоймас. Сөйтіп, діттеген жеріме аман-есен жетермін дейді. Бұған аң-таң болған әкесі батасын беріп жолға шығарып салған екен.

Расында, қолында суық қаруы жоқ, пейілі таза, бейғам жүрген адамға ешкім көз алартпайды. Көреген жігіт жұртын бастап суы мол, топырағы құнарлы жерге келіп тұрақтапты. Дорбадағы дәнді сеуіп, егін егіп өз бетінше тірлік құрады. Біраз жылдың ішінде елі де, жері де көркейіп бір аумақ елге айналыпты. Төңірегіндегі көрші жұрт мұның ізгі ниетін көріп тату қарым-қатынас жасай бастайды. Сөйтіп, аз уақытта көршілес елдермен бейбіт қатынас орнатқан жігіттің абыройы өсіп, даңқы арта түскен деседі. Сол көреген жігіт біздің түп атамыз Қазақ екен. Аңызда осылай дейді.

«Алтын көрсе періште жолдан таяды», «Тас атқанға, ас ат», «үйіңе жылан кірсе, басына ақ құйып шығарып жібер» дейтін қағиданы берік ұстанған халықпыз. Қазақы қарапайым тілмен пайымдасақ: «Ешкімнің ала жібін аттамайтын, ешкімге есесін жібермейтін, досқа құшағымызды айқара ашатын, дұшпанға қасқая тұрып мысын басатын, өзгені сыйлай білетін, өзімізді сыйлата білетін» қасиетіміз бар. Қонақжай, қанағатшылдығымыз ол өз алдына. Ақжүрек, батыр халықпыз. Ал қас батырдың баладай аңғал келетіні тағы рас.

Еркіндік алып, қолымызға бостандық кілті тиген күні бүкіл қазақ атаулы жұдырықтай жұмылып, тас-түйін болып түйіліп қалатындай көрінетін еді. Оның да аулы алыс екен. Абайша айтсақ: «бас-басына би болғысы келетіндер де» көп екен. Бұра тартып сөйлегенді ұнататын бір досым: «Бұл қазақтың басын біріктіру үшін қалмақ қырғыны сияқты тағы бір жойқын соғыс керек» дейтін еді. Соғыстың бетін аулақ қылсын, әрине. Бірақ осындай «осалдау» жағымыз әлі де бар екен. Ал іші шіріген жаңғақты шаға салу оп-оңай.

Тәуелсіздік деген «тәтті нандай» шайнап жұта салатын нәрсе емес. Өзінен өзі келіп басымызға қона салатын бақ құсы деуімізде ағаттық екен. Ол үшін бәріміз бір кісідей әрекет жасап «бір жағадан бас, бір жеңнен қол» шығарып, жұмыла күресуіміз керек екен. Халық жазушысы Шерхан Мұртаза айтқандай: «Бақыт деген де, шашу секілді елдің бәріне бірдей жете бермейді» екен. Бірақ соған жету үшін ұмтылу қажет, құлшыну қажет. Әрекетсіздік өліммен бірдей. Ақиқат, шындықтың жолы жалғыз. Өтірік, жалғанның жолы сан-түрлі. Шындықтың ащы болатыны, көр ретте кешігіп жүретіні де сондықтан болса керек.

Осындай алмағайып кезеңде, дүние түгел теңселіп тұрған сәтте бәрінен бұрын ел тағдырын ойлап, «жарғақ құлағы жерге тимей» жүрген өр мінезді ұлдарымыз да көп екен. Мұныға тәубе! «Халық айтса қалт айтпайды». Өзі таңдап, өзі қалап ел тағдырын, көш тізгінін ай мүйізді серкелерінің біріне ұстатты. Ол «мың өліп, мың тірілген» қазақ жұртының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Алдымен еңбектеп, содан соң тәй-тәйлеп, бірте-бірте буыны қатып бозбала шаққа жеткен тәуелсіз елдің еңсесі енді көтерілді. Осының бәрін елімен бірге Елбасы да бастан өткізді. Ащысын да, тұщысында бірге татып келеді. Елі де есейді, өзі де қанатын қомдаған қыран құстай самғап, биікке қанат қақты. Бүгінде қазақ елін жер жаһанның бәрі таныды. Кеселді, кесек сөйлейтін өзге жұртпен тереземіз тең болды. Көк байрағымыз сол елдердің көгінде де желбіреп тұр. Мойындайды, санасады, сыйлайды. Мұның бәрі айтуға оңай. Ал шындыққа жүгінсек, біз осы белестерден қалай өттік?

Ең қиыны тыңнан жол салу. Өзге жұрт салған соқпақ та, сүрлеу де жетерлік. Оны шыйырлау, өзгені қайталау, өзінді сыйламау болатыны нақ. Қалай қарап жүреміз, қайда қарап бағыт түзейміз? Ақиқаты қайсы? Дұрысы қайсы? Елді де, Елбасын да алдымен толғандырған осы жай болатын. Сонда, неден бастап едік? Тағы да сол көпке ұғымды, қарапайым сөзбен айтар болсақ оның мән-мағынасы тереңде жатыр. Өткенімізге көз жүгіртіп көрелік.

...Бізге жаппай қырып жоятын қарудың керегі жоқ. Біз одан

бас тартамыз. Жойқын қаруы бар елге өзге жұрт үрке қарайды, бойын аулақ ұстайды, сенімсіздік білдіреді. Тап қазір біздің алдымызда ол қарудан да қымбат мәселе тұр. Ол ел іргесінің тұтастығы, бейбіт өмір сүруіміз, тыныштығымыз, деді Елбасы. Бұған күмәнмен қарағандар да, дүрсе қоя бергендер де болды. Уақыт Елбасының бұл көрегендігін ақтап берді. Ел іргесі сөгілген жоқ. Қайта бұрынғыдан да абыройымыз артып, қазақ халқын бүкіл әлем танып отыр. Бейбітшіл, пейілі ақ ел деп қарайды.

...Тарихымыздың жаңа бетін жаңаша етіп жазамыз. Алдымен кең байтақ еліміздің «етек-жеңін» қымтап алайық. Ұланғайыр жерімізге, орасан мол табиғи байлығымызға көз алартатындар жоқ емес. Ендігі жерде, Алатау қазақтың айбыны болса, Сарыарқа елдігіміздің айғағы, абыройы болады деді Елбасы. Сөйтіп ұлы көшті бастап Арқа жеріне жол тартты. Бұған да көңілі толмағандар күңкілдесті, сәуегейсымақтар сырттан құмалақ ашып, «ақ жол», «қара жол» деп айбаттап жатты. Уақыт тезі мұның да дұрыс шешім, ақиқат екендігін айшықтап берді. Арқа төрінде арайлап атқан таңдай болып жаңа қала – Астана бой көтерді.

1998 жылдың көктемінде Арқаның төрінде алғаш рет құрбан шалып, Құрбан айтымызды қарсы алдық. Сонда: «Игілік, ізгіліктің бастамасы болсын. Бәріміз бір кісідей мешітке барып, алақан жайып мінәжат жасалық деп еді сол кездегі Парламент Сенатының Төрағасы Өмірбек Байгелді ағамыз. Мұнымыз жаңа Астанамызға деген жаңа тілектің, қуаныштың белгісі болсын. Мешіт – Құдайдың үйі. Мұнда қызметіңе, лауазымыңа ешкім қарап жатпайды. Осында келіп қол қусырып, тәжім еткен адамдардың бәрі бірдей. Мұны баспасөз бетінде жазып, теледидардан көрсетіп жарнамалап жатудың жөні жоқ. Оны дағбыртқа, насихатқа айналдыруға болмайды. Құрбан шалсаң шын жүрегіңмен, ақ пейілден, үнсіз жаса. Сонда ғана ол қабыл болады. Қарапайым халықтың көзбен көріп, іштей сезінгені артық, деп еді көпті көрген көсем аға.

Өрмекшінің торындай тұтасып, санамызды шырмап алған кеңестік таным-түсінігіміз ыдырап, көз алдымызда сөгіле ба-

стады. Бұл енді жаңа дәуірдің, жаңаша ойлаудың, жаңа лектің нышаны еді. Дұшпан күйінген, достарымыз сүйінген кез еді бұл.

...Ой-пікір таластырып, білген-түйгенімізді талапайға салатын кез емес. Уақыт оны күтіп жатпайды. Өзін қазақтың нағыз ұлымын, перзентімін деп санайтын әрбір азаматтың ақыл-ойы, күш-жігері бір арнаға құйылсын. «Ағайын ала болса ауыздағы кетеді», «Бірлік бар жерде, тірлік бар». Ел болу, егемен мемлекет құру жалғыз адамның қолынан келетін шаруа емес. Бұған кәрінің де, жастың да жұмыла атсалысқаны керек. «Ақылдасып пішкен тон келте болмайды» деді Елбасы. Бұған әзәзіл біреулер кекесінмен қарады, енді біреулер миығынан күліп қойды.

Әбіш Кекілбаев сынды данағөй ағамыздың қаламынан туған «Абылай хан» қойылымында Абылай хан бабамыздың аузына сөз сала отырып ел-жұртына жүгінді, бата-тілек сұрады. Өзі халқына, туған халқы өзіне ант беріп, серт жасасқандай көрініс еді бұл. Оның ар жағында ел-жұртымның көсегесін көгертіп, қайтсем бақытты етемін деп жалындаған Елбасшысының жалындаған жүрек алауын сезіну қиын емес.

Иә, Елбасы тағы не деп еді?

...Елдің болашағы ертең-ақ жас ұрпақтың қолына көшеді. Ұлы көшті, іргелі істі ары қарай бастап жүру үшін де білімді, білікті мамандар қажет. Түлкі құрсақ күн кешсекте жастарымызды оқытуымыз керек. Онсыз ілгерілеу болмайды, болашағымыз бұлыңғыр тартады. Ел басқару да өнер. Ойға шалымды, іскер, жігерлі жігіттеріміз болса қолынан қақпай басқару тетігін ұстатып көрелік. Үйренсін, ысылсын, тәжірибе алсын. Шаруашылықтың барлық саласында өз мамандарымыз болуға тиіс. Қанағатшыл елміз ғой, шыдайық, деді Елбасы. Сөйтіп, халықтың қолдауымен қомақты қаржы бөлдіріп жастарды жүздеп-мыңдап шетелдерге білім алуға жіберді. Іскерлігімен көзге түскен көптеген жастарға аса жауапты міндеттер жүктеді. Солардың көбісін қолынан ертіп өзі баулыды. Қазақы тілмен айтсақ «отқа да салды, суға да салды.». Елбасының осы үмітін ақтағандар да көп, ақтай алмай шегіншектеп, шеттеп қалғандар да бар. Ел ағасының бұл ісі де оң нәтиже берді. Оның жемісін енді көріп жатырмыз.



... Біздің елде де бай-бақуатты адамдардың көп болғаны дұрыс. Нарықтың негізгі көзі де осында. Ізденіндер, еңбек етіндер, табыс табыңдар, байлықтарыңды еселей түсіңдер. Бірақ өз пайдаларыңды ғана күйттеп кетпей, елді де ойлаңдар, жұмыс тауып беріңдер. Өйткені сол халықтың өкілі де, жанашыры да өздерің. Қолдағы байлықтың ырзығын солармен бөлісу керек, қолғабыс жасау парыз дейді Елбасы. Президентіміздің осы аманатын азаматтық борышым деп түсінгендер де, қара басының қамын ойлап жырақ кеткендер де аз болған жоқ. Шүкір, еліне бүйрегі бұратын, ұлтжанды, жанашыр, жасампаз ұлдарымыз көп екен.

«Елдікті айт, батырлықты айт – ел бірлігін сақтаған татулықты айт» дегенді ұлы жырау Жамбыл да өсиет етіп қалдырды. «Қазақ жерінде тұрып жатқан басқа халықпен тату-тәтті ғұмыр кешейік. Олардың тағдыр-тағлымы қазақ жерімен етене байланысты. Елдегі тұрақтылық, халықтар достығы болашағымыздың кепілі. Өзім деп өзеурей бермей, өзгенің де тілін, ділін, дінін сыйлап үйренейік» дегенді Елбасы үнемі айтып келеді. Ол ниетін бізде ғана емес, бүкіл дүние жүзіне паш етіп, дәлелдеп берді. Бүгінгі таңда жер жаһандағы дүйім ел бізге құлақ түріп, көз тігетін болды. Келешегі қарымды, бейбітшіл, пейілі таза ел деп таниды. Үлгі етеді.

Кенен де арманшыл ақын ғой, «Болсайшы» деген өлеңінде:  
«Бір ниетте, бір тілде халқым бірдей болсайшы,

Артығы жоқ, кемі жоқ салтым бірдей болсайшы» деп жырлаған екен. Біз осындай пікірді Елбасының өзіненде жиі естіп жүрміз. Өзге жұртқа сыйлы боламыз десек, алдымен өзімізді өзіміз сыйлайық. «Қазақ қазақпен қазақ тілінде сөйлессін». Ана тіліміздің мәртебесін өсіру, болашақ ұрпақтың бойына халқымыздың асыл қасиеттерін, салт-дәстүрін дарыту, санасына сіңіру бүгінгі күнгі ең көкейкесті мәселе екендігін үнемі айтып келеді. Оның да оң нышандары көп. Ел-жұрты өзінің тарихи бастауына қайта орала бастады.

«Сабыр түбі сары алтын» дегенді берік ұстанған Елбасы салиқалы ой түйеді, еліне оңтайлы сара жол іздейді. Қазақтың еншісіне тиген кең байтақ жері кен-байлыққа толы. Оны игеру

үшін көп қаражат керек, осы заманға сай озық өнеркәсіп, технология керек. Мұнайдың, алаулаған газдың тетігін өз қолымызға алу үшін парасатты, білімді мамандар қажет. Қазынамыз толықса қалған істің де оңай шешілетіні ақиқат. Біз ұстанатын басты бағдар-бағытымыз осы болуға тиіс деп еді Елбасы. Қателеспепті, Елбасының сол көрегендігі өз нәтижесін беріп отыр. Тек мұнай-газ өнеркәсібі емес, шаруашылықтың барлық саласы жандана түскендей, жаңа леп ескендей. Елдің еңсесі көтеріліп, езуімізге күлкі үйірілді. Қуаныш күлкісі. Жұрт мұны айқын сезініп отыр.

Ауылдың да күре тамырына қан жүгірді. Шаруалар қолдарын ысқылап іске құлшына кірісіп кетті. Осыны көріп отырып «сүйінші-сүйінші!» деп бар бар даусыңмен айғайлағың келеді. Расында да шын қуаныш бұл. Миллиондаған адамдардың жүрегіне жол тапқан Елбасының осындай келелі іс-әрекеттері, ой-пікірлері шексіз, сан-алуан. Мұны әрбір қарапайым адам осылай қабылдайды, осылай пайымдайды.

...Екі бірдей ұлы, ірі мемлекеттің арасына сыналай кіріп қазақтың сары даласы жатыр. Не көрмеген, нені басынан кешірмеген дала бұл. Ешкімге есесін жібермейтін ұлы да болған, өзге жұрт келіп басын иетін ірі де болған. Айбатынан «ат үркіп», байлығынан жер қайысқан. Дала төсін дүбірлетіп мал айдаған, ержүрек батырлығымен даңқы артып, дабысы төрткүл дүниеге кең тараған көнекөз ел жатыр. Осындай қасиеті мол киелі жердің бүгінгі мұрагері де, иесі де Қазақ елі – Қазақстан. Оның көшбасшысы, тұңғыш Президенті – Нұрсұлтан Назарбаев.

Мұным жәй көлгірсу емес. Көзбен көргендерім. Бабаларымыз осындай заманды аңсады. Біз сондай заманды бастан кешіріп жатырмыз. Бағзы біреулер: «Нұрсұлтан – Ата қазақ!» дегенді де айтып қалып жүр. Көкейге қонатын сөз. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегені болар. Мұны әзірге уақыт тезіне қалдыра тұрайық. Лайым, осы қуанышымызды көп көрмесін! Тіл, көзден сақтасын! Ата-бабалардың рухы қолдасын!

Елімізде болып жатқан осындай ұлы өзгерістерді, іргелі істерімізді бүкпей, бүгежектемей айтып отыру парыз. Мұны

бізге ешкім істеп беріп жатқан жоқ немесе ғайыптан пайда болып жатқан жоқ. Бәріде елдігіміздің, ел басқарып отырған ұлдарымыздың арқасы.

\*\*\*

«Біткен іске сыншы көп» дейтін сөз бар. «Көрмес – түйені де көрмес». Ондаған жылдар бойы төккен тер, атқарған істерімізді түкке жаратпай, қара жаға салатын әдет пайда болды. Мұндай «сәуегейлер» соңғы кезде тым ширығып, ашына түскен сыңайлы. Өткен жылғы (2004 ж) атышулы «Республика», «Сөз» газеттерінде жарияланған мақалаларды оқығанда, сүттей ұйып отырған елдің береке-бірлігіне, ынтымағына кері әсер ететін, Елбасының жеке басына арнап айтылған шашау сөдерден көзің бұлдырап, құлағың шыңылдайды. Баяғыда бір бейбақ: «Япырай, әкесін сабағанды көріп едік, бірақ арбаға байлап қойып сабау дегенді бірінші көруім» деген екен. Бүгінде соның кері келіп тұрғандай. Өздерін ел үмітін ақтайтын «жарылқаушымыз - оппозиционерміз» деп даурыққандардың бұл әрекеті саяси күрес емес, Елбасына, ел басқарып отырған азаматтарға шүйлігу, қасақана ұйымдастырылып отырған науқан іспеттес әсер қалдырады. Алдымен елдің шырқын бұзу, содан кейін Елбасының төңірегіндегі серіктерін ыдырату дейтін сұрқия пиғыл аңғарылады.

Мұны саяси ойынға да, бейбастыққа да жатқызу қиын. Бұған жайбарақат қарап отыру да күнә. «Батырлық пен батылдық» деген киелі ұғымды «бетбақтықпен, даурықпа бейшаралықпен» шатастырып алғандардың ішкі пиғылын айқындап, талдап көрсету парыз. Бұлардың түпкі ойы не? Ниеті қандай? Нені күйіттейді, нені көксейді? Демократия деген ойыңа келгенді істеп, аузыңа келгенді көку емес шығар. Әдеп сақтау, әбестікке бармау, әділ сөйлеу, байсалдылық, сабырлық көрсету халқымыз қастерлеген ерекше қасиеттер емес пе?

Өткен күзде Лондон қаласында өткен бас қосудан кейін қазақстандық «оппозицияшыл топтар» бұрынғыдан да ширыға түскен сыңайлы. Солардың іс-әрекеттеріне қарап, арнайы тапсырма, ақыл-кеңес алған ба деп қаласың. Артынша өздерін

Қазақстандағы «демократиялық күштердің үйлестіру кеңесі» атынан делегациямыз деп жариялаған бірнеше адам Украинаға да барып қайтты. Көктемде Қырғызстанда болған бұзақы әрекеттерге оң қабақ танытып, қолдау көрсетіп жатыр. Сондағы айтары бір ғана нәрсе. Баяғы «құрғақ шөппен ауыз сұрту» ғана. «Қазақстанда демократия жоқ, еркіндік аяққа тапталды, бүкіл билік бір адамның қолында қалды» дегенге саяды. Мындаған украиндықтардың алдында мұңын айтып, запыран құсты. Сендерді қолдаймыз, сендермен біргеміз! – деп жар салды.

Әділіне келсең бұдан артық қандай еркіндік керек? Бұдан асқан сөз бостандығы бола ма? Алайда бөтен елге еш кедергісіз барып, өз елінің президентін «жерден алып, жерге салып» қайтқан безбүйректердің: ар-абырой, ел намысы, ел бірлігі, халықтың тыныштығы, ізгілік деген киелі ұғымдар қаперіне кірмейтін де сияқты. Жат жұртқа барып мұңын шағып, көлгірсіген бейбақтарды кімнің қалай қолдап, қалай жарылқайтынын уақыт көрсете жатар.

«Кеше – Грузия, бүгін – Украина, ендігі кезекте – Қазақстан тұр» деп көпіртеді. «Бархатная, оранжевая революция» деп айдар тағып даурыққан әлгілердің көкейінде не тұр? Өздерін алапат дауыл көксеп, көкте самғаған М. Горькийдің «Дауылпазына» ұқсататын болу керек. «Революция» аңсап даурыққан осы жігіттер: «дегбірсіз ат сілкіншек, дегбірсіз адам жұлқыншақ» дейтін халық даналығын естіді ме екен? Жарайды, мұны да жөн дейік. Оппозиция болған соң күрестің қандай жолын таңдаса да өз еркінде. Бірақ оның әділетті, ашық, бейбіт әрекетке сүйенгенін қалар едік.

Мейлі жеке партия болсын, біріккен біртұтас оппозиция болсын ол бүкіл қоғамның кішкентай бір бөлігі ғана. Сонда өздерін оппозицияның «лидерлеріміз» деп жүрген ат төбеліндей үш-төрт жігіттің өз елінде болса бір сәрі, шетелге барып бүкіл қазақ қоғамының, барша қазақ халқының, қазақстандықтар атынан сөз сөйлеп, мәлімдеме жасауын қалай түсінуге болады? Біз сонда тегі жоқ, басшысы жоқ, заңы жоқ бұратана халықпыз ба? Тіпті Қазақстанда тұрып жатқан жүзден астам ұлттардың атынан аманат арқалап бару үшін де бедел, парасат, салиқалы

құқық керек шығар? Мұндай әрекетке бару саяси әрекеттен гөрі арандатушылыққа бір табан жақын. Ал одан асып кетсе, опасыздықтың да ауылы алыс емес. Осы бір ғайыптан пайда болғандай көшбастаушы болып шыға келген «сәуегей жігіттер» халықтың есінде қандай іс-әрекетімен, үлгі-өнегесімен қалып еді? «Жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» дейтіндей Асылбек Қожахметовтың саясат додасына қай жақтан, қалай келіп қосылғаны беймәлім. Бой тасалап жүрмесе, оны не «қайраткерлер», не қалталылар арасынан көрмеген екенбіз. Әйтеуір жер тепкілеген, басы қатты асау секілді.

Болат Әбіловты жұрт алдымен жолы болғыш бизнесмен, «Рамсторлардың» қожасы, кейіннен депутат ретінде танып білді. Бұл жігітке Елбасының өзі оң көзбен қарайды екен, болашағы бар, қарымды саясаткер болатын шығар деген ел арасында пікір қалыптасқаны да рас. Халықтың сеніп тапсырған жүз мыңдаған купондарын кәдесіне жаратқан жігіт, соны әлі күнге толық қайтара алмай әлек. Әлде бұл сабазың «Рамсторды» басқару, республиканы басқарумен бірдей деп ойлайтын болу керек. Алайда саясатпен ойнасаң да, халықтың сенімпейілімен ойнауға болмайды. «Жаман атқа жал бітсе, жанына торсық байлатпас» дегенді халық қалай тауып айтқан. Аяқ асты тулап шыға келген осы жігіттің президентке деген өкпесі «қарақазандай» екендігіне таң қаласың.

Болашағынан үміт күттірген азаматтың бірі Ораз Жандосов еді. Қазақтың біртуар ұлы, мемлекет және қоғам қайраткері, кеңес дәуірінде халқына қалтқысыз еңбек етіп, кейіннен халық жауы ретінде өлім жазасына кесілген Ораз ағамыздың есімін арқалаған жігіт. Үнсіз жүріп-ақ үлкен іс тындыратын іскерлігі жұртқа мәлім. Оның білімі мен біліктілігіне ешкім дау айта алмайды. Елбасы оның осы қасиеттерін бағалап, ел басқарудың, биліктің тұтқасын біраз ұстатып та көрді. Оған ел куә. Бірақ толқын қуған қайықтай өз бағытын таба алмаған күйі, ақырында оппозиция жағына шығып, сонда біржола табан тіреген сияқты. Бұл енді әр адамның өз қалауы. Бәлкім бұл еуропаша тәлім алып, дүние танымы еуропаша қалыптасқан, өз тілін, тарихын терең білмейтін қазақ жігіттерінің бәріне ортақ соры шығар.

Олардың көбі өз ұлтының салт-дәстүрін бойына сіңіре алмаған күйі, өз халқына жатбауыр болып, өз ұлтының өгей баласындай оқшауланып қалатыны содан болса керек.

«Халықаралық стандарт», «еуропалық таным», «батыстық көзқарас» дегендерді біздің өмір салтымызға келсін-келмесін жөнсіз тықпалай беру де белең алып отыр. Оның да озығы бар, тозығы бар. Таңдап, сұрыптап, байқап, сақтықпен қадам жасаған жөн. Тап қазіргі күні қай салада болмасын өзінің тарихи болмысына қайта орала бастаған біздің халқымыз үшін Еуропаның «күл-қоқысының» еш керегі жоқ, бізге олардың «саф алтындай» озық үлгісі ғана қажет. Саясатқа да, мәдениетке де өзгенің емес, өзіміздің ұлттық тұрғыдан қарайтын уақыт туды. Оған апаратын бір ғана жол: парасаттылық, байсалдылық, ненің болсын байыбына терең үңілу, бейберекеттікке жол бермеу, даңғаздаурықпа әрекеттен аулақ болу, елдің береке-бірлігін сақтау болмақ.

Барлық партиялардың, оппозициялық ағымдардың ішінде шоқтығы биік тұрғаны «Ақ жол» партиясы еді. Оның тең төрағасы Әлихан Бәйменовтың да есімі жұртқа көптен таныс. Ойға шалымды, екі тілде бірдей еркін сөйлейтін осы жігіттен жұрттың үлкен үміт күткені де рас. Елбасының төңірегінде осындай өрелі, байсалды пікір айтатын азаматтар көбірек болса дегенді әркімнен-ақ еститінбіз. Ол үміт ақталмады, күрт үзілді.

Өз бағдарламасында: «Біз Президенттің қазіргі жүргізіп отырған саясатына, бағыт-бағдарына қарсы келемейміз, тек болып жатқан демократиялық өзгерістердің қарқынды, нақты, ашық болуына ат салысамыз» деген ақжолдықтар келе-келе бұл сөзінен тайып, іргесін аулақ сала бастады. Тұщымды іс-әрекеті, қарымы, қауқары жоқ өзге оппозициялық ағымдарға барып қосылды. Бұдан ұтылмаса, ұтқан ештеңесі жоқ. «Ақ жол» партиясының соңғы сайлауда қатты сүрінгенін жұрт осыдан көреді.

Партияның атауы да «Ақ жол» деп тауып қойылған. Ақ жол – тазалықтың, ақ ниет, ақ тілеудің белгісі. Бұл даналығымен, адалдығымен елдің ұйытқысы, әділ көсемі болған аты ұранға айналып «Ақжол би» атанған Дайырқожа бабамызды да еске

түсіреді. Лайым бабалар рухы қолдасын! Әлихан бауырымыз «Атаның ұлы болма, адамның ұлы бол!» деген Абайдың дана сөзін тереңірек ұғынса екен дейміз. Ел-жұртымыз ақжолдықтарды билік үшін тартысқан, татымсыз, ұсақ-түйек әрекеттен бойын аулақ ұстап, халқымыздың бірлігін сақтап, іргелі іс атқаратын биік тұғырдан көргісі келеді.

Саясат додасындағы майталман ақсақалдарымыз кім дегенде, есімізге алдымен Серікболсын Әбділдин түседі. Саясат сардары атанған осы кісінің қайрат-қажырына, байыпты мінез-кұлқына тәнті екеніміз де рас. Кешегі кеңестік дәуірде де, бүгінгі кезеңде де биік тұғырдан түскен жоқ. Екі заманның да куәгері. Тыным көрмей әлі айтысып, әлі тартысып келеді. Кіммен дейсіз ғой? Баяғы Президентпен, президентті жақтаушылармен, баяғы үкімет басында отырғандармен. Уақыт керуені жылжып өтіп жатыр. Қоғам өзгеріп, талай жақсылықтарға қол жетті. Тынысымыз ашылып, ой-санамыз кеңейе түсті. Бірақ дау бітер емес. Қайта сол текетірес бұрынғыдан да күшейіп, өрши түскен секілді.

Пайғамбар жасынан асқанағамыздың елді бірлікке, татулыққа шақырған байыпты пікірін, аталы сөзін ести алмай-ақ келеміз. Өмірде тоқығаны да, оқығаны да көп дейтін ағаларымыз осылай болса, ақыл тоқтатпаған сарыауыз, желөкпе жастар не демесін. «Түйіні жоқ шешеннен, үндемеген есті артық» дейтін халықта сөз бар. Қасындағы «тентегіне», шалыс басқан жігіттеріне басу айтып, сабырға шақыру да үлкен парасаттылықты қажет етеді. Оппозиция деген – қарама-қайшы көзқарас, пікір таластыру, дауласу болғанмен, көзсіз жауласу емес шығар?

Әсіресе, Серікболсын ағамыздың «Сөз» газетінің 2004 жылғы 25 қарашадағы нөміріне шыққан мақаласы көп жайды ашып берді. «Қоғам қайығы баяғыда-ақ суға батып кеткен. Енді бізге жаңа қайық керек» деп ой түйген екенсіз. Алайда, «кұрдымға кеткен» сол қоғамдық қайықты құрастырушылардың, шеге қаққандардың бірі өзіңіз емес пе? Сол қайықтан орта жолда секіріп түсіп қалған өзге де жігіттер бар. «Күйі бірдің, күні бір», «бір қайықта жүзгендердің жаны бір» деуші еді. Әркім өз жанын ойлап, қамын ойлап секіріп қала берсе, қайық иесіз қалмай

ма? Қайта бірлесіп жасаған сол қайықтың ақауы болса жөндеп,, кем-кетігін түзетіп, дұрыс бағыт-бағдар бергеніміз жөн еді-ау! Ертеде егде тартқан адамдар: «қазымыр қылмай – «қазы»-ғып қартайта гөр» деп Алладан тілеу тілейді екен. Еліңіз сізден де сондай қазылық, парасаттылық, аталы сөз күтеді, Серікболсын аға!

«...Президентшіл жастар сайқымазаққа ұқсас «Нұрсұлтан-Қазақстан!» деп қосыла өлеңдеткенде, гитлершіл Германияда соғыс алдында болған жағдай еріксіз есіме түседі» депсіз. Бұл сөзіңізді жәй ғана пендешілікпен айтыла салған нәрсе деп ұқтық. Болмаса бес жастағы баладан бастап, еңкейген қартымызға дейін: «Коммунистік партия жасасын! Ұлы Ленин жасасын! КСРО жасасын! деп жетпіс бес жыл бойы ұрандатқанмыз кеше ғана емес пе еді. Соның ішінде Сіз де, біз де бармыз. Бұл аз болғандай: «Политбюро жасасын!», «Хрущев, Брежнев жасасын!» болып жалғасып кете беретін. Бұл жағдай біздің де есімізде. Тәуелсіз Қазақстанды, туған елін, тұңғыш Президентін мақтан еткен жастардың бұл ісінде қандай сөкеттік бар? Қайта бұған мақтанышпен қараған жөн.

Миллиондардың өмірін қиып, қанын жүктеген гитлершілдерді ауызға алудың өзі күнә. Бірақ нағыз қаныпезер дейтін Геббельстің өзі өлер алдында: «Мен, Гитлермен лаулап жандым, Гитлермен күлге айналамын» депті ғой. Амал не? Қаскүнем адамның аузынан шықса да, ой салатын сөз. Бұл бір кезде Елбасымен үзеңгілес болып дәм-тұзы жарасқан, енді қиын-қыстау кезеңде орта жолдан ат басын кері бұрып, шалт кеткен жігіттерімізге сын. «Ақымақ достан, ақылды дұшпан артық» деген осы.

Өткен жазда Семей өңіріне қонаққа барғанымды дастарқан үстінде айтқан ауыл ақсақалының мына бір сөзі көңілімнен кетпейді. «Қарағым, деді әлгі кісі. Бір атадан тараған азаматтардың бір-бірінің бетінен алып, ауыр-ауыр сөз айттып жағаласатындай аға балаларына не көрінді? Бөлісе алмай жатқандары не сонда? Бүкіл халық үміт артқан азаматтар бүйтіп жатса, елдің қамын ойлайтын ешкім қалмайтын шығар? «Болар елдің баласы бірін-бірі батыр дейді, тозар елдің баласы бірін



бірі қатын дейдінің» кері келіп тұрғандай.

Біз қырда жатқан қарапайым шаруа қазақпыз. Бізге бәрінен де елдің тыныштығы, ерлердің татулығы қажет. Осы даурығып жүргендердің бәрі де халықтың атынан сөйлегіш. Назарбаевтың істеп жатқандарының бәрі теріс, билік тізгінін бізге берсе «үйтер едік, бүйтер едік» деп көлгірсиді. Халық та ақымақ емес қой. Ненің асыл, ненің жасық екенін көріп-біліп отыр. Ел-жұрттың қалауымен, ақсақалдар батасын беріп көшбасшы етіп таңдап алған адамды құрметтемеу, аузына келгенді айтып көргенсіздік таныту дегенді қай атаңнан көріп едің? Басымыздан аяғымызға дейін алтынға бөлеп, үлде мен бүлдеге орап қойсандар да, ел іргесінің амандығы, бейбіт тірлігіміз ат басындай алтыннан да қымбат. Ел еңсесін тіктеп, әл-ауқаты жыл санап өсіп келеді. Теке-тірестің қажеті не? Қайта жік-жікке бөлініп алып билікке таласқанша, соны бір кісідей, бірігіп жүргізуге болмай ма? Неде болса бұл өрелі іс емес, жастарға теріс тәлім беретін қауіпті өнеге.» деп еді.

Қарт адамның қызына сөйлеген сөзін бөлмейін деп үнсіз тыңдадым. Менің ыңғайсызданып отырғанымды сезген болу керек: «Әлгі, Нұрсұлтан балам қайда қарап отыр. Мерседесінен түспейтін, жылы кеңседе отырып-ақ іс тындыратын, осы ауызбен орақ оратындарды топырлатып әкеп қойға салар ма еді, шіркін!» деп әзіл айтқан болды. Ешбір бүкпесіз ойындағысын ашық айтып отырған ақжүрек қарттың бұл сөзіне: «Сөз бостандығы, оппозиция деген бар, демократиялық қағида осындай» деп дауласып жатудың өзі ыңғайсыз. Оның үстіне қикар шал: «Үй, бүйткен демократиянды...сенің» деп қағып тастайма деп жүрексізденгенім де рас...

«Республика» газетінің бірінші бетіне әдейілеп берілген Елбасының судан шығып келе жатқандағы жалаңаш суретін көргенде ауыл қартының осы сөзі есіме орала берді. Бір қарағанда мұнда тұрған ешнәрсе жоқ секілді. Мәселен, Иракта Американың ұлттық туын жыртып табанға таптаған, президенті Буштың суретін дал-далын шығарып өртеген жайды теледидардан талай көрдік. Тіпті, ең мәдениеті озық ел дейтін американың спортшылары сол тудан бұтына трусси тіккізіп спорт алаңына

шығып жатады. Мұны тұрпайы, жабайылық десекте бұған көзіміз үйренген. Бірақ олар ежелден жауласып келе жатқан «атажау» елдер емес пе?

Ал кеше ғана тәуелсіздікке қолы жетіп, өзінің еркіндігін, елдігін әлемге таныта бастаған қазақ халқы үшін Президент деген сөз ерекше құрметке ие болуға тиіс. Жас та, кәрі де соған қарайды, қастерлейді, мақтан етеді. Тап қазіргі уақыт тұрғысынан алғанда Президент – біздің елдің символы. Ол Ата заңымызбен, Елұран, елдің туымен қатар тұратын, дәріптелетін киелі ұғым. Газеттің бұл әрекетінде: «өздерің қалап алған президенттің сиқын көріңдер, ол жалғыз қалды, жалаңаш қалды» деген сұрқия пиғыл жатыр. Тереңірек үңілсек тәуелсіз қазақ елін менсінбеу, келеке ету, қорлау деп те түсінуге болады.

Намыс оты тұтанған Мәжіліс депутаттары Төлеген Мұхамеджанов, Сатыбалды Ибрагимов, Михаил Трошихиндер бұл жөнінде өз ойларын айтып та салды. Республика Президентінің ар-абыройын қорғау жөнінде Ата заңымызда арнайы бап та бар. Бұл бейбастықты заң жолымен қарап, тиісті жауапқа тарту жөнінде пікір-сауалдар да айтылды. Әңгіме, оның прокуратурада немесе басқа да заң орындарында қаралу-қаралмауында емес. Осындай арамза пиғылдарға ел болып жұмыла қарсы тұруда, ер намысын бүкіл ел болып қорғай, қорғана білуімізде болса керек. Бұл енді елдігімізге сын. Ал газеттің әккі ұжымы болса, Дариға Назарбаеваның: «Бұл енді этика мәселесі. Бірақ дүние жүзінде паппарация деген бар, олар сізбен ақылдасып жатпай-ақ, сіздің жеке өміріңізден кез-келген суретті жариялай алады...» деген бір ауыз сөзін өздеріне демеу етіп: «...бірқатар депутаттар ыршып түскен мәселеге депутат Д. Назарбаева осылай деп басу айтты» дегенді көлденең тартты.

Демек паппарацияға сүйенсек біздің кез-келген ұл-қыздарымыздың суреті ертең-ақ, «Каравандағы» жезөкшелердің арасынан шыға келсе, оған таңдануға болмайды екен. Өйткені паппарацияға сот жоқ. Ол әрбір халықтың әдет-ғұрпы, ата-дәстүрі, менталитеті, ұлттық ерекшелігі дегенге пысқырып та қарамайды. Осыны терең пайымдай алмаған өзімізге де обал жоқ.

Осы ретте сонау кеңестер дәуірінің жетпісінші жылдары болған мына бір оқиға есіме түсіп отыр. Ол кезде күзге қарай әр мекемеден ауыл шаруашылығына көмекке адамдар жіберетін еді. Бізді де Шелек ауданына алма жинауға әкелді. Қос жұдырықтай апорттың қызығына түсіп, жабыла жұмыс істеп жатқанбыз. Кенет алма бақтың орта тұсынан айқай-шу шықты. Бәріміз жүгіріп сонда келдік. Ұйғырдың бір топ әйелдері әлденені айтып шу көтеріп жатыр екен. Ортада сыртқы киімдерін шешіп тастап, тәндері жарқыраған қаланың бірнеше әйелдері тұр.

- Қалай киінсек те, немен жүрсек те ол біздің жұмысымыз дейді әлгілер. Бәрі де суға түсетін адамдай жалаңаштанып алыпты.

- Маған десең, үйіңде тыр-жалаңаш жүр. Онда біздің шаруамыз жоқ. Ал мұнда сендер күнге қақталуға келген жоқсыңдар. Жас балалар, келіндер, қыздарымыз жүр. Ауылдың ер адамдары бар. Ұят қайда? Бұл не деген көргенсіздік? дейді қарсы жақ.

Ақыры әлгілерді қолынан сүйрегендей етіп алма бақтан қуып шықты. Міне, бұл да этика мәселесі. Намысына тиетін, елдің дәстүр-салтына кереғар келетін жайларды дұрыс ұғына білу де, оған қарсы күресе білу де ұлтжандылықты, көрегенділікті қажет етеді.

Елбасына дүрсе қоя берген оппозициялық газеттер президенттік сайлау науқанын осылай бастап та жіберді. Келесі президенттік орынға кім лайықты, кім болуға тиіс?- деп шарқ ұрады. Уақытынан бұрын шақырған қораз секілді өз таңдауларын жасап та қойған сынайлы. Сондағы «құда түсіп» жатқандары кім? Әттен, қолдан келсе баяғы Ресей тарихында болған «лжедмитрий» сияқты, шетелде жүрген Қажыгелдиннің өзін-ақ алдыртар еді. Бірақ оның орайы келмей тұр. Тағы бір діттегендері Олжас Сүлейменов, Жармұқан Тұяқбай. Бұл екі азаматтың да халқына сіңірген еңбектері орасан зор. Оған ешкім дау айта алмайды.

Олжас аты әлемге мәшһүр қазақтың біртуар ақыны. Қоғамда өз орнын ойып алған қоғам қайраткері, ғұлама ғалым. Бізге ол ең алдымен сонысымен қастерлі. Алайда, қанша мақтан тұтсақ та осы жігіттің өз еліне емес, өзгеге бүйрегі бұрып тұратыны

түсініксіз. Олжастың мемлекеттік тіл, ұлттық мәселелер жайлы айтқан ұшқары пікірін әлі ұмыта қойған жоқпыз. Ондайда атам қазақ «қанына тартпағанның, қары сынсын» деп кесіп айтқан ой.

Тағы сол «Сөз» газетіне берген мақаласынан баяғы әуенді аңғару қиын емес. Өзге ұлттың өкілдеріне, әсіресе, Қазақстанда тұрып жатқан орыстар мен орыс тілділерге қысым көрсетіліп жатыр дейтін жалған пікірді соңғы кезде оппозициялық газеттер барынша көпірте жазып жатыр. Қазақтан гөрі орыс тілділерге жанашырлық көрсеткен ақынның сөзін сол қалпында бергенді жөн көрдім. Ол былай дейді: «...Посмотрите на экран телевизора, посчитайте там лица с европейской внешностью. У нас почти не осталось неказахов во властных структурах: законодательной, исполнительной, правоохранительных структурах. Сколько у нас политических партий? 12! Но хоть одну из них возглавляет, например, русский?»

Бұған қандай уәж айтуға болады? Біріншіден, бүкіл теле-радионы түгелдей дерлік орысша телеарналар мен орыс тілділер «жаулап» алғаны кеше ғана емес пе еді? Қазақ журналистерін аз ғана қазақ тілінде жүргізілетін бағдарламаларда болмаса, есіктен сығалатпайтын. Телеоператор, дыбыс операторы т.б. мамандықтар алу деген қазақ жігіттері үшін арман еді. Оған сол кездегі саясат көмектесті. Идеологияның ең тиімді әрі қарымды құралы ретінде орыс тіліндегі бағдарламаларға басымдылық берілді. Қазіргі күні тілін сындыра алмай әлекке түсіп жүрген, қазақ тілінен жеріп қалған «мәңгүрт» ұрпақ сол кезде қалыптасты.

Екіншіден, сіз көпсініп жүген теледидардағы қазақ жастары тек қазақ тілінде ғана емес, орыс, тіпті ағылшын тілінде де еркін сөйлей алатын кейінгі ұрпақ. Тәуелсіз Қазақстанның жемісі. Бұған қуанбасақ, шошынатындай себеп жоқ. Үшіншіден, билік құрылымында да қазақ жастары, қазақ тілділер көбейді. Орыс тілін орыстардың өздерінен артық білмесе, кем түспейтін жаңа толқын келді. Олардың ішінде шетелдерде оқып, тәжірибе жинақтап келгендері қанша? Сондықтан, биліктің барлық саласында өз ұлтымыздың білікті мамандары отырса ол заңды

құбылыс, уақыт сұранысы. Бұл жерде ешкімге қысастық көрсету, қысым жасау жоқ.

Ал бір Қазақстанда 12 партия болса, ол да демократиялық бастаманың, еркіндіктің нышаны. Әр партияның басында отырғандардың да, партия мүшелерінің де дені қазақтар. Біз халқының саны миллиардтан асып түсетін Қытай емеспіз ғой. Сөйте тұра, олармен салыстырғанда, ат төбеліндей қазақтарды әртүрлі саяси ұйымдарға топтастырып, бөліп алған қауқарсыз, беделсіз партияларды орыс ағайындар не қылсын? Олар бұған миығынан күліп отыр. Бас басымызға даурығып, алаөкпе болғанымызға күледі.

Ж. Тұяқбай жайлы «Сөз» газетінде: «ол президенттің әдейі тапсырма беріп, жіберген адамы болуы мүмкін» деген ұшқары пікір де айтылыпты. Артынша онысын жуып-шайғандай Ж. Тұяқбайдың көреген саясаткер, таза, адал екендігіне сенеміз деп көлгірсиді. Бір адам жайлы екіұшты пікір білдірген газеттің мұнысына күлкің келеді. Ж. Тұяқбай мырза саясатқа кеше келген адам емес. Өзіндік көзқарасы, түйінді пікірі, беделі бар қайраткер. Оны жоғары лауазымдарда жүріп атқарған қызметінен нақты көруге болады. Оған күмән жоқ.

Алайда, реформаның бастапқы кезеңінен бастап, күні кешеге дейін Елбасының ең сенімді серіктерінің бірі болған адамның аяқасты оппозиция жағына шығып кетуі жұрттың көңілінде сызат, әртүрлі пікір қалдырды. Ел аузындағы әрқилы топшылау, жорамалдарды айта берсек толып жатыр. Соның ішінде негізгісі «ендігі президент мен болып қалуым мүмкін» дейтін шайтан үміт жатса керек. Рас, ақыры Президенттің жүргізіп отырған саясатымен келіспейді екен, өзге оппозиция өкілдері секілді о бастан-ақ «ат құйрығын» кесісіп, шалт кетуге болатын еді ғой. «Сайлау әділетті өткен жоқ» деп ат басын кілт бұрғанын жұрт жәй ғана сылтау деп ұқты. Ондай дабырға бармай-ақ, «Отан партиясы» жасасын!» деп ұрандатпай-ақ, тіпті депутаттық додаға түспей-ақ (ақыры одан бас тартатын болған сон), кесімді сөзін әлде қашан айтып, мәлімдеме жасауға болмайтын ба еді. Айналсоқтап, бір нәрсені күткендей, қимағандай пейіл танытты. Аңдысын аңдып, орайлы сәтін күткен әккі саясаткердің бұл әрекетін жұрт осылай қабылдады.

«Республика» газетінің бетінен түспейтін, тіпті бір нөміріне бірнеше мақала беретін Мұқаметжан Әділов: «...президент өзінің жалғыз қалғанын түсінген болу керек, ендігі жерде отыздағыларға, яғни тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы студенттерге, аспиранттарға, жас мамандарға сенім білдіріп отыр» деген сәуегей пікір айтыпты. Ол әрекет бүгін пайда болған нәре емес. Болашақтың тізгінін жастарға ұстату заңды құбылыс. Елбасының мұндай әрекетін жұрт бұрыннан көріп-біліп жүр. Осы күндері жауапты қызметтерде отырғандардың, шаруашылықтың сан-алуан салаларында еңбек етіп жүргендердің басым бөлігі жастар. Болашақтың иесі жастарды баулу, жастарды оқыту, ел билеу тетіктерін үйрету түптеп келгенде Елбасының көкейкесті арманы болатын. Сондықтан да кеңестік кезеңде «күшігінен таланған», солақай саясаттың мектебінен үйренген, «өркөкірек-менмен», «атаққұмар», жершілдік, рушылдық пиғылдағы қызметкерлерден гөрі, жаңаша ойлайтын, нарықтың тетігін терең меңгерген, үнемшіл, жаны таза, арманшыл жаңа буынның келгені әлдеқайда тиімді.

Сөйтіп, қазақстандық оппозиционерлерге «шабыт» берген Украинадағы, кешегі қырғыз елінде болған текетірес те өз мәресіне жетті. Қырғыздың бұрынғы президенті орнын босатты. Ал елдің тең жартысы қолдаған Украинаның жаңа президенті өз тағына отырды. Алайда, іс осымен бітті ме? Жоқ. Екіге қақ жарылған жаңғақ тәрізді халық екі айрылып арасына жік түсті, көңілдерінде сызат қалды, бір-біріне деген салқындық пайда болды. Оны «емдеу», қалпына келтіру оңай шаруа емес. Ол ұзаққа созылатын індет. «Украинада, Қырғызстанда болған осы «спектакльді», енді Қазақстанда да қоюға болады. Оған біз дайынбыз, әрі солай істейміз» деп даурыққан желөкпелер осыны терең пайымдай алар ма екен?

«Сөз» газетінің өткен жылғы бір нөміріне суретімен қоса басылған Заманбек Нұрқаділовтың мына бір қанатты сөзіне ой жүгіртіп көрелікші: «...қазақ халқы жөкеден тігілген осал мата емес екендігі де рас. Намыс үшін, әділет үшін қасқайып қарсы тұратыны да рас. Бірақ сіз айтқандай «бунтарь» емес, ақылгөй, байсалды халық. Амангелді бабамыз әділет қылышын

жарқылдатып атой салса, ақ патшаға қарсы шықты. Елдігімізді қорлаған, намысымызға тиген озбыр жауға қарсы шапты. Махамбет те халқының ар-ожданы, еркіндігі үшін басын тікті. Бірақ ол басқа заман, басқа орта...».

3. Нұрқаділовтың бұл сөзінде үлкен шындық жатыр. Рас айтасыз, қазіргі күні де соңына халықты ерте білетін адамдар жоқ емес. Бірақ олар қайда бастайды, кімге қарсы шабады? Гәп сонда.

Оппозиция жігіттері құлшынып отырғандай, көпшілікті көшеге бастап шығу қиын емес. Бірақ оны байсалдылық танытып, ушықтырып алмай, бейбіт жолмен басқару оңай ма? «Шың басына қалықтап қыран да шығады, жер бауырлап жылан да шығады» дейтін сөз бар. Солардың арасында ақыл тоқтатпаған, албырт жастар да, оңтайлы сәтін күткен әккі, арамза жаулар да болады. Сүттей ұйыған елдің ынтымақ-бірлігіне, тыныш өміріне, тату-тәтті тірлігіне қызғанышпен қарап отырған қара ниетті адамдар да болады. Сырттай аңдып, ел ішіне сыналай кірудің орайын таба алмай жүрген өзге де күштер бар. Оның үстіне ұлт болып қалыптаса алмай жатқан, әлсіз, әлжуаз, даурықпа тұстарымыз да жоқ емес.

Екі жаққа бөлінсе де, аралас жүріп бірінің арқасынан бірі қағып қоятын украиндықтардың үлгісін жасай аламыз ба? Оған өреміз жете ме? Сынай айтылған бір ауыз сөзге бола «шытынап, жауығып» шыға келетін қазақы мінезіміз оны көтере алар ма екен? Кешегі қырғыз туысқанның кейпін киіп жүрмейміз бе? Қолмен істегенді мойнымен көтеретін, соған жауап беретін кім? Айта берсең көңілді күпті қылар жәйлар көп. Мұнымыз елді қорқыту емес, алдын ала сақтандыру ғана. Елбасы қайта-қайта айтып жүрген еліміздің қауіпсіздігі дегенді естен бір сәт шығармасақ екен!

Шашасына шаң жұқтырмайтын саяаткерлеріміз, аузы дуалы деген ақсақалдарымыз, ақылгөй аға буын осы жайлы жабыла айтар, жарыса жазар деп күткен едік. «Қай жеңгенің менікі» дейтін мінез танытып, бармағын бүгіп, артын күткендей үнсіз жатыр. Ал мұндай сәтте үнсіз қалудың өзі қиянат әрі қауіпті. Алапат дауыл болардағы теңіз суының ішін тартып, тына қалатыны сияқты.

«Асыл менен жасықты салмағынан танысың!» демекші қарқыны күшті президенттік сайлау да мәресіне жетер. Халық өзіне лайықты, білгір-білікті деген ұлдарының бірін таңдап та алар. Оған күмән жоқ. Алайда ұлы көшті талай қиын-қыстау кезеңнен шашыратпай, аман-есен алып өткен Елбасының ерен еңбегін, көрегендігін айтпай кету күнә. Тап қазіргі алаңсыз тірлігіміз, Қазақстандағы барлық халықтың бір кісінің баласындай тату-тәтті өмір сүріп жатқаны, рухани, діни татулығымыз Елбасының арқасы екендігінде шүбә жоқ. Оны бүкіл әлем мойындайды, өзіміз де көріп-біліп отырмыз.

Әйтеуір қандай жағдайда да ел іргесінің сөгілмеуін тілейік. Халқымыздың бірлік-татулығына сызат түспесе екен. «Жау қайда деме жар астында...» деген халық даналығын естен шығармасақ екен. Саясатпен ойнаймыз деп, от басып, опық жеп жүрмесек не қылсын! Өйткені замана ішін тартып, теңселіп тұр.

*Бақытжан Кененұлы*  
*«Дала мен қала» газеті, 2005 ж.*

### *Мәнін жоғалтпаған ой пікірлер*

## **ТЕАТРДЫ ТІРІЛТСЕК...**

Қаншама жылдар өтсе де 1991 жылғы сәуір айының 3-4 күндері өткен Қазақстан Театр қайраткерлері одағының II съезінде айтылған пікірлер, ойтүйіндер күні бүгінге дейін өзінің өміршең мәнін жоғалтқан жоқ. Жұртшылықтың құлағын елең еткізген бұл бас қосу әсіресе театр саласында еңбек етіп жүрген мамандар, әртістер, драматург-режиссерлар қауымы үшін үлкен оқиға болып еді. Осы бас қосуда қаралған мәселелер туралы, өзек өртеген олқылықтарымыз бен «әттеген-ай!» дейтін өкініштеріміз жөнінде сыр шерткіміз келеді.

Қазақстан Театр қайраткерлері одағының сол кездегі президенті, халық әртісі, бүгінгі таңда Халық қаһарманы атанған мархұм Әзірбайжан Мәмбетов еді. Ашық әңгімені жүргізген –



Театродағы президентінің шығармашылық мәселелер жөніндегі орынбасары Бәйтен Омаров пен журналист Бақытжан Әзірбаев. Қазақ театрының көсегесін қайтсек көгертеміз, абыройын қалай арттырамыз, әлемдік деңгейге қалай жеткіземіз, деп жар құлағы жастыққа тимей жүретін ұлтжанды, намысқой аға ұрпақтың барлығы дерлік бүгінде арамызда жоқ. Дүниеден озды, уақыт тезінен өтіп кетті. Сол кезде алынған сұхбатымыз былай өрбіді:

**- Бәйтен Уәлиханұлы, көптен күткен съездің өткеніне де біршама уақыт өтті. Съездің тартыспен, қызу өткені де белгілі. Делегаттар арасында көптеген мәселе төңірегінде келіспеушіліктердің болғаны да рас. Съезд жөнінде өзіңіз байқаған, түйген ой-пікірлеріңізді білгіміз келеді.**

- Ең алдымен айтарым- мұндай үлкен жиындар, бас қосулар дау-дамайсыз өтпейтіні бесенеден белгілі. Мұны съезд қарсаңында-ақ сезінгенбіз. Бүгінде қандай мәселе болсын бүкпей ашық айтуға «жариялылық» деп жүрген қазіргі уақыттың өзі меңзегендей. Оның үстіне қазақтың театр өнері төңірегінде соңғы жылдары қордаланып қалған мәселелер қаншама десеңіші! Соның бір-екеуін ғана тілге тиек етсек әңгімемізге жетіп қалар.

Халық арасында: «Дауға барсаң бірін бар, жауға барсаң бәрің бар» дейтін қанатты сөз қалыпты. Осы ұлағатты сөзге жүгінсек, съезд сияқты үлкен жиынға келген әрбір делегат өз театрының бүгінгі жағдайын, хәл-ахуалын, жанына батқан мәселелерін ашық айтуға, айтып қана емес-ау, соның түйінін тауып, соны шешіп қайтуға жиналған әр театр ұжымының өкілдері емес пе? Міне, сол делегаттардың (әрине, қазақ театрларынан келген) басым көпшілігінің пікірі ұлттық ерекшелігімізден, ұлттық бояуымыздан, содан келіп ұлттық театрымыздан айрылуға шак қалдық дегенге саяды. Ал бұған кім кінәлі? Дегенде аузымызға «имандай» үйіріле кететін үйреншікті сөз: «тоқырау» заманы, одан қалса театр өнерінің бүгінгі басшылары» деген жауыр болған қағида. Егер шындықтың жолы ауыр десек, бұл соған жетудің ең жеңіл әрі мағынасыз соқпағы деп білемін. Мұндай дағдарысты тек театр ұжымдары ғана бастан кешіріп отырған жоқ.

Ұлттық театрларымыздың шығармашылық тұрғыдан өркендеуіне, жан-жақты дамуына тиісінше көңіл бөлмей отырған Қазақстан Театр қайракерлері одағының басшылары және оның қызметкерлері кінәлі деу ағаттық болар. Бір адамды екінші адаммен ауыстыра салғаннан ұлттық театрларымыздың жүгі жеңілдеп, тасы өрге өрлей береді деу, баланы кәмпит беріп алдарқату сияқты әңгіме ғой. Өкінішке орай, Әзірбайжан Мәмбетов жасаған баяндамадағы көкейкесті мәселелердің байыбына барып, келелі ой өрбітудің орнына съезд жұмысын осындай даурықпа арнаға бұрғысы келгендер де болды.

Жетпіс жылдан астам уақыт бойы бүкіл сахна өнерін Еуропалық үлгімен құрып, соған еліктеп, содан үйреніп келген бүгінгі ұлттық театрларымызды бірден өзгерте қою оңай шаруа емес. Қайта құрылу, қайта жаңғыру, жаңа сипат беру үшін де уақыт керек, тәжірибе керек, қала берді білікті, шынайы ұлттық ортада тәрбиеленген, тарихымызды тереңнен толғай білетін театр мамандары керек.

«Бізде бүгін түк жоқ» деп ауызды қу шөппен сүртудің де қисыны жоқ. Дарынды драматургтер де, талантты режиссерлар да жоқ емес. Ал ұлттық театрларды өркендетіп, заманымызға сай жаңа сипаттағы қойылымдар қоямын деген маманға кім қой дейді, кім қолын қағады. Жамбыл, Талдықорған, Семей және т.б. облыстық театрлардың әрқайсысын орта буындағы тәжірибелі мамандар басқарып отыр. Бәрінің де өз билігі өзінде (шаруашылық есепті айтып отырмын). «Түйіні жоқ шешеннен, үндемеген есті артық» демекші, бүгінде нақты істен – сөз көп, ізденуден – ілік көп-ау деймін. Көбіміздің «дағдарып» отырғанымыз да содан шығар. Болмаса, М. Әуезов атындағы драма театрында көп жылдан бері режиссер болып келе жатқан Қадыр Жетпісбаевтың: «Біз бүгінде ұлттық өнеріміздің қайда екенін білмейміз» деуіне не жорық. Бүкіл қазақ театр өнерінің қарашаңырағында отырып ұлттық өнеріміз қайда кеткен деп алақан жаятын болса, онда өзгелердікі «жөн» екен!...

**- Баяндамада да, жарыссөзге түскендер де қазақ драматургиясы, режиссурасы жайлы көптеген пікірлер айтты. Бәлкім, театрға деген көрермендердің құштарлығын**

## **арттырудың негізгі көзі осында болар? Әлде бұдан да өзге жолдары бар ма?**

- Бұл өте ауқымды мәселе. Өйткені драматургия мен режиссура құстың қос қанаты іспеттес. Екеуі де мықты болып, бірін бірі толықтырып жатса, театр өнерінің самғап биікке көтерілері даусыз. Сонда жақсы драматургтер мен режиссерді қайдан табамыз демексіз ғой. Бұл ендігі жерде әр театрдың өз құқығына, таңдауына байланысты. Өйткені әр театр өзіне сай репертуар іздеуі керек. Мұның өзі әр театрдағы әдеби бөлімінің тікелей міндеті болуға тиіс. Сол себепті Қазақстан Театр қайраткерлері одағының жаңа қабылдаған жарғысында көрсетілгендей шарт жасасу жүйесіне көшкен тиімді. Заңды шарт жасалса, дұрыс қаламақы төленсе дарынды драматург те, режиссер де табылары ақиқат. Ал ондай жерде озық қойылымның туатыны өз-өзінен түсінікті. Әсіресе ондай театрдың беделі де, белсенділігі де арта түседі. Тіпті мұндай шартты көрермендердің көзайымына айналған, ел арасында беделі бар жекелеген әртістердің өзімен де жасауға болады. Мұның бәрі театрға келушілердің санын арттыра түсері сөзсіз. Осыдан келіп жауапкершілік күшейеді, қойылымдардың көркемдік сапасы арта түседі.

Тағы да бір айта кететін жәй- спектакльдерді көрермені көп қалалы жерлерге жиірек қоюға ұмтылған жөн. Жаз айларында шағын топтарға бөлініп, гастрольдерге шығудың аса тиімді емес екенін, бүгінгі күннің талаптары дәлелдеп отыр. Әртістердің негізгі тобы театрдың өзінде қалып, жаңа қойылымдар қоюға жұмылдырылғаны дұрыс-ау деп ойлаймын. Мұның өзі қойылымдардың санына да, сапасына да оң ықпал етер еді.

Өйткені, облыс орталығындағы әр театрдың негізгі көрермендері сол қаланың тұрғындары болуға тиіс. Аптасына бір-екі спектакль қоюмен шектелу көрермендерді тартудың жолы емес. Олармен үнемі байланыста болған абзал. Әсіресе, жас ұрпаққа тәлім-тәрбие беретіндей, замана талабына сай келетін әртүрлі тақырыпта қойылымдарды көбірек көрсету керек. Бұған әрине жергілікті басшылық тарапынан көмек көрсетіліп отырса нұр үстіне нұр болар еді. Ұсақ-түйек, арзан күлкіге құрылған туындыларға үйірсек болу да театрларымыздың

мерейін арттыратын жол емес. Көрермендерді спектакльдерге тартудың бірден-бірі жолы: ұрпақты тәрбиелеуде болса керек. Тәрбиелеу деген отырғызып қойып, театр жайлы, өнер жайлы ұзын сонар әңіме айтуда емес. Баланы сонау балабақша кезінен-ақ, одан қалса мектепте оқып жүрген оқушы кезінен-ақ театрларға ертіп барып, көзін үйретіп, санасына құя берген абзал. Кино сияқты театр да үлкен тәрбие ордасы екенін ұмытпаған жөн. Ертеңгі көрерменді бүгін дайындаған жөн. Қысқасы, әрбір театр өз ортасының қарашаңырағына, өнер отауына айналуы тиіс қой.

**- Съезд барысында «Әзеке, (Ә. Мәмбетов), сіздің көмекшілеріңіз кім? Одақтың қызметкерлері немен айналысады? Олардың тарапынан ешқандай шығармашылық көмек көріп отырған жоқпыз» деген сауалдар айтылып қалды.**

- Бұл, әрине, одақтың ішкі тіршілігін білмейтіндердің әрекеті. Болмаса, Қазақстанда өткізілген сонау «Наурыз» халықаралық театр фестивалінен бергі бүгінгі съезге дейінгі аралықта өткен режиссерлардың, театр директорларының, суретшілердің, драматургтардың және т.б. бас қосулары, көптеген семинарлар, конференциялар Одақта істейтін ат төбеліндей аз ғана мамандардың (9 адам) ұйымдастыруымен болып жатқан жоқ па? Бұлардың әрқайсысы театрдың әртүрлі саласын жақсы білетін, арнайы білім алған білікті мамандар. Ал шығармашылық көмек дейтін болсақ, республикамыздың қай театрының болсын жылт еткен жаңалығына елеңдеп, табына қуанып отыратындар да осылар.

Әрқайсысы өз мамандығына байланысты облыстық театрларға барып, келген соң өз есептерін өткізіп отырады. Осы есептерде көрсетілген мәселелерге байланысты Одақ өз тарпынан тиісті шаралар қабылдайды. Соңғы бір жарым жылда театрлардың жұмысы, туындаған мәселелері бойынша 30-ға жуық рецензиялар, ой-пікірлер, тұжырымдамалар баспасөз беттерінде жарық көрді. Бұған Одақтың өз ішінде болып жатқан ұйымдастыру, бағдарламалық жұмыстарын, Алматы театрларына байланысты іс-шараларды қосыңыз.

**- Бәйтен Уәлиханұлы, съезд барысында жас актерлерге қамқорлық жасау, жаңадан ашылған театрларға нақты көмек көрсету, зейнеткер әртістерімізге қосымша қаржылай жәрдемдесу туралы әңгіме не болды? Бұл, әрине, жәй ғана айтыла салған сөз емес шығар?**

- Әрине, дәл қазір осының бәрін орындай аламыз, десем артық айтқандық болар. Мұның бәрі, айналып келгенде қаражатқа келіп тіреледі. Дегенмен, соңғы бір-екі жылда осы мәселелерді шұғыл шешу үшін бірқатар істер атқарылып жатыр. Оның негізгі тірегі нарықтың сұранысына орай қаржы табудың жаңа көздерін табу яғни одақтың экономикалық қызметін жан-жақты дамытуға келіп саяды. Бұл тұрғыдан Одақтың қаржы саласының мамандары ұсынып отырған бағдарламасы әрі өміршең әрі көңілге қонатын іс. Мұнда Театр қайраткерлері одағының жаңа жарғысына орай дербес кәсіпорындар, бірлестіктер, ассоциация, коммерциялық ұйымдар ұйымдастыру шаралары қарастырылып отыр. Бұл жөнінде съезде де жылы лебіздер айтылып, қолдау көрсетілді. Қысқасы, осындай ауқымы кең істерді тезірек жүзеге асырғанда ғана, қай тұрғыдан да нақты көмектің болатыны ақиқат. Өз басым бұған кәміл сенемін.

**- Өзіңіз бас-көз болып отырған «Бенефис» театрының қазақ бөлімінің тағдыры кімді де болса бей-жай қалдырмасы хақ. Алғашқы аяқ алысы жаман емес сияқты...**

- Шындығын айтсақ, жақсы ниетпен бастаған істі аяқсыз қалдырмас болар. Шағын ғана топтан тұратын бұл театрдың болашағы зор. Қандай қиындықтар болса да мұндағы қазақ тобы бар мүмкіндігін пайдаланып келеді. Тіпті, жалақысыз тегін істеп жатыр десе де болады. Аз уақытта «Айса пайғамбардың анасы», «Арыстанбайдың Мұқышы», «Кұрымбай, Дайрабай» және т.б. шағын спектакльдерін қойды. Тағы екі қойылымды әзірлеу үстіндеміз. Болашақта көрермендердің көңілінен шығатындай, уақыт талабына сай келетін жаңа туындылар қажет-ақ. Қалғанын уақыт көрсетеді.

**- Реті келгенде айта кетейін. «Сахна» деп аталатын шағын басылымның басы-қасында жүрген соң бүйрегін бұрмай тұрмайды екен. Ақын -жазушылардың өздеріне тән**

**дербес газет-журналы бар, кино саласының да өз журналы («Қазақфильм») бар. Қазақстан Театр қайраткерлері одағы деген атына сай бізге де театр өнеріне арналған салықалы бір басылым керек-ау! деген ой көңілімнен шықпайды.**

- Сөзіңнің жаны бар. Театр өнерінің сан-алуан мәселелерін қозғайтын бір мінбер керек екені ақиқат. Оның бетінде сыншыларымыз сынасып, режиссер, актерлеріміз өз пікірін айтып жатса қандай ғанибет. Оның үстіне ондай басылым көрермендерді тәрбиелеу үшін де, жалпы жұртқа театрларымыздың тыныс-тірлігін көрсетіп отыру үшін де қажет. Бірінің жаңалығын бірі журнал арқылы біліп отырған театр ұжымдары, әртістеріміз, режиссерлеріміз бірін-бірі жатырқамас еді, қайта етене жақындаса түсер еді.

Бұл пікіріңді Одақ басшыларының ойына салуға уәде етемін. Етек-жеңімізді жинап алсақ, бұл ойың да іске асып қалар. Халқымыздың «сабыр түбі – сары алтын» дейтін аталы сөзін естен шығармайық. Аз сөйлеп, көбірек іс тындыратын уақыт жетті.

**- Әңгімеңізге көп рақмет!**

*Сұхбаттасқан Бақытжан Әзірбаев  
«Халық кеңесі» газеті, 1991 ж.*

*Автордан: Содан бері 30 жылдың жүзі бопты. Мен армандаған сол басылым әлі шыққан жоқ. Мен болсам 75-ке келдім.*

## **ЖИЕНБЕТ ЖЫРАУ БОРТАҒАШҰЛЫ**

(ғылыми талдау мақала)

Халық ауыз әдебиетін, соның ішінде жырау-жыршылық өнердің тарихын зерттеуші ғалымдарымыз бір тоқтамға келе алмай, оның тарихын тым беріден алып, XIX-XX ғасырды шиырлап жүргенде, дарынды этнограф-ғалым, жазушы Мұхтар Мағауин, ол тарихты, сонау XI-XIV ғасырға бірақ апарып

тастағанын жұрт жақсы біледі. Сол бір өзі өмір сүрген дәуірдің ең ірі тұлғасы, айбынды, батыр-жырауы Жиенбет Бортағашұлы.

Бағзы бір заманда ғұмыр кешіп, азды-көпті өлең-жырлары кейінгі ұрпаққа келіп жеткен ақын-жыраулардың өмір жолын, қалдырған толғау-туындыларын сөз еткенде, ең алдымен назар аударатынымыз сол адамның өмір сүрген дәуірі, өскен ортасы, сол дәуірдің саяси-әлеуметтік жағдайы болмақ.

Басқа халықтар секілді қазақ елінің де өзіне тән тарихы, өткен кезеңдерге, тарихи жағдайларға байланысты қалыптасқан өзіндік мәдениеті, әдебиеті, рухани байлығы болғаны хақ. Осының бәрі де, уақыт талабына, әлеуметтік жағдайларға орай өсіп-өзгеріп отырды. Сондықтан, В.Г. Белинский: «...әрбір халықтың қаншалықты кенже дамығанмен өзіне тән поэзиясы болады, ол поэзияда сол халықтың салт-санасы бейнеленеді» дейді. (В.Г. Белинский, М. 1948 ж, II-том, 85-86- беттер).

Соңғы жылдарға дейін қазақ ауыз әдебиетінің тарихы қай уақыттан бастау алады, оның негізі қай уақытта қалыптасты дейтін мәселе төңірегінде толып жатқан пікірлер айтылып келгені белгілі. Мұндай пікір таластардың тууы әрине заңды нәрсе. Өйткені, ұрпақтан-ұрпаққа көшіп, біздің заманға жеткен (жетпей қалғанын былай қойғанда) көне дәуір мұралары, мейлі ол тарих босын, мейлі әдебиет болсын өзгеріссіз сол қалпында жетуі мүмкін емес. Әсіресе, әдебиет мұралары ауызша айтылып, бір ғасырдан енді біріне ауызша ауысып отырған қазақ халқы үшін бұл мәселенің қаншалықты күрделене түсетіндігі айтпаса да белгілі. Сондықтан, XV ғасырға дейін түркі тілдес тайпалардың құрамында өмір сүрген халықтардың, этностардың тарихына, әдебиетіне терең, жан-жақты талдау жасамай, зерттемей тұрып тұжырым жасау ағаттық болады.

Әдебиет зерттеушілердің арасында көп жылдар бойы көне дәуір мұраларын жиып-теріп бір ғана халықтың игілігіне жатқыза салу тенденциясы (үрдіс) басым болып келгені мәлім. Сол себепті де Орта Азия халықтарына ортақ дәуірде туған, жасалған мәдениет мұралары (әдебиеті, тілі, жазба ескерткіштері) өз алдына жеке-жеке зерттелудің орнына жалпы тарихтың немесе тіл білімінің бір саласы ретінде ғана

қарастырылды. Мәселен, көне дәуір ескерткіштері «Құдатғу білік», «Диуанилұғат ат-түрк», «Кодекс куманикус» сияқты дүниежүзілік маңызы бар шығармалардың әдебиет тарихында алатын орны, ықпалы әлі де болса терең талдауды, зерделеуді қажет етеді.

XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның Ресейге толықтай «қосылуына» байланысты орыстың В. Радлов, Г. Потанин, А. Васильев және т.б. ғалымдары қазақ халқының әдет-ғұрпымен, мәдениетімен танысып, көптеген әдеби мұраларын жинастырып жарыққа шығарды. Міне, осы кезден бастап қазақ халқының төл мәдениеті мен әдебиеті туралы пікірлер айтыла бастады. Әсіресе, қазақтың тұңғыш этнограф-ғалымы, саяхатшы, тарихшы Шоқан Уәлихановтың эпос-аңыздар, ертегі, жыр, әдет-ғұрып жайлы жазған дүниелері, зерттеулері қазақ мәдениеті мен өнерін, әдебиетін танып-білу жолында жасалған елеулі құбылыс болды. Сол сияқты ақын-жыраулар творчествосы жөнінде де бірінші болып соны пікір айтқан Ш. Уәлиханов болатын.

Қазіргі кезде қазақ әдебиетінің тарихы жан-жақты зерттеліп, бір жүйеге келтіріле бастады десек артық айтқандық болмас. Бүгінде, әдебиет зерттеуші ғалымдарымыз қазақ әдебиетінің қалыптасу, өсу кезеңдерін ескере отырып оны бес дәуірге бөліп қарауға болады деген тоқтамға келіп отыр. Сондай бір дәуір – қазақтың дербес халық болып қалыптаса бастаған XV- XVIII ғасырлар арасындағы қазақ ақын-жырауларының поэзиясы. Қазақ ССР тарихында бұл үрдіс «...XV ғасырдың басы, яғни Жәнібек пен Қасымның хандық құрған жылдарынан бастау алады» делінген. Бұл жерде мына бір жайды ескермесе болмайды. Жалпы халық шығармашылығының өсуі, немесе оның кері кетуі, дұрысырақ айтсақ тоқырап қалуы уақыт өлшеміне байланысты бола бермейді.

Әдебиет тарихын, ондағы жекелеген ақын-жыраулардың творчествосын зерттегенде, біз оған уақыт өлшемі тұрғысынан емес, нақты сол тұлғаның өзі өмір сүрген кезеңдегі әлеуметтік жағдайға қаншалықты қатысы болды, қандай дәрежеде болды, қандай өзгеріске ұшырады, несін қабылдады, несіне



қарсы болды деген пікір тұрғысынан келгеніміз пайдалырақ сияқты. Өйткені, уақыт сол тарихтың өлшемі, ал әдебиет бүкіл өткен дәуірдегі болған өзгерістердің, оқиғалардың куәсі, шежіресі. Бұл ретте баса назар аударатын нәрсе ақын-жыраулар творчествосындағы тарихи шындық, олардың жырларындағы тарихи кейіпкерлер, ауыз әдебиетімен (фольклор) олардың арақатынасы болуға тиіс.

Сөз еткелі отырған XVII ғасырда өмір сүрген тарихи тұлға Жиенбет жыраудың творчествосы да осы тұрғыдан келуімізді қажет етеді. Осы ғасыр ішінде ғұмыр кешкен ақын-жыраулардың бүгінгі ұрпаққа есімдері, жыр-толғаулары жеткені санаулы ғана. Атап айтқанда, олар- Жиенбет пен Марғасқа жыраулар. Бұған әрине сол дәуірдегі саяси-тарихи жағдайлардың себеп болғандығы айқын. Соның ең бастысы қалмақтармен соғыс. Ұзақ жылдар бойы халықты қырғынға ұшыратып, ата-мекен, жер-суынан айырған мұндай шапқыншылықтар ең алдымен сол елдің мәдени мұраларына, көне жәдігерлеріне, әдебиеті мен өнеріне зор нұқсан келтіретіні даусыз.

Ежелден ақындық, жыраулық өнерді жоғары бағалаған қазақ халқының XVII ғасырдағы жағдайы өте ауыр еді. Осы жылдары болған шапқыншылықтар туралы былай деп жазылған: «Өзінің қырғын-жойқын зардаптары жағынан жоңғар феодалдарының қазақ жеріне жасаған шапқыншылықтарын XIII ғасырдың басындағы монғол шабуылымен ғана салыстыруға болады». (Қаз. ССР тарихы, I-том, 246-бет). Жиенбет жыраудың өмір сүрген дәуірі қазақ халқының басына қара бұлт үйірілген осындай кезең еді. Сол кездің қаһармандық рухын, жаугершілік үнін Жиенбеттің жырларынан да сезінуге болады.

XVII ғасырдың алғашқы жартысында хандық құрған Еңсегей бойлы ер Есімнің тұстасы, әрі қол бастаған батыры Жиенбеттің қай жылы туып, қай жылы дүние салғандығы туралы нақты деректер жоқ. Тек қана Есім ханның тұсында өмір сүрген өзбек ханы Абылғазының (1605 -1664 ж.) замандасы болғанын, Ташкенттің билеушісі Тұрсын хан мен Есім ханның арасында болған соғыстарда атышулы батырлардың бірі екендігін тарихи деректерге, зерттеулерге, Жиенбет туралы жазылған жыр-толғауларға қарап білеміз.

Қазақ ССР Ғылым академиясының (сол кездегі атауы) орталық кітапханасындағы қолжазба бөлімінде сақталған Қазанғап Байсаловтың «Есім хан» деген көлемді жырында мынадай жолдар бар:

*«Далаға шығып ер Есім,  
Жинады қазақ жаранын,  
Жабайдың ұлы Жақсықұл,  
Әуеде ұшқан қырандай,  
Шашар жаудың қандарын,  
Ер Алатау, Қоңыраттан,  
Бортағашұлы Жиенбет,  
Алшын дейді аңзарғыш...».*

Осы есімдер басқа да қолжазбаларда, зерттеу мақалаларда кездесіп отырады. Жырды оқып отырып, Жиенбеттің Алшын руынан екендігін, Есім ханның үзеңгілес әскер басы, әрі ақыл-кеңес сұрап отыратын сенімді адам екенін байқаймыз.

Осы жырдың «Қалмақпен соғыс» деген тарауында, артында қалған ел-жұртының тоз-тоз болып жау қолында қалғандығын, анасы мен қарындасының жылаған үндерін түсінде көріп шошып оянған Есім хан, түсін жоруға, ақыл-кеңес сұрауға алдымен Жиенбетті шақырады:

*«Бір түнде үш ұйықтап, үш оянды..  
Сол жерде Жиенбетті шақырып-ап,  
Көргенін құпиямен баяндады...»* деп жырлайды

автор. Бұл жолдардан хан алдында Жиенбеттің беделді адам болғанын аңғару қиын емес.

Жиенбет жырау туралы жазылған бірлі-жарым мақалалар болмаса, жыраудың бізге жеткен толғаулары санаулы ғана. Әрине жыраудың толық бейнесін, ішкі дүниесін, өмірге көзқарасын қолдағы азын-аулақ материалдарға қарап тұжырым жасау, нақты баға беру мүмкін емес екендігі былай да түсінікті. Дегенмен барымызға қанағат ете отырып, жыраудың төл шығармаларын (толғауларын) тілге тиек етпеске тағы да болмайды.

Жиенбет ірі феодал, атақты би ғана емес, Есім ханның

жүректі батыры ғана емес, қара халықтың да құрмет тұтатын, қастерлеп, мақтан ететін, сыйлайтын жырауы екенін айта кеткен жөн. Мұны жыраудың өз толғауларынан да көреміз. Найзасын айға білеп жауға шапқан Жиенбет жырауды халықтың тек «көзсіз батырым» деп қана емес, ел-жұртын, жер-суын қорғаушы қаһарман деп тануы әбден орынды. Өз табының мүддесі тұрғысынан болса да жыраудың қалың еліне арқа сүйейтіндігін, соның қамын ойлайтындығын аңғаруға болады. Оның жырындағы мына бір жолдарға назар салып көрелікші.

Өзіне сыйға жіберген қалмақ қызын жол жөнекей тартып әкеткен Жолымбетке қаһарланған Есімхан, оның басын сұрайды. Сонда Жиенбет жырау ханның алдына келіп, сауал тастап айтқан толғауында былай дейді:

*«...Қаһарыңды басқалы,  
Қалың елім жиылды.  
Бастап келен өзге емес,  
Жиенбет сынды биіңді.  
Малын салып алдына,  
Әр саладан құйылды...»* деп толғайды.

Ханмен терезесі тең екендігін, атадан жалғыз емес екендігін ескерткен жырау, «ендігі жерде елімді бастап өзім келіп тұрмын, ертіп келгенім қалың қол емес, алдына малын салып, айыбын тартып кеп тұраған қалың елім» дегенді аңғартады.

Сол сияқты жыраудың «Еңсегей бойлы ер Есім» деген жырындағы:

*«Арқаға қарай көшермін,  
Алашыма ұран десермін,  
Ат құйрығын кесермін!»* деген шумақтары:

«артым-да кең байтақ елім бар, сүйенішім бар» деп халқының атынан сөйлеген жыраудың өзіндік көзқарасын, ішкі эмоциясын сезгендей боласың.

Әрине, бұл үзінділерді келтіргендегі мақсатымыз, Жиенбетті қара халықтың өкілі, соның жоғын жоқтаушы, сойылын соғушы ретінде көрсету емес, сол кездегі шапқыншылық заманда, таққа, атақ-даңққа таласып қырық-пышақ болып жатқан орта-

да өмір сүрген жыраудың ішкі дүниесіне үңіле отырып, оның жауынгерлік-батырлық бейнесін көрсету, жауынгер-жырау ретіндегі образын мүмкіндігінше толық әрі дұрыс сезіну болып отыр. Жиенбеттің жырларына тереңірек үңілген сайын бұған мүмкіндік те ұлғая түседі. Өйткені жыраудың төл туындылары деп аз ғана болса да қастерлеп отырған бұл толғаулары, расында да, оның бүкіл болмысын, образын, портретін тұтас ашып бермегенмен, аласапыран дәуірде өмір сүрген жауынгер-жырауды әр қырынан танып-білуімізге көмектесетін сияқты.

Жиенбет жырларындағы бір ерекшелік оның сюжеттілігінде. Бас-аяғы 4-5 толғаудан тұратын жыраудың осы дүниелерін оқып отырып, оның бүкіл өмір жолы болмаса да ғұмырының аз ғана бөлігін көз алдымызға елететуге болады. Оның басы інісі Жолымбетке байланысты. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, шиеленістің шығу себебі Есім ханға сыйға тартқан қалмақ қызын Жолымбеттің жол тосып жүріп алып қашып кетуінен басталады. Бұған хан қатты ашуланады. Інісінің бұл қылығына күйінген Жиенбет көп уақытқа дейін інісімен қатынаспай қояды. Олардың арасын татуластыруға жыраудың бәйбішесі Есенбикенің (Есенқыз) мына бір сөзі ықпал жасаған дейді:

*«Арақ пенен бал қосса,  
Ем болады жараға.  
Екі жақсы бас қосса,  
Жамандар кіреді араға.  
Жаманды жаман деменіз,  
Басыңа қиын іс түссе,  
Жамандар шығар қараға..»*

Алайда осы оқиғадан кейін хан Жиенбетті ордаға шақыруды қояды. Арада көп уақыт өткен соң Жиенбеттің өзі іздеп келіп Есім ханға арнаған толғауын айтқан екен.

Есім хан өз тұсындағы хандардың ішінде ең азулысы, дұшпандарына мейлінше қатал, әулетті ханның бірі болғандығы тарихтан мәлім. Жиенбеттің оны «Әмірің қатты Есім хан!» деуінің өзі де ханның мейірімсіз, өз дегенін істетпей қоймайтын адам екендігін байқатады. Сол дәуірдің қатал

заңына қарамастан, Есімнің осыншалық қаталдығымен санаспастан ханға сыйға жіберген сұлуды Жолымбеттің тартып алуы көп жайды аңғартатын сияқты. Жиенбеттің тартынбай барып әміршіге салмақ салуы, олардың да артында сүйенері бар, ірі феодал-билеуші таптың өкілдері екенін дәлелдей түседі.

Есім хан мен Жиенбет арасының алшақтай түсуіне бұл ғана себеп болмаса керек. Мұның түп-төркіні «...өзін-өзі тәуелсіз күйде ұстағысы келген ірі феодал мен мемлекет басында отырған, ел бірлігіне ұмтылған әміршінің арасындағы күрес еді» деген филология ғылымының кандидаты М. Мағауиннің пікірі шындыққа жақын («Қобыз сарыны», 1968 ж, 61-бет). Дұрысырақ айтқанда «ел бірлігіне ұмтылған» әміршінің емес, «өз хандығын нығайтуға» ұмтылған Есім хан мен оған тәуелді болғысы келмеген ірі феодалдың бұдан кейін де талай уақыт «сілкілескені» аңғарылады. Жыраудың «Қайрылып хайыр қылуға, қылығың жоқ ұнаған» деуінің өзі де осыған меңзейтін тәрізді.

Ал Жолымбеттің қылығына келетін болсақ, бұл әрине, хан алдында өзінің дербестіген, оған қоса тым құлдық ұра бермейтіндігін дәлелдеу, осы арқылы ханның беделін түсіру ниетінен туған әрекет болса керек.

«Әмірің қатты Есім хан!» толғауының бұрынғы жарияланған (ертедегі әдебиет нұсқалары) нұсқасында:

*«Жол тосып алып кетіпті,*

*Қалмақтан алмақ сыйыңды... деген соң,*

*Атасы басқа қалмаққа ,*

*Жақпақ ойың қиынды...»* дейтін өлең жолдары бар.

«Соңғы екі жолды тарихи шындыққа сәйкес келмейтіндіктен кейінгі кез қоспасы ретінде алынып тасталды» дейді. (М. Мағауин., «Алдаспан», 248-бет.).

Алайда толғаудың негізгі түйіні нақ осы екі жолда жатқан тәрізді. Олай дейтінім, бұл толғаудың қай уақытта, қай жерде айтылғаны ешкімге белгісіз. Оның үстіне ежелден алақөз, қырқысып келе жатқан қазақ пен қалмақ арасындағы қатынас Есім хан тұсында мейлінше шиеленісе түскен болатын. Осындай алмағайып дәуірдің өзінде екі жақтың хандары, әміршілері бір-

біріне сұлу қыздарын тарту етуі мүмкін болса, ханның мұндай қылығына ыза болған Жолымбеттің әлгі қалмақ қызын тартып алып кетуі де әбден мүмкін ғой. Ендеше «жолбарыстай інісі, Жолымбеттің» басын сұрап жатқан ашулы ханға Жиенбеттің осы сөздерді айтып салмасына кім кепіл? Сондықтан атақты жыраудың Есім ханға бағыштап: «Атасы басқа қалмақтан қыз алып, оған жақындауынды түсінбедім» десе оның ешбір сөкеттігі жоқ.

Жиенбеттің Есім ханға айтқан жыр-толғауына ой жүгіртсек олардың әр жерде, әр кезде айтылғанын байқау қиын емес. Толғаудың өн бойынан сезіліп тұратын ырғақ, шабыт, интонация секілді белгілеріне сүйене отырып осындай тұжырым жасауымызға болады. Мәселен, «Әмірің қатты Есім хан» деп басталатын толғауын алып көрелік. «Еңсегей бойлы ер Есім» толғауына қарағанда мұнда өзгеше екпін, өзгеше үн бар. Мұнда сес көрсету, өктемдік білдіруден гөрі, ханның ашуға беріліп ағаттық жасап отырғандығын ашық айтып өзіне сездіру, мүмкіндігінше ханның өз ісінің бұрыстығына көзін жеткізу, ақылға жеңгізу интонациясы басым:

*«Хан ие, ісің жол емес,  
Жолбарыстай Жолымбет,*

*Құрбандыққа қол емес!»* деп ханның жолбарыстай батырды өлімге байлап, тым қаталдық жасап отырғандығын бетіне басады. Хан ие, алдыңызға айыбымызды тартып ел болып келіп тұрмыз. Ашуынды бас, ақылға кел дегенді жырау мынадай сөздермен жеткізеді:

*Қалың елім жиылды,  
Малын салып алдына,*

.....

*Он екі ата Байұлы,  
Бір тәңірге сиынды.»*

Бұл жерде баяғы: «Алдыңа келген мен бір жас, кессеніз, ханым, міне бас» дейтін Жиенбетті көрмейсіз. Болмаса, «тұрысатын жерінді айт» деп сес көрсетіп, сұстанып тұрған батыр да байқалмайды. Мұнда жалынып кішірею де, орын-

сыз қоқан-лоққы жа жоқ. Тек зер сала қараған адамға осы толғаныстың ар жағында сөзге шешен, саясатқа терең, іске батыл, көреген жыраудың бейнесі елес бергендей болады.

Жиенбеттің Есім ханға арнап айтқан екінші толғауы кейінірек, жыраудың егде тартқан шағында шығарған туындысы болса керек. Мұнда да таразы басында екі адам. Бір басында Есім хан, екіншісінде Жиенбет жырау. Сол тартыс, сол ерегіс. Ілгеріде сөз еткен толғауменсалыстырғанда мұнда ашу да, ашық жауласу да бар. «Менімен, ханым, ойнаспа», «мен өлсем құнсыз кетер деме сен» деуіне қарағанда хан мен жыраудың арасындағы байланыс үзілуге тақау екендігі аңғарылады:

*«Еңсегей бойлы ер Есім,*

*Есім сені есірткен,*

*Есілде менің кеңесім»* дейтін жыр жолдарынан бұл кезде Жиенбеттің ханнан қол үзіп, өзінше әрекеттеніп, іргесін алшақтата бастағанын көреміз.

Жалпы Жиенбет жыраудан мұра боп қалған толғауларының ішінде негізгісі де, мазмұндысы да осы туынды. Бұл толғаудың тағы бір ерекшелігі мұнда жырау өз атынан сөйлей отырып, өзіне-өзі мінездеме бергендей, өз портретін өзі жасағандай әсер қалдырады. Жыр-толғаудың ұтымдылығының өзі де міне осында. Осы толғаудан біз ханға қарсы айтылған жыраудың наразылығын, өкпесін ғана емес, батылдығы да, батырлығы да өзіне сай, шындық үшін кімнен болса да тайынбайтын, қара қылды қақ жарғандай етіп ойындағысын бүгежектемей тура айтатын Жиенбеттің бейнесін көргендей боламыз. Бір адамның бойында кездесетін, өкініш, реніш, қимастық т.б. сан-алуан сезімдердің бәрі де осы толғауда, жыраудың ішкі эмоциясы, жан дүниесі арқылы берілген:

*«Менің ерлігімді сұрасаң,*

*Жолбарыс пен аюдай.»* деу арқылы жырау өзінің қайраттылығын, жолбарыстай ептілігін сөз етсе, мына бір тұста:

*«Беріктігімді сұрасаң,*

*Қарағай мен қайыңдай»* деп өз бойындағы басқа да қасиеттерін аша түседі.

*«Көрүші едім, Есім хан,  
Ханымды күнім, сені айымдай,*

*Сырым саған түзуді»* деп ренішін, қимастығын білдірсе, енді бір тұсында «қайратым қанша қашса да» деп өмірдің өткендігіне өкінеді жырау.

Әрине, толғау жалпы көркемсөз жағынан кемшілдеу болып көрінгенмен, сөз саптау, әр сөзді мағынасы қарай дәл қолдану, өте-мөте теңеулерді өмірден алып шебер пайдалану тұрғысынан өте ұтымды, әрі әсерлі. Жиенбет жыраудың бұдан басқа да толғауларынан ақынның өз бейнесін, мінез-құлқын, мақсат-мүддесін, іс-әрекетін сезінуге болады:

*«Қол аяғым бұғауда,*

*Тарылды байтақ кең жерім»* десе бұл жыраудың өзі басының ғана қайғысы емес, өріс-суы тарылған қалың жұртының мұңы.

*«Қайырымсыз хандарға,*

*Тиер ме екен бір күні?*

*Жолбарыстай шеңгелім»* десе ел-жұртының қамын жеп, жауына жолбарыстай атылғысы келген жыраудың бейнесін көргендей боласыз. Бұл енді Жиенбеттей батыр-жыраудың жауларынан кек алсам деген алаулаған арманын, мақсатын білдіреді. Осы үзінділердің бәрі де жинақтала келіп әрі жиһангер, әрі шешен, әрі қаһарман жыраудың кесек тұлғасын сомдай түсетіп дүниелер.

Жиенбет жырау негізінде жыраулық өнерді өзіне кәсіп тұтпаған болу керек. Бұған ең алдымен жыраудың шыққан ортасы, билік етудегі алатын орны, сол дәуірдегі жаугершілік жағдайлар ықпал етуі әбден мүмкін. Өйткені, Жиенбеттің әр толғауынан тақырып жағынан болсын, мазмұн жағынан болсын біржақтылықты, өз дегенін істеуге тырысатын әрі өктем сөйлейтін билеуші таптың өкілін көреміз. Солай болған күнде де, Жиенбет жырларындағы негізгі тақырып татулық, ел бірлігі, ақиқат үшін күрес екендігі дау туғызбайды.

*«Бас кессе де басылмай,*

*Ақ ісімді жасырмай,*

*Атқа мінген ер едік»* деуі әлгіндегі пікірімізді толықтыра түседі.



Қорыта айтқанда Жиенбет жырау творчествосы біреу мақала төңірегінде қалып қоятын мұра емес. Ол әлі де болса терең зерттеуді, ұзақ ізденуді, әр қырынан келіп жан-жақты зерделеуді қажет етеді. Бұлай дейтін себебіміз Жиенбет ең алдымен ел билеген, елге билік айтып, ақыл-кеңес берген қайраткер адам, халқы үшін атқа қонып жауға шапқан ержүрек батыр адам. Тарихи адамдар Есім, Абылғазы сияқты өз заманының тегеурінді хандарымен үзеңгілес, қатар жүрген жырау. Жиенбеттің жыраулық өнерін былай қойғанның өзінде, осы деректердің өзі-ақ оның терең ақыл иесі, саясатшы, шежіре, өз заманының озық ойлы адамы екенін аңғартады.

Ал жыраулық дәстүр тұрғысынан келер болсақ Жиенбет өзі ғұмыр кешкен XVII ғасырдағы жырулардың ең көрнектісі, ең айбындысы деуге толық негіз бар.

*Бақытжан Әзірбаев,  
М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер  
институтының лаборанты, 5 декабрь 1980 жыл.  
(автордың жеке мұрағатынан алынды)*

## «КЛАССИКАЛЫҚ ӨНЕРДІҢ» ҰЛТТЫҚ СИПАТЫ (ойға ой қосу)

Бүгінгі таңда «классикалық әдебиет», «классикалық би», тіпті «классикалық күрес» дейтін терминдер, санамыздан орын алып, қалыптасқан сөз тіркестеріне айналып отыр.

«...Жалпы классикалық өнер – алғашқы **тар мағынасында** – ежелгі немесе көне дәуір өнері, яғни Ежелгі Греция мен Ежелгі Римде өркендеген мәдениет туындылары; **кең мағынасында** – әртүрлі елдердің мәдени гүлдену кезеңдеріндегі мұралары» деп анықтама берілген. (Қазақ Совет энциклопедиясы, 5-том, 463-бет).

Ал өздерінің өшпес туындыларымен халқының даңқын шығарып, оның мақтанышына айналған ұлы жазушылар, композиторлар, суретшілер қай заманда да көптеп саналады. Олар-

ды сол еңбектеріне қарай «классиктер» деп атаған. Классиктер латынша (classicus) – ең үлгілі деген мағынаны білдіреді.

17-18-ғасырда және 19 ғасырдың басында Еуропа елдерінің әдебиеті мен өнерінде осындай ағымдар пайда болды. «Ол «классицизм» әдісі деп аталды. Олар көне Греция және көне Рим елдеріндегі өте ерте дәуірде қалыптасқан ежелгі әдеби шығармаларды үлгі етті. Оның басты ұстанатын негізгі принциптері «үш бірлік» деп аталды. «Үш бірлік» дегенге мыналар жатады. Уақыт бірлігі – яғни айтылмақ оқиға бір тәулік ішінде (24 сағат) болуға тиіс. Орын бірлігі – оқиға бір ізбен өрби отырып, бір ғана жерде өтуге тиіс. Оқиға бірлігі – яғни болған оқиғаның желісі бір ғана сюжетке құрылып, бірінен бірі туындап отыруға тиіс.

Мұндай көркем туындылардың кейіпкерлері әдетте бақуатты, үстем тап өкілдерінен таңдап алынды. Классикалық әдебиеттің сол замандағы жанрлары-трагедия, комедия және батырлықты бейнелейтін поэмалар түрінде дамыды. Сол замандағы поэзияның мұндай түрін «ода» деп атағаны белгілі.

Әдебиеттегі классикалық үлгілер, сол дәуірдегі музыкалық шығармаларда да көрініс тапқаны рас. Алайда, оның әсері, ықпалы аз болды. Өйткені музыка әлемі, оның табиғаты мұндай қолдан жасалған шектеулерге сиыса бермейтін.

Классицизм әдісінің кең тараған жері Франция. Сол уақыттың аса көрнекті өкілдері Н. Буалонның поэтикалық толғаулары, П. Корнельдің, Ж. Расиннің трагедиялары, Ж. С. Мольердің комедиялары біздің заманға да келіп жетті. Тақырыптан сәл ауытқуымыздың себебі, «классицизм әдісі» мен «классикалық туындылар» дегеннің ара жігін ашып көрсету. Бұларды бір-бірімен шатастыруға болмайды. Өйткені, оның бірі көркем шығарма жазудың әдісі ғана болса, екіншісі жұртқа кең тараған, халық мойындаған музыкалық туындылар екенін айта өткен жөн. Ал қазақтың ауыз әдебиетінде де, байырғы қазақ музыкасында да мұндай классицизм үлгісі болған жоқ.

Халқымыздың ұлттық музыка мәдениетінің жаңа түрге еніп, өзгеше сипат алуы, жан-жақты дамуы Кеңес үкіметі дәуіріне тұспа-тұс келгендігін мойындау керек. Алайда, сол кездегі

саяси ахуалдар, қазақ өнерінің, әдебиеті мен музыкасының өркендеуіне жақсы жағдай туғызғанымен, оның жан-жақты зерттелуіне, халқымыздың көнеден келе жатқан мәдени мұрасын ұлттық тұрғыдан тереңдей зерттеуге мүдделі болған жоқ. Қазақ халқының сонау түркі заманынан келе жатқан мол мұрасы, музыкалық туындыларының ерекшеліктері өз деңгейінде ашылмай қалды. Сөйтіп, осы тұста көнеден келе жатқан қазақ музыкасы тарихының сабақтастығы үзілді. Ендігі жерде ол өктем саясаттың ықпалымен біржақты зерттеле бастады...

Ал ендігі жерде осындай олқылықтардың орнын толтыру үшін, қазіргі заманға сәйкес басқаша көзқарас, басқаша талап-таным қажет екендігі айтпаса да белгілі. Бұған халқымыз тәуелсіздікке қол жеткізіп отырған қазіргі кезде толық мүмкіндік бар.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің «Тарих толқынында» атты кітабында: «Жалпы қазақстандық мәдени үлгіні жасақтау... мейлінше маңызды. Жасақталып жатқан жалпы қазақстандық мәдени шындық өз мемлекетіміздің ауқымындағы мәдени жүйемен шектеліп қалуға тиіс емес» деп жазған еді. («Тарих толқынында», 1999 ж, 133-бет).

...Қазақ халқы ұлт болып қалыптасу кезеңіне қарай, өзінің ұлттық музыкалық дәстүрін де қалыптастырды. Соның нәтижесінде қазақ халқының орасан бай музыкалық мәдениеті дами түсті. Қазақтың байырғы салт-дәстүріне «қыз ұзату, келін түсіру, бесікке салу, жастардың ойын-сауығы, жаугершілік сарындағы туындылар, жоқтау, естірту т.б.), тұрмыстық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі жанрдағы әндер мен күйлер дүниеге келді. Олардың ішінде де классикалық деңгейге жеткен туындылар аз болған жоқ.

Ендігі мақсат көнеден келе жатқан халқымыздың «классикалық» үлгідегі туындыларын, оның жалпы тарихи мәнін, қазіргі замана тұрғысынан зерделеп, олардың осы күнгі музыкалық шығармалармен сабақтастығын айқындап беру болып табылады. Қазақ халқының байырғы музыкалық үлгілерін, бүгінгі таңдағы музыкалық туындылардан бөліп тастауға болмайды. Өйткені, ол көне заманнан бері толысып,

дамып, жалғасын тауып келе жатқан бір халықтың музыкалық мұрасы, бір халықтың ортақ музыка әлемі. Оның қазіргі бірден-бір мұрагері қазақ халқы.

Көне дәуірдегі қазақ өнерінің байырғы өкілдері (Қорқыт, Асан қайғы және т.б.), XIX – XX ғасырдағы классик күйшілер (Дәулеткерей, Құрманғазы, Қазанғап, Ықылас, Тәттімбет және т.б.), Абай, Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Әсет, Мұхит, Естай, Кенен сынды халық композиторларының шығармаларын зерттеу арқылы қазақ музыкасының тек өзіне ғана тән табиғатын, ерекшеліктерін және оның біртұтастығын дәлелдеуге болады.

Біз жоғарыда қазақ музыка өнерінің жаңаша түрленуіне, жаңа деңгейге көтерілуіне еуропалық музыка мәдениетінің ықпалы болғандығын сөз еттік. Бұл кезең XX ғасырдың 30-50 жылдарына дөп келеді. Ол өзінің даму жолында халықтың дәстүрлі ұлттық музыкасымен қоса, орыс және шетел классиктерінің шығармаларын да кеңінен пайдалана бастады. Осы кезеңде қазақ халқының музыкалық мол мұрасын, әндері мен күйлерін таспаға жазып алу, нотаға түсіру үрдісі басталған еді. Оның басқасында атақты музыка зерттеуші ғалымдар тұрды. Соның ең көп еңбек сіңіргені А.В. Затаевич екені белгілі. Ол қазақтың мыңнан астам ән-күйлерін нотаға түсіріп, кітап етіп шығарды. Міне, осы кезеңнен бастап халқымыздың ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа ауызша беріліп келе жатқан дәстүрлі музыкалық мұрасы жаппай қағазға түсіріле бастады. Бұл енді қазақ өнері үшін жаңаша бетбұрыс болғаны рас. Қазақ халқының кәсіпқой музыка мамандары, композиторлары, әншілері, музыка зерттеушілері өсіп шықты.

Заманымыздың қайталанбас біртуар композиторы Нұрғиса Тілендиев өзінің «Дүлдүл еді әннің де» деген мақаласында халық ақыны, әнші Кенен Әзірбаев жайлы ой түйіндей келіп: «Кенекеннің кей шығармалары үлкен полотнодағы музыкалық еңбектерге арқау болды. Мысалы, Е. Брусиловский оның А. Затаевич түсірген бір әнін «Қыз Жібек» операсында пайдаланған», дейді. Бұл әрине тек Кенен Әзірбаевтың шығармашылығына байланысты ғана айтылған пікір емес. Қазақтың дүлдүл әнші-композиторлары Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай және

басқалары жайлы да осындай деректерді көптеп келтіруге болады. Олардың музыкалық туындылары да талай опералық қойылымдарда, драмалық сахналарда пайдаланылды.

Бұдан нені байқауға болады? Осының бәрі біз жоғарыда айтқан пайымдауларға сәйкес келіп отыр. Қазақтың ұлттық музыка өнерінде классикалық деңгейге көтерілген туындылар бұрын да болған, қазіргі кезде де жоқ емес. Оған әлгінде біз келтіріп отырған мысалдар дәлел. Сондықтан қазақ халқының көнеден келе жатқан музыка мәдениеті тұрмыстық деңгейде ғана айтылатын, кенже қалған, қарабайыр, классикалық деңгейге жете қоймаған туындылар және оның өзі еуропа музыкалық өнерінің ықпалымен кейіннен өркендеген деуге ешқандай негіз жоқ. Әдебиет саласындағы сабақтастық қандай болса, музыкалық өнердегі жалғастық та тап сондай. Сондықтан болашақта жүзеге асырылатын ғылыми зерттеу үрдісі мынадай шарттарды негізге ала отырып, жан-жақты қаралуға тиіс:

**Біріншіден** – қазақ халқының ықылым заманнан бері дамып, қалыптасқан, көнеден келе жатқан музыкалық мәдениетінің бір тұтастығын дәлелдеп шығу болмақ. Қазақ халқы үшін ұрпақтан ұрпаққа ән-күйлерді домбыра арқылы үйрету, орындаушылық шеберлігін арттыру басты мақсат болғаны айтпаса да белгілі. Өйткені, нотаға жазып-түсірудің қазіргі тәсілдері болмағандықтан, көшпенді қазақ жұрты үшін бұдан өзге амал жоқ еді. Осыған қарамастан халықтың жадында мәңгі сақталып қалған, сақталып қана емес, оның атақ-абыройын асқақтатқан музыкалық туындылар дүниеге қалай келді? Оның нағыз өкілдері кімдер еді? Музыкалық өнер жалғастығы деген не?

**Екіншіден** – қазақ елінің ықылым заманнан келе жатқан музыкалық мол мұрасы кейінгі ұрпаққа қалай жетті, кімдер жеткізді? Талай заман өтсе де оның ұлттық бояуының, ерекшелігінің сақталып қалуы неліктен? Мәдени мұрамыздың, соның ішінде музыкалық мәдениетіміздің сабақтастығын терең зерттеу, ғылыми тұжырым жасау басты мақсат.

**Үшіншіден** – қазан төңкерісінен кейін қазақ жұртының тұрмыс-тіршілігінде, болмысы мен әдет-ғұрпында көптеген

өзгерістер болғаны рас. Бұл оқиға қазақ халқының әдет-ғұрпын, тұрмыс-салтын, менталитетін, тілін біржола жойып жібермесе де, оған үлкен өзгеріс әкелгені ақиқат. Осыған байланысты қазақтың музыкалық мәдениетінде де өзгерістер мен жаңа бағыттар қалыптаса бастады.

Халқымыздың көнеден келе жатқан өнер туындылары, салт-дәстүрлері (ақындар айтысы, жыршы-термешілер, көкпар, қыз қуу және т.б.) ендігі жерде ескінің қалдығы деп қабылданды. Бұған сол кездегі тоталитарлық саясаттың ықпалы болмай қалған жоқ. Болашақта мұның бәрі ескінің қалдығы емес қазақ халқының көнеден келе жатқан өркениетінің, ұлттық салт-дәстүрінің, аса бай музыкалық мұрасының құрамдас бір бөлігі екенін ғылыми тұрғыдан айқындап көрсету, дәлелдеу қажет болады.

Еуропалық үлгідегі классикалық музыкаға негізделген опера, балет секілді өнер жанрлары қазақ жеріне де жетті. Осындай қайта жаңару, түрлену кезеңінде қазақтың байырғы музыка өнерінің толықтай сақталып қалуы екі талай еді. Алайда осындай тегеурінді кезеңде еуропалық мәдениеттің көлеңкесінде қалып қоймай, қазақтың мәдени мұрасы, музыкалық туындылары жойылып кетудің орнына қайта түлеп, жаңа сипат ала бастады. Осының сыры неде? Міне, осы айтылған мәселелер толығымен жан-жақты зерттеуді қажет ететін дүниелер.

Осы кезеңде кәсіби музыка өнерімен қатар қазақтың халықтық дәстүрлі музыкасы да өркендей бастады. Олардың тақырып аясы кеңіп, жаңа сипаттағы музыкалық туындылар, жаңа жанрлар пайда болды. Азамат соғысы кезінде сол уақыттың ықпалына орай революциялық сарындағы әндер, музыкалық шығармалар шықты. Ал Ұлы Отан соғысы жылдары отан қорғау, халықты жеңіске шақыру, еңбекке жұмылдыру секілді патриоттық сарындағы музыкалық шығармалар көптеп шықты. Алайда бұл туындылардың көбі Кеңес үкіметінің айбынын, қол жеткізен табыстарын, Лениндік партияның саясатын әспеттеу, насихаттау аясынан ары аса алмады. Солай десек те, бұл туындылардың ішінде де кәсіби деңгейде шығарылған классикалық әндердің, музыкалық дүниелердің бар екенін жоққа шығаруға болмайды.

Қазақ халқының музыка өнері жайлы сөз еткенде біз халық ақындарының, халық композиторларының шығармашылығын айналып өте алмаймыз. Өйткені, олардың өлең-жырларында, музыкалық туындыларында қазақ халқының бүкіл өткен тарихы, бастан өткерген қиындықтары, халықтың патриоттық бейнесі жан-жақты көрініс тауып отырады. Міне, сондай тұлғалардың қазақ өнерінде алатын орны, музыкалық еңбектері туралы ғылыми тұжырымдар жасау өте маңызды.

Мәселен, бір адамның бойынан ақындық, композиторлық, әншілік, күйшілік қасиеттердің табылуы сирек кездесетін ерекшелік. Осындай феномендік қасиеттеріне, тума талантына қарап халық мұндай адамдарды «сегіз қырлы, бір сырлы» деп атаған. Арнайы музыкалық білімі болмаса да тума дарының арқасында дүниеге небір классикалық әндер, күйлер әкелген мұндай өнер саңлақтары халық арасында көптеп саналады. Ал мұндай қасиеттер қазақ халқынан басқа елдерде сирек кездеседі. Тіпті, жоқ деуге де болады. Өйткені біз жоғарыда айтып өткендей, қазақ халқының ықылым заманнан бері қарай тамыр тартқан, қалыптасқан классикалық мәдениеті бар. Оның тарихы тым тереңде. Біз қазіргі күні сөз етіп жүрген түркілер дәуірінен де ары асып, сонау үйсін, сақ, ғұн заманына барып иек артады. Соның табиғи жалғасы, жаңғырығы ретінде ұрпақтан ұрпаққа көшіп бізге келіп жеткен музыкалық көне сарындар соның айғағы. Түптеп келгенде мұның бәрі қазақ музыка өнерінің, музыка әлемінің бір тұтастығын, үндестігін, сабақтастығын дәлелдей түсетін ақиқат.

Біз бүгінде Қорқыт бабаны, Қазтуған мен Асан қайғыны қазақ өнерінің көне өкілдері деп білеміз. Қобызды бүкіл ішекті аспаптардың «түп атасы» екендігін бүгінгі ғылым да жоққа шығармайды. Демек, олардың қобызда тудырған музыкалық шығармаларын классикалық (тіпті, еуропа елдерінде классика деген ұғымның жоқ кезінде) музыканың ең жоғарғы үлгісі деуге әбден болады.

Міне, осындай көнекөз даналар көшінің жалғасындай болып қазақ топырағында дүниеге келген туа біткен дарынды композитор-музыканттар қатарында Дәулеткерей Шығайұлын,

Ықылас Дүкенұлын, Құрманғазы Сағырбайұлын, Қазанғап Тілеубердіұлын атауға болады. Олардың туындыларын бүгінгі қазақ ұлттық музыкасының асқар шыңы деуге толық негіз бар. Бұлардың мазмұнға бай, табиғи, даму динамикасы аса ерекше шығармаларында өздері өмір сүрген заманның бүкіл болмысы, сарыны, тыныс-тірлігі айқын байқалады. Олардың қай туындысын алсаңыз да халық үнін, танымын аңғарғандай, кең байтақ даласының суретін көргендей сезінесіз.

Көңілін толқытқан көрініске, жүрегін селт еткізген оқыс жайларға арнап өз жанынан ән шығару -композиторлық қасиет, оған лайықтап сөзін жазу -ақындық, оны домбыраның көмегімен шырқата салу – әншілік қасиеттер. Әлгінде сөз еткеніміздей бір басында осындай бірнеше қасиеттер тоғысқан халқымыздың дарын иелері көп. Олардың бойында осы ерекшеліктерімен қоса құс салу, жүйрік ат, құмай тазы ұстау, саятшылық секілді өнері қатар жүреді. Ел аралап салдық құру, серілік жасау қазақтың байырғы сал-серілерінен қалған әдет-ғұрып.

Осындай көнеден келе жатқан өнердің көш басында Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолақ, Жаяу Мұса және басқа да қазақтың аса дарынды әнші-ақын ұлдары тұр. Бұл күнде Біржанның «Жанбота», «Ләйлім шырақ», «Телқоңыр»; Ақан серінің «Құлагер», «Алтыбасар»; Балуан Шолақтың «Сұрша қыз», «Екі жирен»; Үкілі Ыбырайдың романс деп атауға тұратын «Гәкку», Жаяу Мұсаның «Ақ сиса» атты әндері қазақтың музыка өнеріне қосылған классикалық туындылар екендігінде дау жоқ. Әрине әлеуметтік-саяси жағдайларға орай қазақ музыка өнерінің де аясы бірде кеңіп, енді бірде тарылып отырғаны тарихымыздан белгілі. Қалай болғанда да халқымыздың мәдениеті, музыкалық өнері қай уақытта да жаңа туындылармен толысып, өзгеріп, арнасы кеңі түскені ақиқат.

Осы айтылғандарды негізге ала отырып алдымызға қоятын басты мақсат, зерттеу жұмысының арқауы мыналар болса дейміз:

- Қазақ халқының классикалық мәдениеті дегенді қалай түсінеміз? Оның қалыптасу кезеңдері қандай?
- Классикалық музыка, классикалық туынды дегенді қалай



тұжырымдауға болады? Қазақтың елге кең тараған ән-күйлерін классикалық музыка қатарына жатқызуға бола ма?

- Классикалық музыканың сипаты, мән-мағынасы, құрылымы қандай болуға тиіс? Нағыз халықтық өнер дегенді қалай түсінесіз?

- «Классикалық музыка деп, тек симфониялық оркестрге түсірілген, соған арнап жазылған музыкалық туындыларды ғана айтамыз» дейтін пікір қалыптасқан. Осы тұжырым қаншалықты дұрыс?

- Қазақтың байырғы музыка әлеміне еуропалық классикалық музыканың әсері, ықпалы қандай болды? Оның пайдасы мен зияны.

- Симфониялық оркестрге арнап музыкалық туындылар жазған қазақтың алғашқы композиторлары кімдер? Олардың шығармаларын талдау.

Міне, осы мәселелерді нақты дәлелдерге сүйене отырып, жан-жақты айқындап беру басты мақсат. Әрине мұның бәрі ғылыми еңбектің негізгі объектісі бола алмайды. Алайда осы сұрақтарға нақты жауап таба алсақ нұр үстіне нұр болатыны рас.

...Қазақ халқы ата-бабамыз ғасырлап армандаған еркіндікке қол жеткізді. 1991 жылы қазақ жұрты өз тәуелсіздігін бүкіл әлемге жария етті. Санамызды тұмшалап, ой-өрісімізді тарылтып, еркін ойлауға, еркін қадам жасауға мұрша бермейтін кеңестік дәуір келмеске кетті. Ендігі жерде қазақ халқының бүкіл өмірінде, тарихында, мәдениеті мен өнерінде үлкен-үлкен өгерістер болатыны, оның өзі барлық саланы қамтитыны ақиқат. Алдымызда өткенімізге көз тастап, саралап, нені жоғалттық, неге қол жеткізе алмадық, қандай жақсылыққа ие болдық, неден көз жазып қалдық дейтін ауқымды істер күтіп тұр.

Кеңес дәуірінде қаншалықты өркендедік, көркейдік десек те тапқанмыздан жоғалтқанмыз көп екен. Тіліміз шұбарланды, халықтың ғасырлап қалыптасқан әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі көмескіленді, мінез-құлқымыз өзгерді, ұлттық тәлім-тәрбие өзінің тұғырынан айрыла бастады. Енді біраз уақытта ана тілімізден айрылу қаупі төнгені рас. Тілі жоғалған халықтың,

өзі де көп өмір сүрмейді, жоғалады. Бұл тарихтың бұлтартпас шындығы. Міне, осындай қауіп қазақтың байырғы музыка өнеріне де төнген еді. Ал мәдениетінен, тілі мен ділінен, өнерінен айрылған елдің тарих аренасында қалуы екі талай.

Сол сияқты тап қазіргі таңда қазақтың классикалық музыкасы да тоқырауды басынан кешіріп жатыр. Жаңадан шығарып жатқан классикалық шығармалар жоқ емес бар. Алайда ол дүниелер қазақтың өмір-салтынан алшақтау, ұлттық бояудан ада туындылар. Біздің классикалық музыка өнерін биік деңгейге көтеретін, халқымыздың рухын асқақтататындай жаңа қарқын, жаңа серпін беретіндей шығармалар әзірге байқалмай тұр.

Кеңес дәуірі кезінде қазақ ұлты екінші деңгейде қалып, яғни қандай істің болсын бас-қасында емес, соның орындаушысы ретінде болғаны жасырын емес. Осындай үрдіс қазақ халқының музыка өнерінде де орын алғаны рас. Сондықтан болар біздің классикалық музыка саласындағы өнер қайраткерлеріміз әлі сол орындаушылық рольден айрыла қойған жоқ. Қазақстанда бірқатар симфониялық оркестрлер де бар. Қазіргі таңда арнайы музыкалық білім алған кәсіби музыканттар да, кәсіби композиторлар да, орындаушылар да жетіп жатыр. Соған қарамастан, қазақтың өз топырағынан туындаған келелі, мазмұнды, ұлттық нақышта жазылған шығармалар неге аз? деген заңды сұрақ туындайды.

Мұның басты себебін кеңестер дәуірі кезіндегі бір орталықтан билік айту, басқару жүйесінен іздеген жөн. Ғылымдағы, әдебиеттегі, музыка саласындағы, театр, кино өнеріндегі жылт еткеннің бәрі дерлік Мәскеу арқылы шешіліп отырды. Қатаң цензураның бақылуында болды. Осы жағдайдың бәрі түптеп келгенде қазақтың ұлттық өнерінің өз еркімен дамуына, үлкен жаңалықтар ашуына, әлемдік деңгейде музыкалық шығармалар шығаруға кедергі жасады десек артық айтқандық болмас. Ендігі жерде, еліміз егемендік алған қазіргі дәуірде осы олқылықтардың орнын толтыру, халқымыздың абыройын асқататын классикалық дүниелер туғызу басты міндет. Бұл енді, өскелең ұрпаққа, жас композиторларға, музыканттарға артар аманат.

Қорыта айтқанда замана талаптарының өзгеруіне қарай қазақ музыкасының да мән-мағынасы, сипаты мен тақырыптық ауқымы, міндеті мен мақсаты, идеясы, ұлттық ерекшелігі басқа сатыға көтерілетіні ақиқат. Өйткені тәуелсіз елдің – музыкасы да тәуелсіз болуға тиіс қой.

*Бақытжан Кененұлы,  
автордың жеке мұрағатынан, 2010 жыл.*

## **ТАБЫНАМЫН ЖҮРЕГІНЕ ҚАЗАҚТЫҢ...**

(айтыскер ақын Н. Лушникова 80 жаста)

Ғасырлар бойы халқымызбен біте қайнап, бірге жасасып келе жатқан өнердің көне түрі – айтыс. Оның ауқымы кең, мән-мағынасы тереңде жатыр. Ру мен рудың арасын ғана емес, тіпті бүкіл ел мен елдің арасын татуластыра алатын, тіпті жауластырамын десе, жауластырып жіберетіндей тегеурінді, ықпалы зор өнер. Айтыс өнерінің құдыреттілігі де, өміршеңдігі де сонда.

Қазақ халқының ұлы жазушысы, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтың көрегендікпен айтқан мынадай сөзі бар: «...айтыс, жырау өнері қазақтың барлық жерінде болған. Бірақ ол тарихи жәйларға байланысты бір жерде бәсеңсіп, енді бір жерде өсіп-дамып отырады.». Ұлы қаламгердің меңзеп отырған уақыты 18-20 ғасыр аралығы болса, сол кездегі айтыс өнерінің жерұйығына айналған ендігі мекені Жетісу еді. Нақтылай айтсақ сонау Тарбағатай, Алтынемел, Балқаш төрінен бастау алып, ағыны қатты буырқанған жеті өзенді көктей өтіп, қырғыздың күнгей-теріскей Алатауына дейін созылып жатқан, көркіне көз тоймайтын кең-байтақ, киелі аймақтың «Жер жаннаты – Жетісу!» деп аталуы бекер болмаса керек. Қабан жырау атанған Қабылиса Асанұлы, төкпе жырдың сүлейі Сүйінбай Аронұлы, он алты жасында қаһарлы Тезек төренің алдына тайсалмай барып жыр төккен ақын Бақтыбай Жолбарысұлы сияқты қазақтың біртуар ақын - жырауларын дүниеге әкелген қасиетті өлке.

Қазақ халқының Сүйінбайға дейінгі айтыс өнерінде өлең-

жырды ағыл-тегіл төгілтіп, құйындай үйретін ақын болмаған. Сондықтан да жұрт ақынның туған жерін атай отырып: «Қызыл соқ. Сүйінбайдай ақын жоқ. Ақындық Сүйекеңнің сүйегіне сіңген өнер» деп мақтан етеді. Танды таңға ұластырып жыр төгетін ақындар легі мұнымен аяқталмайды. Ол ендігі жерде Шөже, Түбек, Майкөт, Қарқабат, Сарбас, Кемпірбай, Әсет, Шашубай болып жалғаса береді. Осындай қоңыраулатқан ұлы көштің соңын ала жыр алыбы Жамбыл бастаған ақындардың жаңа легі келді. Сүйінбайдан бата алып, оның төкпе жырын бойына сіңіріп өскен Жамбылдың: «менің пірім Сүйінбай, сөз сөйлемен сыйынбай» деуі осының айғағы болса керек. Сүйінбай, Жамбыл сияқты өнер дүлдүлдерін дүниеге әкелген елді-мекен де тап сол Алатаудың етегінде орналасқан. Кезінде ақын-жыраулардың алтын ордасына айналған, ғажап ертегідей көрікті, суреттеуге тіл жетпейтін өте сұлу аймақ. Қырғыз-қазақтың небір өнер саңлақтары ат шалдырып, айлап жатып, өлең-жырды селдеткен жер бұл. Сондай бір тұста Жәкеңнің аулына қонақ боп келген «құлан аяң Құлмембет» ақын, қобызын зарлатып зікір салған бақсыларды, домбырасын сабалаған ақындарды көріп таң-тамаша қалыпты:

*«Екейде елу бақсы, сексен ақын,  
Жаратып мінеді екен, ерттеп атын.  
Қобызы, домбырасы үнін қосып,*

*Гүлейді жын қаққандай кешке жақын.»* дейтін сол кезде айтылған өлең жолдары аңыздай болып бізге жетіп отыр.

Айтыс өнерінің көрігін ер адамдармен бірдей қыздырып, артына өлместей етіп өлең-жырларын қалдырған қазақ қыздары да аз емес. Басқаларды айтпағанда, тап осы Жетісу өңірінде дүниеге келіп, алмас қылыштай жарқыраған ақын қыздардың өзі бір төбе. Ұлбике, Нұрилә, Әлмен, Айкүміс, Ләтипа, Жаңылдық есімді қазақ қыздары соның «үркердей» ғана бір шоғыры. Олар да сол ұлы көштің жаңғырығындай, жалғасындай болып көрінеді. Әңгіме басын көнеден бастап отыруымның себебі де осында. Бәрінен де уақыт талабына орай сәл көмескіленіп қалғаны болмаса, ғасырларды ысырып тастап, сүрінбей келе жатқан айтыс өнерінің үзілмей, жойылып кетпей әлі жалғасын

тауып келе жатқаны көңілге медет, кеудеге қуаныш толтырады. Ендігі әңгіме қазақтың суырып салма ақын қыздарының бірі әрі бірегейі бүгінде 80 жастың сегіріне шығып отырған Надежда Лушникова жайлы болмақ.

«Қырандар аспанда емес, жерде өседі» демекші Жамбыл атасының қолынан дәм татып, батасын алған бүлдіршіндей қыз бала өсе келе сол ауылға келін боламын, ұлы жыраудың жолын қуып айтыскер ақын боламын деп әсте ойламаған шығар. Алатаудың жанға жайлы, көз тартатын көркем табиғаты, Сүйінбай, Жамбыл іспеттес дүлдүл ақындардың рухы сіңген киелі топырағы қаршадай қыздың көңілін толқытып, жүрегіне шырақжаққаны айтпаса да белгілі жәй. Иә, 18 жасар бойжеткеннің тырнақалды өлеңдерін оқып, баталы сөзін айтып, ақжол тілеген қазақтың атақты сатирик ақыны Асқар Тоқмағамбетов бір сөзінде: «Ойпырым-ай, адам деген топырағына тартпай қоймайды екен-ау! Сен туған жер төкпе сөздің «тәңірі» атанған Сүйінбай, Жамбыл ақындар жыр төгілтіп, думандатып өткен аймақ қой! Сен де сол миуалы дарақтың бір бұтағы, гүлашары бол. Көмейің жырға, көкірегің күмбірлеген күйге толсын!» деп ақтілеуін білдіріпті. «Қыранды қанат қағысынан, тұлпарды аяқ алысынан» танып білетін халықпыз ғой. Қаршадайынан қазақ ортасында өсіп, қазақы тәлім-тәрбие алған, әнге, өлең-жырға сусындап өскен орыс қызының ендігі тағдыры айтыс өнеріне байланысты болғаны табиғи нәрсе. Өйткені, «текті адамның тұқымы тегіне тартпай қоймайды» дегенді бабаларымыз әлдеқашан айтып кеткен.

Менің қолымда Надежда апайдың өзі сыйлаған «Қазақтың бір қызымын» атты өлеңдер жинағы бар. Сондағы қысқаша деректерге қарағанда ақынның арғы ата-бабалары саудасаттықпен айналысып, жер таныған, сауатты адамдар болса керек. Түп атасы Фрол Михайлович Лушников сібірдің Кяхта, Даурия өлкесінде ірі-ірі өнеркәсіптер ашып, 3-гильдия деп аталатын саудагерлер мен қолөнер шеберлерінің одағын құрысқан адам екен. Сол кездері айдауда жүрген орыстың көрнекті декабрист-жазушысы Михаил Бестужевпен достық қарым-қатынаста болғаны айтылады. 1860 жылдары Фрол бабасының

үрім-бұтағы тыңнан түрен салғандай сол кездегі Верный (қазіргі Алматы) қаласына келіп саудасын жалғастырыпты. Шай фабрикасын, басқа да сауда орындарын ашып қаланың өркендеуіне ат салысқан адамдар екен. Лушниковтар әулеті жөнінде Алматы облысының 60 жылдық мерейтойына орай шығарған «Жетісу: жасампаздық кезеңдер» атты естелік кітапта кеңірек сөз болады. Ақынның өз әкесі Андрей ұлы отан соғысынан оралған жоқ. Атасы Герасим болса «ағаштан түйін түйетін» нағыз қас шебер еді дейді. Жалғыз ұлынан айрылған соң тез шөгіп, қартайып кетті. Бар ермегі ай сайын арбамен Алматыға барып қап-қап кітап алып келетін, деп еске алады. Осындай асыл тұғырдан тараған Лушниковтардың бір «тармағы» шет елдерге де жетіп, із қалдырған сияқты. Олардың көбісі қыл қалам шеберлері (суретшілер) болыпты. Түбін қуып, зерттеп-зерделейтін адам болса мұның өзі қаншама ғылыми еңбекке арқау болар еді. «Арқалы айтыскер ақын», «кім болса да тайсалмай додағы түсетін қайсар қыз», «шашасына шаң жұқтырмайтын текті келін» деп жұрт таныған Надежда апайдың өміріндегі бізге беймәлім бір парасы осындай ойға жетелейді.

Ақыннан ақынның айырмасы көп. Бірі табаны қызған сәйгүлік сияқты ылди-өрге бірдей шабатын арқалы ақындар. Енді бірі табиғаттың өзіндей жаны сұлу, ерекше жаратылған дарынды ақындар. Ештеңеден жасқанбай, табан асты сөз табатын суырып салма, ойы ұшқыр ақындар. Осылардың бәріне тән ортақ қасиет елдің тарихын, өткені мен бүгінін бүге-шігесіне дейін білетін сұңғыла, шежіре шешен болып келетіні. «Бірден сен бола алмайсың жақсы адам» дейтіндей осы қасиеттердің бәрі ақынның бойына шым-шымдап сіңеді. Ақынды баптау-жүйрікті баптаумен бірдей. Сүйінбай, Жамбыл, Шашубай, Сарбас, Үмбетәлі, Кенен сынды дүлдүлдердің сүбелі сөздерін, ақындық шеберліктерін зерделеп, көңілге түйіп өскен Надежда Лушникованың бойынан осы қасиеттердің бәрін де көріп, тануға болады.

Сонау 60-70-ші жылдары әдебиетшілер арасында «өлеңді ауызекі айтатын және жазбаша ақындар» дейтін көзқарас қалыптасып, сол үрдіс осы күнге дейін сақталып келе жатқаны

жасырын емес. Айтыс ақындарына атүсті, шекеден қарап, олардың өнеріне аса мән бермейтін жәйлар да бар. Суырып салма ақындарға тән қасиет, олардың бәрі де домбыраға сүйеніп, белгілі бір мақамға салып айтатыны рас. Топан судай төпелеп көмейге құйылып жатқан ағын сөздерді мақам әнге қосып айтқан кезде, ұйқастағы кейбір «кедір-бұдырлардың» байқалмай қалатыны заңды нәрсе. Мұның өзі айтыс ақындарының бәріне тән ерекшелік. Соны желеу етіп, ақынның табиғатына, жан дүниесіне терең үнілмей теріс қабақ танытып жататынымыз үлкен әбестік. Атақты ғалым, әдебиет зерттеуші Р. Бердібаев өзінің «Кенен ақынның өлеңдері» деген мақаласында: «Сол қарапайым кара өлеңдердің, суропа поэзиясымен таныс оқушыға жат көрінетін кейбір «сүрленбеген» өлеңдердің ішінде табиғаттың өзіндей сұлулық, кіршіксіз сезім, қалтқысыз жан сыры жататындығын ұмытпауымыз керек...» деп ескерткен екен. («Әдебиет және исскуства» журналы, 1956 ж. № 4.).

Айтыскер ақындар жайлы сөз еткенде осы көзқарасты берік ұстанғанымыз жөн шығар. Қазақтың біртуар ұлы, Халық жазушысы Шерхан Мұртаза төкпе ақындар туралы былай депті: «Бұл әлгіндей күн-түн отырып, миыңды қазып, қаламмен жазып отыратын дүние емес. Төтеннен келетін өнер. Түйдек-түйдек сөзді ақынның аузына Алланың өзі салады.». Солай демекші:

*«Алатаудың бауырында,*

*Жырың болып ағайын,*

*Орыс елі - өз жұртым,*

*Қазағым – туған ағайым.»* деп жүрекжарды жыр-

ларын арнаған Надежда ақынның бұл имандай шындығы. Басынан ақ шәлісін тастамай, ақ домбырасын өміріне серік еткен, қазақша ойлап, қазақша жыр төккен, Жәнібек, Құралай, Қарлығаш, Ләйлә атты ұл-қыздарын өсіріп немере сүйіп «Аққу ана» атанып отырған ақын тәтемізге қандай мадақ айтсақ та жарасымды. Мұным жәй көлгірсу емес, өмір шындығы, көзбен көріп отырған ақиқат.

Тіпті таңды таңға ұластыратындай айтыстарын, арнау өлеңдерін былай қойғанда, «Тұңғыш сөзім» деген тырнақалды өлеңінен бергі жазған дүниелері қаншама. Онысы әр жыл-

дары баспадан кітап болып шығып жатты. 1970 жылы жарық көрген «Көңіл қошы» деген поэмалар мен өлеңдер жинағы үшін Қазақстан комсомол жастары одағының лауреаты атанды. Сол жылы Қазақстан Жазушылар одағына мүше болды. Суырып салма ақынның бүкіл өмір жолын, шығармашылығын бір газеттік мақалаға сиғызу мүмкін емес. Алайда ақынның қалам тартқан тақырыбының өзі-ақ оқырманға талай мәселені жайып салғандай. «Табынамын жүрегіне қазақтың», «Қарызым ел алдында төленбеген», «Менің президентім», «Аңырақай, қазақ және мен», «Бірлігі күшті ел азбас», «Жетісу жерім-ай!», «Сүйінбайша сөйлейін», «Жырымен, өлеңімен Жәкең нұсқа», «Мұқағали ақын тойында» болып тізіліп-тізбектеліп кете береді.

Ғұмырының 27 жылын мектепте қазақ тілінен сабақ беріп ұстаздық еткені, өлең-жырдың «қара жорғасы» атанған Үмбетәлі Кәрібайұлының есімін ұлықтап, музейін ашу үшін талай мекеменің табалдырығын тоздырып, тыным таппай еңбек еткені жұртқа мәлім. Ұзақ жылдар бойы сол музейдің директоры болып қызмет істеді. Сүйінбай, Жамбыл бастаған Жетісу ақындарының суырып салма өнерін, мақамдарын өскелең ұрпаққа үйрету үшін екі жылдық арнайы айтыс мектебін ашуға күш салды. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» демекші талай шәкірттер дайындап, айтыс өнеріне баптағаны әлі күнге көптің аузында жүр. Қанатын қомдаған жас қырандай самғай ұшып ел құлағын елең еткізген арқалы шәкіртінің бірі марқұм Оразалы Досбосынов еді. Көз тиді ме, ерте кетті. Бүгінде аты елге танымал ақын-әнші, термеші Ақан Әбдуалиев те сол мектепте оқып Надежда апайдан тәлім алған шәкірті. Ақындықпен қоса қоғамдық жұмыстарға белсене ат салысып, талай-талай игі істерге мұрындық бола білген айтыскер жанның еңбегі елеусіз қалған жоқ. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» деген құрметке ие болып, кеудесіне «Құрмет» ордені тағылды. Үлкенмен де, кішімен де жарасымды тіл тауып, әзіл-қалжыны даяр тұратын ақын тәтеміздің өмірге деген құштарлығы, қазақ әйелдеріне тән сыпайы, кең пейілдігі, жан лирикасы оның кез-келген өлеңдерінен аңғарылып тұрады.



*«Жаңбыр жерді қамшылайды,  
Көзден жасым тамшылайды.  
Мұнар қашан ашылады?  
Көңіл қайтсем арышылады...  
Сыйынамын, қарыламын,  
Жүрек кірден арыламын.  
Сенде тындың жаңбырым-ау,  
Суарылды жан-гүлім-ау!».*

### **«ЖАН ГҮЛІ» АТТЫ ӨЛЕҢІ.**

Сонау 1936 жылы қазақтың бетке ұстар бүкіл азаматтары 90-ға келген Жамбылды қолтықтап қазақ өнері мен мәдениетінің онкүндігіне барып қайтқаны тарихтан мәлім. Мәскеуден Жәкең үлкен абыроймен оралды. Сол кездегі кеңес үкіметінің ең жоғарғы наградасы «Еңбек Қызыл Ту» орденін кеудесіне тағып қайтты. Ақын-жазушылар, туған-туыстары қаумалап: «Жәке, дабысың төрткүл дүниеге тарап кетті. Басыңа бақ қонып, қасыңа қыдыр келді деген осы» деп шуласыпты. Сонда, тоқсанның торғынына оранған қарт жырау сақалын сипай отырып: «Мұндай да қызық болады екен-ау! Атаңның көрі, сол бақ-қыдыр дегенің менің жас кезімде қайда жүрді екен?» депті. Жәкеңнің әзілдеп айтқан бір ауыз сөзінде қаншама мән-мағына жатыр. Қазақта не көп - дәріптеу көп. Халық әртісі, халық жазушысы, суретшісі, дәрігері болып кете береді. Дүниеге орыс боп келіп, қазақ болып өту, қазақтың айтыскер ақыны атану өмірде бола бермейтін ерекше құбылыс. Қазақтың айтыс өнерінде бұрын-соңды болмаған жәй. Надежда тәтеміздің осы еңбегі үшін-ақ әркім иеленіп жүрген «Халық ақыны» деген атақты әлдеқашан беруге болатын еді. Белгісіз себептермен шет қала беріпті. Бұл енді осы салада қызмет етіп жүрген, ел басқарып отырған азаматтарға сын. «Асыл менен жасықты салмағынан танысың», «тұсында әділ заман бағаландым, арманда кеткен екен бұрынғы өлең» деп Кенен ақын айтпақшы адамның өнерін, талантын өз уақтысында танып, бағалай білген зор ғанибет, кең парасатты қажет етеді.

Тағы да сол Кенен атамыз айтатын ой-түйінге жүгінсек айтыс ақындарының өзгелерге ұқсай бермейтін өзіндік ерекшеліктері бар. Тау шындары сияқты бірінен бірі асып-түсіп жатады. Ал олардың нарқын біліп тұлпардай жүйрігін, сұңқардай алғырын танып білетін, тиісті бағасын беретін халық. Әсіресе суырып салма ақындардың бойында мынадай қасиеттердің болғаны абзал. Біріншісі - дарындылық. Бұл алланың сыйы, ананың сүтімен берілетін тартуы. Дарынсыз ақын қолтығын жазып, көсіле шаба алмайтын шабан ат секілді. Қаншама жұлқынып, домбырасын сабалағанмен, сөзінің берекесі кетіп тез болдырады. Екіншісі – шыдамдылық. Сабырлы, салмақты, ұстамды болу айтыс ақындарына ауадай қажет. Айтыс барысында небір артық сөздер айтылады емес пе? Намысыңа тиетін, жаныңды жаралайтын, тіпті сүйегіңнен өтетіндей шымшыма сөздерді естисің. Әккі ақындар мұны әдейі жасайды. Қарсыласының ашуға беріліп, сабырынан айрылғанын көздейді. Үшіншісі-парасаттылық. «Ұялмайтын бетке, талмайтын жақ береді» деген сөз бар. Алдында отырған ақынның жас айырмасына, жынысына қарамай пашау сөйлеп, «бәдіктеніп» кететін ақындар болады. Ондайлар қарсыласының жеке басындағы кем-кетікті тергілеп, тіпті ата-тегіне тіл тигізіп, ар-намысын қорлағандай сөздер айтады. Жұрт мұндайларды қазымыр, күл-қоқыстың ақыны деп атайды. Ұсақ-түйекті қазбаламай қарсы отырған ақынның өнерін, азаматтық келбетін құрмет тұта отырып айтысқан ақынның абыройы арта түсетіні ақиқат. Төртіншісі – ойдың ұшқырлығы. Қазақтың ұлы жазушысы М. Әуезов суырып салма ақындардың бойындағы осындай қасиетті, «қынаптан суырылған қылыштай жарқ ете қалатын» ерекшелік деп бағалаған. Айтыс үстінде қарсыласының сөзінен кеткен болар- болмас қателікті «қақпанның шаппасындай» сарт еткізе ұстап, өзіне қарсы шебер қолдануы ақын қиялының ұшқырлығын аңғартады. Табанасты қарсыласының апшысын қуырып, адымын аштырмай қоятын әдіс. Осындай сөзге шалымды, ойы ұшқыр ақындар қатарына Сүйінбай, Жамбыл, Шөже, Қуандықты (қырғыз ақыны), кейінгі толқыннан Үмбетәлі, Кенен, Нартайды, әйел ақындардан Әлмен, Ләтипа, Нұриләны жатқызуға болады. Бесіншісі – сөз

байлығы. Айтыскер ақын үшін баға жетпес қазына - сөз. Сөзге шорқақ ақын шоқалақтаған атпен бірдей. Ол үшін ақынға көп іздену, көп жүру, көп білу қажет. Көне көз ақындардың өлең-жырларын, айтыстарын, дастандарын оқып, судан балық сүзгендей ең асылдарын жинау керек. Ел тарихы, шежіресі, батырлар жыры әсіресе айтыс ақындары үшін сарқылмас байлық екені дау туғызбайды.

Надежда ақынның өлең-жырларын, айтыстарын, арнауларын мұқият оқысаңыз осындай ойға жетелейді. Соның бәрінде де домбырасын күмбірлетіп жыр төгіп өткен көне көздердің сарыны, қазақтың таң шолпандай жарқыраған ақын қыздарының дидары елес бергендей болады. Надежда Лушникованы шын мәнінде сол ұлы көштің жалғасы, айтыс өнерінде өзіндік із қалдырған дарынды қыздарының бірі деуге толық негіз бар. Бұл жөнінде өзіңізбен 28 дүркін айтысқа түскен арқалы ақын Мапап Көкеновтан артық ешкім келістіріп айта қоймас:

*«Өзіңсің бүгін Шолтан, Сарамыз да,  
Бүгінгі Мариясың арамызда.  
Сыр менен Жетісудың мақтанысың,  
Жасырып мұны көптен қаламыз ба?»*

Біздің де ой қорытып айтпағымыз осы еді. Шағын мақаламыздың түпкі мақсаты елдің құрметіне бөленген, айтыс өнерінің майталманы атанған, қастерлі ана, ұстаз, қоғам қайраткері Надежда Лушникованың шыққан тегі, өскен ортасы жайлы шым-шымдап еске түсіру ғана. Заманның самғай озып жасарғаны сондай 80 жастың өзі серілік құрып, той тойлап, думандатар шаққа айналып кеткендей. Бұған сіздің өмір жолыңыз куә. Сексен жастың сеңгіріне шықсаңыз да, өлең-жырды суырып салып, әзіл-қалжыңның көркін қыздырып үнемі сергек жүретін сіздің асыл бітіміңіз куә. Үлкен абырой-атаққа ие болып, айтыс өнерінің туын тіктеп осынша жасқа жеткеніңізге еліңіз куә. Мен мұны өз көзіммен көрген соң айтып отырмын. Жуырда «Оқжетпес» шипажайында үлкен-кішінің бәрі келіп қаумалап, суретке түсіп ақ пейілдерін білдіріп жатты. Сонда бәрін тоқтатып: «Алдарыңда Кенен атамның көзіндей бо-

лып баласы тұр ғой» деп маңдайымнан сүйіп, басыма тақия кигізгеніңіз көңілімді бір толқытып жібергенін несіне жасырайын. Өзіңіз жайлы мақала шыққан газетті қолыма ұстатып тұрып табанасты айтқан:

*«Мен жайлы газет бердім Бақытжаным,  
Әруағын Кенекемнің пір тұтамын.  
Моншақтай үлбіреген бір қыз едім,  
Қойды ғой мезгіл мөрін, уақыт табын.  
Сексенмен Алла жазса табысармын,  
Жетпістің нан-тұзына дән ризамын.  
Қатарым әбден сиреп, жетімсіреп,  
Етене жыр-қосақпен табысармын.»* деген екі

шумақ өлең жолдары талай нәрсені айшықтап-айтып тұрған жоқ па? Менің ондай қабілетім жоқ. Есесіне әкемнің «Сексенге» арнап шығарған ән-өлеңінің мына бір шумақтарын өзіңізге «сый-шапан» ретінде тарту етпекпін. Інііздің бұл қадесін бойтұмар, ақтілеу деп қабылдасағыз болғаны:

*«Атақты сексен келдің бе,  
Алайын деп сырымды.  
Сезікті сексен келдің бе,  
Табайын деп мінімді...  
Тұсауым жоқ аяқта,  
Сүйенгем жоқ таяққа.  
Сыр алдырман сексенге,  
Тоқсан, жүзің қай жақта?  
Шықтым биыл сексенге,  
Желігім бар өкпемде.  
Екі Кенен тумайды,  
Алатауға ексең де!»*

Бұған айтарға уәжім жоқ, ақиқат сөз. Екінші бір Кененнің де, халқымыздың айтыскер ақыны Надежданың да өмірге екі келмейтіні, қайталанбас тұлғалар екені айдай анық.

Ел-жұртыңыз, қадірлес, тілеулес замандастарыңыз Сізді атақты ақын, тұғыры асыл, пейілі кең ұстаз деп біледі. Ендігі тілеу: өзіңіз пір тұтқан Кенен ақынның тоқсанын тақымға ба-

сып, сол топырақта өсіп, батасын алған Жамбыл атаңыздың жүздігін қанжығаға байлап алып ұзақ өмір сүріңіз. Аталар рухы қолдасын! Аллатағланың нұрына шомылып, туған халқыңызды тұшымды өлең-жырларыңызбен қуанта беріңіз.

*Бақытжан Кененұлы,  
«Егемен Қазақстан» 2-ті, 2020 ж.*

## **АРМАНДАҒАНЫҢ БӘРІ ОРЫНДАЛА БЕРМЕЙДІ...**

Бұл көңіл дегенді қойсаңызшы! Қиялай өрлеп, елітіп, ертіп қияндарға жол салады, алыс сапарға, үлкен істерге жетелейді. Бұдан жастау кезімде мен де халықтың қалаулысы-депутат болуды армандағанмын. Депутат бола қалсам «бүйтер едім, сүйтер едім» дейтін тәтті қиялдың жетегінде біраз ой шиырлатқан кездерім болды. Сайлау науқанының білгірі, «көрегені» дейтін бір-екі ағаммен ақылдасып та көрдім. Олар болса: «Несі бар? Қазақстанның кез-келген азаматы өзін-өзі ұсынып, депутаттыққа кандидат болуына құқығы бар» деп қолпаштау сөзін айтты. Шынында, несі бар? Бүкіл Қордай елінің мақтанышы атақты ақын, әнші Кенен әкемнің әруағы қолдап, депутат болып кетпесіме кім кепіл? «Шешінген судан тайынбас» дегендей білегімді сыбанып, іске кірісіп те кеттім. Сайлаушыларға арнаған өзімнің бағдарламамды, атқаратын істер жайлы ой-пікірімді қағазға түсіріп, арқаланып жүргенімде мен ойламаған жағдай болды. Қордай ауданынан кандидаттыққа менің сырттай болса да аса қастерлеп, құрметтейтін, пір тұтып жүретін атақты боксшы інім Серік Қонақбаев түседі дегенді естідім. Аласұрған көңілім су сепкендей басылды. Атақ-даңқы бүкіл әлемге әйгілі спортшы, қазақ атын дүние жүзіне танытқан арқалы азамат тұрғанда сенікі не жорық? дегендей үнсіз қалдым. Сол кезде екі тілде (қазақ және орыс тілінде) жазып әзірлеген бағдарлама-жоспарымның, сайлаушыларға арнаған үндеу-мақаламның қысқаша сипаты, бағыт- бағдары мынадай еді.

## Құрметті сайлаушылар!

Қазақстан халқы қайта құру, қалыптастыру, жаңғырту жылдарындағы аса күрделі әрі жауапты кезеңнен абыроймен өтті. Осы аз уақыт ішінде Қазақстан Республикасы Тәуелсіз мемлекет ретінде ашық демократиялық қоғам құру жолында үлкен асуларды артқа тастап, өзінің өркениетті, бейбітшіл ел екенін бүкіл әлемге танытып үлгерді. Елімізде саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалардың мейлінше тиімді құқықтық базасы құрылды. Ендігі мақсат осы қол жеткен табыстармен тоқмейілсіп қалмай, Қазақстан Республикасының Конституциясын басшылыққа ала отырып, олардың заңдық негіздерін одан әрі дамытуға, тереңдете түсуге ат салысу қажет.

Бүгінгі таңда әрбір халық қалаулысы өзін сайлап, сенім артқан аймақтың мұқтаж-мүддесін айтып қана қоймай, оны шешудің сан-алуан жолдарын қосыла іздестіруге тиіс. Бұл жерде жақсы заңгер немесе білікті экономист болу аздық етеді. Мұнымен қоса сайлаушылардың мүдделерін қорғай білетін, жүзеге асыра білетін, сондай-ақ әр істің ретін, орайын келтере білетін іскерлік қажет деп ойлаймын. Заң шығармашылығы қызметін сайлаушылардың өтініш-тілектерімен ұштастыра білетін адам қажет. Бұл деген өзіңе зор үміт артып дауыс берген жергілікті жердегі жұртшылықтың шынайы жанашыры, «көз-құлағы» болу деген сөз. Ең бастысы – адалдық. Депутаттың негізгі мақсаты да осы болуға тиіс.

Егер мені депутат етіп сайлаған жағдайда барлық ерік-жігерімді мынадай мақсаттарға бағыштар едім. Солардың ішінде ең көкейкесті мәселелер мыналар:

**Бірінші қадам.** Барлық проблемалардың келіп тірелетін жері ақша қаражатының тапшылығы. Облыс бюджетіне қанша қаржы бөлінеді екен? Одан біздің ауданға қаншасы тиеді екен? деп қарап отыру, нағыз тіленшінің пиғылы. Мен жыл сайын республикалық бюджеттің қалай талқыға түсетінін көріп те, біліп те жүрмін. Сонда бір байқағаным, нақты бағдарламасы бар, белгілі бір мақсатты көздейтін, өзі сайланған аймақтың жәй-күйін терең білетін депутаттардың сөздері салмақты, пікірлері

өтімді келеді. Өзі де сенімді, өзгелерді де сендіре алады.

Сондықтан депутаттың басты міндеті жергілікті жердегі ортақ проблеманы шешу үшін мүмкіндігінше қосымша қаржы көздерін тауып, тарту болмақ. Жергілікті әкімдікпен ақылдаса отырып ондай қаражат көздерін табуға мүмкіндік бар. Оның нақты жолдары көп. Осы тұрғыдан туған өлкемнің әлеуметтік, тұрмыстық және экологиялық проблемаларын кезең-кезеңмен шешуге ат салысқым келеді. Менің кезекті депутаттыққа сайлау науқанына қатысуды мақсат етуімнің өзі осындай мақсат-мүддеден туындап отыр.

**Екінші қадам.** Мені қатты толғандыратын нәрсе ауылдық жерлердегі маман кадрлар мәселесі. Осы заманға лайықты терең білімді, білікті мамандар болмайынша елдің де, жердің де көсегесі көгермейді. Нарықтық экономиканың, банктер жүйесінің қыр-сырын, ауыл шаруашылығының қазіргі бағыт-бағдарын, оның пайда әкелетін тиімді салаларын тап басатын, зияны мен пайдасын есептеп, електеп отыратын мамандар аса қажет. Ол үшін аудан көлемінде қажеттілік (сұраныс) туғызып отырған мамандықтардың нақты тізімін жасау қажет. Сондай-ақ осы өлкенің проблемаларына сәйкес мақсатты бағдарламалар әзірлеу керек болады. Өйткені қазіргі кезде арнайы тапсырыспен қажетті мамандар дайындау мәселесі қолға алынып жатыр. Соған орай шаруашылықтың бүгінгі сұранысына сәйкес қажетті мамандарды оқытып алуға тиіспіз.

Оқу министрлігіне осындай өтініш-мәселемен шығып, өз ауданымызға қажетті болашақ мамандарды дайындап алуға әбден болады. Мұның өзі бір жағынан шет елдерге қыруар ақша шығындауға тосқауыл болса, енді бір жағынан ақшаның, тамыр-таныстың күшімен немесе ебін тауып шетелге балаларын жіберіп жатқан пысақайлардың жолын кесетіндей шара болар еді.

**Үшінші қадам.** Бүгінгі таңда орта және шағын кәсіпкерлікке үлкен мән беріліп отыр. Соның ішінде оңтайлы шешімін таппай, қордаланып қалған мәселе ауылдық жердегі ұсақ шаруашылық қожалықтары. Әркімнің өз бетімен, жеке-жеке шаруашылық жүргізуі күннен-күнге қиындап барады. Жанар-жағар майдың

тапшылығы, жем-шөптің жетіспеуі күнделікті мәселе. Қолында қаражаты жоқ шаруа осының бәрін малға айырбастап алады. Ертеңгі күні малынан, жерінен айрылған шаруа несімен күн көреді. Құмалақ санай ма?

Нарықтың заңы сондай. Шаруашылық иесінің қолында жерден өзге ештеңе жоқ. Жерге бола банктер кредит беруден қашқақтайды. Ал аяғына тұрып алған шаруа қожалықтары өзгелерге көмек бергісі келмейді. Өйткені ол үшін өзгеден гөрі өзінің байығаны әдеқайда тиімді. Мұндай тығырықтан шығатын жол бар ма? Әрине бар.

1. Ұсақ шаруашылық иелері бірігіп, бірлесе іс-әрекет жасауы тиімді. Оның атауы көп: бірлестік, артель, қоғамдастық, корпорация және т.б. Сонда кепілге беретін жер көлемі артады. Банктерден несие алу мүмкіндігі артады. Бірлесіп тапқан табыстары әркімнің проценттік үлесіне қарай бөлінеді. Мұндай әдістер көп жерлерде қолданылып, оң нәтиже беріп жатыр.

2. Қордай өңірі төрт торап жолдың бойында орналасқан. Қырғыз, Өзбекстан республикаларына баратын жол осы өлке арқылы өтеді. Осы аймақта жан-жақты, көп салалы сауда жүйесін (орталығын) дамыту өте тиімді болар еді. Бұған іскер адамдарды тартып, өздерінің кәсіпорындарын (астық, көкөніс, азық-түлік сақтау қоймаларын, осы заманға лайықты техника жөндеу станцияларын және т.б.) салуға мүмкіндік жасау керек. Нәтижесінде қосымша қаржы, қосымша жұмыс орындары пайда болады.

3. Бұл аймақта құнарлы жерлер көп. Солардың көбісі игерілмей жатыр. Ұсақ шаруашылық иелерінің бұған күші жетпейді, қаражаты жоқ. Сондықтан осы жерлерді жалға берген пайдалы. Ол үшін өз еліміздегі ірі-ірі компаниялармен, кәсіпорындармен келіссөздер жүргізуге болады. Сөйтіп, инвесторлар тартуға, қосымша қаржы көздерін ідестіруге мүмкіндік бар.

Мұндай шараның пайдасы сол. Екі жақ арнайы шартқа отырады. Инвестор қаржы береді, қажетті техника сатып әпереді. Сен соны пайда әкелетіндей тиімді пайдалануға тиіссің. Қолында қаржысы бар әр шаруашылық иесі өз жерін өзінің күшімен өңдейді. Сырттан жұмыс қолын іздеп әуре болмай-



ды. Ал инвестордың міндеті сол шаруашылықтағы қажетті объектілерді, тұрмыстық жайларды қалпына келтіру, тұқыммен, жанар-жағар маймен, басқа да қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету болмақ. Түскен пайда келісім-шартта көрсетілген процент бойынша бөлінеді. Мұның да неше түрлі жолдары, алғы шарттары бар. Мұндай әдістеме Солтүстік Қазақстан облысында кеңірек таралуда. Осы айтылған іс-шараларға қажетті заңдық негіздемелер әзірлеуді болашақ депутат ретінде өзімнің абыройлы міндетім деп есептеймін.

**Төртінші қадам.** Мақсатты көмек көрсету іс-шараларын жан-жақты дамыту. Мұндай көмек көбіне мүгедектерге, көп балалы аналарға, соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, тұрмыс жағдайлары төмен адамдарға көрсетіледі. Осы мақсатпен бюджеттен бөлінетін қаражат мөлшері мардымсыз. Оның өзі де тиісінше әркімнің қолына нақты тие бермейді. Теледидардан көрсетіліп, баспасөз беттерінде жазылып дау-дамай туғызып жататыны содан. Сол себепті аудан аумағын толықтай қамтитын «Қайырымдылық қорын» ашу (күру) аса қажет нәрсе. Оның бөлімшелері барлық елді мекендерде болады. Олардың негізгі мақсаты дер кезінде «**Көмек**» және «**Қамқорлық**» көрсету болмақ.

Негізгі қаржы көзі ауданымыздағы әртүрлі кәсіпорындардың, шаруашылық иелерінің, шаруа қожалықтырының, фермерлердің, басқа да бақуатты адамдардың әлеуметтік бағдарламаға сәйкес өз еркімен қосатын қаржысы есебінен толығып отырады. Менің пайымдауымша көпшіліктің қолдауымен бұл шараны жүзеге асыруға әбден болады деп ойлаймын. Ал қорды осы ауданның құрметті азаматтарынан құралатын тәуелсіз ұйым басқаруға тиіс.

**Бесінші қадам.** Қордай өңірінің экологиялық жағдайы. Бұл жөнінде дабыл қағатын уақыт әлдеқашан жетті. Қордай асуы, Сұлутөр, Жайсаң, Ойжайлау, Иірсу таулы аймақтарының көк майсаға оранған шұрайлы жерлері тозып, қойнауындағы су көздері тартылып, топырағы құнарлылығынан айрылып, шаңға айналғаны қашан!. Мал өрісі, егістік жерлер тарылды. Табиғи тепе-теңдік жойылды. Оған себеп не?

Бірінші кезекте бұған ешкіммен ақылдасып жатпайтын кеңестік дәуірдің бір беткей, озбыр саясаты кінәлі деп ойлаймын. Қордай асуының ең құнарлы жеріне әскери құрамаларды әкеп орналастырды. Отыз жылдан астам уақыт әскери техникалар таптаған жерде не қалады? Нәтижесін көзбен көріп отырмыз. Сай-жырадан, таулы шатқалдардан жылысып ағып жататын бұлақтар тартылып кетті. Тау жоталары жалаңаштанып, шөбі сиреп қалды. Бұл аймақтарда жыл бойы әртүрлі әскери ойындар өткізіліп, сан түрлі әскери техникалар күндіз-түні ағылып жататын. Яғни, үзбей «соғыс ойындары» өткізіліп тұратын үлкен әскери полигон болғанын жұрт жақсы біледі.

Бұған қоса жарты ғасырдан астам уақыт бойы Қордай асуынан күндіз-түні ағылып жататын автокөлік легі тағы бар. Оның зияны мен залалын кім есептеп, ескеріп жатыр дейсіз?. Сол сияқты Қордай асуының нақ төрінде ашық шахта да болған. Одан ұзақ жылдар бойы уран рудасы қазып алынды. Сонау, 60-70 ші жылдары көкшіл түсті тастар тиеген ауыр жүк машиналары күндіз-түні Отар санциясына ағылып жататын еді. Сол шахта әлі күнге ашық күйінде жатыр. Зиынды ма, заласыз ба ешкім білмейді.

Қысқасы «судың да сұрауы бар» емес пе? Депутат болып сайланғандай болсам, осындай жайлар төңірегінде келелі мәселелер көтеріп, ауқымды істер бастау ойымда бар. Қазіргі күні мұның ешқандай құпия сыры жоқ. Жұртқа кеңінен таныс дүние. Сондықтан әртүрлі деңгейдегі тәуелсіз сарапшылар шақырып, осы өңірдің экологиялық жәй-күйін, адамдар мен мал-жанға тигізген зиянды әсеріне дейін зерттеп, тұжырымдама жасайтын уақыт жеткен сияқты. Осыған қатысы бар министрліктерге қояр сауалымыз да, талап-тілегіміз де жетерлік. Бұл менің азаматтық қана емес, журналист ретінде де қолға алуға тиіс міндетім әрі борышым.

**Алтыншы қадам.** Бүгінгі таңда аса өткір қойылып отырған мәселелер елді мекендердегі жол қатынасы мен ауыз су мәселелері. Бұл мәселенің Қордай ауданында үлкен проблемаға айналғалы қашан. Мұнда да басты нәрсе қаржы тапшылығына келіп тіреледі.

Облыс бюджетінен бөлінетін қомақты ақшаның көзге көрінбейтіні неліктен?...Бұған себеп ашықтық, жариялылық жоқ. Арнайы бөлінген қаржы өз мақсатында емес, басқа шараларға жұмсалып кететін жайлар жиі ұшырасады. Мұның шешуі біреу ғана. Облысқа сұрау салғанда, бүге-шігесіне дейін есептелген, белгілі бір елді мекеннің сұранысын толықтай қамтитын, жан-жақты зерттелген бағдарламамен шығу керек. Өйткені, бір жылда бүкіл ауданның проблемасын шешіп тастау еш мүмкін емес. Сондықтан бұл мәселелер кезең-кезеңмен, нақты көрсетілген, бекітілген бағдарлама бойынша ашық, жариялы түрде жүзеге асырылуға тиіс. Қаржы талапайға түспесе жолмәселесін де, ауыз су мәселесін де бірер жылда шешуге әбден болады.

Мұндағы ең маңызды нәрсе ашықтық, қатаң бақылау, қадағалау болмақ. Бұл іске аудан жұртшылығын тарту, қатыстыру, көзін жеткізу басты мәселе болуға тиіс. Болашақ депутаттың атқаратын негізгі міндеті де осы.

**Жетінші қадам.** Ауылдық жердегі оқу жүйесі. Айта-айта әбден мезі қылған мәселе. Айтпаса тағы болмайды. Өйткені ауылдың болашағы қазір өзіміз оқытып жатқан балаларымыздың білім өрісіне. мұғалімдердің білім деңгейіне тікелей байланысты.

Осы күні мемлекетіміздің бүкіл оқу жүйесін жаңғырту, реформалау процесі жүріп жатыр. Сондықтан жалпы аудандық оқу жүйесін ғана емес, әрбір елді мекендегі мектептің білім беру сапасын, мұғалімдердің, оқушылардың білім деңгейін арттыруға бағышталған арнайы бағдарлама қажет. Оны аудандық оқу жүйесінің мамандары бірлесе отырып, жергілікті жердегі мектептердің проблемаларын, мүмкіндіктерін ескере отырып жасауға тиіс. Міне, осындай нақты бағдарлама негізінде облыстық бюджеттен қомақты қаржы бөлдіруге болады. Бұған қоса қосымша қаржы көздерін де іздестіру қажет. Аудан әкімшілігімен ақылдаса отырып, нақты іс-әрекет жасалса мұның да дұрыс шешімін табуға болады. Жергілікті бюджеттен оқытушылардың жалақысын арттыруға, оқушыларды тегін емдеуге, білім бері саласындағы мамандарға жеңілдіктер

қарастыруға неге болмасын. Ол үшін әлгінде айтып кеткендей ашықтық, жариялылық ауадай қажет. Менің депутаттық бағдарламамның көздеген мақсаты да осыған саяды.

**Сегізінші қадам.** Рухын жоғалтқан халық, өзін де жоғалтады. Адамзат тарихында мұндай процестер көп болған, ол үрдіс қазір де жүріп жатыр. Бүгінгі таңда бүкіл әлемнің дегбірін алған «жаһандандыру» процесіне төтеп беру үшін не қажет? Ол үшін ұлттың (халықтың) бастауын тереңнен алатын тарихы және мәдениетімен қоса, ұрпақтың білімді, салиқалы, рухани биіктігі қажет. Бұған тіл де, діл де, әдет-ғұрпымыз да кіреді. Отбасындағы, мектептегі ұлттық тәрбие берудің ауқымын арттыру, аясын кеңейте түскен жөн. Жас ұрпақты елітіп әкететіндей замана талабына сай, соны, пәрменді іс-әрекет қажет. Ол үшін аудандағы мәдени ошақтарының мүмкіндігін арттырып, жұмысын қайта жандандыру аса маңызды.

Мәдениет саласындағы қызметкерлердің жағдайын ойлайтын, қамқорлық жасайтын уақыт жетті. Мұның өзі жас ұрпақтың теріс жолға түсуіне, нашақорлыққа, ұрлық-зорлыққа ұрынбауына тосқауыл болатын бірден бір жол. Қордай жұртының байырғы сауықшыл, өнершіл, өр мінезін қайта қалпына келтірген жөн. Мен мұны депутаттық міндетімнің ең маңызды бір бөлігі деп есептеймін.

**Тоғызыншы қадам.** Аудан халқының тұрмыс-тіршілігіне, болмысына тікелей ықпал ететіндей арнайы, нақты, белгілі бір мақсатты көздейтін бағдарламалар әзірлеуге болады. Солардың кейбіреулері мынадай сипатта (тақырыпта) болса ғой деп ойлаймын:

- *«Ауылым – берекем!».*
- *«Шағын кәсіпкерлік пен шаруашылық қожалықтарын дамыту және қолдау (көмек көрсету)».*
- *«Қордай өңірінің экологиясы».*
- *«Аудандағы ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерді дұрыс пайдалану және шығымдылығын арттыру».*
- *«Қоғам және Мен».*
- *«Тәртіп және құқық».*

Осының бәрі сайып келгенде аудандағы тұрғындардың

әртүрлі топтарын қамтиды. Облыстық бюджеттен қомақты қаржы бөлуге тұратын игілікті іс-шаралар.

**Оныншы қадам.** Қордай жері төрт жолдың торабында орналасқан аймақ. Саудаға да, транзиттік қатынасқа да өте қолайлы. Ауданның орталығы Қырғыз Республикасына кіретін жолдың үстінде тұр. Жақын шетелдерге баратын бүкіл көлік осы арқылы өтеді. Қордай кеніші екі мемлекеттің арасын бөліп жатқан шекаралық аймақта орналасқан. Сондықтан халықаралық ережеге сәйкес бұл ауданның өзіне тиесілі мәртебесі (статус) болуға иіс. Келешекте осы мәселе төңірегінде де сауал айтып, мәселе көтеруге болады ғой деп ойлаймын.

Шағын бағдарламада бүкіл мәселені қамту мүмкін емес. Мен көкейде жүрген, көңілімді мазалаған проблемалардың жалпы бағыт-бағдарын ғана тізіп шықтым. Мұны қолдасаңыз, онда мені қолдағаныңыз! Ал саясат жөніндегі, экономикалық және әлеуметтік проблемалар жөніндегі менің ұстанымым осы айтылған мәселелерден туындап жатады.

Сайлаушым ретінде, Сіздің адамгершілік парасатыңызға, ар-ожданыңызға, адал пейіліңізге сенемін!

*Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің депутаттығына кандидат  
Әзірбаев Бақытжан Кененұлы  
Астана, 2004 жыл*

## **ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕРІМ!**

*«Тасы да алтын Қордайдың тауы да алтын,  
Басы да алтын Қордайдың бауыры да алтын.  
Егінге бай, малға жай, топырағы май,  
Шөбі шүйгін көк торғын, желі салқын».*  
**Кенен.**

Қордай өңірінің тарихи шежіресі көне заманнан бастау алып, тамыры тереңде жатыр. Ұлы Жібек жолының негізгі күре тамырындай болған үлкен қасқа жол Қордай асуы арқылы өтеді. Бұл тарихи аймақтың еліміз үшін маңызы да, мәні де орасан зор. Қордай, Өтеген, Жолбарыс сынды батырлар, Ноғайбай, Кебекбай сынды ел тізгінін ұстаған әбзіл шешендер, күйші Бәйсерке, ақын Кенен секілді біртуар ұлдарын дүниеге әкелген қасиетті де, киелі жер.

Расында да, оның қойнауы мыңғырған малға, көл-көсір байлыққа толы. Бұл аймақ табиғи шикізатқа бай өлке. Бірқатар кен шығару көздері бар. Бір ғана Қордайдың қызыл граниті неге тұрады? Осының бәрі халық игілігіне айналса, осы өңірде өмір сүріп жатқан жұртқа пайдасын әкелсе нұр үстіне нұр болмас па еді? Алайда табиғат сыйлаған осыншама байлықтан қарапайым халықтың шет қала беретіні неліктен? Сұрау бар, жауап жоқ.

Оның себептері көп. Солардың ең негізгісі билік пен қалың жұртшылық арасында бірлескен іс-қимыл, байланыс жоқ. Олар бір-бірінен алшақ жатыр. Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінде тегеурінді іс-әрекет, ашықтық, жариялылық байқалмайды. Көп жағдайда қарапайым еңбек адамының құқығы аяққа басылып, әділдік таба алмай жататыны содан-ау деймін.

Алдымен Қазақстан азаматы ретінде, содан соң осы топырақта туып-өскен перзент ретінде ел-жұртымыздың тұрмыс-тіршілігі, осы аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайы, экологиялық жай-күйі көңілімді алаңдатпайды дейсіз бе? Ең болмаса туған халқымыздың «көз-құлағы», жанашыры бола алсам дейтін ой-толғаулар жанымды жегідей жейтіні де рас.

Он жылдан астам уақыттан бері жүзеге асырылып жатқан реформалар өз нәтижесін енді-енді көрсете бастады. Оның тым баяу, өте күрделі жүруіне әртүрлі саяси-әлеуметтік жағдайлар себеп болғанын жақсы білесіздер. Елдің тұралап қалған экономикасын, банк жүйесін, өнеркәсібін қалпына келтіру, қоғамның әлеуметтік-мәдени бағытын айқындап алу оңай шаруа емес. Қазақстан халқы осы күрделі белестен аман-есен, абыроймен өтті. Бұған да шүкір!

Парламент қабырғасында қызмет істеген алты жыл ішінде көп нәрсені аңғарып, ойға түйгенім рас. Сондағы бір байқағаным апталап, айлап жүріп депутаттар қабылдаған кейбір заңдардың пәрменсіздігі, жұртшылық көңілінен шыға бермейтіндігі. Осы күндері бірқатар заңдардың әрекетсіздікке ұшырап, тұралап қалғаны жайлы жиі-жиі айтылып жүр. Бұған себеп көптеген заңдар асығыс қабылданады. Бір қайнауы ішінде қалған заңдар баршылық. Кей жағдайда Үкімет те, өзге де билік орындары, тіпті депутаттардың өздері де асығыстық танытып осындай заңдар қабылдауға мүдделі болып жатады. Нәтижесі жаңағы. Қабылданған заңның қолданысқа енбей, қоғам тірлігіне етене сіңіспей жатып-ақ өзгерістер мен толықтыруларға ұшырап жататыны сондықтан деп ойлаймын.

Елбасының халыққа жолдаған биылғы жолдауында ауылдың экономикалық, әлеуметтік жағдайын барынша көтеру, ауыл тұрғындарының тұрмыстық деңгейін, рухани ахуалын барынша арттыру қажеттігі баса көрсетілді. Ендігі ұстанар бағыт-бағдар да, мақсат- мүдде де осы болуға тиіс.

Мен өзімнің шағын бағдарламамда мемлекеттік, мемлекетаралық ауқымды мәселелер төңірегінде әңгіме қозғап, білгір-біліктілігімді көрсеткелі отырған жоқпын. Ол жағын қаузар болсам біраз жерге баратындай шама-шарқым бар. Өзім ниет артып, мақсат тұтып отырған Қордай өңіріндегі әлеуметтік хал-ахуалды, жергілікті халықтың әл-ауқатын қайтсек арттыра аламыз? Оның қандай жолдары бар? Кейінгі ұрпақтың осы заманға лайықты білім алуын, қарттарымыздың мұңсыз болуын, көп балалы аналардың алаңсыз ғұмыр кешуін қалай қамтамасыз етуге болады? дейтін ой-түйін. Бұл өте күрделі,

бірақ қалауын тапса шешуге болатын мәселе.

Қазіргі күні жер-су жайлы сөз бола қалса алдымен айтылатыны сол аймақтың экологиялық жағдайы. Қордай жерінің де экологиялық хал-ахуалы жыл өткен сайын нашарлап барады. Баяғыдай сай-жырасы бүлдіргенге тұнып тұратын, көк шалғыны аяққа оралып жататын өңірдің табиғи сұлулығы сұрғылт тартқаны қашан? Қай ауылға барсаң да ауыз судың қиындығын көріп отыр. Мұның өзі жергілікті халықтың денсаулығына тікелей әсер ететін «фактор» екендігі дау туғызбайды.

Қордайдың жерін таспадай тіліп Алматы – Бішкек – Ташкент бағытында тас жол өтеді. Жыл-он екі ай бойы, күндіз-түні бір толастамайтын жүздеген, мыңдаған автомобильдер легін есептеп, одан келетін (қоршаған орта, жер-су, жан мен малға) зиянды ескеріп жатқан кім бар? Солардан алым алына ма? Алынса, ондай қомақты қаржы қайда жұмсалып жатыр? Ауданда кеден мекемесі бар, яғни кеден салығы да бар. Демек, алыстан «арбаламай-ақ» осындай түсімдердің есебінен (өзге аймақты былай қойғанда) жол бойында орналасқан елді мекендердің, сонда тұрыпжатқан жұртшылықтың әлеуметтік жағдайын көтеруге, көмек беруге неге болмасын?

Шағын бағдарламада атап кеткенімдей Қордай жерінде көп жылдар бойы әскери құрылымдар тұрды. Аса ірі әскери жаттығулар болмағанмен, күнделікті үйрету-оқыту жаттығулар үзбей болып жатады. Мал жайылымы тарылды, көптеген жер алқаптары шаруашылыққа жарамсыз болып қалды. Танк, артиллерия снарядтарынан әбден бүлінген аймақтың құйқалы топырағы тозаңға айналды. Бұл экологиялық апат емей немене?...

Осының бәрі экологиялық зардаптар туғызбайды дегенге кім сенеді? Қаржысы да, қауқары да мол осы екі министрліктер жергілікті халыққа қандай көмек көрсетіп отыр? Тым болмағанда сол тозаң аймақты қалпына келтіруге, жұтатын ауасы мен ішетін суына дейін бұзылған жергілікті тұрғындардың хал-ахуалын жақсартуға арнайы қаржы бөлсе содан тақырлап қалмас еді ғой. Судың да сұрауы бар. Алайда бұған жүрек ауырып, бас қатырып жатқан ешкім жоқ.



Бұдан бұрын да айтып кеткенімдей, сонау 60-70 жылдары Қордай асуының бір қойнауынан ашық түрде руда өндірілгені мәлім. Оның құрамында уран болғаны рас. Оның қоршаған ортаға, адамдарға қаншалықты зиянды екенін пайымдап, жұртқа түсіндіріп жатқан ешкім болған жоқ. Бәрі де құпия сақталатын. Сол жылдары балалар арасында өлім-жітім көбейді. Денемізге, аяқ-қолымызға, басымызға әртүрлі жара шығатын. Оны өзім де бастан кешіргенмін. Кейін бұл шахта аяқасты жабылып, оның орнына әскери бөлімшелер орналасты. Үлкен қалашыққа айналған елді-мекен құлазып, аз ғана тұрғындары бар шағын поселкеге айналды. Сөйтіп Қордай өңірі де, қазіргі күні экологиясы нашар аймаққа айналып отыр.

Өз халқына осылайша үнсіз «соғыс» ашқан кеңес үкіметі кезіндегі жергілікті халықтың хал-ахуалы осындай еді. Мұндай тығырықтан шығатын жол бар ма? Бар. Әсіресе бұған еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген қазіргі уақытта зор мүмкіндік бар ғой деп ойлаймын.

Ол үшін арнайы комиссия құрып, осы аймақта зерттеу жұмыстарын жүргізу қажет. Соның қорытындысы бойынша нақты дәлелдерге сүйене отырып Үкіметтен қомақты қаржы бөлдіруге, әлгінде аталған үш министрлікке де сұрау салып, әрқайсысына тиісті міндеттер жүктеуге болады. Өйткені осы өңірдің экологиясының бұзылуына олардың тікелей қатысы бар.

Осы аймақтан шыққан бай-қуатты адамдар да жоқ емес. Солар көмекке келсе нұр үстіне нұр. Көп жағдайда олардың іс-әрекеті мешіттер салдырудан, аталарының бейітін жаңғыртып, ат шауып, ас беруден аспай тұр. Туған жердің сүренсіз келбеті, еңсесін көтере алмай жатқан ел-жұртымның тыныс-тіршілігі алаңдатпай қоймайды. Көңіл толқытып, жаныма бататын нәрселер бұл.

Соңғы он жылда халық та есейіп, оң-солын айқын тани-тындай жағдайға жеткен секілді. Пайда мен зиянды, іскерлік пен көпірме сөзді ажырата біледі. Әр істің мән-мағынасына тереңірек үңіліп, сергек ойлайтын болды. Ендігі үмітіміз осында.

Ойымда жүрген ой-пікірімді, көңіл алаңдатар жайларды қорытындай келіп, мен Парламент Мәжілісіне депутаттар сайлау науқанына өз кандидатурамды ұсынуды жөн көрдім. Бұл менің тікелей азаматтық парызым.

Өзімнің дйттеген негізгі бағыт-бағдарламамды **қысқа** және **ұзақ** мерзімді деп екі бөлікке бөлдім. **Қысқа мерзімді** дегенім – өзім сайланғалы отырған Қордай ауданының бүкіл тыныс - тіршілігіне, шаруашылық проблемеларына етене араласып, оқкылықтар мен кемшіліктердің онды әрі тез шешілуіне бар ынта-жігерімді салу болмақ. Атап айтқанда:

- аудандағы барлық мектептерді жаппай компьютерлендіру, мұғалімдердің әлеуметтік жағдайы, жалақы мәселесі, оқушылардың терең білім алуы;

- ауылдық жерлердегі медициналық құрылымдарды қайта қалпына келтіру, заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, тегін емдеу, мамандар әзірлеу;

- мәдениет ұйымдары: кітапханалардың, клубтардың, мәдениет үйлерінің жұмысын жандандыру, қаржы көздерін іздеу, мәдениет қызметкерлеріне қамқорлық;

- ауылдық спорт пен өнерпаздар мәселесін жандандыру, жастардың спортпен айналысуына мүмкіндіктер қарастыру;

- зейнеткерлер мен қарт адамдарға, көп балалы әйелдергі көмек көрсету, тұрмыстық жағдайларын жақсарту;

- аудандағы бүкіл елді мекендерді таза ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін көтеру және қатынас жолдар мәселесі;

- жұмыссыздықпен күрес.

Осының бәрі де көзін тауып, дұрыс ұйымдастыра алсақ, жүзеге асыруға болатын жайлар. Ол үшін ынта-жігер, ең бастысы ашықтық, жариялылық қажет дейтінім сол. Әсіресе, бұл жергілікті биліктің ең төменгі сатысы ауылдық жерлер үшін маңызды.

**Ұзақ мерзімді** мәселелер деп отырғаным ауқымы кең, жалпыхалықтық жоғары деңгейде шешілетін келелі іс-шаралар. Оның халық көңілінен шығатындай дұрыс шешілуі ең алдымен ауылдық жерлерде көрініс табуы қажет. Мен осы тұрғыдан ел басшысының қазіргі жүргізіп отырған бағыт-бағдарламасын

толықтай қолдаймын. Депутат болып сайланған жағдайда өзім ат салысқалы отырған осындай іргелі мәселелерге мыналарды жатқызғым келеді:

- мемлекеттік тілдің, яғни қазақ тілінің мәртебесін, қолдану ауқымын арттыру. Барлық салаларға қазақ тілін енгізудің нақты мерзімдік бағдарламасын жасау. Осы саланың тәжірибелі аудармашысы болғандықтан заң жобаларын тікелей мемлекеттік тілде әзірлеуге біртіндеп көшуді ұсынамын;

- ең төменгі жалақы мен зейнетақыны жыл сайын, үзбей өсіріп отыру;

- жастар саясаты, мемлекеттік басқару құрылымдарына жастарды көбірек тарту. Өскелең ұрпаққа ұлттық тәрбие беру мәселелері;

- билік органдарындағы төрешілдік пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті пәрменді жүргізу;

- тегін білім алу мен тегін емделу мәселесін қалпына келтіру, осы уақыт талабына орай қайта құру;

- халқымның ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне, мәдениеті мен өнеріне негізделген идеология қалыптастыру;

- халықтың бірлігін сақтау, алауыздыққа, топшыл, жікшіл, жөнсіз сәуегейлікке, «терісқақпайшылыққа» қарсы күресу, жолбермеу;

Мен тап осы кезде «қаптап кеткен» көппартиялық жүйеге қарсы екенімді жасырмаймын. Бұл маған ат төбеліндей ғана қазақты «мүшелеп, жіліктеп» жатқандай көрінеді де тұрады. Салиқалы, салмағы бар, айтар идеясы, атқаратын нақты іс-шаралары бар үш-төрт партия болса да жетпей ме? Біз халқының саны миллиардтан асып-түсіп жатқан Қытай емеспіз ғой. Оның да жалғыз партиясы бар. Социализмнің де, капитализмнің де ең оңтайлы үрдістерін жымын білдірмей үйлестіріп, қарқынмен дамып келеді.

Мен орта жолдан ат қосып, істің мән жайын терең түсінбей, келсін - келмесін ұрандатып, даурығып жататын «атойшылдарға» да қарсымын. Болашаққа апаратын «алтын көпір» салуды бастаған екенбіз «оны бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара»

жүріп бар ықыласымызбен жұмыла істеуге тиіспіз. Осалдау тұсы болса бірлесе отырып бекітейік, қателескен жеріміз болса ақылдасып жөндейік. Босқа даурығып, елді әлекке салғаннан не ұтамыз. Мұны саған әлде біреулер сырттан келіп жасап бермейді. Қайта қирасын, құласын дейтін мысық тілеумен жүргендер қаншама. Қалай десек те тізе қосып, бірлесе отырып салған көпірдің мәңгілік болатыны ақиқат. Жұдырықтай жұмылған елдің ғана мерейі артып, рухы асқақтай түсетінін естен шығармайық, ағайын.

Мен әрбір Қазақстан азаматының жақсы өмір сүруге құқылы екенін жақсы түсінемін. Сол үшін де бар күш-жігерімді, өмірден алған тәжірибемді осы ұлағатты іске бағыттасам деймін. Сіздердің заңды құқықтарыңыз бен мақсат-мүдделеріңізді барлық жерде, барлық деңгейде қолдап-қорғауды, оның әділ шешілуіне, жүзеге асуына қол жеткізуді өзім үшін үлкен абырой, бақыт деп есептеймін.

Шағын жолдау мақаламды Үнді халқының ұлы перзенті Махатма Гандидің мына бір сөзімен аяқтағым келеді: **«Өз үйін ұнатпаған адам, өзі өскен жұртын ұнатпайды, ал өзі өскен жұртын ұнатпаған адам, өз елін, өз халқын сүйіп жарытпайды. Ал онсыз адамзатқа деген сүйіспеншіліктің болуы да мүмкін емес!»**.

***Қадірлі сайлаушым!  
Ақыл-ойыңа сал, ар-ожданыңмен ақылдас,  
жүрек қалауын жаса! Іске сәт!***

## ЭПИЛОГ

Зымырап жылдар өтті. Мені үкілеп арман құсына мінгізген сонау 2004 жылдан бері де 15 жылдан асыпты. Елімізде таңлай қақтырарлықтай талай өзгерістер болды. Ондай өзгеріс, жаңалықтар Қордай өңірін де айналып өткен жоқ. Бұл аймақтың өзі де, шаруашылығы да, тұрғындары да адам танымастай өзгерді, түледі, жаңарды. Қордай асуы десе ең мықты деген

жүргізушінің жүрегі селк ететіндей еді. Одан жұрнақ та қалған жоқ. Тау жоталарын талқандап, сай-жырасын тегістеп асфальт жол салды. Көлігің бұрынғыдай ыңыранып-күшеніп жатпайды, әп-сәтте зымырап өте шығасың. Сонау Қытайдың Хоргосына дейін созылған үлкен магистраль жол да Қордай жерінен өтеді.

Менің депутат болуды армандаған сол кездегі ой-қиялым да бірте-бірте сабасына түсіп, салқын тартқан сыңайлы. Өзгермей тұрған туған жердің кескін-келбеті ғана. Мұнда да сол баяғы жүз жыл бұрынғыдай күндіз түні ағылған жеңіл автомобильдер, жүк тасыған ауыр машиналар, жердің апшысын қуырып, солқылдатып өтіп жатқан пойыздар. Олардың саны азаймақ тұрмақ, бұл күні еселеп көбейген. Сол жағымда Алатаудың сілемдері жарыса «жүгіреді», оң жағымда Қопаның кең даласы ұршықтай айналып қалып жатыр. Сол бала кезде көрген суретім. Сол бозбала кезімде жүректе жазылып қалған көрініс. Қаншама жылдар өтсе де сол баз қалпы, еш өзгермеген секілді. Тауда да үн жоқ, далада да үн жоқ. Тек астымдағы сүліктей қара түсті жеңіл көлігім Қордайын аңсағандай заулап келеді...

*Бақытжан Кененұлы  
Астана-Қордай, 2004 ж.*

## ОЙТҮРТКІ

*(Болашақта Кенен ақын жайлы көркем фильм түсіріліп жатса мына жәйларға көңіл бөлсе деймін)*

Атақты халық ақыны, күміс көмей әнші, ақын-жырау Кенен Әзірбаевтың өмірі мен шығармашылығы жайлы көптеген мақала – естеліктер, арнау өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, ғылыми еңбектер жазылғаны мәлім. Кенен ақын жайлы түсірілген бірнеше деректі фильмдер, телеқойылымдар да бар. Алайда осы жәйларға қарамастан ақынның өмір жолын, адами-азаматтық тұлғасын көрсететіндей кең форматты бірде-бір көркем туынды (көркем фильм) түсірілмеді. Ал Кенен ақынның өткерген бүкіл өмір жолы қазақ халқы бастан кешірген небір зұлмат, тарихи оқиғаларға тұнып тұр. Қысқа ғана қайырсақ олар: қарапайым халықты баудай түсіріп, қырғынға ұшыратқан атышулы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі. Байкедейге бөліп қойып қазақтың бүкіл тарихи болмысын, ғасырлап келе жатқан таным-түйсігін тас-талқан еткен 1917 жылғы қазан төңкерісі. 1928 жылдан басталған тәркілеу, жер аудару саясаты, 1931-33 жылдардағы қолдан жасалған ашаршылық, 1936- 38 жылғы қуғын-сүргін, репрессия, 1941-45 жылдардағы Ұлы отан соғысы. Бұдан кейінгі дәуірде болған тарихи өзгерістер, басқа да тарихи оқиғалар Кенен ақынның әндерінде, өлең-жырларында барынша көрініс тапқан. Болашақта Кенен ақын туралы көркем фильм шығара қалғандай болсақ көкейімде жүрген мынадай жәйларға көңіл бөлінсе екен дейтін тілеу.

Менің бұл ұсыныс-жобамды өзгертуге болмайтын «түпкілікті» ереже деп қабылдауға болмайды. Бәрі де қоюшы режиссер мен сценарийін жазатын маманның құзырындағы дүние. Біздікі тек ой салу, бағыт-бағдар көрсету ғана.

### Бірінші көрініс

Ақынның кіндік кескен, туып өскен жері Мәтібұлақ. Мұндағы тау сілемдері, ғасырлап ағып жатқан мөлдір бұлағына дейін Мәтібұлақ деп аталады. «Мәті» сөзі: «мәті би», «мәті ше-

шен», «мәті адам» деген секілді суы мол, шалқар, сарқылмас деген мағынада айтылған.

...Мәтібұлақ ауылында үлкен той. Қордай аймағының бүкіл игі-жақсылары, бай-бақуатты адамдары түгелдей шақырылған іргелі той. Шағын ғана төбенің басында бес-алты шал отыр. Киімдері жұпыны, тіпті басына киген бөріктеріне дейін тозып кеткен. Ішінде Әзірбай қарт та бар. Әкесінің қолтығына тығылып әңгіме тыңдап отырған 11-12 жасар бала. Бұл – Кенен. Үлкендердің айтқандарын қалт жібермей бар ынтасымен тыңдайды. «Кеше ғана осы ауылдан жеті қой ұрланды. Үлкендігі кішігірім танадай. Момын елді басынғаны сонша тіпті түнді қойып, күндіз келіп саяқ жүрген жылқыларды айдап кете береді. Оларға қарсылық жасар шама қайсы. Кебекбай батыр өлгеннен кейінгі көрген күніміз осы. Мұның бәрі ұрықарысы көп Мүлкеман мен Қонайдан (ру аттары) келген ұрлық.» дейді өзара қауқылдасып. «Әлі-ақ, айылын жимай осы тойға да келеді. Сонысын бетке басып, ақиқатын айтатын жажүрек жігіт қайсы? Қалт-құлт еткен шалдардан өзге ешкім жоқ».

Осы естігендерін көңіліне түйіп алған жасөспірім Кенен үй іргесінде байлаулы тұрған Есқожа байдың күрең жорғасын ұрлап мініп, Қордай елінен келе жатқан қонақтардың алдынан шығады. Ер-тоқымы күміспен қаптаулы, су жорғаның үстінде отырған жабағы тон, бұтында қырық жамау шалбары бар баланы көрген жұрт аңтарылып қалыпты. Сол жерде бала Кенен бар даусымен жар салып, термелетіп ала жөнеледі. (осы жерде жас Кененді ойнайтын әнші баланың жанды даусы қажет).

*Жеті қойды ұры алды,  
Ұры аламса кім алды?  
Мүлкемен мен Қонайдың,  
Ұрысының бірі алды.  
Үлкендігі танадай,  
Жетеуін бірдей алған соң*

*Иесі зарлап жылады!....* Жас бала осылайша тойға келе жатқан жайсаңдардың алдында бар айыбын жайып салады.

Шоқпыт тонды баладан мұндай сөз естиміз деп күтпеген үлкендер жағы: «Анау, жетімекті қуып жетіп, атын тартып

әкеліндер» деп бұйырады. Мұның арты үлкен дауға айналып, тойдың шырқы бұзылады. «Айыпқа Әзірбайдың бар малын аламыз» деп шуласады. Тап осы жерде орысша білім алған, Қордай елінің тілмашы, еуропаша киінген Еркебай Базаров деген кісі ортаға шығып дауды әрең басқан екен. Төмен қарап мұңайып отырған Әзірбайға келіп: «Әзеке, аса көп қайғырмаңыз. Балаңыздың бойында көзі ашылмаған бұлақтай бұлқынып жатқан өнер бар. Аман жүрсем сол бұлақтың көзін ашуға барымды салармын» деп жұбатады. Бұл оқиғаның қысқаша мазмұны осы. Ол жөнінде Кенен ақынның «**Жеті қойды жоқтағаным**» деген терме-өлеңінде де толықтай айтылған.

### Екінші көрініс

Бұл енді 1902 жылы болған оқиға. «Ол кезде «Бозторғай», «Көкшолақ» деген әндеріммен ақын-әнші бала атанып елге таныла бастаған кезім. Кешкі іңір түсе бастаған кез. Жүрісі суыт, астындағы аттары терге малынған екі шабарман келіп, әкеме бар жайды айтып түсіндірместен мені арттарына отырғызып алды да кетті. Сол кеткеннен Қордай тауының етегінде отырған Еркебайдың үйіне бірақ әкеп түсірді. Еңселі ағаш тамның кеңдеу бір бөлмесінде біраз адамдар отыр. Көзімді жүгіртіп өтіп, баяғыда «жеті қойды жоқтаймын» деп таяқ жеген кезімде ішінде болған екі-үш адамды тани кеттім. «Е,е бұлар сол қылығымды ұмытпаған екен ғой. Қамшымен сабағаны түк емес. «Көкемді» енді көрсететін шығар!» деп зәрем ұшты.

Еркебай сөзінде тұрды. «Алдарында тұрған қойшы бала. Қойшы болса да, тұлабойы өнерге толы тойшы бала. Ұзаққа шығып, іргелі той-жиындарға шығып көрмеген өнерпаз жігіт. Ертеңгі сапарға бізбен бірге барады. Қордай елінің атынан сынға түседі» деп көңілімді бір желпінтіп тастады. Сол жолы үстіме шақтап киім кигізіп, астыма әсем ат мінгізіп қырғыз халқының атақты батыры, Петерборда ақ патшадан сый алған Шабдан манаптың тойына ертіп апарды. Осы жерде қырғыз-қазақтың ең дүр ақын-жыршыларын көрдім. Кезек өзіме келгенде тілім байланып қаландай, аузыма сөз түспей, үнім шықпай біраз тұрдым.



Домбырамды көкке көтеріп үшінші рет айғайлаған кезде барып кешегі жұптаған сөздер тіліме орала берді. Несін жасырайын, қалжа жеген әйелдей қара терге малынып, жотамнан аққан тер сел-сел болды. Тұла бойымды құрыстырып қысып тұрған әлдебір күш күл-талқан болғандай, сарайым ашылып жүре берді. Үнімде, шырқай салған әнім де ерекше болды-ау деймін. Жұрт қаумалап: «Тағыда айтсын!» деп шулап кетті.

Сол жолы қырғыздың Тоғалақ Молда, Тоқтоғұл, Қалмырза, Төкпе деген жыршыларын, қазақтың аты мәлім Құлмамбет, Жамбыл, Бармақ, Майкөт сынды дүлдүлдерін көрдім, жырларын тыңдадым. «Осы жиынға келгендердің ең жасы, Қордайдың жас түлегі, әнші бала» деп маған күміспен көмкерілген белбеу сыйлады. Ұлы жыраулардың батасын алдым. Сол кезден бастап өнерім өрге тартып, бағым ашыла берді. «Еркебай үлкен жолға алып барды, қырғыздар қырсығымды алып қалды» дейтінім сондықтан.

### Үшінші көрініс

Кененнің өнердегі жолына үлкен ықпал еткен атақты әнші Балуан Шолақ екені даусыз. Оның арғы аталары Жетісу өңірі, Шу аймағын қоныс еткен. Кейін жаугершілік заманда Көкшетау өңіріне көшіп барғаны мәлім. Балуан Шолақтың (өз аты Нұрмағамбет) нағашы жұрты орта жүздің Керей руынан. Балуан Шолақ сол жерде дүниеге келіпті. Балуан Шолақтың Жетісуға келуі жайла әртүрлі әңгіме бар. Соған қарағанда ұлы әнші туған жеріне әлденеше рет келген сияқты. Сондай бір сапарында (кей деректерде 1902, 1912 делінген) Қордай жеріне келіп, атақты Еркебайдың қонағы болады. «Бұл жақтан да бұлбұл үнді жас талап шығыпты деп естуім бар. Сол баланы осында алдыртсақ жөн болар еді. Жүзін көрейін, әнін тыңдайын» дейді. Еркебай сол жерде шабармандарын жіберіп жас Кененді алдыртқан екен. Жас әншінің бұлақтай мөлдір, дауылдай екпінді, кең тынысты үнін естіп, әбден разы болған Балуан: «Нағыз әнші өздеріңде екен ғой. Өнердің қадірін білмей қой соңына салып қойғандарың жараспайды» деп Кененге ағалық пейлін білдіреді.

Сол жолы қасына серік етіп, бүкіл Балқаш өңірін аралап екі ай бойы бірге жүргені мәлім. Осы жолы атақты өнерпаздың 11 әнін үйреніп қалады. Бұл жөнінде ақынның естелігінен де, менің «Ұлы дала жыршысы» атты кітабымнан да біраз мағлұмат алуға болады. Бұл көріністің болашақ кинотуынды үшін аса маңызды болатыны сөзсіз.

### Төртінші көрініс

1916 жыл. Ақын 32 жаста. Дабысы Алатау асып, қырғыз-қазаққа мәлім бола бастаған кезі. Терең ұғынып жатпаса да «революция», «солшылдар», «оңшылдар», «Ленин», «большевиктер» деген сөздер ауыздан-ауызға көшіп, ел арасына ене бастаған кез. Осы жылы ақ патшаның: «19-32 жас арасындағы қазақ жігіттерін майданға қара жұмысқа алу» туралы жарлығы шығып, елді дүр сілкіндірді. Бұған көңісі келмеген халық әр жерде бас көтеріп қарсылық білдіріп жатты. Сондай бір үлкен оқиға болған жер Қордай өңірі. Орысша сауаты бар, ел алдында беделі зор Әли Нұрғожаев бастаған көтеріліске сол аймақта тұратын ұлттардың бәрі де қатысты. Әлидің ең сенімді серігі әрі елді күреске шақырып жар салған, үгіттеуші-ақыны Кенен Әзірбаев болды.

Көлқамыста болған үлкен шайқаста мұздай қаруланған патша әскеріне төтеп бере алмай Әлидің сарбаздары көп шығынға ұшырайды. Өзі де қатты жараланып, Балқаш өңіріне қарай шегініп жасырынады. Ал Кенен болса бірнеше адаммен қырғыз Алатауын паналайды. Бұл жөнінде көптеген мағлұматтар бар. Сол жылдары шығарған Кененнің: «Аттаныңдар!», «Бұлбұлға», «Қайран ел, қайда!» деген әндері елге кең тараған. Артынан жазалаушы әскерлер шығып, халықты аяусыз қырғынға ұшыратқаны тарихтан мәлім. Әлиді де, Кененді де 1917 жылы патшалық үкіметті құлатқан Октябрь революциясы осы қуғыннан аман алып қалды.

## Бесінші көрініс

Кененнің елге оралуы. Большевик-революционерлер Ораз Жандосов. Тоқаш Бокин, дүңген Масанчи сияқты қайракерлермен кездесуі. Осы жолы екіұдай күй кешіп жүрген Кененге баяғыда өзіне жол көрсеткен Еркебайдың ақыл-кеңесі үлкен себепші болады. «Кедейге теңдік әпереміз, езілген халыққа бостандық береміз» деп жар салған жаңа замана үніне үн қосып, етене араласып кетті. Қазақ халқының жаршысы, жан ашыры болды.

Бір жолы қазақ үйге бір топ әйелді қамап алып, «Жаңа өкімет келді, әйелдердің құқы еркекпен бірдей болды. Қане, ұялмай аталарыңның аттарын дауыстап айтындар» деп қыспаққа алып жатқан бір белсендінің үстінен түседі. Үйдің бір бұрышына әлгі әйелдердің қайын аталарын отырғызып қойыпты. Бәрі төмен қарап, жер шұқиды. Бұған шыдамаған Кенен әлгі жүгенсіз белсендіні қамшының астына алады. «Ә, ә контра! Совет өкіметіне қарсы шықтың ба, бәлем! Көрсетем саған, Еркебайдың құйыршығы!» деп қыр көрсетіп кетеді. Бұл да тартымды, мәнді фрагмент.

Осы секілді қазақтың табиғатына, әдет-ғұрпына келмейтін, сорақы істер көп болып жататын еді. Кенен Ораз Жандосовпен кездескен бір жолы: «Халқымыздың ғасырлап қалыптасқан таным-түсінігін, салт-дәстүрін, діні мен дінін бірер жылда жойып, жаңа қоғам орнатамыз дейтін қоғам қандай қоғам?. Сонда мына қазақ көкпар тартпай ма, бәйгеге шаппай ма? Келін түсіріп, бетін ашып, той тойламай ма? Құдалармен құйрық-бауыр асасып жатпай ма? Жазда жайлауға шығып, қысқы күні қыстағына көшіп бармай ма?» деп біраз сауал қойды. Бұған Ораз сәл ғана күліп: «Кенеке, заманың түлкі болса, тазы болып шал» демеушіме еді. Сондай бір заманды көру біздің пешенемізге жазылған екен. Енді ештеңеден тайсақтамай сол өмірге батыл кірісуіміз керек. Керектісін алып, қажетсізі болса ысырып тастау керек. Болашақ ұрпақтың алдында ұятты болмау үшін, барымызды салып күресу қажет» деп еді. Кенен ақын

сол үрдістен шыққан адам. Оған ән-өлеңдері, жыр-дастандары, ұрпағына қалдырған мол мұрасы куә.

### Алтыншы көрініс

Кенен (1919-1923 жылдары) Қордай ауданы революциялық комитетінің төрағасы балып қызмет істеген. Осы жылдары «бай-кулактардың мал-мүлкін тартып алып, өздерін отбасымен қоса жер аудару керек» дейтін солақай саясаттың бел алғаны мәлім. Кенен осындай құйтырқы, озбыр әрекеттің бел ортасында жүрді. Қолынан келгенше әділет жағында болғысы келгенмен, оған сол кездегі саяси ахуал мұрша бермеді. Сондай бір оқиға ақынның өз аулынан шыққан Құлажан Ақатаев жайлы болды. Құлажан Кененмен бір жылда туған құрдас-досы. Арғы аталары бақуатты болған жігіт. Алайда совет шыққанда Кененмен бірдей қосшылар одағына қосылып, қатар жүріп қызмет істеген. Ауылдық кеңестің белсенді мүшесі болған. Кенен үйленген кезде де, әкесі Әзірбай дүние салған кезде де қол ұшын беріп, көп көмек берген.

Міне сол досы қара тізімге ілініп жер аударылғалы жатыр. Өзін танитын, қызметтес болған жігіттердің біразына барып, ол жөнінде айтып көріп еді: «Кенеке, бұл өте қауіпті іс. Голощекинге қарсы шыққанмен бірдей нәрсе. Бұл әрекетіңнен ештеңе шықпайды» деп келте жауап берді. Қолынан келгені Құлажанды бүкіл үй-ішімен жер аударып, ағайын-туыстары қоштасып у-шу боп жатқанда, екінші әйелінен туған 4-5 жасар баланы тығып алып қалады. Бір туысының қолында басқа фамилиямен жүріп өскен сол бала кейін Кененнің қызы Ұлтаймен мектепке барады. Сол баладан ғана ұрпақ қалыпты. Осы көріністің өзі өте әсерлі болар еді. Кенен ақынның адами-азаматтық сипатын айшықтай түсетін эпизод.

### Жетінші көрініс

1931-33 жылдардағы ашаршылық. Қыстауынан, жазжайлауынан, қолдағы бар малынан айрылған көшпенді ел

сенделіп қалды. Қолдан жасалған бұл әрекеттен қазақтың миллиондап қырылғаны тарихтан мәлім. Сол жылы Кенен де жалғыз қызы Ұлтайды алып, бәйбішесімен қырғыздың еліне барып жансауғалайды. Ондағы көз көрген Османкүл, Мәсімхан сияқты қырғыз достары қол ұшын береді. Мәсімханға атқосшы болып істейді. Мұндағы көргендері сұмдық еді. Тоқмақтың базарына бара қалсаң баудай түсіп қырылып жатқан адамдарды көресің. Оларды ат арбаға тиеп әкетіп жататын. Қайда апарып тасайтынын, қайда көметінін кім білген? Солардың барлығы дерлік қазақтар.

Бір күні сол базарда Әбденбайдың (Әзірбайдың туған інісі) ұлы Іңкәрбекті кездестіріп қалады. Беті-басы көнектей болып ісіп кетіпті, сақалы бетін жауып тұр. Тәлтіректен аяғында әрең тұр. «Кенеке-ау, сендерді іздеп әрең көрдім-ау! Ауылда ешкім қалған жоқ. Бәрі қырылды. Жапарбек пен Ұлтайды детдомға алып кетті. Тауып ал» деуге ғана күші келді. Тап сол жерде Кененнің қолында жатып қайтыс болады.

Қырғыз елінде бірер жыл тұрып еліне қайтқан Кененді бұдан да сұмдық оқиғалар күтіп тұр екен. Соның ең ауыр тигені сонау бозбала кезінде жол көрсетіп Жолбасшысы болған ұлы ұстазы Еркебайдың өлімі болды. Оның өлімі ел аузында қалатындай трагедиялы болған екен. Жалғыз атын ұрылар алып кеткен соң, таяқ тастам жерге шыға алмай, жер сипалап жырақ қалады. Өзі де, кемпірі де жер таянып қаріліктің құрсауында қалады. Аштықтың зардабы болса мынау, үйде талшық етер бір уыс дәм жоқ. Бір күні Еркебай сандықта жатқан таза киімдерін алып киіп, кемпіріне: «Сен де таза киін. Ажал шіркін бізді ұмытып кеткен болса, өзіміз-ақ шақырып алайық» дейді. Есіктің ілгегін іліп, төр алдында қатар жатып жарық дүниемен қош айтысқан екен. Соны естіген Кенен тау-тасты күңіrentіп ұзақ жылаған екен. Кейін Еркебайға арнап үлкен толғауын жазды. «Еркебайға» деген әнін шығарып қалдырды. Осы аз ғана детальдің өзімен-ақ қазақтың басына түскен қаратүнек-аштықты тартымды көрсетуге болады.

## Сегізінші көрініс

Кенен ақынның өміріндегі ең трагедиялы жағдай Базар-Назар атты екі ұлынан айрылуы. Кеңес үкіметінің тапсырмасымен ел аралап бір айға жуық сапарда жүргенде 3-4 жастағы екі бірдей ұлы шешек ауруынан қайтыс болады. Ақын елге келгенде екі баланы көміп те қойған екен. Қос ұлының өлімі өте ауыр тиеді. Бір жолы төбеде отырып өрістен қайтқан малдың ішінен ақ ешкіге көзі түседі. Екі лағынан бірдей айрылған байғұс, жанын қоярға жер таппағандай «зарлана» маңырайды. «Айтайын десең тілің жоқ. Болмаса сенің де күйің менің қайғыма ұқсайды-ау! деп күңіренген ақын сол жерде ұзақ жырлап, өзінің атақты «Базар-Назар» әнін шығарады. Бұл ән автордың өз орындауында да, өзге әншілердің орындауында да бар.

Осы қайғыдан соң жатып қалған ақынды ағайын-туыстары үгіттеп қырғыз - қазаққа ортақ Ыстық ата жайлауына алып барады. Сергісін, қайғы-мұңынан арылсын деген ой еді. Осы жолы қырғыздың Османқұл, Мұса, Айдарбек бастаған бір топ ақын-жыршылары арнайы келіп Кененге көңіл айтады. Қырғыз халқының көне салты бойынша олар аттарынан түспейді. Ортаға ыршысы шығып термелеп ала жөнеледі. Қалғандары ат үстінде теңселіп, жыр аяқталғанша қапалы көңіл-қошын сездіріп тұрады. Сондағы атақты жырау, Кененнің досы Османқұл Бөлебалаевтың айтқан жоқтауы бар. Оны қазіргі таңда біраз әншілер өз репертуарында айтып жүр. Әсіресе, дарынды әнші **Бейбіт Мұсаевтың** орындауындағы нұсқасы тартымды шыққан. Ақынның өмірін экрандаған кезде осы бір оқиғаны тартымды көрсете білсек үлкен табыс болар еді. Өйткені бұл ән де, осы қайғылы оқиға да халық жадында мәңгі сақталып қалған. Бірқатар ұрпақ Кененнің осы әнін тыңдап, қайғысына ортақтасқан екен.

## Тоғызыншы көрініс

Кенен ақынның өміріндегі тағы бір елеулі оқиға атағы бүкіл Жетісуға әйгілі ақын Ләтипамен айтысы. Бұл әдейі

ұйымдастырылғын айтыс емес. Балқаш өңірінен, Хан тауды аралап әскерилер үшін, қару-жарақ тасуға 300 түйе жинау керек болады. Бұл тапсырманы «ақын-әнші деген атағың бар, халыққа айтар сөзің бар» деп сол кездегі Жетісу өңірінің басшысы Ораз Жандосов Кененге тапсырады. Қасына Иван Щпегальский деген милиция жігітті қосып береді. Қазақ арасында өскен, қазақтың әдет-ғұрпын, тілін жақсы білетін орыс жігіті. Сол жолы Ләтипаның ауылына тап болады. Алдына келген алты ақынның (Қайрақбай, Сауытбек, Көшкімбай, Досмырза, Бәсімдек, Жидебай) адымын ашқызбай бір-бір шумақ өлеңмен-ақ түйреп, тұқыртып тастаған азулы ақын қыз. Ләтипаның сондағы айтқан шымшыма өлең шумақтары Кенен ақынның кітабында да, менің «Әке рухымен сырласу» атты роман-эссемде де бар. Үлкендердің тілек білдіруімен бастапқыда жәй ғана ән салу, дидаласу ретінде басталған бұл кездесудің аяғы қызғын айтысқа айналып кетеді. Айтыстың қалай өрбігені, немен аяқталғаны менің осы кітабымда нақты айтылған. Ләтипаның өмірі қысқа әрі трагедиялы болған. Өлер алдында Кенен ақынға арнап бір шумақ өлең-хат жазып жібереді:

*«Сәлем айт төрт Дулаттың Кененіне,  
Ғашық ем өлеңі мен әуеніне.  
Ер емес, ез екенсің ақын Кенен,  
Артыңа бір қарамай жөнөдің бе?  
Қостөбе көз алдыма елестейді,  
Ләтипаға обал-ау, бір демедің!»*

Кененнің Базар-Назары өліп, өзі болса «ескінің сарқыншағы, бұрынғы жыршы-билердің сөзін сөйлейді, екі әйел алған, жастарға теріс үлгі көрсетіп жүр» дейтін өсек-жаланың астында қалады. Ақыры сөгіс алып, ревкомдық қызметінен түседі. Осындай басына түскен шырғаланда жүріп: «Сен нағыз дарынды ақынсың. Тағы бір келіп, өзінді Алматыға ертіп апарамын. Сондағы ақын-ғалымдарға көрсетемін. Жолыңды ашамын, оқып-білім аласың» деп Ләтипаға берген уәдесін орындай алмайды. Өлгіндегі бір шумақ өлең соның жауабы. Қалың малдың құрбаны, өз теңін, өнердегі өз жолын таба адмаған Ләтипа сын-

ды арқалы ақынның ғұмыры осылай аяқталады. Кенен ақынның азаматтық тұлғасын аша түсу үшін осы эпизодтың мәні зор болары анық.

### Оныншы көрініс

Халқымыздың көз-құлағы болған, бетке ұстар азаматтарын құрғын-сүргінге ұшыратып, жазықсыз жала жауып, халық жауы атандырып, қырып-жойған сұрқия саясатты ел ешқашан ұмытпайды. Сондай саясаттың құрбаны болғандардың бірі Ораз Жандосов. Мемлекет және қоғам қайраткері, кеңес үкіметін құрушылардың бірі, жалынды революционер. Оның Кенен ақынмен таныстығы, достығы 1919 жылдары басталған. Сол жылы Жетісудың бүкіл ақын-жыршыларын Верный қаласына жинап, үлкен жиын өткізеді. Ондағы мақсат Кеңестер үкіметінің саяатын ақындарға түсіндіру болды. Ораз Кенен ақынға тек дос болып қана қойған жоқ, оның шығармашылығына қолдау көрсетіп, бағыт-бағдар, ақыл-кеңес беріп отырған. Сүйткен адамды 1938 жылы халық жауы ретінде жер аударды. Сонда екі баласы, әйелімен қосып (ат арбаға мінгізіп) алып бара жатқанда Қордай асуынан Кенен күтіп алып, қырғыздың Тоқмағына дейін шығарып салады. «Кенеке, бұлай істеуге болмайды. Халық жауына тілеулес болғаныңыз үшін ертең жауапқа тартыласыз» деп зар илеген ауылдың белсенділеріне: «Кеше ғана дәмдес-дос болған, жол көрсетіп, ақыл қосқан адам бүгін қалай дұшпан болады. Сендер-ақ бұғып қалындар, менің оған арым жібермейді» дейді. Сөйтіп қасына тілеулес, ниеттес деген бір топ жігіттерін ертіп, Оразды күтіп алып, қонақ етіпті. Осы жолы өзінің атақты: «Қош аман бол, Оразжан!» деген әнін шығарған.

*«Оразжан серкесі едің Жетісудың,  
Жасыңнан талаптаным оқу құдың.  
Бір кезде самолетпен көкке ұштың,  
Бұл қалай, арба мініп Тәшкен көштің?  
Қош аман бол, Оразжан!».*

Кеңес үкіметінің солақай саясатына көнгісі келмеген ақын:



«Бұл қалай?» деген сұрақты бірінші болып төтесінен қояды. Ақыры өзі де халық жауы болып ұсталып, біраз уақыт түрменің «қапасын» көріп шығады. Бұл жөнінде мен «Ұлы дала жыршысы» деген кітабымда кеңірек жазғанмын. Осы оқиға жайлы кеңірек білгіңіз келсе менің осы шығармамды қарап-көз жүгіртуге болады. Ал Кененнің өмірінде бұл аса елеулі әрі қауіпті кезең болғаны айтпаса да түсінікті.

Кейін Ораздың ұлы Санжар Жандосов өзінің жұбайы Ильфамен ақылдаса отырып өздерінің немересін ақынның құрметіне Кенен деп атаған. Ильфа апай қазақтың біртуар ақыны Ілияс Жансүгіровтың жары көрнекті қоғам қайраткері, ұстаз Фатимадан туған қыз. Атының өзі айтып тұрғандай «Иль» және «фа» деген екі адамның бірінші буынын қосып атын Ильфа деп қойған. Осы бір тарихи оқиғаның өзімен-ақ қазақ халқының басына түскен сол бір қаратүнек кезеңді, Кенен ақынның өмірінде болған айтулы жағдайды жан-жақты көрсетуге болады.

### Он бірінші көрініс

Бұл енді 1939 жылы болған оқиға. Базар-Назарын әнге қосып, одан кейін де бес-алты ұл-қыз көріп, бәрінен де жастай айрылған Кенен ақын 55 жасқа келгенде ұлды болады. Ақының осы қуанышын естіген ұлы жырау Жамбыл атамыз, жасының тоқсанға келгеніне қарамастан Иірсудағы Кенен ауылына (екі ауылдың арақашықтығы 200 шақырым) келіп құтты болсын айтады. Ақынның қасында үш күн болып жыр төгілткен төкпе ақынның отырған қызыл тасына дейін сол жерде жатыр. Көркемжанға берген батасына дейін Кенен ақынның өлеңдер жинағында басылған.

Жамбыл жыраудың Қордай жеріне, Иірсу атты елді мекенге келуі үлкен тарихи оқиға болғаны рас. Өзінің ең дарынды шәкірті, қырық жылдан астам уақыт қасында жүрген серіктесі, сырласы Кенен ақынның осы қуанышына ортақтасып, арнайы келуінде осындай терең мәнмағына жатыр.

Осыдан соң екі жылға жетпей ұлы отан соғысы басталып та кетті. Алайда екі ұлы ақынның ара-қатынасы бір сәтке де үзілген

жоқ. Үнемі ат салысып, сәлем айтысып жататын. Ал Жәкеңнің ең сүйікті ұлы Алғадай қаза болғандағы жағдай тіпті өзгеше. Бұл жөнінде атақты жазушымыз Сәбит Мұқанов та, Кенен ақынның өзі де қызықты әңгіме айтып отыратын. Жамбылды өлтіріп алсақ бәріміздің «басымыз кетеді», неде болса Кененді алдырту керек деп шешеді. Көнекөз қарияның көңілін тапса Кенен ғана табады деп ұйғарады. Ескінің жолымен, құдайды, әруақтарды атай отырып Кенен айтқан өлең-жоқтаудың әсерлі болғаны соншалық Жәкең басын көтеріп: «Қарағым, Кененбісің? Үніннен танып тұрмын» деп басын көтеріпті. Сондағы айтылған көңіл айтудың әні де, сөзі де сақталған. Ол ақынның өз орындауында да бар.

Екі күн бойы нәр татпай теріс қарап жатып алған қарт Жамбылды қалай «тірілтіп» алғандарын айтып әңгімелеуші еді. Мен сол естігендерімді өзімнің естелік кітаптарымда біраз жаздым. «Әке рухымен сырласу», «Адам болу оңай ма» атты шығармаларымда кеңірек айтылған. Бұл екі ұлы адамның соңғы дидарласуы болды. Өте мәнді көрініс болар еді.

### Он екінші көрініс

Ұлы Отан соғысы. Отар стансасынан күндіз-түні ағылып жататын әскери эшалондар. Соғыс құралдары тиелген, соғысқа кетіп бара жатқан әскери адамдарға лық толы вагондар. Соларға сусын, тағам әзірлеу, күтіп алу, өлең-жырмен шығарып салу секілді шаралардың бас-қасында Кенен жүреді. Әнімен де, сөзімен де жігер беріп, шаттандырып жататын еді. Бір жолы ішінде жалғыз қайнысы (Насиханың жалғыз бауыры) Қыдырбек бар әскери эшалон өтеді. Аз ғана уақыт аялдаған пойыз ақырын жылжып бара жатқанда ғана қайнысын көріп қалады. Құшақтап, қош айтысуға ғана шамасы келіпті. Қыдырбек сол кеткеннен қайтып оралған жоқ. Өзіне тән етіп алған Іңкәрбек інісінің жалғыз ұлы Жапарбекті тіпті шығарып сала алмай да қалады. Ол өзінің 17 жасын 19 тоғыз деп көрсетіп өз еркімен соғысқа кетіп қалған екен. Екеуі де соғыстан оралған жоқ. Екеуінен де ұрпақ қалмады. Кенен ақын екеуін да аза тұтып, соларға арнап әнін шығарды.

Кенен ақынның соғыс жылдардағы еңбегін айтып жеткізудің өзі қиын. Халықтың мұнын мұндап, қайғысына ортақ болып күндіз-түні ел арасында жүру, үгіт -насихат айту, еңбекке жұмылдыру, жігерлендіру оңай шаруа емес. Тіпті, соғыста қаза болып, қара қағаз келген жауынгерлерді естіртудің өзі қаншалықты ауыр екені белгілі. Ауыл басшылары осының бәрін көбіне Кенен ақынға тапсырады екен. Осындай эпизоттардың бірі әйелінің жалғыз інісі Қыдырбектің қазасын естірту болды. Артында қалған кәрі шешесі, жас келіншегі бар. Соларға ауыр қазаны қалай жеткізерін білмей қатты қиналады. Бар болғаны домбыраны сұңқылдата тартып, зарлы әуенді шерте береді екен. Табиғатынан сұңғыла, сезімтал жұбайы Нәсиха бір күні: «Осы бір зарлы әуенді қайдан тауып алғансың? Тартпашы өзін, көңілге қорқыныш әкеледі екен. Әлде Қыдырбектен жаман хабар келді ме?» дейді. Ақын үнсіз басын изепті. Дарынды ақын осылайша азалы қайғыны сөзбен емес, домбыраның үні арқылы жеткізген. Сол жолы шығарған «Жалғыз қайным» деген әні осылай туған.

### Он үшінші көрініс

1946 жылы бүкіл кавказ жұртын (грузин мен армяндардан басқа) жер-суынан айырып қазақ жеріне әкеліп тоғытқан Сталиннің сұрқия саясатын жұрт жақсы біледі. Сондай теперішті көзбен көріп, сонау Дағыстан жерінен жер аударылғандардың бірі Айша тәтемнің отбасы болыпты. Жолда шешесі өліп, екі бауырының қай жерде қалғанын білмей де қалады. Сөйтіп, Отар станциясында әркімнің есігінде жүрген 9-10 жасар қыз баланы әкем қолынан ертіп үйге алып келіпті. Өз аты Хамсия екен. Кенен онысын өзгертіп Айша деп қояды. Сол күннен бастап Айша Кененқызы атанады. Шешесі өлерде: «Қызым, қайда жүрсеңде, қай жерге тап болсаңда «Дағыстан – Сүлеймен Стальский» деген сөзді ұмытпа. Сен сол елдің қызысың» деп құлағына құя берген екен. Міне сөйтіп, С. Стальский атты Дағыстан елінің көнекөз жырауы туған топырақтың перзенті Айша тәте, қазақтың атақты ақынына қыз болады.

Айша тәтем қазақ мектебіне барып, кейін қазақ жігіті Нәметке тұрмысқа шығады. 5 ұл, 1 қыз өсірген ардақты ана. Солардан тараған ұрпақ бүгінгі күнде Қордайда тұрып жатыр. Тәтенің өзі дүниеден өткенше Кенен ата мен Насиха шешемді құрметтеп, қастерлеп өтті. «Сендердің осы дүниеге келіп, тірлік етіп жүргендерің осы кісілердің арқасы. Ешуақытта естен шығармаңдар» деп балаларына да аналық тілеуін білдіріп кетіпті.

Міне, Кенен ақынның адами-азаматтық сипатын көрсететін ерекше қасиеті осы жәйдан да аңғарылып тұрғандай.

### Он төртінші көрініс

Кенен ақынның 1959 жылға дейін бірде-бір рет мерейтойы тойланбаған. Өйткені оның бәрі кеңестер өкіметінің ең бір қиын-қыстау кезеңдеріне дөп келіп отырыпты. Мәселен, 1944 жылы ақын 60-қа толды. Ұлы Отан соғысының нағыз қырғын кезі. Той-тойлайтын кезбе бұл. 1954 жылы ақын 70-ке толды. Бір жыл бұрын ғана Сталин дүниеден өтті. «Көсемдердің көсемі. Ұлы қолбасшы, құтқарушымыз» өліп жатқанда қай бір той болуға тиіс. Тек 1959 жылы ғана ақынның 75 жылдық мерей тойы республикалық деңгейде тойланғаны рас. Оны ұйымдастырып, бас қасында жүріп, басқарған атақты жазушымыз Сәбит Мұқанов болғаны белгілі.

Әлдебір жағдаймен тойға келе алмай қалған Мұхтар Әуезов арнайы келіп Кенекеңнің қонағы болады. Осы жолы Кененді тереңірек таныған ұлы жазушы: «Кенеке, сіз әнші-ақын ғана емес, ғұлама-жырау, шежіре екенсіз! Бұған дейін мен сізді терең танымаған екенмін.» деген сөзін айтады. Айтып қана қоймай, 1960 жылы Мәскеуде өткен фольклор-зерттеушілердің Дүниежүзілік ХХҮ конгресіне ертіп барады. Осы жолы әлемнің түкпір-түкпірінен келген ғалым-зерттеушілердің алдында «Қобыланды» жырындағы «Тайбурылдың шабысы» дейтін жыр бөлігін аса шеберлікпен орындап береді. Бұған көңілі толып, разы болған М. Әуезов Кенен ақынға арнап дастарқан жайғызып, құрмет көрсеткен екен.

Кенен ақын өзінің 80, 90 жылдық мерейтойын көріп кеткен ақын. Әсіресе, 1974 жылы өткен 90 жылдық тойына көптеген қонақтар келді. Соның ішінде өзбек, қарақалпақ, тәжік, қырғыз халқының атағы жер жарған ақын-жыраулары болды. Б. Төлегенова, Роза Бағланова бастаған Қазақтың дарынды өнер шеберлері қатысқан үлкен концерт болды. Мәскеуден КСРО Жазушылар одағының төрағасы А. Марков, аты әлемге әйгілі жазушы Ш. Айтматов та шығып сөйледі. Осының бәрі болашақ фильмнің мәнін тереңдете түсірумен қоса, Кенен ақынның өміріндегі ең бір шуақты, қуанышқа толы сәттерін көрсететін эпизодтар.

Келесі жылы аты бүкіл әлемге мәшһүр, атақты мемлекет қайраткері Д. Қонаев арнайы келіп Кенекенді 90 жасқа келген мерейтойымен құттықтайды. Сол жолы ақынның өз аузынан тілегін естіп, ауылға мектеп, мәдениет үйін салдыртып береді. Күре жолдан бері 3 шақырым жерге асфальт төсетеді.

Мұндағы біраз көріністер ақын жайлы сол жылдары шыққан деректі фильмдерде де бар. 2009 жылы менің бастамамен жарық көрген «Алатаудың ақиығы» атты деректі фильмде де кеңінен қамтылған.

### Он бесінші көрініс

Кенен ақынның өміріндегі еңбір қуанышты сәті тұңғыш рет келін түсіруі. Ақын тұңғыш келінін 76 жасында түсірген. Бұған себеп балалары өле беріп, біздерді тым кеш көргендігінде. Сөйтіп, 55 жасында көрген көз қуанышы, ұлы Көркемжан 20 жасында үйленеді. Оның ерте үйленуіне әкенің өзі ықпал еткен екен. Қалада оқып, орыс арасында өскен Дина келіннің бетін өзі ашып, «Келінжан» деген ән шығарғаны жұртқа мәлім. Сонда орысша тәрбиеленген келіннің бетін өзі ашып, өсиетін айтып, бата берген:

*«...Тау-текеше тау-тасқа аттап кетпе,  
Кір жастықты басыма жастап кетпе,  
Келінжан!  
Ауылыңда театр, кино жоқ деп,*

*Баламызды қалаға бастап кетпе,  
Келінжан!»* дейтін жүрекжарды, аталық сөзі сонда айтылған. Бұл енді ақынның кеш болса да орындалған армандарының бір парасы. Көркемжаннан ақын үш ұл, екі қыз сүйді.

Жалпы Кенен ақынның артына қалдырған ұшан теңіз ән-өлең, жыр-дастандары қаншалықты мол болса, оның артында қалдырған ұрпақтары да бір қауым ел болды. Жиен-жиеншар, немере-шөбере, шөпшектерін қоса алғанда 90-нан асып жығылады. Ақынның өзі «аққу ата» атанып, 92 жасында дүниеден өтті. Сөйтіп, жетімдіктен, кедейліктен, жоқшылықтан басталған ғұмыры шат-шадыман, бақуатты жағдайда өтіп, халқының үлкен құрметіне ие болғаны ақиқат.

Кенен ақынды қаумалап алған жұрт сөзін тыңдайды, ақыл-нақылдарын тыңдайды. Оның ішінде ақынның көзін көрген шәкірттері Асылқұл Бұрбаев, Аяз Бетбаев, Жақсылық Сәтібеков, Алтынбек Қоразбаев бастаған өнер жұлдыздары, әншілер, ауылдастары бар. Кенен осы жерде өзінің ең соңғы шығарған «Қалады-ау!» әнін баяулата айтады. Оны жас әнші іліп әкетіп ары қарай қобыздың сүйемелдеуімен шырқап ала жөнеледі. Бұл әннің қобызбен айтылған нұсқасы ақын жайлы шығарылған деректі фильмде бар. Содан ел-жұртымен қоштасқан тұсын қысқаша алуға болады.

### **Он алтыншы көрініс**

Көненің көзі, сал-серінің соңы, әр қазақтың жүрегінде мәңгі қалған ақын. Бұл жөнінде Елбасы тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлының жүрекжарғы сөзі де бар. Соны келтіре отырып, ақынның киносын үлкен пафоспен аяқтау керек. Бұл көріністі «Таңбалы таста» түсірген ұтымды болатын сияқты. Өйткені ата-бабамыздың ұлы көшінің жалғасындай болған ақынның бүкіл өмір жолы осыған саяды. Әрбір рудың таңбасын қолымен сипай отырып көзін алысқа тіккен ақынның санасында сол ұлы көш көрініс тапқандай. Өз руы Дулаттың таңбасына таяу келіп, алақанымен сипап тұрған ұлы жырау терең ойда.

Көмейіне жыр жолдары келгендей, ақын іштей күбірлейді:

**«Бір ниетте, бір тілде халқым бірдей болсайшы,  
Артығы жоқ, кемі жоқ салтым бірдей болсайшы.»**

Бұл енді ғұлама ақынның ұстанған бағыт-бағдары, өмірлік арманы еді. Өйткені Кенен бір ғана Жетісудың ақын -жырауы емес, бүкіл қазақ халқының өнерін қастерлеген, бойына сіңіріп, соған жаңаша рең, мән-мағына беріп, өз заманына лайықтап биікке көтерген қайталанбас өнер саңлағы. Ол ерекшелігін ақын өзінің мына бір өлең жолдарымен нақтылай түседі:

*«Абай мен Жамбыл ұстазым,  
Солардан қалған сарқытпын.  
Балуан Шолақ, Шашубай,  
Үлгісін алған бір қартпын.  
Көрмесем де Біржан, Әсетті,  
Олар салған әнді ұқтым.  
Құлагерін Ақанның,  
Қой бағып жүріп тауда ұқтым.  
Өтірік емес, шындығым  
Тал бойым тұнған тарихпын!.»*

Күміс көмей әнші, ақын-жырау, ұлы композитор, қоғам қайраткері, қазақ халқының қайталанбас ұлы перзенттерінің бірі Кенен Әзірбаевтың бар болмысы, жан дүниесі, адами қасиеттері осыған саяды. Ақынның осы ерекшеліктерін терең ұғынып, қастерлей білсек нұр үстіне нұр болар еді.

***Бақытжан Кененұлы  
қаламгер-журналист,  
15. 07. 2021 ж.***

## ТОСЫННАН КЕЛЕТІН ТОЛҒАҚ ОЙЛАР

(әр жылдары жазылған)

...Әкем екеуіміздің өмірімізде көп ұқсастық бар екен. 1. «Сенің түр-түсің, жүріс-тұрысың, мінез-құлқың, салалы саусақтарың, домбыра шертісің әкеңнен айнымай қалған» деп шешем айттып отыратын. Оны әкемнің көзін көргендердің бәрі де айтады. Бар айырма бойымда. Әкемнің бойы сұңғақ, биік еді. Мен сәл қысқалау болып қалыппын. 2. Әкем де екі ғасырдың (XIX -XX) куәсі, мен де екі ғасырдың (XX-XXI) куәсімін. 3. Әкем де екі рет үйленген, мен де екі рет үйлендім. 4. Әкем де нота білмейді, арнайы музыкалық білімі жоқ. Мен де нота білмеймін, менің де ондай білімім жоқ. 5. Әкем бүкіл әндерін домбырада шығарады, өлеңін өзі жазады. Мен де әндерімді солай шығарамын, мәтінін өзім жазамын.

Бар айырма: өмір жолымыз, таным көзқарасымыз әртүрлі. Әкем қазақтың ұлы перзенті, біртуар әншісі, ақыны. Мен болсам жәй ғана қазақтың қарапайым бір баласымын. Әкем жоқшылықты, жетімдікті, бала зарын, теңсіздік, әділетсіздік, ашаршылық, соғыс сияқты зұлматтың бәрін көрді. Ал мен болсам солардың бірін де көрген жоқпын. Әкем тәуелсіздіктің таңын көре алмады, ал мен болсам егемен елдің азаматы атанып, сол бақыттың бел ортасында жүрмін. Әкем менің атымды Бақытжан (бақытты жан) деп бекер қоймаса керек. Бақыт қонған ұрпақ деген осы шығар?!.

...Әкеге деген адалдық, сый-құрмет – артында қалған ұл мен қыздың асқақ міндеті. Соны терең ұғынып, берік ұстанған перзенттің жүзі жарқын, жолы ашық болады.

...Әкем бүкіл өлең-жырларын, дастандарын белгілі бір мақаммен айтады. Сондықтан буынға, сөздерің ұйқасына аса көңіл бөлмеген. Мақамға салып айтқанда ондай олқылықтар білінбей кетеді. Бұл бүкіл суырып салма өнерге тән ерекшелік.



... «Жақсы әке - жаман балаға қырық жыл азық» дейді. Дұрысы «жақсы әке – жақсы балаға өмір бойы азық».

... Әкеден кеткен «қателік», баланың бойынан, мінезінен, жұріс-тұрысынан бадырайып көрініп тұрады.

...Әке бағбан. Бала жас шыбық. Сол жас өркенді қисайтпай, өзегіне «құрт түсірмей» баптап өсіру әкенің парызы. Ол үшін әкенің қырағы көзі, мейірімі қажет.

... 1943 жылы түсірілген хроникалық кинолентада әкемнің жастау кезінде түскен әдемі көрініс бар. Үстінде жолақ жібек шапаны, ән салып отыр. Суреті бар, бірақ үні жоқ. Қасақана жасалған ба деп қаласың. Майсары, Қалқа т.б. ақындардың дау-сы анық естіліп тұр. Неге сөйтті екен? Әртүрлі ойға қалдырады...

... Әке налымайды, әке сүрінбейді, қателеспейді деу ағаттық. Әкемнің өмірінде ондай сәттердің болғаны рас. «Жалынып жан қысылса құдай дейміз, жәй кезде анау дейміз, мынау дейміз. Өмірге әкелетін, әкететін, құдайдың мұнысына қалай дейміз?» деуі көп ойға жетелейді.

...Күміс көмей әнші, дүлдүл ақын, абыз жыршы, күйші, термеші, ұлы композитор, дастаншы, шежіреші, сері, ғұлама жырау т.б. дейтін атау-атақтардың қайсысы болса да Кененге қона кететіні қалай? Таңқалдыратын нәрсе!.

... 1955-60- жылдары біздің үйдің нақ төрінде Сталиннен бастап, сол кездегі көсемдердің жиегі алтынмен көмкерілген ғажап фотосуреттері ілулі тұратын еді. Бір күні әкем келіп әлгі суреттердің бәрін жинап алып отқа тастай салды. Неге, не үшін? 1938 жылы халық жауы атанған, әкем! Түрмеде жатып, жазықсыз өмірлері қиылған қазақтың біртуар ұлдарының қазасын көрген, әкем! Зұлымдық пен зорлықты бастан кешірген, әкем!. Мың құбылған заман! Ұғынықсыз заман!

... «өткенге өкінбе, жетпесті қума, тіршілікке тарылма» дегенде әкем нені меңзеп айтты екен?

...әкемнің анасының аты Ұлдар. «Ұлар» деген құс атына ұқсас. Ұлар Алатаудың ең биік қарлы жоталарын мекендейтін текті құс. Қолға үйренбейді, ұстатпайды. Ақынның «Алатаудың басынан ұлар ұшқан, жеткізбейді ой жүйрік ұшқан құстан» дейтіні сол. «Ұлы тауға бардың ба, Ұлар етін жедің бе?» дейтін мәтел де бар.

...Әке айтқан өсиет. «Балам, қара басыңды ғана ойлап мәңгүрт болма. Ұрпақ жалғастығын ойла. Артыңнан ерген ұл-қыздарыңның қаны да, санасы да, пейілі де қазақы, таза болсын.

... Әкеден баласы озып тумайды, баланың заманы озып туады.

...Табиғат дарытқан өнерінді сақтап қалу үшін, халыққа тұтастай беріп кету үшін алдымен өзінді сақта. Көзсіз батылдық қас батырға тән қасиет. Осы принципті М. Әуезов те ұстанған. Ақыры әлемге әйгілі «Абай» эпопеясын жазып қалдырды.

... Қысылтаяң замандағы Кенен ақынның тағдырын, томаға кигізіп қойған қыранға, шілдедегі үнсіз қалған бұлбұлға ұқсатуға болады.

...Әкемнің атақты «Көкшолақ» әніне бүгінгі жастардың жер тепкілеп, мың бұралып билегенін көрген Шераған: «Япырмай, мұндай да болады екен-ау! Мынаны Кенекеннің өзі көрсе не дер еді? Аузын ашып таңқалар ма еді, әлде екі иығы бүлкілдеп күлкіге батар ма еді?» дегені әлі есімде.

... ..Әке рухына қайта-қайта орала бергім келеді. Онда мені тартып тұрған әлде бір тылсым күш бар секілді. Әкем мен үшін мәңгі тақырыпқа айналғандай. Қалған ғұмырымды түгелдей «Әке рухына» арнасам деймін.

...душтан шығып, терін сүртіп, шайын мейірлене ұрттап қойып отырған шешем: «Шіркін-ай, ауылдағы қу тірліктен қолдары тілім-тілім жарылып, көңтері болған кемпірлердің бәрін қалаға әкеліп ыстық буға түсірер ме еді! Бір жетісіп қалар еді-ау!», деді.

...енді бірде шешемнің айтқаны: «Баланы молшылық бұзбайды, жоқшылық бұзады. Қатарынан қалғысы келмеген бала әртүрлі жаман әдетке барады. Мұның өзі ұрлыққа итермелейді. Ақылы болса, ақша ешкімді бұзбайды».

...қалыптасқан қалыптан сәл шығып кеткен балаға әке шеше де, бүкіл ауыл-аймақ, жүрген ортаң да үрке қарайды. Адамдар да қорадағы қойға ұқсайтын секілді. Еркінсіп, өз бетіңмен кете алмайсың. Ал енді кете қалған күнде таяқтап әкеп қораға тығады. Кеңестік дәуірдің көп заңы осындай. Адамды тырп еткізбейді.

...адамның ғұмырын ұзартамыз деп ғалымдар әуре. Бос әурешілік. Ол алдымен адамның өзіне, тұрмыс деңгейіне, пейіліне, іс-әрекетіне, өмірді сүюіне, адамдармен қарым-қатынасына байланысты. Алдымен осыны игеру қажет.

...қыран биіктен қарағанда жұмыр жердің өзі – құжынаған адамдардың илеуі емес пе?.

...байлығым да, жинаған дүнием де, алған атағым да жоқ. Бойымдағы барым – адалдығым. Ол кімге қажет?

...біреу сені жаз деп күштеп отыр ма? Айтарың болса, тың ой-пікірлерің болса жаз. Болмаса босқа күшеніп «арамтер» болып қайтесің. Өзіңе де, өзгеге де обал ғой.

...әннің сөзі өзіне сай, үйлесімді болуы керек, біреуінсіз бірі

жетім. Айтарым, «өлеңді - сен қинама, өлең – сені қинасын».

... осы жасқа (70 жас) дейін түсімде әкемді үш-ақ рет көрдім. Гажап түстер. Әкемнің бойында көріпкел, әулиелік бар сияқты. Өйткені ақындық та сол қасиеттердің бір парасы ғой. Оны ешкім қолдан жасамайды, Аллатағла дарытады.

... Астана – 10 жылда адам танымастай өзгерді. Соның куәсі болдым. Нұрсұлтан Әбішұлының көрегендігі бұл. Алматыда бұған мүмкіндік жоқ еді. Өйткені әбден бұзылған экология, халық саны, қатып қалған ескі көзқарас, көне таным сияқты ауыртпалықтан Алатаудың белі қайысқандай еді.

...дарындар - миын сығып сөлін береді, дарынсыздар - көпіршіген көбігін береді.

... ақындық пен алкоголь адамның бойына шым-шымдап кіреді, бірі – абырой, бірі – әзәзіл.

...жалпы дін үшін де, имандылық жолына түскен әрбір адам үшін де жан мен тәннің таза болғаны абзал. Олардың сыртқы кейпі, киім киісі, сақал қоюы, сөйлеу мәнері, тіпті жүріс-тұрысына дейін келісті, тартымды болуы керек. Жүзі жылы, мінезі жұмсақ болса сенім туғызады. Жастарды тартады.

...ендігі қазақ қандай болу керек? Ұлдарымыз ұлықты, қыздарымыз қылықты бола ала ма? Күмән көп. Өйткені сырттың ықпалы орасан. «Жаһандану» үрдісінің мақсаты да осы. Оған қарсы тұрар қандай іс-әрекетіміз бар? Ел-жұрт, мемлекет-қоғам болып жұмыла кірісуіміз керек. Ертең кеш болады.

...арсыздыққа, көргенсіздікке қарсы қоятындай біздің халықта не бар? Қандай қасиеттерге жүгінеміз. Ол мыналар болуға тиіс: 1. Ұят, ар-намыс. 2. Сөзге тоқтау, мәрттік, жомарттық. 3. Ұлттық тәрбие, ата дәстүріміз. 4. Әділ болу, шыншылдық. 5. Қазақы мінез-құлық.

... жорғалаған құмырысқаға домаланған қарбыздың өзі алып жер сияқты көрінуі мүмкін. Ал жердің өзі бүкіл ғаламмен салыстырғанда қойдың бір түйір құмалағындай ғана.

... қазіргі балаларда «балалық шақ» жоқ десе де болады. Көбелек қумайды, қозы-лақ бақпайды, бүлдірген термейді, тайға мінбейді, қымыз ішпейді, бұлаққа түспейді...

... нашакорлық, маскүнемдік, жезөкшелік, әртүрлі қылмыстар жасаушылық секілді келеңсіз жайларға қарсы пәрменді күрес жүргізу үшін бір жақты іс-қимыл аздық етеді. Бұған мемлекеттік деңгейде арнайы бағдарлама әзірлеп, оған мыналар ат салысуға тиіс:

1. Діни қоғамдар, мешіттер мен медреселер.
2. Барлық саладағы күштеу құрылымдары, әскери жүйелері.
3. Зиялы қауым өкілдері (ақын-жазушылар, өнер жұлдыздары, телерадио қызметкерлері т.б.)
4. Бүкіл оқу орындарын, мекемелерді, білім беру жүйесіндегі барлық қызметкерлерді тарту керек.

Мұның өзі тап жаугершілік кездегідей «Аттан!» деп бүкіл халыққа дабыл қағатын әрекет болуға тиіс. Ол бір жолғы науқандық әрекет емес, бірнеше жылға созылатын іс-шара болғаны абзал. Бүкіл ел болып қолға алғанда ғана бұл кесапаттан арыла аламыз.

Ал есірткі заттарын таратушыларға, жасаушыларға, әртүрлі жолмен елге жеткізушілерге аяушылық жасап, кеңпейілсінудің еш қажеті жоқ. Олар сенің еліңе, ұрпағыңа, болашағыңа осындай жолмен «үнсіз» соғыс жариялап отырған жоқ па? «Жауды аяған -жаралы» екенін тарих тағлымы талай рет көрсетіп берді. Бұларға ешқандай сотқа жүгініп жатпай-ақ Қытай еліндегі сияқты ең қатаң жаза қолдану қажет деп ойлаймын. Сонда барып бұл эзәзіл айылын тартатын болады.

... қандай салада (өнер, әдебиет, музыка, тарих т.б. ) болмасын, қандай ғылыми тақырып болмасын бір жақты болу, оны жергілікті жердің танымына, ыңғайына қарай зерттеп-зерделеу

оның аясын тарылтып жібереді. Көп жағдайда ортақ пәтуаға келе алмай, таласып-тартысып жататынымыз осыдан.

... қазақта ұлағатты адамдар көп, ұлылар неге аз?.

... қазіргі заманның кейіпкерін іздесең: ол – менмін немесе менің құрдастарым. Өйткені біз:

- екі формацияның да (социализм, капитализм) «дәмін» татып, ықпалында болған ұрпақпыз;

- санамыз, жан-дүниеміз, мінез-құлқымыз жас кезден-ақ өзгеріске ұшырап, жас кезімізден тоналды. Ел аузында көп айтылатын әлгі: «күшік кезінен таланған» ұрпақпыз.

- мінез, ұлттық таным өзгерді, психологиямызға күш түсті. Рухани тұғырымыздан айрылды. Пайғамбарымыз – Ленин, жаратушымыз – Компартия деп үйретті.

- бүгінгі таңда сол ескі шырмаудан шыға алмай, жаңа үрдіске қосыла алмай, дағдарып жүргендер де бізбіз.

Бұған кім кінәлі? Қалам тартып жүрген ағайындардан осының аражігін ашып беретіндей, тереңнен толғап пайымдайтындай туындылар күтеміз. Қай тұрғыдан келсең де бұл аса күрделі процесс.

... философиялық тұрғыдан ойлағанда мекеніміз жұмыр жер де, оны мекендеген жұмыр басты адамдар да бақыттымыз. Өйткені ғаламда (галлактика жүйесінде) болып жатқан талай соқтығыс, жарылыстардан аман қалдық. Жұмыр жердің «жалынан» ұстап ғарыш кеңістігінде жұлдыздай ағып әлі келеміз. Метеорит сияқты басқа бір денеге соғылып қалмасaq болғаны!.

...Құран-кәрімде жазылғандай Аллатағла нұсқаған бір ғана жол бар. Ол – Ақжол. Ол -құдай жолы, құдайға ғана тән жол. Ал «дара жол», «сара жол», «ізгілік жолы» дейтініміз Алланың құлы, пенде-адамдарға арналады.

... өмір бойы қалада тұрсам да мұрнымнан қой қораның шайыр ісі кетпейді.

... пенденің қиялы қайда жетелемейді дейсіз. Тірлігімде бол-маса да, өлгеннен соң «құдайым» арнайы шақырып алуы мүмкін ғой. Несі бар қабылдап жатса, еш күмәнсіз көзіне тіктеп қарай аламын. Өйткені менің жаным таза, жүрегім адал, пейілім ақ.

...орман-тоғайда ертеден қара кешке дейін тек бұлбұл ғана сайрап тұрса, адамдар одан да жалығып кетер еді. Өмір де, ғұмыр-табиғат та сан-түрлі, әралуандығымен тартымды.

...кеңестер кезінде жоғары білімі жоқ, 5-7 сыныптық оқуы бар малшылар, жұмысшылар, шаруалар депутат бола беретін. Аты аңызға айналған, еліне барынша қызмет еткен Кенен ақын бірде-бір рет депутаттыққа сайланбапты. Бір кем дүние деген осы.

... қазіргі ұрпақ, өзіміздің немерелеріміз бен шөберелеріміз Ұлы Отан соғысы туралы киноны көріп, «классный боевик» деп таңданатын болды.

...Кебекбай бабамның кесене тасында (1800 - 1886) деп жазылған. Осы дерек күмән туғызады. Өйткені Кенен ақын өзінің «Кебекбайдың келбеті» деген өлеңінде: «Он жаста Кебекенді көрдім анық» деп нақты көрсетеді. Егер ақын 1884 жылы дүниеге келген болса, онда Кебекбайды 1894 жылы көргені ғой. Бұл шындыққа жақын.

... Әкем сол кездегі саясатқа қарсы өлең жазбаған. Бұл қорқақтық емес. Бұл сақтық, өзін сақтау, өнерін сақтау. Бұл ақылды көзі ашық, орысша оқыған, білімді ағасы Еркебай Базаров айтып, үйретіп отырады екен. Сөйтіп 1931-33 жылдардағы ашаршылықтан, 1937-38 жылғы репрессиядан аман қалды.

...қазақтың сал-серілері, әнші-күйшілері далалық өнер академиясының түлектері.

...дала өркениеті, далалық психология, демократия дегенді алғаш рет ғұлама ғалым Акселеу Сейдімбеттің аузынан естідім. Бұл жаңаша таным, жаңаға бетбұрыс.

...«сен бағзы біреулер секілді мыңғыратып мал айдаған бай болмайсың, сенің бар байлығың бойыңдаға өнерің» деген Сәрсөбай ақсақалдың сөзіне әкем кәдімгідей өкпелеп көпке дейін қатынаспай қойыпты. Қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс? Өмір көрсетіп берді.

...кедейлік, кедей болу бір бөлек. Соған қарап Кененді білімі, ділі, діні жоқ қараңғы ортадан шықты деу ағаттық. Ақынның нәр алған өз ортасы, мәдениеті, халық поэзиясы болды. Ноғайбай, Кебекбай, Сүйінбай, Сарбас, Бөлтірік сынды би, ақын, шешен бабалары болды.

...уақытты қасерлей білу – үлкен мәдениет. Бұл үрдіс әсіресе Еуропа елдерінде жақсы дамыған. Біз әлі бұған бейімделе алмай жатырмыз. Көп уақытымыз бос өтеді. Уақытты қасерлеу – өзінді де, өзгені де «сыйлау» болып табылады.

«...сонау Алматыдан Сәбит пен Мұхтарды жамандау үшін келдің бе, қарағым. Әркімнің өз артықшылығы, кем-кетігі болады. Олар да тірі пенде ғой» деді әкем. Келген жігіт не дерін білмей үйден шығып кетті.

...орман-тоғайдың әншісі – Бұлбұл. Байтақ даланың әншісі – Бозторғай. Кенен осы екеуімен де сырласып, әніне қосыпты. Қосып қана қоймай бұлбұлша сайрап, бозторғайша шырылдапты. Оның әндерінің кеңістігі мәңгілік болатыны сондықтан.

...кей адам ойланбай жатып сөйлейді, сөйлеп болған соң ойланады. Сонысынан опық жейді.

...мен қаламынан «құйын» ескен ақын да, төгілтіп жазатын жазушы да емеспін. Алайда менің бойымды сол қасиеттердің



бәрінің жұғындысы бар. Әкенің қанымен, ананың сүтімен берілген.

...адамның танымына тән үш анасы бар. Жер – ана, Ел – ана, Өз анасы. Осы үшеуінің қадыр-қасиетін терең ұғынған адам ешуақытта тұғырынан тайқып кетпейді.

...Адам болу оңай ма? Үлкен, ауқымы кең тақырып, Кейін осы тақырыпты қолға алсам деп едім. Өз өмірімнен алып жазуға болады.

...Жазуды, ақындықты шындап қуған жоқпын. Оған қу тірлік мұрша да бермеді. Әке-шешем қартайды. Көлденең табыс азайды. Қарашаңырақ иесі болған соң Көркемжанға көп ауырлық түседі. Оның да шиеттей бес баласы бар. Оларға көп «ауыз аша беру» ұят. Ендігі жерде үш баламды асырауым қажет. Саяси-публицистикалық аудармамен айналыстым. Техникум, училищелерге арналған біраз оқулықтарды аудардым. Бұл үшін қаламақыны көп төлеуші еді ғой...

...өмірде жарамсақтар өседі, өр мінезділер өшеді.

...өмірдің қызығын надан-ақымақтар көреді.

...жалпаң мінезділерге айтарым: «сендер жағымпаздардың ролін ойнадыңдар, мен өз ролімді сомдадым.». Бар айырма осында ғана.

...әкем бір өлеңінде «тұсында әділ заман бағаландым» депті. Қай кез, қай дәуір? Қай басшының тұсы? Меніңше Қонаев, Асқаровтар басқарған кез болу керек.

...әр заманның өз шындығы, жалғаны бар. Бәрі де өткінші, өзгереді, өтеді. Бүгінгі күннің шындығы бүгінге ғана тән. Бәрі де уақытша.

...жетпіс жеті атаңнан бері үзілмеген ұрпақ жалғастығы, қан тазалығы сенімен өшпеуге тиіс. Бастау бұлағың лайланбасын,

суалмасын. Ер жігіт үйленбей тұрып, алдымен осыны ойласа екен.

...уақыт, өмір, өлім мәңгілік. Жұмыр жер алып «полотно». Сондағы адам қолымен жасалғандардың (қала, көпір, канал, зәулім үйлер) бәрі де ғажап суреттер ғана. Тозады, көнереді, жойылады. Тек Аллатағла жасаған жаратылыс қана мәңгілік.

...қазақ үшін «төрт» ең киелі сан. Жылдың «төрт» мезгілі. Жердің «төрт» құбыласы. Адам өмірінің «төрт» кезеңі. Адамның төрт мүшесі. Жүгірген аң, ұшқан құстың бәрінде де осы «төрт» мүше бар.

...әженің ертегісін тыңдап өскендер бақытты. Отанды сүю, туған жерді қорғау, ерлік жасау, ата-ананы қастерлеу осылардан шығады.

- Дүниедегі ең ауыр нәрсе не?

- Жұмыр жер -ау деймін.

- Неліктен?

- Себебі оның қойнында миллиондаған даналардың миы жатыр.

...Жетесіз, тойымсыз жандардың өмір сүргенінен гөрі, Джек Лондонның ақылды иттерінің тірлік жасағаны әлдеқайда пайдалы.

...Кейбір адамның бар болмысы, мінез-құлқы, тіпті, пиғыл-ниетіне дейінбет-жүзінен (тұмсығынан) көрініп тұратыны қалай?

...бір досым «мен-мен» деп мақтанғанда Маяковскийді де жек көріп кетесің.

...кұлағындағы сырғасына дейін көзінің түсіне қарай лайықтап алуды бірінші рет көруім.

...ССРО жерін түгелдей біздің отан дейміз. Дегенмен бөтен жерде табаның тайғақ келеді екен. Адамға жігер, күш-қуат беретін туып -өскен топарығың болса керек.

...Сезімі жоқ топас жанға адамның қиялын бергенше есектің құлағын берсеші...

...Көп адам өзін-өзі жуатқанда менен де жаман адамдар жүр ғой деп жуатады. Осылай ойлау жемір ауруынан да жаман. Себебі мұндай сәтте адам өз бойындағы бар қасиетін жоққа шығарады. Ондай жанның қолынан ерлік те, мәрттік те келмейді.

...Адамға (әйелге, балаға) қол жұмсауды кәсіп еткен адамды не деп атар едіңіз? Өз басым «хайуан» дегеннен басқа теңеу таба алмадым.

...көп нәрседен айрылғанымды сезген сайын зәрем ұшады. Олар: уақыт, білім, қарекет және өмір.

...«ұялмаған әнші боладыны» ұстанған ұятсыз әнші-ақындар көбейіп кеткен жоқ па? «Ұялмау» мен «ұятсыздықтың» жымы бір, ағайынды деп кім айтты.

...Аналар ең алғаш туған баласын - тұңғышым дейді. Ақындар да тырнақ алды туындысын – тұңғышым дейді. Ендеше тұңғыштар жасасын! Тұңғыш махаббат жасасын!

...жарық дүниеге қандай көзбен қараған дұрыс? Көздер көп қой. Ол қасқырда да, итте де, құста да бар.

...ерсектерге еліктеу жас адамдарда көп кездеседі. Бірақ еліктеу осы екен деп, тым ерсілікке ұрынба. Жас адамның өз бойындағы табиғи ерекшеліктерін сақтау қажет. Табиғатыңда жоқ нәрсеге әурелену күнә.

...киындыққа иілмей, жақсылыққа тасымай сабырлы болу, адамға «қол ұшын» беруге әзір тұру нағыз жігітке тән қасиеттер.

...адами қасиетті тәркі етіп, адамдықтан жыртқыштыққа айналу қас-қағым сәт. Оған ғасырлардың қажеті жоқ, 10-15 жыл да жетіп жатыр. Бұған фашизм дәлел.

...адамның анасы да, өскен ұясы да, қимас қымбаты да, суық табыты да – жұмыр жер.

...Адамдардың озбыр ісінен жер ана да безініп кетер еді. Амал не? Орбитадан шыға алмай жүр!.

...адам бойындағы асыл қасиеттердің ең мәндісі: қанағат, мойындау, адамды сүю. Имандалықтың негізі осында жатыр.

...әйелдің жүрегіне тек адалдықпен, парасаттылықпен ғана жол табуға болады. Пасықтық, жалғандық, қулықпен әйелді игере алмайсың. Өйткені әйел адамның сезімталдығы, ер адамның сезгіштігін жүз орап алады. Әйелдер – адалдықты сүйеді.

...әйелді еркектің қабырғасынан жаратыпты дейді. Рас та шығар? Өйткені адамның бүкіл ішкі ағзасын қоршап, қорғап тұрған сол қабырғалар емес пе? Өмірде де сондай. Әйел қорғаушың, әйел сүйенішің, сырласың. Тіпті, о дүниелік болғанда да:

*«Бірі ана, бірі жарым кәдімгі,  
Қыздарым бар келістірген сәнімді.  
Құран рұқсат етпейді ғой әйтпесе,  
Әйелдерге жуғызар ем тәнімді».*

Менікі жәй көңіл шалқуы ғой. Болмаса қайтыс болған еркектің тәнін ер адамдар, әйелдің тәнін әйел адамдар жуғаны абзал. Құран сөзі – ақиқат!

...XXI ғасыр түркі тілдес халықтардың мерейі артып, біртұтас елге айналады, бар байлығы, тарихы, мәдениеті, тілі,

өнері бір арнаға құйылады деп күтілуде. Мыңдаған жылдардың тасасында қалған бастауымызға қайта оралу бүкіл түркі әлемі үшін зор бақыт қой. Бұған Алла жар болып қол жеткізсе жақсы. Өйткені мысық тілеу, пейілі суық, арандатушы күштер бар.

...тұралап қалған қазақ халқының тарихы, мәдениеті, әдебиеті мен өнері асқар биікке жол тартуы керек. Ұсақ-түйек, мардымсыз, жалған үрдістен арылуға тиіспіз. Ұрпаққа нақты, шынайы, ақиқатқа толы тарих керек.

...татулық пен ел бірлігі үшін аянатын еш нәрсе жоқ. Соны терең сезінген ер -азаматтарымыз иық түйістіріп ел аманатын көтеріп жүр. Халықтың татулығын ойлау киелі міндет.

...Дос жылатып айтады...Сенің бүкіл жігерің, білімің мен білгенің жікшілдіктен, рушылдықтан аса алмай жатса, әлі сол даурықпа, кертартпа, қыңыр пиғылдың шырмауынан шыға алмай жүрсең, өз ұлтыңа, өз президентіңе «күл» шашып, аузыңа келгенді оттап жүрсең...Сен сонда еліңе қандай абырой әпересің?. Ұрпаққа қандай үлгі қалдырасың?

..бүгінгі басты мәселе:а) ел бірлігі. ә) жікшілдік, рушылдықтан аулақ болайық. б) бір іске жұмыла білек қосу қажет. Болмаса кеш қаламыз. Андысын андып отырған қара ниеттілер көп. Ендігі тағдырымыз өз қолымызда.


...терезеге бір, есікке бір соғылған көк шыбын төсекте жатқан менің қолыма келіп қонды. Жаны жай тапқандай қанатын сипалап, аяқтарын ысқылап, алдыңғы екі аяғымен бетін, көздерін сүрткілеп ұзақ отырды. Әлгінде ғана өлетіндей көрінген көк шыбын кәдімгідей әлденіп қалды. Далада ызғырық, күздің қақаған суығы. Ой, Алла-ай! Шыбын екеш шыбын да жылулықты адамнан іздейді екен-ау! деп таң қалдым. Әлде, «шыбын жан» деген осы ма екен?

...адамдардың бір-біріне деген ілтипаты, құрметі,

бауырмалдығы, жанашырлығы неге азайып барады? Кінәлі заман ба, уақыт па әлде адамдардың өзі ме? Кімнен көресің?

... мен өзімді тым ақылгөйсiп кететiн немесе тым секемшiл, үнемі құлазып, дүниенің бәріне өкпе артып, реніш білдіріп жүретіндерге апарып қоса алмаймын. Менің де бір айтар сөзім, кесіп түсетіндей өр мінезім бар. Қысқасы:

**«Жақсы адам кез болса,  
Жайылып түсер арынмын!  
Жаман адам кез болса,  
Шарпып түсер жалынмын!.»**



## *Сиреп те қалды-ау қатарым!*

### ТАҢҒЫ ШЫҚТАЙ ТАЗА ЕДІ...

(еске алу)

«Ердің пейілін сатпа, көңілін сақта» дейтін бұрынғыдан қалған аталы сөз бар. Соның байыбына барып, жүрекпен ұғынып, терең пайымдай білу әркімнің қолынан келе бермейтіні ақиқат. Адамдардың бір-бірін құрмет тұтуы, көңілін жықпай әрқашан сыйластықта болуы тірлігінде қажет. Бұл фәниден өткеннен кейін оның аса қажеті де жоқ-ау! Көпті көрген, көнекөз, аузы дуалы аталарымыздың: «Бір-бірінді жаттай сыйла, жау жанынан түңілсін» деуі де сондықтан шығар.

Біздер, ұлы отан соғысы аяқтала салысымен дүниеге келген ұрпақпыз. Бір ауылдың ауасын жұтып, бір көшенің шаңын бұрқыратып балалық, бозбала шақты бірге өткерген ұрпақпыз. Мінезіміз де, іс-әрекетіміз де, тіпті сыртқы пошымымыз да бір-біріне ұқсамайтын. Онымызды біз байқамағанмен үлкендер аңғарып; «Е,е! Бұларда қайбір күтім болды дейсің. Витамин көрмей, дәрігер дегенді білмей өскен «жалаңаяқтар» ғой дейтін.

Балалық шақты есіме алсам, мына бір жай ойыма түседі. Таңертеңмен колхоздың кеңсесі алдына жұрт жиналатын еді. Біреулер өз шаруасымен келсе, енді біреулері бастықтан тапсырма алу үшін келетін. Әйтеуір кеңсенің алды бір босамайды. Ел жиналған жерге қызық көріп біз де баратынмыз. Ауылда Совхозбек дейтін ағамыз бар еді. Жүрген жері сайқы-мазақ, шымшыма сөздерді аяқ-асты тауып айтып, жұртты қыран –топай қылатын. Сол ағамыз біздің түр-тұрпатымызға, олпы-солпы киімімізге қарап: «Атаңа нәлет, бұл соғыс не істемеді. Оның зардабын алыстан іздемей-ақ, мыналардан-ақ байқауға болады ғой. Осылардың қисық-қыңыр дене бітімен-ақ көрініп тұрған жоқ па?» дейтін. Күлдіріп айтса да, бұл өмірдің ащы шындығы еді.

Айтса-айтқандай-ақ, салпы ауыз Жеңістай, қамытаяқ Исахан, шақша бас Бақытжан (мені құрдастарым осылай атайтын), оқырайған Нәсіпхан, мыртиған Тұрсынбай, езуінен сілекейі тоқтамайтын Тұран, бойы біртұтам Тоқан, бортыйған Бей-

сен, ақжүрек аңғал Таңатбек, кербез Кенжехан, тұлымдары желкілдеген Уақан, елпілдеген Есенгелді, арықтұра Алмабек, қаранардай қайратты Сабыр халықтың қабырғасын қайыстырған зұлмат соғыстың зардабы, айғағы іспеттес еді. Менің бұлай деуімді «қағыту-мұқату» емес, сонау балауса шағымды бірге өткізген балакез достарға деген жүрегімді сыздатқан сағыныш деп қабылдаңыз.

«Тең теңімен, тезек қабымен» дейтін сөзді қазақ қалай тауып айтқан. Бір-бірімізді зілсіз қағытатын осындай әзіл-қалжыңдарымыз өзімізге жарасып-ақ тұратын. Бұған ешкім ашу шақырып жатпайтын. Өйткені бұл көзге ұрып тұратын шындық еді. Ендігі жерде бізді ешкім осылай деп атай қоймас. Өйткені бұлардың көбісі арамызда жоқ, қайтпас сапарға аттанып кетті. Көзі тірілеріміз бүгінде 70-тен асып, ұрпақ сүйіп, әркім өз әлінше өмір сүріп жатырмыз. Ара-тұра туған ауылға бара қалсам, сонау алыста қалған балауса шағым көз алдыма тізіліп тұра қалады. Көшенің бір бұрышынан «ау, шақша бас, қашан келдің» деп солардың біреуі шыға келетіндей, мойныма асыла кететіндей елегізіп тұрамын. Осыларға арнап «Бала кез достарым!» деген ән шығардым:

*«Кетсе де қыр асып көңілдің кептері,  
Бала кез достарым ойымнан кетпейді.*

*Өмірде табысқан сыйласым көп менің*

*Бәрі де солардың сендерге жетпейді»* дейтінім сондықтан.

Осындай қызығы бітпейтін балалық шақтың бір куәгері Серік бауырым еді. Секеңнің әжесінің де, әке-шешесінің де қолынан талай дәм татқанмын. Бір жолы үш аяқты мотоциклмен Серік мені әкесі Саймасай ағаның қонысына алып барды. Ол кісі көп жылдар колхоздың қойын баққан, атақты шопан болатын. Қайтар жолда: «Бақытжан балам, Кенекене сәлем айта бар. Мынау, Серік екеуіңнің достық-туыстық жолыңа берген сый-сияпатым!» деп тайыншадай үлкен дөнен қойды алдыма көлденең тартқаны әлі есімде. Кейін соны Серіктің өзі алып келіп, Кенен атасының батасын алып еді.

Ал енді Кенжехан, Серік үшеуіміздің бастан кешірген мына бір жәйді біреу білсе біреу білмейтін де шығар. Бұл сонау кеңес үкіметінің «қатаң тәртібі» кезінде болған жағдай. Секең Ресей-



де оқып, М. Горький қаласының Инженерлік-құрылыс институтын бітіріп қызметке кіріскен кезі. Бірер жыл өз мамандығы бойынша еңбек етіп, кейін партиялық қызметке ауысты. Сонда жүріп компартия қатарына кірді. Мұқабасы күрең қызыл билетін ең алдымен бізге көрсетіп, қуанышын бізбен бөліскен еді. Ол кездің «модасы» сол, кафе немесе ресторанға барып «жуатын» едік қой.

«Горькийде білім алдың, ендеше Горький атындағы паркке барып жуамыз» дедім әзілдеп. Сөйтіп, Алматының орталық паркіндегі ресторанға бардық. Ол кезде жаспыз. Жүрек ештеңеден шайлықпайтын кез. Біраз отырып, талай жерге барып қалсақ керек. Енді үйге қайтар кезде, менімен университетте біргі оқыған Жолбарыс деген досым кездесе қалғаны. «Секеңнің мынадай қуанышын, бұл жерде емес, үйге барып тойлаймыз» деп, ағынан жарылды. Үйіне телефон соғып, бізді қолтықтап алды да кетті. Ақкөңіл досымның дастарханы да мол екен. Зайыбы да, өзі де шын пейілімен бәйек болып жатыр. Біраз отырып ән салдық. Сондағы Серіктің қоңыр майда даусымен салған «Незнакомая» әні құлағымда әлі тұр.

Түлен түртемін десе аяқасты екен ғой. Әбден қызып алған басым, партбилет «жуудың» соңы былай болады деп кім ойлаған. Даудың неден туғаны есімде жоқ. Әйтеуір Секеңнің намысына тиетін сөз айтып қалсам керек. Кейін ұққаным: «Сен үшін достан да, туыстан да билет артық болғаны ғой!» деппін. Соған шыдай алмаған Серік: «Мә, ендеше, деп төс қалтасындағы партбилетті жұлып алып, ортасынан қақ айырып алдыма тастай салғаны.

Мұндайда не дейсің? Төбемнен жәй түскендей сілейіп отырып қалдым. Отырыстың шырқы бұзылды. Үнсіз ғана тарастық. Осы бір «әзәзіл» сөзді құдайдың аузыма қайдан түсіргенін білмеймін. Осы күнге дейін ойласам болды көңілім құлазып, жүрегім сыздайды.

Ертесі күні Кенжехан үшеуміз микрорайондағы менің үйімде отырып ақылға салдық. Болар іс болды. Енді мұны райкомға қалай түсіндіреміз. Әртүрлі сылтау ойлап тапқан боламыз. «Балалар ойнап жүріп, байқаусызда жыртып алыпты» десек. Мүлде көңілге қонбайды. Ол кезде Секеңнің қызы Айнұр

тым жас. Тіпті қатты материалдан жасалған мұқабаны айыруға қолының күші де келмейді.

«Байқамай суға түсіріп алып, бүлінді» десек. Билетті көрсет деуі әбден мүмкін ғой. Бәлкім, «ішіп алған бір жолдасым қолымдағы билетті көрейік деп тартқанда жыртылып кетті» деген де сылтау айтылды. Ақыры осы шешімге тоқтап, неде болса «жолдастардың кінәсінен болды» дегенді дұрыс деп ұйғардық.

Серік болса партия ұйымы хатшысының (әйел адам екен) үйіне барып, болған жайды көзбекөз айтуды жөн көрді. Қанша уақыт күткеніміз есімде жоқ. Әйтеуір Кенжехан екеуміз әлгі әйелдің подъезінде тағат таппай ұзақ тұрдық. Бірер уақыттан соң Серікте шықты-ау! Көңілінде, қимылында ешқандай қобалжу байқалмайды. Неткен сабырлы, ұстамды! Сыр бермейді. Жәй ғана бізге қарап: «Бюрада қарап шешетін болды. Неде болса артын бағайық» деді. Ал бұл сөздің төркінінде қаншалықты ауыртпалық жатқаны, оның оңай шешілмесі, кеңестер кезінде «мұндай істің өзі» тағдырынды тәлкек етумен пара-пар екендігі айтпаса да белгілі.

Осы бір қас қағым сәттегі менің ұғынғаным, «Тау қозғалып, жер теңселсе де былқ етпейтін ата –бабалардың ұлы қасиеті Секеңнің бойында бар екен-ау! Мұның өзі табиғат бойға сіңірген, ата пейілінен, ананың ақ сүтімен келетін ерекшелік». Ал өзіме түйгенім: «Еш уақытта жігіттің намысына тиетін, жанын жаралайтын сөз айтпау». Өйткені Секеңнің болмысы бөлек, жан-дүниесі таза. Қазақ айтатындай: «Ар-намыстан жаратылған жігіт» осындай болса керек.

Бұдан кейін де зымырап талай жылдар өтті. Секеңнің партбилеті де қайтарылды. Қызметінен өсіп, талай-талай іргелі істің бас-қасында болды. Алматыдағы Метроның іргесін қалаушылардың бірі болды. Метроқұрылысы директорының орынбасары қызметін абыроймен атқарды. Тума-туыстардың да, жора- жолдастардың да үлкен құрметіне ие болған айтулы азамат болды. Ұл-қыздарын өсіріп, бәріне білім берді, не-мере сүйді. Серік мені «қайқыбас ағам» деп, зайыбы Құралай, «сері қайын ағам» деп әдемі әзіл айтатын еді. Жастық шақтың қызығын бірге өткерген Серік сияқты достарды еске алу көңілге медет, жаныңа шабыт беретіні сондықтан болса керек.

*«Көңілді жабырқау, басқанда нала -мұң,  
Бірге өскен достарды есіме аламын.  
Сағымдай жеткізбес балалық шағымның  
Шадыман күлкісін сендерден табамын»* дейтін  
менің өлең жолдарым осындай сезімнен туған еді. Кенен атаң  
жырына қосқандай:

*«Амалың күллі әлемнен ассаңдағы,  
Жан үшін алтын-күміс шашсаңдағы.  
Ауылға от жақпайтын бір барармыз,  
Жел мініп жеткізбейтін қаишаңдағы»* демекші  
жұмырбас пенденің баратын жері біреу-ақ. Ажалға дау айта  
алмайсың. Ол бір құдайдың құзырындағы нәрсе. Ал сенің  
жарқын бейнең жүрек түкпірінде, көңілімізде, оқыған дұға-  
аятымызда мәңгі сақталатындығы даусыз ақиқат.

Бауырым, Серік! Жатқан жерің жарық, жұмақтың төрінде  
болсын! Артыңнан ерген ұрпағына Аллатағала береке- бірлік,  
ұзақ ғұмыр берсін!

*Ақ тілеу, ізгі ниетпен  
туысың, досың, бауырың  
Бақытжан Кененұлы. 2016 жыл*

## **«ШАЛДЫҢ САРҚЫТЫ» ДЕП ӘЗІЛДЕУШІ ЕДІ** (еске алу)

Зымырап жатқан жылдар- ай! Тоқтауы жоқ тойымсыз, басы  
да, аяғы да жоқ, түсін түстеп, қолыңа ұстап көре алмайтын, шегі  
жоқ, шектеусіз «уақыт» деген құдырет бар. Адам адам болғалы  
соған тәуелді. Бүкіл жаратылыс, барлық болмыс атаулы соның  
иелігінде. Ретімен өмірге келіп, уақыты біткенде кетіп жата-  
ды. «Құран-кәрімде» Алланың 99 аты бар делінген. Бәлкім,  
біз айтып отырған «Уақыт та» жаратушының бір атауы болуы  
мүмкін ғой. Өйткені ол да көзге көрінбейтін, шегі жоқ тылсым  
күш. Тап осы жерде қазақтың кеменгер ақыны Абайдың:

*«Дүние үлкен көл,  
Замана соққан жел.*

*Алдыңғы толқын азалар,  
Кейінгі толқын інілер.  
Кезекпенен өлінер,*

*Бұрынғыдай көрінер»* деген өлең жолдары еске түседі. Қаншама ой елегінен өткізсең де өткен өмірді бүгешігесіне дейін еске түсіру мүмкін емес. Тіпті 4-5 жыл қатар жүріп, сол бір қызғын шақтың куәсі болған қыз-жігіттердің түр-түсін, мінез-құлқын сол қалпында әңгімелеп берудің өзі қиын. Абайша айтқанда уақыт таразы, ажал арсыз. Бәрі де кезекпен болып жатқандай, еш өзгеріссіз сол қалпында тұрғандай көрінетіні сондықтан.

Біздің студенттік өміріміз сонау 1965 жылдың күзінде басталып еді. Қазақстанның түкпір-түкпірінен арман отын алаулатып, білім қуған бір топ жастар сол кездегі Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне құжаттарымызды тапсырып бақ сынастық. Ол кезде журналистика факультеті деген жоқ еді. Кейін бөлек шаңырақ болып бөлінгенде 25 студент журналист мамандығын таңдап алды.

Иә, біздер, 25 едік. Оның ішінде мектеп қабырғасынан енді ғана шыққан балауса түлектер де, еңбек жолын алыстағы ауылдарда, өндіріс орындарында бастаған жігіттер де, 3-4 жыл әскери міндетін атқарып келгендер де болды. Содан да болу керек біздің курста бірінші күннен-ақ «аға буын, кейінгі буын» дейтін ахуал қалыптасқан еді. Осы жағдай студенттік кезде де, кейін де сақталып қалды.

Иә, біздер 25 едік. Сол жиырма бестің тең жартысы ақындықты мақсат еткен жастар болды. Қаржаубай Омаров, Жарасқан Әбдірашев, Мұрат Күлімбетов, Қуаныш Тектіқұлов, Манар Құрманбеков, Сейсен Мұхтарұлы, Жолбарыс Әбішев т.б. Бұлардың санатына жасырып өлең жазатын, жұрт алдына шығуға жүрегі дауаламайтын өзім сияқты ақынжандыларды да қосуға болады.

Әрине, осылардың бәрінен, жасы жағынан да, тап басып айтатын орақтай өткір тілімен де, буырқанған «асау» мінезімен де ерекшеленіп тұратын Қажытай ағамыз еді. Әсіресе, біреудің әділетсіздігін, арам пиғылын, қысастығын сезіп қалса өткір

кездіктей кесіп түсетін, жолбарыстай атылатын мінезі бар еді. Өзгеміз бөденедей бұғып, бұқпантайлап қалған кезде, суырылып шығып, кімді болса да сабасына түсіретін өр мінезін талай көрдік. Мұнысын бағзы біреулер басқаша түсініп, бағамдайтын шығар. Өз басым Қажытай ағаның сонау арыны басылмаған жас кездегі қызба мінезін жер тарпып, тақымды қысып қалсаң атыла жөнелетін асау тұлпарға теңеуші едім. Өйткені «мінезсіз ақын болмайды» дегенді әкем Кененнен талай естігенмін.

Жетісудың соңғы ханы Тезек төренің алдына бағын сынау үшін, шын ақын екендігін көрсету үшін талай ақындар барған деседі. Тезектің өзі де ақындықтан құралақан емес. Айтары жоқ, тіленші арзанқол «ақынсымақтарды» уәзірлеріне сабатып, артына ит қосып ауылынан қуып тастайды екен. Төренің осындай мінезін білетін ақындардың көбісі оның алдына баруға жүрегі дауаламайтын көрінеді. Соны біле тұра төренің алдына тайсалмай барған Сүйінбай ақын деседі. Сөзге сүрініп көрмеген Сүйінбайдың төре алдында жасындай жарқылдаған өр мінезін, айтқан өлеңдерін халық жақсы біледі. Сүйінбайдың сондағы айтқан жыр-өлеңдерін әкемнің аузынан талай естідім.

Біресе әйелін сынатып, біресе қыздарын, одан қалса астындағы атын сынатып көрген төре ақынның сөзінен мін таба алмайды. Ақыры амалы таусылған Тезек төре Сүйінбайды ертіп тысқа шығыпты. Ақынды қайтсем де сүріндіремін деп ойлаған төре бұлаққа қолын жуып отырған Сүйінбайдың қасына келіп, басындағы тақиясын қылышының ұшымен түртіп жіберіп: «Ал енді шын ақын болсаң, анау ағып бара жатқан тақияңа бір ауыз өлең шығаршы», дейді қылышын Сүйінбайдың мойнына тақап. Сонда екі қолы алдында, жүрелеп отырған Сүйінбай табан асты:

*«О, құдай, мен бе едім жек көргенің,*

*Басымдағы тақияма тап бергенің.*

*Ербеңдеп екі қолым қала бердің,*

*Қанеки, шап бергенде ап бергенің»* деген екен. Сонда

Тезек төре қылышын қынабына салып. «Әй, Сүйеке, сенен асқан ақын болмас. Өлең сенің сүйегіңе сіңген екен» депті.

Бұл жайды сөз етіп отырған себебім Қажытай ағаның бой-

ынан шын ақынға тән бірнеше ерекшеліктерді байқаушы едім. Өзіне ғана тән сөз саптауы, мінез-құлқы, адамға жалт қарағанда өңменіңнен өтіп кететін отты көздері, кішіге деген ағалық пейілі ерекше болатын. «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» дейтін қағиданы берік ұстанған әрі сонысынан таймай өткен ақын еді. Сол бір студенттік кезде-ақ іні боп жүргендердің ішінен Жарасқан екеумізді жақын тартып тұратын. Жарасқан туралы сөз бола қалса: «Басқалардікі құр әурешілік. Көресің әлі, осы сары баладан дүр ақын шығады. Мұның өлендері қыздың жиған жүгіндей тап-тұйнақтай» дейтін.

Кейде әдеби кештерде факультеттегі ақындардың басы қосылып, әркім өзінің жазған өлендерін оқып жататын еді. Сондай сәтте салалы саусақтарымен шашын артына бір қайырып тастап, ортаға Қажекен де шығатын. Ол оқыған өлендерден бұрын біз білмейтін сөз тіркестерін, ұмытылып кеткен байырғы көне сөздерді естіп таң-тамаша қалатын едік. Мұны біріміз «байырғы жыр-дастандарды көп білгендіктен» деп топшыласақ, енді біріміз «қытайдағы қазақтардың сөзсаптауы, сөйлеу мәнері ерекше» деп дауласып жататын едік.

Сөйлеу мәнері демекші әкемнің мына бір айтқан сөздері есіме түсіп отыр. Бірінші курсты бітіріп, ауылға демалысқа келген едім. Ұзын сонар шайдан кейін әкем қасына шақырып: «Иә, балам, Алматыда не өзгеріс бар? Білген-түйгендеріңді айта отыр. Қалаға бармағалы біраз болыпты» деді.

Қаладағы өзім көрген жайларды, жазушылар, өнер адамдары туралы естіп білгенімді әңгімелеп отыр едім: «Қарағым, тілдерің не болып кеткен. Сөйлеген сөздеріңді бірін ұқсам, бірін ұқпай отырмын. Үнің де, сөздерің де қатқылдау болып кетіпті. Қазақтың баяу, баппен айтылатын биязы, мәнерлі тілі қайда?» деді. Менің абдырап қалғанымды сезген болу керек, артынша: «Оқасы жоқ балам, орысша көп оқығанның салдары шығар. Әйтседе, қазақтың көнеден келе жатқан сөйлеу мәнерін жоғалтып алмаңдар. Қазақ тілі өте сұлу, әуенді ғой. Құлаққа жағымды, өзіндік сөйлеу мақамы, мақпалдай жұмсақ ырғағы болады» деді.

Міне, осы тұрғыдан келгенде Қажытай ағаның баппен,

мақалдап, мәтелдеп сөйлейтін ерекшелігі, үніндегі әуезділік қазақтың көнеден келе жатқан сөйлеу өнерімен астарласып жататын еді. Ақынның осы ерекшелігін біріміз ұқсақ, енді біріміз аса мән бермеген де шығармыз. Мұның өзі тіл мамандарына, ұстаздарға, тіпті «мен қазақтың, қазақша сөйлеймін» дегендердің бәріне де үлгі болатын-ақ жәй.

Сонау 1939 жылы Қытай Халық республикасы, Тарбағатай аймағында, Дөрбілжін ауданында туып, Шыңжаң тіл институтының қытай тілі факультетін бітірген Қажытай Ілиясұлы 1962 жылы қазақ топырағына қайта оралды. Балалық шағын, бозбала-жігіттік шағын қытай жерінде өткізген Қажекен сол бір өмір кезеңдерін тәптіштеп әңгімелеп отыратын. Ауылдан ұзап шықпаған, сарыауыз біздер үшін мұнысы қиял-ғажайып ертегідей көрінетін. Туған-туыс, іні-қарындастарын жат жерде қалдырып, қашып шыққан орда бұзар жастағы жігіттің әңгімесіне біріміз тәнті болсақ, біріміз сенімсіздік танытушы едік. Оған Қажекен ренжіп жатпайды: «Е.е, әженің сары майы мен сары құртының дәмі кетпеген сарыауыз балапандар-ай!. Сендер не білесіңдер?» деп күліп қоятын.

Есейе келе өзінің жазған дүниелерін оқып, әсіресе сол бір қиын-қыстау кездегі бастан кешірген жайларды майын тамыза жазған көрнекті жазушымыз Қабдеш Жұмаділов ағамыздың «Таңғажайып дүние» атты ғұмырнамалық романын оқып, көзімізге жас ала отырып, мойындағанымызды айтпасқа болмайды.

Студент үшін әр күніміз мереке еді ғой. Сабақтан қол босап, басымыз қосыла қалса бір бөлмеге жинала салып, сауық-сайран жасауға құмар едік. Ақын да, әнші де, күйші де өз арамыздан табыла қалатын. Сүлеймен Тоқсанбаев шығады ортаға. Басын бір жағына қисайтып алып құйқылжыта күй тартады. Бұлай істейтіні бір құлағының мүкісі бар екен. Домбыраны еститін құлағына тақап ойнайтыны содан болса керек. «Ақтамақ қарлығаштар, қара көз қарындастар» дейтін әнді бәріміз қосыла айтатынбыз. Бұл әннің авторы Қуаныш Тектіқұлов. Бұдан соң әр ақын өзінің енді жазған тың өлеңдерін оқиды. Бұлардың алғашқы тыңдаушысы да, сыншысы да өзіміз едік.

Бір жолы осындай бас қосуға Қажытай ағамыз гитара ала келіпті. «Мұны кім тартады?» деген ой әркімнің көзінен-ақ байқалып тұрды. Қажекең көп күттірген жоқ. Гитараны оң жақ тізесіне қойып, мені ымдап қасына шақырды. «Сен гитараның басынан ұстап, қатты сілкілемей, ақырын дірілдетіп тұр.» деді. Сол-ақ екен құлаққа жағымды бір ғажап үн жанымызды тербетіп ала жөнелген еді. Жүректің қыл пернесін дөп басқан гитара үнінен тек біздің жанымыз ғана емес, бүкіл дүние тербеліп тұрғандай болды. Қажекең, аса бір шеберлікпен орыстың бірнеше романсын орындап шықты. Таңдай қағып, таңданданғанымызды несіне жасырайын. «Қажеке-ау, айды аспанға бірақ шығардыңыз ғой. Сізде осындай өнер бар деп кім ойлаған!» деп ұлардай шулағанымыз әлі есімде.

«Жігітке жетпіс өнер де аздық етеді. Менің мұным жай ғана көңіл алдарқату ғой. Нағыз өнер иесі деп Кенекеңді айтсаңшы. Мен ол кісінің әндерін сонау бала кезімде Шыңжаңда жүріп естігем. Ал Кенекеңнің «Әли батыр» дастаны 1949 жылы араб әрпінде қытайда басылып шықты. Мен сол дастанды жатқа да айтатын едім» деді. Артынша ұзақ бір тарауын жатқа айтып беріп еді. Әкемнің дастаны былай тұрсын, бірер шумақ өлеңдерінің жадымда жоғы есіме түсіп, қатты қызарып кеттім. Сонымды сезген болу керек: «Бақытжан, сен оданша әкеңнің «Бұлбұлға» деген әнін шырқап жіберші. Адамның жанын толқытатын нағыз ән ғой бұл» деді.

*«Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл,  
Қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр.  
Айрылып ел-жұртымнан жүрген шақта,  
Жұбатып ертелі-кеш сайра да тұр»*

Әсіресе, әннің мына бір тұсына келгенде басын көтеріп маған «даусыңды еркін жібер, биіктете түс» дегендей қолын көтеріп белгі берді.

*«Ер жігіт шетте жүрген ел сағынар,  
Содан соң кіндік кескен жер сағынар.  
Ағайын, туган-туыс жөнің бөлек,  
Болмаса қырғызданда силасар ер табылар»*

Әрине, дәл әкемдей орындау қайда. Сонда да болса барымды



салып әнді айтып шықтым. Қажекеңе, қарап едім көңілі толқып, маған үнсіз қарап отыр екен. Көзінде мұң. Жан-дүниесі астаңкестен болып жатқандай көрініп еді. Туған елден жырақ жүрген жігіттің сол кездегі жан толқуын өзі ғана сезінген болар? Ал біздің алаңсыз, балғынкөңіліміз нені аңғарсын. Ұлардай шулап думан-сауығымызды жалғастыра бердік.

«Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» дейтін көңілге қонымды сөз бар. Қажекеңнің бойындағы көп қасиеттері өмірден көргендері мен түйгендеріне тікелей қатысты. Университетті бітіргеннен кейін де біздің ағалық-інілік қатынасымыз бәсеңдеген емес. Астымызға ат мінгізіп, иығына шапан жауып жатпасақ та адами сыйластық қалыптан тайған жоқпыз.

Қажытайдың бойында булығып жатқан өнері әнге де, күйге де тақырып болды. Оның бірнеше күйін тыңдап, отызға жуық әндерінің куәгері де болдық. Тіпті домбырасын сабалап ақындар айтысына да қатысты. Мұның бәрі қайсар мінезді, от жүректі, «сегіз қырлы бір сырлы» ақынның біз біле бермейтін тағы бір ерекшелігі емей немене? Қажекең өмірінің соңына дейін сықақ-сатира жағын көбірек күйттегенмен, оның ақындық ауқымы кең, жан-жақты еді. Оның 2001 жылы жарық көрген «Тас жарған» атты лирикалық өлеңдері бұған дәлел. Мен әдебиет зерттеуші емеспін, алайда ақындық ортада өскендіктен ақынның жан дүниесін, жүрек лүпілін, қайғы-мұңын бір кісідей-ақ сезінемін десем артық айтқандық болмас.

Неге екенін қайдам Қажекең мені жолықтырған сайын: «Сенің бойында ақындық та, сазгерлік те бар. Тек тым сыпайы, ұяңсың. Жазғандарың болса көрсетсеңші» дейтін. «Қажеке-ау, бір ғасырға бір Әзірбаев та жетеді ғой. Мені қайтесіз» деп қалжыңмен құтылушы едім. Кейін ақын ағамыз 70 жасқа толғанда арнайы шақырған соң Астанадан шапанымды, сыйсияпатымды алып тойына қатыстым. Өзімнің «Әке рухымен сырласу» атты естелік-эссемді, «Көңіл кептері» деген әндер жинағымды тарту еттім.

Дүние салардан бір жыл бұрын Жазушылар одағында кездесіп қалдық. Сондағы айтқан сөзі әлі есімде. «Менің

түйсігім қателеспеген екен. Сенің бойыңда ақындық нышаны менмұндалап көрініп тұрады. Оны мен сонау студенттік кезден-ақ сезінуші едім. Сенің мына бір өлең жолдарың соның айғағы: «Өлеңді сен қинама, өлең сені қинасын...». Қалай тауып айтқансың. Қазіргі шатып-пұтып өлең жазып жүргендер, осыны қағида тұтса ғой, шіркін! деп баладай қуанды. Бұл менің ақын ағаны соңғы көруім еді.

«Заманыңды қастерле, замандасыңды құрметте. Өйткені олар сенімен бірге жүрген, бірге ойнап-күлген, бір ауаны жұтып, қуаныш-қайғыңды бірге бөліскен көзкөргендер» дейтін әкем. Жас кезде оған мән бердік пе. Енді ойласам бүгінде дүниеден озған Жарасқаным, Сейсенім, Сейітқазым, Жолбарысым, Әбді. Дастаным, Қаржаубайым, Қажытай ағам сол көзкөргендерім екен ғой. Осындайда ақын Төлеген Айбергеновтың «Мен өлемін өзімнің биігімде» дейтін өлең жолдары еске түседі.

Алатаудың бірінен бірі озған тау-қыраттары, шың-құздары сияқты ақындардың да өз биігі, өмір-соқпағы бар. Біз сөз етіп отырған Қажытай Ілиясұлы да өз биігіне өр мінезімен, өзіндік дүниетанымымен, қан ұйытар күйлерімен, әсем назды әндерімен, жүрекжарды өлең-жырларымен талмай жеткен арқалы ақын екендігі дау туғызбайды. Өйткені біз білетін, көзімізбен көріп дәмдес болған, замандас ағамыздың өмір жолы, шығармашылық тұлғасы бұған дәлел.

Қадірлі Қажытай аға, жаныңыз жәннатта болсын, өлең-жырларыңыз жадымызда мәңгі сақталсын деп тілейік. Оған күмән жоқ.

*Бақытжан Кененұлы.*

*Астана, 2013 жыл.*

## **ӨЗІЛІМІЗ ЖАРАСҚАН, АҚКӨЛ ДОСЫМ!**

(еске алу)

Сонау 1965 жылы Қазақстанның түкпір-түкпірінен арман қуып, журналист болуды мақсат еткен бір топ қазақ жастары сол кездегі ҚазМу-дің кіре берісіндегі дәлізде ұшырасып, қол

алысып, амандық сұрасып, мәре-сәре болып жатушы едік. Ем-тихан басталғалы да бірер апта өткен. Бір-бірімізді етене жақсы білмесек те, түр-түсімізді, қайдан келгенімізді сұрастырып біраз мағлұмат алып үлгергенбіз. Сәлім Меңдібаев – Қостанайдан, Айтқали Нұрғалиев – Атыраудан, Социал Әйтенев - Павлодардан, Ырым Кененбаев – Талдықорғанан, Жарасқан Әбдірашев – Қызылордадан...

Ол кезде өз алдына бөлек Журналист факультеті деген жоқ еді. Филология факультетінің бір бөлімшесі аталатын. Оған 25 студент қана қабылданады. Қойылатын талап та ерекше. Кем дегенде 2 жыл өндірістік тәжірибең болуға тиіс. Облыстық, аудандық газеттерге басылған материалдарың (мақала, очерк, репортаж, суреттеме т.б.) болса түптеп, құжаттарыңмен қоса өткізуге тиіссің. Бір сөзбен айтқанда журналист болуға сақадай сай болуың қажет.

Құлжаның сақасындай іріктелген жігіттердің ішінде қаламы төселген жазушы да, есімдері ел аузына іліне бастаған жас ақындар да жоқ емес. Осылардың ішінде аузынан шылымы түспейтін, қай уақытта болсын әзіл-қалжыңы даяр тұратын Ақкөл Отарбаевтың жан-дүниесі маған етене жақын еді. Өңі суық, қаталдау көрінгенмен, жан дүниесі жазық, пейілі ақ, жүрегі мақпалдай жұмсақ еді.

- Ақа, қаршадайыңнан мал бағып, малды ауылда өсіпсің. Зоо-овед, СХИ тұрғанда журналисті неге таңдадың? - деймін сөзге тартып.

- Өй, мынау өңшең қызылордалықтар Қаржаубай, Жарасқан, Жолбарыс, Мұрат, Тынышбектер журналист боламыз деп Алматыға тартып тұрды. Осылардан қаламын ба деп мен де шықтым. Барып көрейін. Түссем түсермін, түспесем қайтып келермін. Мал қайда кетеді, дейтін әзілдеп. Сол жолы журналист бөліміне түскен 25 студенттің ішінде 3 қыз және Ақкөл екеуміз болдық.

Бәлкім тағдырдың талғамы осылай болды ма, әлде құрдас, замандас ретінде дәм-тұзымыз жарастық тапты ма өзге жігіттерден гөрі Ақкөлге етене жақын болдым, оған деген көңілім ерекше болды. Тәңірім, соны көріп қойғандай университетті тәмәмдап,

студенттік өмірмен қоштасқан соң, екеуіміздің жұбымызды жазбай сiбiрдiң қақаған аязына апарып салды. Забайкалье әскери округiнен бiрақ шықтық емес пе.

1969 жылдың 3-қазанында Чита қаласына келiп түстiк. Менiң қолымда Алматының апорты салынған шамадан және қолдан шауып жасалған домбырам бар. Жолда келе жатып, көңiлшектенiп, купеге кiрген-шыққандарға алма ұсынамын. Мұнымды жақтырмаған Ақаң: «Әй, Бақытжан, мына алмаларды әркiмге таратып бере берме, ертең қажет болады. Сiбiрде бұл алтынға табылмайды дейдi. Ал қазақтың қара домбырасын ала шыққаның үлкен көрегендiк. Құрманғазы бабамыз домбырасын күмбiрлетiп мына тұрған Омбы, Астраханьды тамсандырса, сен ит тұмсығы өтпейтiн сiбiрдiң тайгасын теңселтiп қайт. Бiлебiлсең, сенiң бұл iсiң тарихи оқиға» дейтiн кулана күлiп.

Ақкөлдiң көрегендiгi дәл келдi. Дивизия штабында кезек күтiп отырмыз. Құдай қолдап екеуiмздi бiр полкке, тым болмағанда бiр-бiрiмздi көрiп жүретiн жақындау жерге жiберсе деп тiлеймiз. Шамаданның арнайы тесiлген тесiктерiнен шыққан апорттың исi бүкiл дәлiзге жайылса керек. Ары-берi өткен әйелдердiң бiрi маған тақау келiп: «У кого это вкусно пахнет» дедi. Мен не дерiмдi бiлмей абыржып қалдым. Мұндайда жол тауып кететiн Ақкөл менi шынтағымен түртiп жiберiп: «Ау, бала! Сенен алма сұрап тұр ғой. Бермейсiң бе» дегенi. Мен де сасқалақтап шамаданымды ашып жiберiп, әлгi әйелдiң қолына екi-үш алма ұстата салдым. Сол-сол-ақ екен, әлгi офицер әйел кiрген кабинеттен тағы екi адам жүгiрiп шықты. Оларға да алма ұстатып жатырмын. Мұрнына апарып құшырлана иiскеп: «Какая прелесь!» - дейдi.

Бiздiң абдыраған түрiмiзге қарап: «Ну, спасибо вам. Если вы наши призывники, идите за мной», - деп бiзге ишарат бiлдiрдi. Қасиеттi алманың арқасында шаруамыз тез бiттi. Екеуiмздi, жұптарын жазбайық деген болу керек Бурят АССР-ның астанасы Улан-Удэ-ден аса қашық емес полкке жiбердi. Бiздiң әскери, офицерлiк өмiрiмiз осылай басталған едi. Ақкөл «ағам» айтқандай, қоңыр домбыра да кәдемiзге жарады. Офицерлердiң мәдениет үйiнде болсын, басқа да бас қосуларда домбыра үнiн

алғаш рет естігендер, ішегін шертіп қойып, ғажап үннің қайдан шығатынына таңқалып, бас шайқағанын талай көрдік.

Ақкөлдің әзіл-қалжыңы біткен бе? Әскерилердің өзіне тән қатаң тәртібі, тіршілік салты, танымы болады. Соның бәріне көну, шыңдалу, өзінді-өзің көндіру қажет. Ауыздықталмаған асау сияқты бас бермей жүретін студенттік өмірден соң қатал мінезді, сұрғылт әскери тірлікке көндігу оңай емес. Сондай бір кезекті әскери қызметке шықпай қалғаным үшін, командирім 5 тәулік қамау жариялады. Әскери тілмен айтқанда 5 күн гаупфактыда жатасың. Сені қайда барсаң да автоматпен қаруланған арнайы күзет алып жүреді. Ешкіммен тілдесуге, кездесуге құқың жоқ. Менің жатқаным да үшінші күн. Кешке дейін қамауда отырамын. Бар жұмысым елге хат жазу, одан қалса кітап оқимын. Күніне екі-үш рет далаға таза ауа жұтуға шығарады. Құдай айдап сол күні кезекті қарауыл басшысы болып Ақкөл түсті. «Әй, шалдың баласы, мына едені сыз бөлмеде жатып, кеудеңе суық тиіп қалмасын. Мынаны киіп ал» дейді. Түйенің жүнінен тоқылған кеудеше екен. Өзі кимей маған бергеніне көңілім босап қалды. Әжемді, шешемді ойлап, бір түрлі жасып қалдым.

Ертең бүкіл полктің әскери құрамасы, атыс қарулары қатысатын ауқымды әскери оқу-жаттығу басталады. Соған мені босатуды сұрап батальон командирім келді. Орта жасқа келген, майор шеніндегі мінезі жұмсақ кісі еді. Әскери тәртіп бойынша ондай шешімді полк командирі мен қарауыл басшысы ғана шеше алады. Оның өтінішін тыңдап болған Ақкөл өңін барынша суытып, мені саусағымен нұсқап: «Жолдас майор, мен сіздің бұл өтінішіңізді қабылдай алмаймын. Бұл дизертир. Әскери тәртіпті бұзған екен, жазасын толық өтесін. Ешқандай кешірім жоқ. Өзіңіз білесіз, соғыс кезі болса мұндайларды атып тастайды» деп жұдырығымен столды бір қойып қалды. Ақкөлдің жүзінен ашудан өзге ешнәрсе байқамаған майор үнсіз ғана басын изеп шығып кетті.

- Мен де Ақкөлдің бұл қылығын шын көріп қалдым. Ақа, сонша таусылатындай кісі өлтірген жоқпын ғой. Дауыс көтермей ақырын айтсаң да болатын еді ғой деймін.

- Әй, байғұс бала. Март айының 40 градус қақаған аязында

БТР-мен дiрдектеп, тайгада жүру оңай ма?. Үсiп өлсең, обалыңа кiм қалады. Одан да ыстық сорпанды iшiп, жатпайсың ба осында дейдi. Даусында ешқандай зiл жоқ. Сенi тайганың шықырлаған аязына жiбермеу үшiн жасаған айлам ғой бұл дейдi ағынан жарылып. Көресiң, менiң әлгiнде айтқан сөзiм бүкiл полкке тарап кетедi. Бiр таяқпен екi қоянды ұрып алу деген осы. Әй, Бәке, ешнәрсе көрмеген баласың ғой деп күлген едi.

Расында, «Мына қазақтар өте әдiлеттi, намысқой екен. Шындықты бетiне басып айтатын, ақиқат үшiн бiрiн-бiрi аямайды екен» дейтiн сөз полктағы әскерилер арасында көпке дейiн әңгiме болып жүрдi.

Әскери өмiрiмiздiң қызық-шыжығын айта берсек, бiрер күнге созылатын әңгiме. Екi жыл көздi ашып жұмғанша өте шықты. Мен бойдақ болған соң офицерлерге арналған жатақханада жатамын. Ақкөлге екi бөлме пәтер берген. Қарағайдан соғылған екi қабатты үй. Дастан деген ұлы бар. Тайганың iшiнде орналасқан әскери қалашықта ойыншық ала қоятын қайбiр дүкен бар дейсiз. Әскери жаттығулардан қалған автомат, пулемет оқтарының гилзаларын ойыншық ретiнде әкеп беретiн едiк. Дастанның бар ойыншығы осы болатын. Сондағы Ақкөлдiң: «әй, бойдақ, асхананың «харчосын» iшiп бiр iшек болып қалдың ғой. Кеше елден бiраз ет келiптi. Қызметтен соң үйге кел. Сенi бiр «сорпалап» жiберейiн дейдi. Терлетiп дегенi ғой. Ақаңның осындай ақ пейiлден, шынайы көңiлден жасайтын ерекше қасиеттерiн қалай ұмыттарсың.

1976 жылы әкем дүние салғанда да, 1995 жылы жалғыз бауырым Көркемжан дүниеден өткенде де, 2000 жылы шешем қайтыс болғанда да арнайы келiп топырақ салысты. Ақаңның бойындағы осындай игi iстерiн адамгершiлiк, мәрттiк, азаматтық демеске не шара. «Сен әкемнiң де, шешемнiң де қолынан дәм татқан азаматсың. Сенi сүйрелеп апарсам да 90-ға жеткiземiн» деп әзiлдеушi едiм. Әрине мұным жәй ғана пендешiлiк екен.

Ендi сол әке-шешенiң көз тiрiсiнде, Ақкөлдiң өзi куә болған жайларға бiраз тоқтала кетсем деймiн. Әкенiң қадiрiн терең ұғынатын, орнын жоқтатпай, рухын асқақтата түсетiн ұрпақтарға, ұл-қыздарымызға, немере, шөбереге тағылым болсын.

...Тоқсанның торғынына оранғанша әкемнің үйде бос қарап отырғанын көрген емеспін. Соңғы екі-үш жылда ғана алыс жолға шығуын азайтып, қолындағы тәспихын «тартып» ұзақ-ұзақ ой үстінде отыратын еді. Онда да бұған: «Кенекене ендігі жерде ұзақ жол жүруге болмайды. Атпен жүру, монша, ыстық бу дегенді мүлде тоқтату керек. Жасы келген адамға бұл үлкен салмақ, жүрек көтермей қалуы мүмкін» деген дәрігерлердің сөзі себеп болды.

Қонақтардың аяғы сол бұрынғыдай тыйылған жоқ. Қарт ақынның денсаулығын біліп қайтайық, дидарын көріп, аузынан бір ауыз сөз естийік деп келетіндер көп болушы еді. «Кенеке, халіңіз қалай? Тоқсан жас деген қандай болады екен? Қамшылауға келе ме екен өзі?» деп әзілдей сұрағандарға:

*«Оңаша үйде отырмын,*

*Өткенімді сағынып.*

*Тоқсан жасқа келгенде,*

*Насихаға бағынып»* деп өлеңдете жауап берер еді.

Келген адамдар қарттықтың шырқау биігінде отырса да әзіл-қалжыңнан арылмаған ақиық ақынның мұнысына әрі сүйсініп, әрі таңдай қағып тарасар еді.

«Келушілердің ішінде менің де жора-жолдастарым көп. Атамызды шаршатып алмайық деген оймен шешемді оңаша алып әңгіме – дүкен құрысады. Әкемнің жас кезін, серілік құрған жігіттік шақтарын білгісі келгендер шешемді ортаға алып әңгімеге тартатын еді. Солардың арасында әзілқой Ақкөл досым да бар.

- Апа, өзіңіз аманат етіп тапсырған балаңызды әскерге аман-есен апарып, қайтып әкелдім. Мен болмасам буряттың бір қызын алып сонда қалып қоятын еді дейді. Бұған шешем кәдімгідей нанып қалады.

- Жасың ұзақ болсын, қарағым! Кемпірдің қолында ерке өскен бала ғой, бірнәрсеге ұрынып қалама деп қатты қорыққаным рас. Бас-көз болғаныңа разымын деп батасын беріп жататын еді.

- Апа, сал-серінің соңы, өзі әнші, өзі ақын атамыздың Көркемжан, Бақытжаннан өзге баласы жоқ па? Тіпті көңіл сенбейді. Біз білмейтін балалары бар шығар деп Ақкөл қулана сөзге тартатын.

- Е, қарағым! Ол кездің еркектері етінен ет кесіп алсаңда ішкі сырын жұртқа жаймайды ғой. Кім біледі? Осы Мерке жақта бір баласы бар-ау деймін. Анық-қанығын білмеймін, бірақ ішім сезеді дейтін, анам жарықтық. Оған бәріміз жапырыла күліп алушы едік.

- Кенекеңнің бойы құрықтай, сұңғақ. Сен неліктен аласалау болып қалғансың? деп сұрағандарға Ақкөл ағам:

- Үй, мұны атамыз әдейі «мультифильмде» ойнасын деп осылай тудырған ғой деп күлдіретін еді.

«Өзілің жарасса, атаңмен ойна» дейтін сөз бар. Мінезінде, ішкі жандүниесінде аздап болса да ұқсастық болмаған адамдар әзіл-қалжыңға бара да бермейді. Ондайда қалжыңдаймын деп «от» шығарып алатынымыз содан болса керек. Ақкөлдің әзілге, «қағытпа» сөзге шебер екенін студент кезімізден білеміз. Әсіресе қалжың-оспағының басты кейіпкері менмін. Бірде «Қазақстан» баспасында бірге қызмет істеген Жеңіс Әбішев деген жігіт жолығып қалды. Қалада өскен, орысша ойлайтын жігіт еді.

- Бәке, бір нәрсе сұрасам, не обидешся? дейді. Шынымен ыңғайсызданып, қысылып тұрғаны байқалып-ақ тұр.

- Жок, Женя. Айта бер. Екеуміз құрдас емеспіз бе?

- Правда, что говорят ты там сапожником устроишься?

- Кто? Где говорят?

- Да, у нас в издательстве все об этом говорят. Сам лично услышал дейді. Неде болса бұл сөздің Ақкөлден шыққанын ішім сезе қойды. Оның мәнісі былай екен. Мен ол кезде Ғылым Академиясында қызмет істейтін едім. Күзге қарай әр мекемеден ауыл шаруашылығына көмекке адамдар жіберетін еді ғой. Марқұм Жайсаңбек Молдағалиев бастаған бір топ жігіт қалаға жақын бір шаруашылықта жұмыс істейміз. Міндетіміз алма, жүзім салатын жәшік шегелеу. Сынғандары болса бүтіндеп, жарамдысын бір бөлек, іске жарамай қалғандарын бөлек жинаймыз. Таң ертең келіп, кешке қарай қайтып жүрдік. Қаланың әр тұсында тұратын жігіттер:

- Бақытжан, әрқайсымыз бір-бір балғаны әрі-бері жүк етпей-ақ, сен дорбаңа салып алсаңшы. Үйің де қашық емес,



орталықта тұрасың. Ертеңгісін ала келсең болғаны деген. Ол кезде Ақкөлдің үйі қаланың «татарка» деп аталатын тұсында. Менің балғаларды көтеріп, автобус аялдамасында тұрғанымды талай көрген. Соны қызметіне барғанда:

- Әлгі байғұс баланы қызметінен тағы шығарып жіберіпті. Әбден обал болды. Қайтсін енді? «Татарка» жақта етікші болып істеп жүр. Сенбесеңдер күнде ертеңгісін немесе кешкісін № 20 автобустың аялдамасына барыңдар. Сол жерден көресіңдер, депті. Мені бүкіл қалаға «етікші» атандырып жіберген осы Ақаң болатын.

Етікшілік деген түк емес, ол да әркімнің қолынан келе бермейтін кәсіп. Мені тіпті «баукеспе ұры» атандырып жібере жаздағаны да бар. Мұндайды Ақаң әдейі, алдын ала ойластырып емес, ойламаған жерден, аяқасты таба қоятын еді.

Шілде айындағы Алматының аптап күндерін көріп, қапырық ауасын жұтқан адам ешқашан ұмытпайтыны ақиқат. Тап сондай аптап ыстық күн еді. Ортамызда Ақкөл бар екі-үш жігіт жүгіріп келіп енді жылжыған троллейбустың артқы есігінен кіріп үлгердік. Бір біріне сығылысып, терлеп-тепшіген адамдар. Әлгілердің арасынан сыналай өтіп артқы жағына барып тұрдық. Троллейбус кілт тоқтаған сәтте дәліздегі сығылысқан адамдар қоса шайқалады. Терезеге тақау тұрғандықтан ба әлгілердің салмағынан қабырғамыз сынып кетердей әрең шыдаймыз. Шопырлардың тілімен айтқанда нағыз «пробка» болдық та қалдық. Арамызда бірнеше әйелдер тұр. Бір кезде:

- Оу. Бәке, хәлің қалай? Түрмеден қашан шықтың? деген Ақкөлдің даусы шықты. Бетіне жалт қарап едім екі «таңауы» жыбырлап тұр екен. Өзіл айтардағы немесе ойдан шығарып өтірік айтқардағы әдеті бұл. Көп жылдан бері сырмінез болған Ақаңның ойын түсіне қойып:

- Құдайға шүкір! Үш-төрт ай болды. Алдымда тұрғандар менің бетіме бажырая қарайды. Киген киімім тәп-тәуір, мойнымда галстук. Мені түрмеден шыққан деп ешкім ойламаса керек. Бәрі естісін дегендей Ақкөл даусын көтере сөйлейді.

- Өткен жолы бес жыл отырып келдің. Бұл жолғың мынау. Біреуге пышақ салған дей ме? Байғұс бала, пышақта нең бар? дейді өңін суытып.

- Оны істеген мен емес. Бірақ бәрін маған жаба салды ғой дедім. Күлкі қысып әрең шыдап тұрмын. Ақкөлдің жүзінен ешнәрсе байқалмайды. Қабағын шытып, шындап айтып тұр.

- Жасың отыздан асты. Бала-шағаны ойламайсың ба? Біреудің сумкасын тілу, біреуге пышақ салу дегенді қоятын уақытың болды ғой!

Әлгінде ғана ине шаншар жер болмай қысылысып тұрған троллейбустың арт жағы кәдімгідей босап қалды. Менің қасымдағы жолаушылар бір-бірін итерісіп ілгері өтіп кеткен екен. Әйелдер жағы сумкаларын қолтықтарына қыса ұстайды. Маған ұрлана қарайды.

Аханның мұнысына не күлерімді, не реніш айтарымды білмей қала бердім. Ол болса: «Қалай қатырдық, ә!» деп балаша мәз болады.

...Бақытжан туралы жазғандарым екі-үш дәптер болды. Негізгі кейіпкерім осы. Мұның әкесі өлгенде қалай жылағанын білесіңдер ме? дейтін әзілдеп. Екі қолы ербендеп, басын қайқайтып алып «Атам-ө- өй!» деп келе жатыр еді алдынан бір коммунист ағасы шығып: «Қатты айғаламаңдар, үйде үкімет адамдары отыр» деді. Сол-ақ екен Бақытжан жылағанын қоя қойып, бұрышқа сылқ етіп отыра кетті дейтін. Мұнысы енді мені ыза қылу үшін айтқаны. Дәл Ақкөлдің айтқанындай болмағанмен, осындай жайды бастан кешіргенім рас.

Басқа жерде қандай екенін білмеймін біздің жақта ер адамды жерлеген соң «ой, бауырым-ай!» деп дауыс айтып келу ғұрпы бар. Бұрынғы кезде өлікті жерге «тапсырғаннан» кейін, көрден қайтқан адамдар атпен шауып келіп, үйге тақала бере атынан қарғып түсіп көрісіп жататын. Оны бала кезімде өзім де талай көргенмін. Қазір де солай. Бір айырмасы бұрын атпен баратын, бүгінде тізіліп мәшинемен жүреді. Жасы сексен-тоқсаннан асып өлген адамның арты той болсын деп небір әзіл-қалжыңға айналдырып жататын еді.

...1976 жылы әкем қайтыс болғанда жерлеу рәсіміне Ақкөл де қатысып, топырақ салысқаны рас. Менің қалай жылағанымды көргені де рас. Расында да мәшинеден түсе салып дауыс шығарып үйге беттеп келе жатқанбыз. Көркемжан оң

жағымда, артта тағы бірнеше адам бар болатын. Білегіне қызыл мата таққан бір кісі (кім екені есімде жоқ) алдымыздан шығып:

- Дауыстарыңды тым қатты шығармаңдар. Үйде бір топ лауазымды үкімет адамдары отыр. Өлгінде ғана келді. Ұят боп жүрмесін, дейді.

Абдырап, сасқалақтап қалғанымыз да рас. Артыма қарап едім әлгінде еріп келе жатқан адамдардың бірі жоқ. Үйге кірерімді не кірмесімді білмей есіктің аузында тұрып қалдым. Менің әрі-сәрі болып тұрғанымды көрген Ракила жеңгем:

- Бақытжан, неғып тұрсың? Үйде шешең, әпкелерің, қарындастарың отыр. Көрісіп шық. Үкімет болса қайтеміз. Олардың әкелері өлмейді дейсің бе? деді. Даусымды қаттырақ шығарып әйелдер отырған бөлмеге кірдім. Неге екенін қайдам құлағымға жылаған әйелдердің де, өзімнің де даусым әрең естілгендей болды. Үнім тіпті шықпай қалғандай күй кештім.

Ақкөл құрдастың әрдәйім мені мұқатпақ болып айтатын әзілінің түп-төркіні осындай. Оған ренжіп, өкпелеудің еш қисыны жоқ. Ал дұрыстап «жылаудың» орайы үш-төрт күннен кейін келді. Бірақ онымды бір жан көрген жоқ...

Жылап-сықтау басылып, келімді-кетімді кісілер де саябырсыды. Бүкіл дүниені бір ауыр салмақ басып тұрғандай дел-сал. Үйге кірсең көзіңе әкенің ілулі тұрған қамшысы, домбырасы, киімдері түседі. Бұрышта саршұнақтай шошайып мыс құмғаны тұр. Ол да үнсіз мүлгиді. Сыртқа шықсаң сүйеулі тұрған шалғысын, айыр-тырмасын көресің. Бақ ішінде жоңырышқа шауып әкем жүргендей елеңдеймін. Құлағымға шалғысының зыңылы естілгендей болады.

Алма ағаштың түбінде темір төсек тұр. Жаздың жаймашуақ күндері басталысымен әкем осында «көшетін» еді. Жапырақтар сарғайып, сары күз түскенше далада жату әдетке айналған. Кей күндері бүктеме төсегімді әкеп қасына жатамын. Енді ойласам, ол күндер ең бақытты күндерім екен. Ондай сәтте қолдан шауып жасалған қоңыр домбыраның үні түннің бір уағына дейін басылмайды. Оған әкемнің неше өрім әңгімесі қоса айтылады. Домбыраның үні де қоңыр, әкемнің үні де қоңыр. Құлағымды салып жатып тәтті ұйқыға кететін едім. Сондағы әке айтқан

ақыл-нақылдар қанша? Айтылмай қалғандары жоқ шығар?

- Балам, бір қасық асқа не тоятынын білесің бе? деді бір жолы. Не деп жауап берерімді білмей абдырап қалдым. Ойыма келгенін айта салдым.

- Жұдырықтай ғана торғай болмаса, жорғалап жүрген тышқан болмаса бір қасыққа кім тоюшы еді, ата? деймін.

- Жоқ, қарағым. «Қанағат» дейтін сөз бар. Адамның бойындағы ең асыл қасиет сол. Байлық пен баршылыққа, атақ-даңққа, сауық-сайранға адамның өзі де, көзі де тоймайды. Өмірде әлі талай шырғалаңды көресің. Сүрінетін, қайғыратын, төрт аяқтап «тайғанақтайтын» сәттерің де болады. Сондай кезде адамға қуат беретін де, сүйеніш болатын да осы қанағат. Қандай жағдайда да әкенің атын жамылып, кеуденді ұрма. Адал бол, сыпайы, кішіпейіл, қанағатшыл бол. Бұл менің бірінші тілегім.

«Құлан жинап мал еткен, құмды жинап тау еткен» дейтін де сөз бар, балам. Сан ғасырдың тезінен өтіп, бас біріктіріп, тізе қосқан қазақ дейтін елің бар. Соның тілін ұмытпа, әдет-ғұрпын сақта. Ағасын ағадай, кішісін інідей қадірле. Жақсыға жұғысты бол, жаманға үйірсек болма. Елдігімізді сүттей ірітетін, шілдей тоздыратын жаман мінезіміз бар. Ол ру-руға бөлініп, іштей егесу. Содан бойынды аулақ ұста. Халық ақынының баласы халықшыл болуы тиіс, қарағым. Бұл менің екінші тілегім.

«Қызғын шақта қасында жүргендердің бәрі мәңгілік дос болып қалмайды, балам. Жұрт тойлаған той секілді қызығы біткен соң тарқап-тарқап әркім өз жолымен кете барады. Шын досты жақыннан емес, алыстан ізде. Қиналғанда қол ұшын беретін, қуанғанда қасыңнан табылатын болсын. Әрі өрісің, әрі сүйенішің. «Артқы айылдың батқанын иесі білмес ат білер. Азаматтың қадірін ағайын білмес, жат білер» дейтін сөз содан қалған. Саған айтар өсиет- тілегім осы деп еді-ау жарықтық.

Әкенің аманатын орындай алдым ба, жоқ па? Ол жағын өзгелер айтсын. Көңіліме шуақ беретін бір ғана нәрсе. Ерке болсам да, ез болып көрген емеспін. «Мен тұрғанда, сен былай тұр» деп бір адамға қысастық жасап, кеуде көтерген, әлдебіреудің «тобына» кіріп көзалартқан жерім болған жоқ. Ғұмыр көштің бел ортасында жүріп, қарапайым тірлік етіп келемін, әке.

Сәл өзгертіп Шерхан ағамыз айтқандай: «Еңкейгенге - еңкей, әкеңнен қалған құл емес. Шалқайғанға - шалқай, пайғамбардың ұлы емес» дегенді берік ұстанып келемін. Мейлі дос, мейлі жора-жолдас, қызметтес, замандас болсын: «Сен сұм екенсің, өтірікші, алаяқ қу екенсің!» демесіне кәміл сенемін.

Достарым да жоқ емес, әке. Атырау барсам алдымнан құшақ жайып Айтқалиым (Нұрғалиев), Қостанай барсам қыз мінезді Сәлімім (Меңдібаев), Павлодар барсам өр мінезді Социалым (Әйтемов), Семей барсам кеудесін айқара ашып Жеңісханым (Жұмаділов) шығары ақиқат. Солардың бел ортасында өзіңіз талай рет бата берген Ақкөл Отарбаев деген досым бар. Нартай ақын мен сіздің достығыңызды жұрт әлі күнге жыр қылып айтады. Сол үлгімен Ақкөл екеуміз де көңіл жығыспай, үлкен сыйластықта өмір сүріп келеміз.

...Ал сол күні, әкем өмірден озған түні бүкіл тірлік атаулы өзінің мән-мағынасын жоғалтқандай, өзгеше көрініп еді. Үй-іші де, бақ іші де қаңырап бос қалған сияқты. Әкенің тағы бір белгісін іздегендей бақ ішін көзбен тінте қараймын. Еш белгі көрінбейді. Оның орнына шөп басына ілініп қалған қоқыс қағаздар көзге түседі. Желдің ызғарына шыдай алмай діріл қағатын сияқты. Өзгеше дыбыс шығарып, қалтырайды.

Кешегі сойылған малдың сүйектері әр жерде шашылып қалыпты. Бақтың бір бұрышында екі күшік жылқының бір сирағын бөлісе алмай ырылдасады. Сонау жерде шоқиып көршім Қайытбектің иті отыр. Неге екенін қайдам сол түні ауыл иттері көп ұлыды. Әкемнің темір төсегінде шошайып мен отырмын. Қолымнан келсе мен де бар даусыммен «ұлыған» болар едім. Жердегі тірліктің сиқы осы.

Көктемгі аспанға көз тастап едім, жұлдыздар сол баяғыша самсап тұр. Жымыңдаған болады. Бірақ жымығаны тым суық. Жерден байыз таппаған әкенің жаны, солай қарап зымырап бара жатқандай. Ол жаққа барғанда тыныштық тапса жөн. Таппаса ше? Осы кеткені кеткен! Мәңгілікке жол тартқан екен-ау! дейді іштегі бір түйсік. Денем дір ете қалды. Ыстық толқын тұла-бойымды аралап шығатын жол іздейді, саңылау іздейді. Ақыр тапты-ау деймін? Көзімнен жас тамшылары аға баста-

ды. Оны тоқтататындай күш қайсы? Тоқтатудың қажеті де жоқ еді. Өксігімді баса алмай ұзақ жыладым, дәп бала кездегідей солқылдай жыладым.

Әкемнен айрылған күнгі сол өксік, сол өкініш бүгін де кеудемді қысып, көңілімді босатқандай. Ол күні өміріме шырақ болған, алтын дінгек, Алатаудай асқақ әкемнен айрылсам, бүгінгі күні бозбала шақтың куәсі, әзіл-қалжыңымыз жарасқан, жомарт жүректі Ақкөл дастан айрылып отырмын.

Жер жанаты Жетісудан, ғасырлар куәсі Алатаудың етегінен топырақ бұйыртқан екен. Жатқан жерің жайлы болсын! Артыңнан ерген ұрпақтарыңа алланың нұры жаусын, береке-бірлік, ұзақ ғұмыр берсін, Ақкөл бауырым! Солай болатынына еш күмән жоқ. Өйткені «тумасы жақсы жігіттің, туары жаман болмайды».

*Қаламгер-досың Бақытжан Кененұлы  
Астана. 2019 жыл.*

### **КӨҢІЛДІҢ МҰНША ТОЛҚУЫ-АЙ!...**

*(Брым досты еске алғанда)*

Екі жыл қатарынан емтихан тапсырып, екі жыл қатарынан конкурстан өте алмай, түнделетіп ауылға қайтып жүрген кездерім болды. Сондағы түсе алмай жүргенім ҚазМУ-дің журналистика бөлімі. Ол кезде журналистер әзірлейтін арнайы факультет жоқ. Филология факультетінің бір бөлімі аталады. Тағы бір қиындығы журналист бөліміне құжат тапсыру үшін екі жыл өндірісте жұмыс істеді деген анықтама қағазың, сондай-ақ газет-журналдарға шыққан мақала, очерктерің басқа да жазғандарың болуы тиіс. Менің ойым алдымен филологияға түсіп алайын, содан соң амалдап журналистика бөліміне ауысып алармын деген «мысық тілеу».

1965 жылы әупірімдеп жүріп ақыры түстім-ау. Оқуға түскеніме аса қуанған да жоқпын. Өйткені бұл жолы өзімнің күшіммен емес, әкенің ықпалы болмай қалған жоқ. Біраз уақыт

бұрын әкемнің өзі университетке келіп, сондағы көз көрген ұстаздарға (Мұқамеджан Қаратаев, Мырзатай Жолдасбеков т.б. бар) жолығып: «Базар-Назардың жайын жақсы білесіңдер. Ақ ешкіге зарымды қосып жүріп құдайдан сұрап алған бір-екі балам бар. Соның бірі жыл сайын келіп түсе алмай қайтып жүр. Мына топырлаған балалардың ішінде менің де бір балам жүрсе несі айып?» деп өлеңдеткен екен: «Кенеке, сіздің балаңыз оқуға келді дегенді естісек, құлағымызға құм құйылсын! Келсін, әкеліңіз, көмектесеміз» деп шулап қалыпты. Бұл әңгіме университет ректорына дейін жетеді. Сөйтіп, бәрінің уәдесін алып, көңілі орнына түскен әкем ауылға қайтып кетеді. Мен болсам құжаттарымды өткізіп қойып еш алаңсыз жүрмін. Биыл оқуға түсетініме еш күман жоқ. Көңілім тоқ. Шығармадан, грамматикадан жақсы деген баға алдым. Иә, үш жыл бойғы жиған тәжірибем бар емес пе? Оның үстіне емтиханға дайындығым да жаман емес.

Қырсықтың ауылы әлі алда екен. Бәленің бәрі әдебиет тарихына келгенде басталды. Сондағы емтихан алып отырған мұғалімдерді аяғынан тік тұрғызып, бүкіл университет ұжымын әбігерге салған менің өзім емес, құжатта жазылған менің аты-жөнім екендігіне кім сенеді? Ал мұның тап солай болғаны рас. Қабылтаев Бақытжан Қыдырбековпін. Нағашы әжем Нысбаланың қолында өсіп, соғыста қаза болған нағашы ағам Қыдырбектің фамилиясын алғанмын. Мұны әкемнен ешкім ыждағаттап сұрамапты, әкем де бұған аса мән бермеген көрінеді. Сөйтіп, емтихан алып отырған мұғалім, жүзге тарта «фамилияның» ішінен «Кененбаев» деген жалғыз баланы көреді. «Е, е дәуде болса Кененбаев, Кененов деген бала осы болар» деп бестік бағаны қойып жіберіпті. Ал Қабылтаев болса әуірімдеп жүріп «үш» деген бағаны әрең алады. Бұл дегенің тағы да конкурстан өте алмай елге қайтасың деген сөз. Бұған Төрткен тәтем араласып, аяғы үлкен әңгімеге айналған екен. Әйтеуір, көп даурықтырмай, жаңадан емтихан парағын алдыртып, менің тегімді көрсетіп, дұрыс бағасын қойып берген екен. Өзге елдің ың-жыңсыз түсіп жатқан оқуына мен осылай үлкен әбігермен түскенмін. Өйтпесем, «әженің баласы боламын ба?»!

Ырым екеуіміздің таныстығымыз, достығымыз тап осы оқиғадан басталды десек те болады. Бұл ауқымды әңгіме. Ол жөнінде мен өзімнің «Әке рухымен сырласу» атты кітабымда кеңірек тоқталғанмын. Осы жөнінде атақты ғалым ағамыз М. Жолдасбеков «Егемен Қазақстан» газетіне естелік-мақала да жазған.

Еліміздің түкпір-түкпірінен журналист болуды, ақын-жазушы болуды армандап келген жігіттердің әрқайсысы бір-бір «тұлға». Басынан сөз асырмайтын тәкаппары да, мінезі шатақтау қызбалары да бар. Көбісі ауылда өскендер. «Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайдының» кері ме, әйтеуір басымыз қосыла қалса аяғы жанжал-төбелеспен аяқталатын еді. Сонау бірінші курста-ақ бұл жағдай елес бере бастады. Сол жылы оқуға түскен филологтармен бірге бізді Торғай жеріне, Амангелді ауданы, Амангеді (Иманов) совхозына жұмысқа жіберді. Басшымыз университеттің ұстазы, белгілі фольклорист ғалым Сұлтанғали Садырбаев.

Жартымыз шөпте, қалғанымыз ауылда қалып жұмыс істейтін болдық. Мен ауылда қалғанды жөн көрдім. Негізгі істейтін жұмысымыз үйлердің, кеңсе, клубтың сыртын жаңғырту, сылау. Қысқасы жеңіл жөндеуден өткізу. Біздің топта Сәлім, Сақтаған, Ырым және бір-екі жігіт бармыз. Болашақ филологтар Алма, Үміт, Гүлнәзия деген қыздар бар. Бұлар сылақшылар. Сақтаған болса «водовоз», сондай-ақ қажетті сайман-жабдықтар жеткізуші. Оған арнайы жүк машинасы берілді. Қалғандарымыз үйдің сыртын қырып, «арматура» жасап, батпақ илеп, шелекпен тасып берушілерміз. Ауылда жастар жетерлік. Солармен танысып, кешке бір үйге жиналып, ән салып, көңіл көтеріп, билеп жататын едік. Сақтаған сол жақтың жігіті болған соң тез үйірісіп, ауыл адамдарымен етене араласып кеттік.

Әрі ғалым, әрі ұстаз Сұлтанғали ағамызды жиі қонаққа шақырады. Өзі де кербез сөйлейтін, сөзге шешен адам. Неге екенін қайдам қонақ боп барған үйіне міндетті түрде мені алдыртатын. Мен болсам жалғыз барудан ыңғайсызданып, қасыма Ырымды кейде Сәлімді ертіп аламын. Ол кезде әлі Қабылтаев боп жүрсемде, мұғалімдер, бірге түскен қыз-жігіттер менің Ке-



нен ақынның баласы екенімді біліп алғанға ұқсайды. Сұлтанғали аға мақтауымды әбден келтіріп ап, қолыма домбыра ұстатады. Ол кезде тәп-тәуір қоңыр даусым бар. Әкемнің біраз әндерін айтып беремін. Айтыстары, өлең-жырлары жайлы білгенімше әңгіме етемін. «Аты-жөнің неге басқаша?» деп сұрайтындар да табылып қалады. Ондайда Сұлтанғали ағаның өзі-ақ күлдіре отырып, менің оқуға қалай түскеніме дейін келістіре айтып береді. Бір айдың ішінде ауылдың тең жартысы қонақ етті-ау деймін! Өзім болсам алшаң басып, кәдімгі бір сол ауылдың дүр әншісіндей сезінемін.

Біздің осылай әндетіп-думандатып жүргеніміз өзге жігіттердің қызғанышын туғызған-ау деймін. Сондай бір кешімізге келіп, қыздарымызға дөрекі сөйлеп, жөнсіз тиісіп дау шығарды. Ішінде басқа факультеттің жігіттері де бар. Аяғы «қып-қызыл» төбелеске айналды. Әншейінде, борпаңдау, ебедейсіздеу көрінетін Ырымның қатты ашуланған кезде дес бермей кететін қайраттылығын сонда көрдім. Өзінен әлдеқайда ірілеу келген екі-үш жігітті допша лақтырғаны әлі көз алдымда. Ішіміздегі ең сыпайы, жұмсақ мінезді дейтін Сәлімнің өзі жұдырық түйістіріп, біраз жерге барды-ау деймін.

Бір айға жуық Қостанай топырағында жұмыс істеп, аман-есен кері қайттық. Осы жолы өзімнің көңіліме ұнаған төрт жігітті қонаққа шақырдым. Ырым, Ақкөл, Сәлім, Социал бар. Отар станциясынан түсіп қалып, ауылға келдік. Бұл жолы да әкем дастарқан жайып, ән салып, шын пейілден қарсы алып еді.

*«Сағынтып Қостанайдан балам келді,*

*Қасына төрт жолдасын ала келді.*

*Сәлем беріп келсеңдер, саламат бол,*

*Бұрынғыдан кейінге жеткен нәрі.*

*Бірге жүріп, силасып дос болыңдар,*

*Жастық шақтың тұрғанда кетпей әрі»* деп

арқалана жыр төккен Кенен атамыздың қолынан дәм татып, батасын алып қайтқанбыз. Кейін осы сапарымыз туралы Сәлім де, Социал да естелік мақалаларын жазып қалдырды. Ырым болса, әлі күнге атамыздың рухын қастерлеп қай кезде де әруақ тұтып жүреді. Бұл енді асықпай отырып, кеңірек толғайтын ауқымы кең әңгіме.

Жан дүниесінде, табиғатында, таным-түйсігінде мінез-кұлқында қандайда бір ұқсастық болмаса адамдар бір-біріне аса жұғыса бермейді. Ырымның көңілінің кендігі, адамға деген достық ықыласы ерекше еді. Мен сонысын осы уақытқа дейін жүрегіммен сезініп, көзбен көріп келген адаммын. Ырым екеуміздің бір-бірімізден алшақ кетпей, өмір жолымыз үнемі ұштаса беретіні сондықтан болар.

Уақытта шектеу бар ма? Университетті тәмамдап, әркім өз сүрлеуімен кететін уақыт та келіп жеткен сияқты. Қолымызға диплом әлі тиген жоқ. Бір аптадан соң екі айлық әскери оқу-жиынға жүргелі отырмыз. Диплом содан кейін ғана беріледі. Журналистика факультетінің орыс және қазақ топтарымен бірге, тағы екі факультеттің түлектері барады. Ұзын саны 100-ге тарта адам. Бес автобуспен алып шықты. Әр автобусқа әскери кафедрадан екі офицерден отырды. Баратын жеріміз (бұрынғы атауы) Қырғыз ССР-інің, Рыбачье деп аталатын елді мекені. Ол кезде Фрунзе, Тараз, Ташкент бағытындағы күре жол біреу ғана. Ол Қордай асуы арқылы өтеді. Қаладан шыққалы Алатаудың асқақ көрінісін тамашалап, думандатып, әндетіп Қордайға жетіп қалғанымызды білмей де қалдық. Әсіресе, бұл жаққа бірінші рет келе жатқан жігіттер тіпті аң-таң. «Мынадай, көркем табиғатта туып өскен адам қалай ақын болмасын? Айналаның өзі ән салып тұрған жоқ па?» деп тамсанады. Ендігі жерде, жігіттер мені ортаға алып, қолқа салып жатыр. «Кенен ақынның ауылы, өскен жерің, өзің сол ауылдың баласысың. Қой сойып, қуырдақ бермесең де дым құрғанда бір-екі шөлмек алып келсеңші!» деп шуласады.

Алыс жолға шыққан автобустардың бәрі кеп тоқтап, сусындайтын қайнар бар. «Гүлдер» деп аталады. Суы мөп-мөлдір, салқын. Сол жерде жол пайдалану басқармасының (ДЭУ) дүкені тұр. Жолға керекті тағамдар, сусын-шараптың бәрі бар. Сонда менің бір жеңгем сатушы боп істейді. «Жігіттер, мен аларын алармын-ау! Бірақ, оны мұнда қалай әкелемін?» дедім. Ақылдаса келе бірнешеуі менімен бірге баратын болды.

Есікке тұрып алған екі офицер: «Топырламай бір-бірлеп қана барып келіндер. Тәртіп бұзбаңдар!» деп әлекке түсуде. Оған

әскерде болып, әбден ысылған әккі жігіттер көне ме? Сусын алам, темекім бітіп қалды, дәрет қысып барады дегенді сылтауратып секіріп-секіріп түсті. Оншақты болып дүкенге кірдік. Өзге автобустан түскендер де келіп жатыр. Дүкен іші лық толды. Артқы есігінен кіріп, жеңгемді шақырып алып әлгінде жігіттер жинап берген ақшаны қолына ұстата салдым. «Бізге, ешкімге көрсетпей 5-6 шөлмек вино беріңізші» дедім. «Кішкенесі жоқ. Бір литрліктер ғана. Оны қалай алып жүресің?». «Үлкен сөмкеге салып алып шығыңыз. Қалғанын өзім реттеймін». Жігіттерге келіп: «Дүкеннің артында бір сөмке шарап тұр. Соны барып алу керек» дедім. Ішіміздегі ақсақалымыз әрі жалғыз «матросымыз» Дастан: «Бәрің бірден барсаңдар көзге түсіп қаласындар. Жеке-жеке барыңдар» деді. Әркім қойнына, ышқырына бір-бірлеп тығып алып шықтық. Бізді алып келе жатқан офицерлер де қу екен, жол бойына қатарласа тұрып алып, күдік туғызғандарды тексеріп жатыр. Сусын болса тимейді, арақ-шарап болса сол жерде тасқа ұрып сындырып тастайды. Әр автобустың маңы у-шу. Сондай бір қарбаласты пайдаланып, бесеуміз автобусқа кіріп үлгердік. Біреуін ұстап қалды. Әкелген бөтелкелерді тығып тастап, түк білмегендей отыра-отыра қалдық. Біреуі менің рюкзағымда жатыр. Өзі де тым ауқымды, ауыр екен. Офицерлер тінтіп тауып ала ма деп зәрем ұшады. Студенттерден сөз қалған ба, мұны шынысының үлкендіге қарай «огнетушитель» деп атайды екен.

Автобус тегіс жолға түсіп заулап келеді. Қордайдан асып кеткелі де талай уақыт өтті. Екі орыс офицердің қазақша білмейтіні мұндай жақсы болар ма. Алдыңғы орындықта отырып әбден шаршаған болу керек, қалғып-мүлги бастады. Бір-бірімізге құпиялап айтқан сөздерімізді түсінбейді. Артқы жақтан: «Мендегі сусын кетті. Ыдыс жоқ. Аузынан ішесіндер. Қане, ән бастандар!» деген үн шығады. Түсіне қоямыз. «Жер шарын мекендеген бүкіл халық» деп басталатын әнді біреу айта жөнеледі. Қайырмасына бәріміз қосыла кетеміз: «Партия қайда болса, жеңіс сонда, жеңіс сонда!...».

Ән аяқталып болғанша қолдан қолға көшкен әлгі «сусыннан» ештеңе де қалмайды. Сондай әдіспен арасына уақыт

өткізіп жіберіп екінші-үшінші «сусынды да» ішіп алдық. Көңілдері көтеріліп, ерекше күйге түскендері орнынан тұрып күлдіргі анекдот айтады. Шабытқа кірген аркалы ақындарымыз өлеңдерін оқиды. Кім айтқаны есімде жоқ мынадай өлең шумағы есімде қалыпты:

*«Қордайдың асуынан асып өттік,  
Қырғыздың Тоқмағына келіп жеттік.  
Бәкеңнің шарабынан іш шұрқырап,  
Автобуста ауа жоқ, сасып кеттік.»*

Сөйтіп, әндетіп, гулетіп түс ауа Рыбачьеге де жеттік-ау! Бәрімізді сапқа тұрғызып, жалпы тізіммен тексеріп шықты. Жолда қалып қойғандар, ауырып-сырқаттанып қалғандар жоқ екен. Бірақ масаңдау жүргендері бар. Соның бірі менмін. Топырлатып сол жердің моншасына апарды. Жуынып-шайынып, буға түсіп рақаттанып қалдық. Рюкзакта жатқан виноны алып Сейсенге көрсеттім: «Мынаны не істеймін? Сындырып тастайын ба?». «Неге сындырасың? Қазір жігіттер жабылып ішіп тастаймыз. Мұнда сержанттар көріп қояды. Ішке алып кір.» деді. Содан төрт-бес адам әлгі шөлмекті ыстық моншаның ішінде отырып ішіп алдық.

Шығарда бәрімізге қатардағы солдаттар киетін әскери форма берді. Басымызда панама, аяқта керзі етік. Бар қызық енді басталды. Менің сорыма баратын әскери гарнизон Рыбачьеден екі-үш шақырым жерде екен. Сап түзеп қырғыздың Алатауын бетке алып жүріп келеміз. Жүрегім көтеріліп, саптан рұқсатсыз шығып кетіп құсып та алдым. Неқылған бітпейтін жол? Екі аяғымға қорғасын байлап қойғандай әрең жүріп келемін. Тіпті болмаған соң Сәлім мен Ырым екеуі екі қолтығымнан алып сүйемелдеп келеді. Бірте-бірте саптың ең соңында қалдық. Ендігі жерде сүйемелдеу жәйына қалып, екеуі иығына салып көтеріп келеді...

Көзімді ашсам тап-тар бөлмеде жатыр екенмін. Едені цемент, жалғыз темір төсек. Төрт бұрышты шағын ғана сырғыма терезесі бар екен. Оның өзі де жабық тұр. Көмейім құрғап, тілім ісініп кеткендей аузыма әрең сияды. Әбден шөліркеп, аяғымда

әрең тұрмын. Аядай терезені тықылдатып едім, иығында автоматы бар орыс солдат ашты. Сығалап қарайды. Бетінен өзге еш жері көрінбейді. «Мен қайдамын? Мұнда қалай түстім?» деп орыс тілінде сөйледім. «Еще вчера вечером. Где, где? Не на курорте же? Гаупвахте, слыхал такое?» деп терезені жаба салды. «Су берші, өліп барамын» деп дауыстап едім. «Не положено!» деп күңк ете қалды.

Тар қапаста отырғандай ойым сан-саққа жүгіріп дегбірім қашады. Тұла бойым дірілдеп, ызадан булығып жыларман күйде отырмын. «Өте ақкөңілсің, балам. Тұзың жеңіл.» деп әкем талай айтып еді. Әулие екен ғой. Енді не болады? «Диплом қолыңа тимей жатып істеген ісің мынау. Кімге өкпелейсің?» деп құлағыма сыбырлап тұрғандай. Шалқамнан жатып сығырайған жалғыз лампамен сырласқандай боламын. Ол не десін? Үнсіз, тіл қатпайды. Мына қапастың қабырғасы да меңіреу, суық. Жаңағы солдаты да мақау. Ашуымды кімнен аларымды білмей, аласұрып жатырмын. Бәрі бітті. Енді маған жанашыр кім бар? Жалғыздық қандай үрейлі!. Құдайға жалбарынып, әруақтарға сыйынғаннан басқа не қалды. Ол да сұғанақ-жалпаңдарды жек көреді. «Сақ жүрсең-сақтаймын!» дейтіні содан шығар.

Әрнәрсені ойлап жатып көзім ілініп кеткен екен. Есік ашылып біреу кіріп келе жатқандай сезіндім. Басымды көтеріп алсам, қарсы алдымда Ырым тұр. Бір қолында қалайы шәугім, екінші қолында ботқа салынған қалайы табақ, қалайы қасық, қалайы «кружка». Алақанында 4-5 түйір қанты бар. Әкем кіріп келгендей атып тұрып құшақтап жатырмын. Жылымшы шайдан ұрттап қойып, қарақұмық ботқаны асап жеп жан шақырдым-ау! деймін. Ырымның әңгімесіне қарағанда біздің бір топ жігіттеріміз гарнизон басшысына барып: «Бұл әлі ант қабылдамаған жәй студент қана. Оған әскери талап қойып, қатаң жазалауға болмайды» деп арызданған екен. «Оны ертең шешеміз. Қазір бәрің казармаға барып демалыңдар. Бұл менің бірінші бұйрығым» деп шығарып салыпты. Қысқасы, жағдай мәз емес.

Сол күні полктің әскери алаңында үлкен жиын өтті. Мені мойнына автомат іліп алған солдат алып келді. Кәдімгі бір

әккі қылмыскерді ұстап әкеле жатқандай автоматтың ұшымен иығымнан түртіп қойып, өте дөрекі сөйлейді. Мұндайды көрмеген басым, әлгінің жағасынан алып иегінің астынан бір «сүйкеп» жібергім-ақ кеп тұр. Амал не? Басқа түссе баспақшы деген осы шығар?

Мен жалғыз емес екенмін. Өзге факультеттен тағы екі студент түсіпті. Полк командирі үшеумізді саптың алдына тұрғызып қойып біраз «сыбап» алды. «Мұндайларға айбынды совет армиясы қатарында орын жоқ. Маскүнемдерге аяусыз сокқы береміз!» дейді. Аузы көпіршіп тағы біраз сөйледі. Соңыра, сапта тұрған бүкіл солдаттардың, студенттердің алдында кешірім сұратқызды.

Осымен бәрі біткен шығар деп едім. Олай болмады. Ендігі мәселе өзімізбен бірге келген кафедра офицерлерінің қолында екен. Алматыға қайтара ма, жоқ осында қалдыра ма? Солар шешеді. «Айран ішкен құтылды, шелек жалаған тұтылдының» кері келіп тұрғандай. Мұны қолпаштап, итермелеп осындай іске апарған өзіміз емес пе? деп ұят қысқан жігіттер түгел қол қойып, әскери кафедра мұғалімдеріне өтініш хат жазған екен. Онда «Бұл студентті өзіміз қамқорлыққа аламыз. Енді сәл тәртіп бұзатын болса, кері қайтару туралы мәселені өзіміз-ақ көтереміз» деген сияқты уәделі сөздер айтылыпты. Осының әсері болды ма, әлде текке дабыраң қылып, бүкіл университетті шулатқысы келмеді ме? Ол жағы белгісіз. Әйтеуір, ісім оңға басып, бұл жолы да аман қалдым.

«Сенің беймәлім қорғаушың бар. Ол көзге көрінбейді. Бірақ сені көзден таса қылмай үнемі қорғап жүреді» деп бір сәуегей айтып еді. Рас болғаны-ау! Қалай болғанда да осы жолғы бастан кешкенім мені терең ойға қалдырды.

«Дос адамның белгісі қарлығаштай. Қас адамның белгісі қара тастай.» дейтін мәтелді әкемнен жиі естуші едім. Басыма қиындық түсіп, дипломға қолым жетер-жетпесін білмей аласұрған сәтте достық қолын созып, қасымнан табылған Ырымды қалай ұмытарсың. Жігіттерді үгіттеп, өтініш хаттар жаздырып, бәрінің қолын қойдыртып жүрген де студенттік досым Ырым екен.

Екі айың да зырлап өте шықты. Бір-біріне ұқсас, сұрықсыз әскери күндердің несін әңгімелейін. Біздің топты екі взводқа бөлген. Болашақ мамандығымыз командалық жаяу әскер офицері болғандықтан негізгі оқитынымыз тактикалық сабақтар. Әскери училищені жақында ғана бітіріп келген жап-жас лейтенант бізді сапқа тұрғызып алып жүреді. Ұзақ жүріп таудың етегіне дейін сап түзеп барамыз. Күн ыстық. Табан асты қиыршық тастар. Ілгері басқан қадамың кері кеткендей жүрісің бір өнбейді. Әркімнің көтеріп жүретін өз қаруы бар. Біздікі жеңілдеу автомат болса, Ырымға берілгені қол пулемет. Зілдей ауыр. Соны біліп әдейі істейтін болу керек, жас лейтенант команда беріп біраз жерге дейін жүгіртіп алады. Қара терге түсіп, әлек боласың. Өзгемізден гөрі денесі толық, етженді Ырымға тіпті обал. Кейде мен, кейде Сәлім иығындағы пулеметін кезекпен алып көмектесіп жататын едік.

...Оқу-жаттығу мерзімін өткеріп сүйікті Алматымызға қайтатын уақыт та келіп жетті-ау! Сол баяғы автобус, сол баяғы офицерлер, сол баяғы Қордай асуы. Таңқалатын бір жәй. Тексеріп, тінтіп жатқан ешкім жоқ. Жігіттер де өткендегідей қолқа салмайды. Жүгіріп барып алып келген бір-екі шөлмекке ешкім көз алартып жатқан жоқ. Кезінде «әзірейілдей» көрінген қос офицер керісінше күліп қойып: «Университетті бітірулеріңмен!» деп біз ұсынған шарапты қағып салып отыр. Тағы да, тап сондағыдай әндетіп, думандатып жолда келеміз.

Сол студенттік кезден басталған Ырым екеуміздің достығымыз, силастығымыз осы жасқа келгенше бір толастаған емес. Қуанышымыз болса ортақтасып, қайғы-мұңымызды бірге бөлісіп келе жатқанымызға жарты ғасырдан асыпты. Сөз реті келгенде айта кеткен жөн. Біздің осындай өмір кешкенімізге Ырымның жұбайы Науаттың да көп ықпалы болғаны жасырын емес. Анасының мерейтойына шақырып, елді, ағайын-туыстарды көрсетіп, сый-сияпат көрсетуден танған емес. Әкем дүние салғанда да, шешем, жалғыз бауырым Көркемжан қайтыс болғанда да қасымнан табылған Ырым мен Науаттың достық шапағатын қалай ұмытарсың.

Балалар ер жетті, келін түсіріп, немерелер көрдік. Қызмет бабымен мен Астанаға жол тарттым. Ырым болса сүйікті Аламатыда өз тірлігін жасап жатты. Тәңірдің бір тартуы шығар Ырымның кіші ұлы Рауан маған көрші болды. Баласының үйіне келген сайын екеуміз қолтықтасып қасымыздағы саябақта ұзақ жүретін едік. Студенттік кезімізді, жастық шағымызды еске аламыз. Ерте кеткен Сейітқазыны, Жолбарысты, Жарасқанды еске аламыз. Өткен жылы сондай достардың бірі Ақкөл дүние салған. Қарғыс атқыр, «коронавирус» дейтін індеттен шыға алмай өлігіне де, қырқына да бара алмадым. Өйткені өзім де содан бір аунап тұрған кезім еді. Бір жолы Ырым: «Ақкөл қайтыс болғанда келген жоқсың. Мен өлсем де келмейсің ғой» деді. Оны неге айтқанын білмеймін. Тосылып қалдым.

«Ыреке, сен біздің шалдың көзін көрген, батасын алған жігітсің ғой. Тоқсан дегенің таяқ тастам жерде тұр. Әлі-ақ жетіп барамыз» деп әзіл айттым. Бәрі де жаратқанның ырқында, ықпалында екен-ау! Әлде Ырым достың көріпкелі бар ма екен? Беймәлім. Көп ұзамай жарық дүниеден озып жүре берді. Құдайдың құдыретін қараңызшы! Расында, мен болсам досымның өліміне бара алмадым, топырақ та сала алмадым. Бір кем дүние деген осы болса керек...

...Ырым-ау! Жүрегіміз табысқан, тағдырымыз түйіскен есіл, досым-ау! Бұл не істегенің? Кенен атамнан бата алғанбыз, шалдың екі баласындай құшақтасып жүріп жүз жасаймыз деген сөзіміз қайда? Тәңірім тарлық етпесе сен Кененбаев, мен Кененов боп әлі талай жылдардың нәсібін татамыз, немерешөберенің қызығын көреміз деген пәтуаласқан сөз қайда? Арман-ай! Мына дүниенің жалғаны-ай!...

Нұрлан (Оразалин) хабарласып: «Ырым достан айрылды» дегенде жүрегіме біреу ине сұғып алғандай, шаңырағым аласарып, жер теңселіп кеткендей болды. Көңілім құлазып, көпке дейін өзіме өзім келе алмай жүрдім. Тағдырдың мына қысастығына көңгім де, сенгім де келмейді. Өйткені осыдан біраз ғана бұрын, біздің үйдің төрінде отырып, Бақыт қарындасыңның палауын жеп, жас кезімізді еске түсіріп, күлісіп, қаужандасып қалмап па едік.



Ия, көз алдымнан бірге өткерген ғұмыр көші баяулап өтіп жатыр. Сонау, 1965 жылы қазақ сахарасының түкпір-түкпірінен білім іздеп, арман қуып келген бір топ жасөспірім қыз-жігіттердің жарқын бейнесі қандай еді? Солардың ішіндегі ең жасы, жас болсаң да қаламы ұшталған дайын журналист өзің едің. Тіпті, сол қаламның арқасында бәрімізден бұрын мұхит асып, Америкаға жол тартқан да өзіңсің. Мінезің жарқын, ешкімді алаламайтын, көпшіл еді. Екеуіміздің неге Кенен ақынның баласы атанып кеткенімізді жұрт жақсы біледі.

Япырай, көңілдің мұнша толқуы-ай! Ержеттік, ел таныдық үйлендік. Алғашқы болып үйленгендерің бірі тағы да өзің болдың. Құдай қалап, өзің таңдап Науат сынды қызбен өмір бөлістің. Шынар, Заңғар, Рауан атты балаларың келді дүниеге. Бұл күнде солардан тараған үрім-бұтағың, құдайға шүкір, бір қауым ел болып отыр. Дастарқаны кең, дос-жарандары, силастары көп, нәсібі мол ер болдың. Оған ел куә, мен сияқты достарың куә.

«Ердің көңілін сақта, пейілін сатпа» дейді екен бұрынғылар. Өзіңмен сыйлас, пейілдес, тілеулес болған адамдардың қай-қайсысы болса да сен жайлы шашау сөйлеп, артық ауыз сөз айтпайды. Кенересі кең, тұрпаты мол пішілген ішіктей, қолы ашық жігіт дейді. Оған еш күмәнім жоқ.

Қандай қызметте жүрсен де іскерлігіңмен, ұйымдастырушылық қабілетіңмен ерекше танылып, көзге түсіп жүрдің. Алғаш рет журналистік жолыңды бастаған сол кездегі «Лениншіл жас» газетінің әр санында сенің суреттемелерің, құлаш-құлаш болып очерк, мақалаларың жүретін еді. Осының бәрін қай уақытта жазып үлгереді екен? деп таңданып қоятын едік. Кейін осы жазғандарың том-том кітапқа айналғаны тағы рас. Соның бәрін емес, ең сүбелілерін айтар болсақ: «Лабасы етегінде» (1971 ж.), «Қырда өскен қызғалдақтар» (1977 ж.), «Жас шопандар ауылы» (1978 ж.), «Інжу-маржандар» (1980 ж.), «Бір уыс дән» (1983 ж.), «Қолғанат» (1987ж.), «Мәңгі жаз елі», (1989 ж.) болып кете береді. Ал сенің бұдан кейінгі жазған жүрекжарды туындыларың өз алдына бір төбе.

Сені басқа бір қырыннан танытқан нәрсе, баспа-полигра-

фия саласындағы қыруар еңбегің. Бүгінгі замана талабына, оқырмандардың талғам-сұранысына сай ерекше көркемделген кітаптар шығаруды ең алдымен қолға алған да өзіңсің. Ол еңбегің зая кеткен жоқ. 1995 жылы Алматы және Талдықорған облыстарындағы баспахана мекемелерін біріктіріп, «Алатау» мемлекеттік баспа-полиграфиялық корпорациясын құруға ат салыстың. Кешеге дейін, «көзің қалғып» кеткенге дейін соның президенті болдың.

Осындай журналистік-қайраткерлік қызметіңнің өтемі ғой, көптеген мемлекеттік Грамоталармен, СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1976 жылғы 24 желтоқсандағы Жарлығы бойынша «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен наградталдың. 1978 жылдан СССР Журналистер одағының, 1987 жылдан СССР Жазушылар одағының мүшесісің. Үш мәрте (1979,1981,1985) Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері болдың. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі баспа саласындағы қыруар еңбегінді ел де, Елбасы да жоғары бағалап, кеудеңе «Парасат», «Құрмет» орденін тақты. Өзіңе осыншама абырой, атақ әкелген қыруар еңбегің, іс-шаруаң иесіз қалған жоқ. Ендігі тіршілік тізгінін ұлың Заңғар қолға алып, әке рухын асқақтатып жатыр. «Тәубе делік!».

Кенен атаң айтқандай:

*«...Жарым, балам, іні-аға,  
Жора-жолдас қалады-ау!  
Ақ домбырам, қағаз-қалам,  
Серік болған қалады-ау!  
Қимас достар, тең құрдастар,  
Кәрі, жастар қалады-ау!  
Бірге жүрген, ойнап-күлген,  
Замандастар қалады-ау!...».*

Ажалдың құрығы ұзын, амал не? Қимаймыз, қиналамыз, көнеміз. Өйткені, Алланың қалауы осылай болған шығар. Оған қарсы шығар пенде қайсы? Көңіл жұбатар бір ғана ақиқат бар. Ол сенің ақ пейілің, дарқан мінезің, кісілікке толы жан дүниен өзіңмен дәмдес, тұздас, әріптес болған достарыңның жүрегінде

мәңгі сақталмақ.

Дос ретінде өз тарапымнан не дермін. Көңілімді толқытып, жүрегімнен туындаған мына бір соңғы әнімді сенің рухыңа арнадым. «Дәурен-ай!» деп аталады.

*«Өмірдің өзі қас қағым,  
Алыстап кетті-ау жас шағым.  
Шарықтап, шалқып бір жүрген,  
Қайдасың, қайда, достарым!...*

*Қарсы алып жылдың әр таңын,  
Сендерді аңсап жатамын.  
Айрылып құрбы-құрдастан,  
Сиреп те қалды-ау қатарым!*

*Өтіпті-ау, дәурен ойпырмай,  
Көңілдің мұнша толқуы-ай!  
Жағалауға жете алмай,  
Аласұрған толқындай.  
Жағалауға жете алмай,  
Шабандап қалған толқындай.*

Қош бол, досым! Туған жердің, жер жәннаты Жетісудың киелі топырағын бұйыртқан екен. Жатқан жерің жайлы, жаның жұмақтың төрінен орын алсын!. Жүрегі лүпіл қағып, жанарына толған жасты сүртіп тастап, қинала, қимастықпен осы жолдарды қағазға түсіріп отырған досың -

***Бақытжан Кененұлы,  
ақпан айы, 2021 жыл.***

*«Алпыс– тал түс! Жетпіс – жет те піс!» деген сөз.*

## **ЖҮРЕК ЖАРДЫ ЛЕБІЗДЕР**

*(Бақытжан аға - бөлімдегі әріптестері көзімен)*

### **ҚАДІРЛІ, БАҚЫТЖАН КЕНЕНҰЛЫ!**

Өзіңіздің төл ұжымыңыз 60 жасқа толған күніңізге орай Сізге осынау жүрекжарды ізгі тілегін жолдап отыр:

Алпысқа келген адамның бәрі дәл біз білетін Бәкеңдей болса, алпысыңның өзі бүгінде жігіттің жасына айнала бастағаны -ау, сірә!... Өйткені Сіздің жаныңыз – жас, ал жүрегіңіз – сонау бір Кеңес Армиясының фуражкесін киіп жүрген офицерлік шағыңыздағыдай әлі сол алып-ұшып, алға тартып тұрады. Әлде, мұның сыры Сіздің өмір бойы жақсы адамдардың ортасында жүргеніңізден бе, әлде аса сыршыл жүрегіңізбен әлі де сұлу сымбатқа үздіге қарап, өмірдегі һәм өнердегі сұлулық атаулыға тамсана таңдай қаға білетін және бұл таңданысыңызды ешқашан жасырмай паш етіп отыратын ерекше қасиетіңізде шығар.

Құрметті, Бәке! Сіз еңбек жолыңызды өзіңіз туып – өскен Жамбыл облысының Қордай ауданындағы Киров атындағы ұжымшарда қатардағы жұмысшы болып бастағаныңызды, бұдан кейін Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп, байырға Байкал өңірінде офицерлік қызмет атқарғаныңызды жақсы білеміз.

Қызығы мен қиындығы көп журналистік өмірдің үлкен-үлкен асуларынан өттіңіз. «Қазақстан», «Жалын», «Қайнар» баспаларында аудармашы-редактор, аға редактор болып істедіңіз. Бірнеше жыл Қазақстан Театр қайратерлері одағында редакциялық-баспа бөлімін басқарып, «Сахна» басылымының бас редакторы болғаныңыз, Телерадио комитеттің «Алтын қор» редакциясында, Әділет министрлігінде жауапты қызмет атқарғаныңыз әріптестеріңізге жақсы мәлім.

Қай жерде жүрсеңіз де өзіңізді кәсіби маман, шебер журналист, іскер қызметкер ретінде көрсете білдіңіз. Сол сапалық жақсы қасиеттеріңізді бүгінде Парламент Сенаты Аппаратында сектор меңгерушісі ретінде лайықты жалғастырып келесіз.

Қаламыңыз қанатты, жан-дүниенің сазды жырға толы. «Көңіл кептері» атты әндер жинағыңыз, «Әке рухымен сырласу» атты роман-эссе кітабыңыз осының айғағы. Ата жолының, әке жолының жақсы жалғасын тапқанына өзіңіздің, ұл-қыздарыңыздың өнегесі, бүгінгі қол жеткізген тамаша табыстары куә.

Алпыс жылдық мерейтойыңыз құтты болсын! Сізге, отбасыңызға ізгі көңілден мол бақыт, мықты денсаулық, ұзақ та мағыналы ғұмыр тілейміз!.

**ҚР Парламенті Сенатының  
Редакциялық-баспа бөлімі,  
Астана, 4 шілде, 2005 жыл.**

### **ҚАДІРЛІ ДОС, ӘРІПТЕС БАКЕ!...**

Аяулы Алатауын, табиғаты тамылжыған Қордайын сағына-сағына жиі еске алып жүретін Бақытжан әріптес, Бақытжан дос, бүгін, міне – алпыстасың. Жас дәурен күндеріңнен, қызғын шақ сүрлеуінен, әрине, енді – алыстасың...Әйтсе де сезімің - сұлу, жаның – жаз, дидарың нұрлы жігітсің ғой, Өзіңе алқынбай, ширақ та шымыр қалпында келіп жеткен – Алпысты сол баяғы арынды да абзал көңіліңмен қарсы ал дейміз, саған, Бәке!

*Бақытты жансың, Бақытжансың,  
Әкесің және атасың!  
Ақтап жүрген азаматсың,  
Ұлы әкенің - Кенекеннің батасын...*

...Бірімізді біріміз мақтан тұтқан бүгінгі осы жақсы күндеріміз ертеңгі жақсы күндерге де ұлассын! деген - достық, әріптестік тілеулестікпен -

**Мәди Айымбетов,  
жазушы, бөлім бастығы  
Астана, 2005 жыл.**

## БОЗ ҚЫРАУ ШАШТЫ, БОЗБАЛА МІНЕЗ БӘКЕҢЕ!

Алдымен аман-сау жеткен алпысыңыз – тал түсіңіз құтты болсын! Жігіттің көктөбенің – көктемнің басына шыққан сәті осы кезең деседі ғой. Сол кезеңіңізге әрдайым тәттілік - сәттілік тілеймін.

Сіз көрген-білгеніңіз көп адамсыз. Ой-санаңыздың оқшаулығын байқамау мүмкін емес. Түр-тұлғаңызда жақсыға қуана-қуана қарайтын қасиет бар. Жан дүниенің шалқар-кеңдігі де осы қасиетіңізден тарап жатқан тәрізді.

Біз сіздің жалынды жастығыңыздың «даңқ-дабылына» куә болмасақта, көзкөрген замандас-құрдастарыңыздың құйқыл-жытып-құбылтыпайтқан әңгімелерінен естідік, кейіннен өзіңізден таң-тамаша қалып тыңдадық. Пай-пай, жігітсіз-ау, Бәке!...

Осы ретте өмірдің танымды-тағылымды үзік суреттері «Әке рухымен сырласу» атты ғұмырнамалық баяныңызда кәнігі қаламгерлік өнермен-мәнермен көсіле суреттелгенін де атап өтпей тұра алмаспыз. Бір қолдың саласындай, бір үйдің баласындай болған ұжымымыздың батагөй-уәлі ақсақалына айналдыңыз. Ізіңізді басып келе жатқан әріптесіні ретінде алпыстың ауылына қарай аттаған аға Бақытжанға, ата Бақытжанға әрдайым амандық-саулық, игілік-жақсылық, бақыт-табыс тілеймін. Алдыңызда – жетіп барып пісетін жетпіс түр. Соған да желіп жетіңіз!

Отбасы-ошақ қасы, бала-шаға аман болсын! Қасыңыздағы «қ.» Бақытжаныңызбен (бұл жерде қос сөз қолданылмайды – С.Б.) бірге бұл өмірдің қызығын көре бергейсіз!

*Қос сөздермен құттықтау жазған  
Серікқали Байменше, 2005 жыл.*

### БАЯҒЫ СОЛ БАҚЫТЖАН...

«Кешегі Ерке кезі, Серке кезі артта қалды. Бақытжан өзгерді» дейтін шығарсыздар. Жоқ, қателесесіздер. Баяғы Бақытжан

– сол Бақытжан. Себебі оның жан-дүниесі тереңде жатқан тамыры арқылы кәусар дүниеден нәр алып жатыр. Ол – өмірде өзгермейтін, өзгеге ұқсамайтын санаулы саңлақтардың бірі.

Жұрт таңертеңгі сағат 8-дер шамасында троллейбуспен жұмысқа бара жатқанда қолындағы домбырасын анда-санда қағып қойып, той-думандағы көңіл-күйін баса алмай келе жатқан Бақытжан ағамды көргенде «Сал-серілердің сарыны, саркыты секілді, басқалардан гөрі саған қиын болды-ау, мына заман?!» деп ойлайтынмын.

Құдайға шүкір, заман өзгерді. Біздің немере-шөберелеріміз көрмесе, біз көре алмайтын шығармыз деп армандап жүретін тәуелсіздігімізге де қол жетті. Енді Бақытжан ағамызды жасанды түрде емес, шын мәнінде «Өз дәуірінің (XX -ғасырдың) серісі» деп айта аламыз. Құдай қаласа, зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін Алатаудың баурайында, Қордайдың жайлауында бие байлатып, қазақы өмір сүру де ойында жоқ емес. Шай құятын, бауырсақ пісіретін, қымыз сапыратын, ет асатын және т.б. жеңгейлер шамамен айқындалып жатыр...(әзіл сөз).

Ағамызды Құдай соған жеткізсін. Қос Бақытжанға Кенен ағамыз бен Нәсиха апамыздың өмірін берсін. Екеуі қос аққудай алдымызда аман жүрсе, сәлем бере барған біздің де жағдайымыз жаман болмас...

*Әріптес дос  
Есенқұл САФУАНИ,  
2005 жыл.*

## **КЕЛІНШЕГІ ҚҰРДАС БОЛҒАН СОҢ...**

Бақытжан ағаның өзін танымас бұрын атына қанық болатынмын. Баспалар үйі жағында сал-серідей күн кешіп, бойындағы өнері білімімен үндесіп, әсем даусы, әндері жүректерді тулатып, «шабыттанған» күндері «қыздарды қаздай шулатып» жүрген жігіт жайлы сөздер гу-гу етіп, біздер отыратын, газет-журнал редакциялары орналасқан ғимаратқа жетіп жататын. «Бақытжан былай депті...», «Бақытжан былай істепті...» деп құшырлана айтатын ер азаматтардың әңгімесін үнсіз тыңдай отырып, олардың жүзінен асқан бір ризашылықты байқайтынмын. Сырт адамға

(маған) Бақытжан айтыпты дейтін сөздер кейде ерсілеу, кейде орынсыздау сияқты көрінгенмен, айтушылардың оны неге айыздары қана айтып, рахаттана күлетіндеріне түсінбей жүрдім. Жиырманың о жақ, бұ жағындағы, өмірдің тек ашық түсті бояуларын көретін шақта, адамның көп нәрсеге тереңдеп үңіле бермейтіні рас қой.

Содан біраз уақыт өткенде ол кісі туралы әңгімелер Ғылым академиясы жағынан естіле бастады. Сол баяғыдай: айтушылардың ақ алмастай тіліп түсер өткір сөздерді тап бір өздері айтқандай ризашылық кейпі, тындаушылар тарапынан гу-у ете қалатын, қоштап, қошеметтеген сөз. ...Кейіннен түсіндім – олар сол кездері қоғамда болып жататын небір жағымсыз жәйларға, адамның тұлғалық қасиеттерін басып-жаншуға деген өз наразылықтарының, маған бейтаныс Бақытжан ағаның аузымен қаймықпай айтылғанына риза болады екен ғой. Енді ол маған қиял-ғажайып елінде ғана болатын, тура сөйлеп, ерді – ер, ездi – ез деп тік айтар өжет, өткір, қайсар жандай елестейтін болды.

...Танымайтын, білмейтін Бақытжанды сырттай сыйлай бастадым. Көп жылдар өтті. Сөйтіп жүргенде Бақытжан аға біздің бөлімге (парламент сенатына) қызметке келді. Әрине, Бақытжан ағаның өзіміз 8-сыныпта өткен қазақ халық ауыз әдебиетінің кеңестер дәуіріндегі аса көрнекті өкілдерінің бірі Кенен Әзірбаевтың тұяғы екенін білетінмін. Бірақ, сол кезге дейін өзіміз әдебиеттен өлеңдерін жаттап, роман-повестерін оқып өскен ақын-жазушылардың жолын қуған бір де бір баласын тану, білу, араласу бақыты бұйырмаған-ды. Мен үшін олар өзіміз білетін жұмысшы, колхозшы табынан бөлек, қазақ деген елдің ар-ожданындай таза да биік тап сияқты көрінетін еді. Солардың арасынан келгендей болған Бақытжан аға мен үшін әрі қадірлі, әрі жұмбақ, сол таптың өкіліндей көрінгені рас. Лайықты өкілдей көрінді.

Баспасөз беттерінде сирек болса да орынды, орнықты ой тұжырымдаған мақалалары жарияланып жатты. Жүрек пернелерін дәл басатындай эп-әдемі өлеңдер жазады екен. Ол аз болғандай сазгерлігі тағы бар. Той-думанда келіншегі Бақытжанмен қосылып, дауыстарын сызылта созып ән салғанда



– сонау-сонау алыста қалған сағынышты кездер қол бұлғап, талайлардың жүрек ырғақтары бұзылып кетері даусыз...

Тағы бір жақсы қыры: үлкендермен – үлкенше, жастармен – жас адамдай қатынас жасай алады екен. Жас та, кәрі де адам құқығы дегенді жалаулатып жүрген заманымызда, біле білсек, бұл өте қажет-ақ қасиет. Қандай бір мәселені шешерде беделімен басып, өз дегенін өткізуге күш салмайтыны байқалады. Біреудің бойындағы жақсы қасиетті, өнер ұшқынын байқаса, балаша қуанатыны, жақсы сөз айтып желпіндіретіні, бәрінен бұрын, арсыздарды тоқтатар аталы сөз айта алатын қасиеті ұнады.

Айтпақшы келіншегімен түйдей құрдас болып шықтым. Сол құрдастығымды пайдаланып кейде Бақытжан ағамен де қалжындасып қоятыным бар. Мына бір өлең жолдары сондай бір кезде жазылып еді:

*Бірде шорт, бірде байсалды,  
Сезіммен талай күй кешкен.  
«Қыздар мінген байталды,  
Жанай жүріп» үйренген.  
Шал болу жоқ ойында,  
Ақ түстен «парик» кигенмен.  
Найманды ғана «пір» тұтып,  
Тек найман қызға үйленген.*

Алпысқа толған мерей жасыңыз құтты болсын! Шуақты, бақытты күндеріңіз көп болсын!

**Камал ӘБІЛҚАСЫМҚЫЗЫ**  
*Астана, 2005 жыл.*

### «ШИРЕК ҒАСЫР БӘКЕНДІ ТАНЫҒАЛЫ...»

Ширек ғасыр Бәкенді танығалы,  
Жігіт еді басылмаған арыны әлі.  
Баспада редактор боп қатар жүрдік,  
Сол кездер естелікке алынады.

Бәкең жайлы көп «аңыз» айтылатын,  
Жолбарыс, Ақкөл, Махамбет байытатын.

Зорайтып, образын ашқан сайын,  
Неше түрлі хикая жайылатын.

«Мектептің» баспасына келіп жүрді,  
Қыздар көп, соның бәрін көріп жүрді.  
Домбырасын тартқыштап, әнге салып,  
Көңілін сол қыздарға бөліп жүрді.

Жігіттің Бақытжаны Бәкең болса,  
Қыздың да Бақытжаны бар еді онда.  
Жарасты қос Бақытжан махаббаты,  
Қуанып, тілектес боп жүрдім, сонда.

Бәкеңмен қазір біздер әріптеспіз,  
Журналист-аудармашы кәсіптеспіз.  
Ақкөңіл жаны жайсаң ағамызға,  
Тете ініміз, әрқашан тілектеспіз.

Бір күні Бәкең маған былай деді,  
«Білмеймін, не айтарын былайғы елді.  
Барады қыздар шіркін сұлуланып,  
Жас кезде байқамағам қалай» деді.

Сол Бәкең, міне, алпыс жасқа келді,  
Басып тұр талай-талай асқар белді.  
Кенекен мен Нәсиха апай жасына кел,  
Артыңнан ерген біздей бастап елді.

*Ініңіз Әбен ЖҰМАШ, 2005 жыл.*

## **БІЗ ҮШІН «СЕДОЙ ПАРЕНЬ СІҢ!»**

Бозбала кезінің, ерке де серке кезінің (жігіттің қызға жақын икемдісі) куәгері ретінде ХХ ғасырдың қыз-келіншектері атынан бүгінде шашын боз қырау шалған, кемеліне келген жігіт ағасын, ХХІ ғасырдың қыз-келіншектеріне «Седой парень»

дегізген, дегізе беретін замандасым, әріптесім, бастығым Бақытжанды 60 жасымен шын жүректен құттықтаймын!

Деніңе саулық, отбасына амандық, береке-бірлік, шығармашылық табыс тілеймін! Мұхит, Мұхтар ұлдарыңмен, Жазира, Салтанаттай қыздарыңмен өзіңе аттас Бақытжандай жарыңмен мың жаса! Өсе бер, өркендей бер, самғай бер!

*Ізгі тілекпен  
Бәтима АРТЫҚ, 2005 ж.*

### **ҚҰРМЕТТІ, БАҚЫТЖАН АҒА!**

Ақ күмістей шашыңыз.  
Алпысқа келген жасыңыз.  
Жайраңдап жүрген, жақсы аға,  
Қадірлі алтын басыңыз.

Ауызын ашса көрінген,  
Ақ жүрек нұрын шашыңыз.  
Әдемі осы қалыппен,  
Жетпіс, сексен, тоқсанға,  
Жүзге таман асыңыз.  
Қартаймай сол бір кезде де,  
Құрметті болсын басыңыз!

*Құрметпен қарындасыңыз  
Ақтоты МҰСТАФА  
2005 жыл.*

### **ӨМІРДІҢ ҮЛКЕН БЕЛЕСІ ҒОЙ**

Бақытжан аға, Сізді алпыстың асуына шығып, өмірдің биік бір белесіне көтерілуіңізбен шын жүректен құттықтаймын! Бұл жасқа Сіздің қырандай қалықтап жеткеніңізге ел-жұртыңыз, қызметтес әріптестеріңіз куә болып отыр.

Кенен атамыздай асылдың лайықты ұрпағы екеніңізді

ісіңізбен де, сөзіңізбен де дәлелдеп келесіз. Бүгінгі күнге дейін талай игілікті істер атқарып, талай қуанышты жылдарды бастан кешсеніз, сондай ізгілікті істер мен қуанышты күндеріңіз мұнан былай да қайталана берсін.

Алпыс-тал түс демекші, атамыздың жасына жетіп, балаларыңыздың, немерелеріңіздің қызығын көріңіз. Отбасынан шаттық арылмасын. Денсаулығыңыздың мықты, өмір-жасыңыздың ұзақ болуына тілектеспін!

*Өзіңізге деген үлкен құрметпен  
қарындасыңыз Маржан ҚАНАТБАЕВА  
Астана, 2005 жыл.*

## **БЕЛГІЛІ ҚАЛАМҒЕР, АУДАРМАШЫ, САЗҒЕР БАҚЫТЖАН ӘЗІРБАЕВ - 70 ЖАСТА**

### **Құрметті Бақытжан Кененұлы!**

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретариаты, барша қаламдас-әріптестеріңіз Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды.

Сіз әке алдындағы парызыңызды өтеп, данагөй ақын, күміс көмей әнші, композитор Кенен Әзірбаевтың өлең-жырларын, шешендік сөздерін халыққа таныстыру жолында тынбай еңбек етіп келесіз. Мерзімді баспасөзде жарияланған «Кененнің кемер белдігі», «Жамбылдың үш батасы», «Қас қағым сәт», «Кененді мойындатқан келіншек» іспетті туындыларыңызды жұртшылық іздеп жүріп оқыды десек артық айтқанамыз емес.

«Әке рухымен сырласу» атты естелік-эссе – Сіздің көп жылғы еңбегіңіздің жемісі. Осы шығарманы жазу барысында көрген-білгенін төкпей-шашпай жеткізе алатын, көркем сөзге ұста қаламгер болып қалыптастыңыз. Кенен ақынның кемеңгерлігін сол уақыттағы тарихи оқиғалармен байланыстыра отырып суреттеу нағыз шеберліктің белгісі. Кітапта Сүйінбай, Жамбыл, Ноғайбай, Кебекбай, қырғыздың шайырлары Әлімқұл, Османқұл, сынды дүлдүлдердің даналық сөздерін өте ұтымды пайдаланып, халыққа орасан зор рухани қазына тарту еттіңіз.

2011 жылы Сіздің авторлығыңызбен «Түркі әлемі» студиясы шығарған «Алатаудың ақиығы» атты деректі фильм қазақ кино өнерінің алтын қорына қосылды.

«Жігітке жеті өнер де аз» деген сөз Сізге қарап айтылғандай. Өкеге тартып туған өзгеше қырыңыз – сазгерлігіңіз. 30-ға жуық әннен тұратын «Көңіл кептері» жинағыңыз 2004 жылы жарық көрді.

Сіздің баспа-полиграфия саласының майталманы екеніңізді айтпай кетуге болмайды. Көп жылдар «Қазақстан», «Қайнар», «Жалын» баспаларында абыройлы қызмет еттіңіз. Театр қайраткерлері одағында «Сахна» басылымының редакторы, 1998 жылдан зейнеткерлікке шыққанға дейін ҚР Парламенті Сенатының редакциялық-баспа бөлімінде сектор меңгерушісі қызметін атқардыңыз.

Қазақстан Республикасының 3 мерекелік медалімен марапатталдыңыз.

**Құрметті Бақытжан Кененұлы!**

Сізді 70 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, шығармашылық табыс және отбасына амандық тілейміз!

***Құрметпен, Нұрлан ОРАЗАЛИН***  
***Қазақстан Республикасы Парламенті***  
***Сенатының депутаты, Қазақстан Жазушылар одағы***  
***Басқармасының Төрағасы.***

**Құрметті Бақытжан Кененұлы!**

Сізді жетпіс жасқа келген мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймын!

Халқымызда «Атаға тартып ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деген қанатты сөз бар. Сіз қазақ өнеріндегі сал-серілік және айтыскерлік дәстүрді берік ұстанған ақын, композитор Кенен атамыздың киелі өнерін ардақтай білген өнерпаз адамсыз.

Сіздің бастамаңызбен ақынның артында қалған мол мұрасы жинақталып, жүзден астам ән-күйі (домбыра аспабына лайықтап) нотаға түсіріліп, бес томдық шығармалар жинағы жарық көрді. Өзіңіз авторы болып табылатын «Алатаудың

ақиығы» атты деректі фильм жас ұрпақ үшін өте құнды мұра деп білемін.

«Қазақстан», «Қайнар», «Өнер» баспаларында аға редактор, Әділет министрлігінде аударма бөлімінің меңгерушісі және Парламент Сенатының редакциялық-баспа бөлімінде сектор меңгерушісі болып ұзақ жыл жемісті қызмет атқардыңыз.

Бүгінде жыр алыбы Жамбылмен жарты ғасырдай бірге жүріп, жаңа дәуірді асқақтата жырлаған замана жырауы Кенен Әзірбаевтың мұраларын зерттеу және насихаттау жұмыстарымен белсене айналысып жүрсіз.

Қадірлі Бақытжан Кененұлы! Сізді бүгінгі мерейтойыңызбен құттықтай отырып, зор денсаулық, шығармашылық жетістік, отбасыңызға құт-береке тілеймін!

*Қайрат Мәми Қазақстан Республикасы  
Жоғарғы Сотының Төрағасы  
Астана, 2015 жылғы 5 шілде*

### **Құрметті Бақытжан Кененұлы!**

Дүбірлі дүние Сізді де жетпістің биігіне абыроймен жеткізді. Біреулер келіп, біреулер жетпеген жетпіс деген мерей жастың биігіне шыққан қуанышыңыз құтты болсын!

Халқымыздың әйгілі ақын-жырауы атанған даңқты композитор, қасиетті Кенен атамыздың текті ұрпағысыз. Атамыздан дарыған өнер мен тәрбиенің арқасында саналы ғұмыр кешіп келесіз. Еліңізге танымал қаламгер, аударманың майталман маманысыз, қанмен берілген қасиеттің арқасында бойыңыздағы сазгерлік өнеріңізден де дүйім жұртыңыз хабардар.

Әке мұрасын сақтаушы, өлең-жырларын насихаттаушы ретінде де, Кенен атамыздың мол мұрасын жарыққа шығаруда, халыққа таныта түсуде перзенттік парызыңызды абыроймен атқарып келесіз. Бойдағы сан-қырлы қабілет-қасиетіңіз Сізді кино әлеміне жетелеп, деректі фильм түсіру ісінде де өзіңіздің айрықша қолтаңбаңызды қалдырдыңыз.

Полиграфия-баспа саласында да қарымды еңбек етіп,, «Қазақстан», «Өнер», «Қайнар» баспаларында редактор, аға ре-

дактор қызметтерін атқардыңыз. Қазақстан Театр қайраткерлері одағында істеген жылдары «Сахна» басылымының шығуына атсалыстыңыз.

Мемлекеттік қызметте жүріп, Парламент Сенатының Редакциялық-баспа бөлімінде консультант, сектор меңгерушісі болып абыройлы еңбек еттіңіз. Бүгінде ұл-қыз өсірген ардақты әке, немере сүйіп отырған қадірлі атасыз.

Сізді тағы да осынау 70 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, деніңізге саулық, шығармашылығыңызға толағай табыс, өнеріңізге шабыт, отбасыңызға құт-береке тілейміз!

**С. Сыдықов, ҚР Парламенті Сенаты  
Аппараты басшысының, бірінші орынбасары  
А. Тоқсаба Редакциялық-баспа бөлімінің меңгерушісі**

### **Құрметті Бақытжан Кененұлы!**

Сізді адам өмірінің айтулы белесі – 70 жасқа толу мерей тойызыбен шын жүректен құттықтаймыз!

Алғашқы еңбек жолыңызды 1963 жылы Алматыдағы №12 қазақ орта мектебін бітірген соң, Қордай ауданы Киров колхозында (қазіргі Кенен ауылы) қарапайым еңбекші ретінде бастағансыз. 1965 жылы Қазақ мемлекеттік университетіне түсіп, 1969 жылы журналист мамандығы бойынша бітіріп шықтыңыз.

Өзіңіз 30-дан астам ән шығардыңыз. 2004 жылы «Көңіл кептері» атты әндер жинағыңыз жарық көрді. Осы жылы халық ақыны Кенен Әзірбаевтың 120 жылдық мерейтойына орай өзіңіздің «Әке рухымен сырласу» атты кітабыңыз шықты. Ал 2012 жылы осы туындыңыз «Кенен» деген атаумен толықтырылып қайта басылды.

Кенен Әзірбаевтың 125 жылдық тойына сәйкес, ақынның бес томдық толық жинағының қазіргі заманғы компьютерлік жүйемен басылып шығуына атсалыстыңыз. Осы жолы К. Әзірбаевтың 107 әні мен 7 күйі тұңғыш рет домбыраға лайықтап нотаға түсірілді. «Жан серігім домбыра» деген атаумен бөлек кітап болып шықты.

Алғаш рет К. Әзірбаевтың бүкіл өмір жолын, көз тірісінде сыйлас, дәмбес болған өнер адамдарын, ақын-жазушыларды, ақынның бүкіл үрім-бұтағын қамтитын шежіре іспеттес «Фотоальбом» жарық көрді. Оның да құрастырушысы және алғы сөзін жазған Б. Кененұлы - өзіңіз болдыңыз.

2011 жылы Сіздің авторлық етуіңізбен ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған «Алатаудың ақиығы» атты деректі фильм түсірілді. Фильмнің тұсау кесері Алматы, Астана, Петропавл, Көкшетау, Павлодар, Қарағанды қаласында, туған жеріңіз Қордайда өткізілді. Сонымен бірге Сіз полиграфия саласының үздік маманысыз. Көп жылдар мемлекеттік «Қазақстан», «Қайнар» «Жалын» баспаларында редактор, аға редактор қызметін атқардыңыз. Қазақстан театр қайраткерлері одағында «Сахна-Сцена» басылымының редакторы, «Әділет министрлігінде» аударма бөлімінің меңгерушісі болып қызмет еттіңіз. 1998 жылдан зейнеткерлікке шыққан 2008 жылға дейін Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Редакциялық-баспа бөлімінде бас консультант, сектор меңгерушісі қызметін атқардыңыз.

Мемлекет пен халқыңыз еңбегіңізді жоғары бағалап келеді. Сіз Жамбыл облысы, Қордай ауданының құрметті азаматысыз. Сіз «Астанаға 10 жыл», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл», «Қазақстан Республикасының Парламентіне 10 жыл» мерейлі медальдармен, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасының және басқа да Құрметті грамоталарымен марапатталдыңыз.

Сіз ұл-қыз тәрбиелеп, қазіргі күні немерелер сүйіп, солардың қуаныш-қызығына бөленіп отырсыз.

Құрметті Бақытжан Кененұлы! Сізді мерейтойыңызбен тағы да құттықтай отырып, Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, еңбегіңізге мол табыстар, отбасыңызға құт-береке, бақыт пен қуаныш тілейміз!

*Қайрат Досаев Қордай ауданының әкімі  
Біржан Әлімбет Қордай аудандық  
маслихатының хатшысы  
Қордай ауылы, шілде, 2015 жыл.*



## ЕЛ БОЛАМ ДЕСЕҢ ІРГЕЛІ...

(түйін сөз)

...Менің жазу бөлмем өзім үшін Аллатағланың елшісі Мұхаммед пайғамбардың, бүкілсахаба-әруақтардың, ата-бабаларымның, дүниеден өткен әке-шеше, аға-бауыр, іні-қарындастарымның, дос-жарандардың рухына бағыштап мінәжат оқитын шағын ғана «рухани орынға» ұқсайды.

Төрде «Балақасқаға» мінген әкем, қасында «Құлақасқаға» мінген Сәбит Мұқанов екеуінің үлкен полотноға салынған суреттері ілулі тұр. Сәбит аға 60 жасқа толғанда (1960 ж.) әкем бір топ ақын-жазушыларды Қордайға арнайы шақырып қонақ еткен. Сол жолы Сәбеңнің астындағы су жорға атты, күміс ер-тоқымымен қоса тарту етіп, басына құндыз бөрік кигізіп, иығына шапан жапты. Картинадағы сол көрініс. Авторы Аманжол Найманбаев. Бірге жүріп дастарқандас, сыйлас болған сұңғақ бойлы, ақжарқын жігіт. Дарынды қылқалам шебері, әйгілі көркемдеуші өзінің осы туындысын 1974 жылы Кенен ақынның 90 жылдық мерейтойына орай маған сыйға тартып еді. Содан бері де жарты ғасырға жуық уақыт өтіпті. Қайда көшсек те, қай жерге барып шаңырақ тіксек те осы сурет біздің үйдің төрінен орын алып келеді. Тұсында әкемнің өзі ұстаған таспихтары ілулі тұр. Анда-санда Сәбит аға мен әкемнің осы суретіне қарап отырып, білген аяттарымды оқимын. Ондай сәтте бойым жеңілденіп, көңілім өсіп, жан сарайым ашылып қалады.

Кітап сөресінің жоғарғы екі бұрышында мұқабасы алтынмен апталған Құран-кәрімнің екі кітабы қойылған. Одан төменгі сөрелерде талай-талай ғұлама-ұлылардың, ақын-жазушы, ғалымдардың кітаптары сығылысып тұр. Бұл күнде сол кітаптардың қадірі түскендей, жетімсіреп қалғандай әсер етеді. Кейінгі ұрпақтың кітапқа аса құлқы жоқ. Бар асыл қасиеттерді, ой толғаулар мен ақыл-парасаттың барлығын осы кітаптардан табуға болатыны компьютер мен қолдағы телефондарына жіпсіз байланған сол «бейшаралардың» ой-санасына кірмейтін де сияқты.

Оң жақ тұсында қырғыздың Алатауының кешкі бір көрінісі бейнеленген ауқымды сурет ілулі. Төбесі көк тіреген тәкаппар

шындар мұнартып алыстан көз тартады. Шың басындағы мәңгі мұздақтан бастау алған мөлдір бұлақ екпіндей келіп, қалың шыршалардың ара-арасымен сылаң қағып ағып жатыр. Көгілдір орманның да, ақ күмістен шашу шашқан бұлақтың да түсі сәл күңгірт тартыпты. Алатау асып құлаған күн сәулесінің қызғылт реңбозаң тартып, алакеуімденіп қалған тәрізді. Айнала ала көлеңкеге оранып, ымырт құшағына ене бастаған сәт.

Бұлаққа тақау тігілген алты қанатты қазақ үй тұр. Есік алдына орнатылған темір ошақтағы қақпағы жабулы қазаннан кешкі астың буы бұрқырайды. Қасындағы самауырдың кернеуінен будақтаған түтін кешкі самалдың лебінен түтілген жүндей ирелендеп, көкке шұбатылып жатыр. Әлгінде ғана әкелген арбадағы көк шөпке тұмсығын тығып жіберіп, құмарлана жеп жатқан тор биенің ешнәрседе шаруасы жоқ. Анда-санда пысқырынып қойып, қомағайлана асайды. Анадай жерде тап өзінің көшірмесіндей құлыны жердегі көк майсаға ауыз салыпты. Есік алдынан басталып, әбден тақырланып ақтандаққа айналған «жаяу жол» бұлақты кесіп өтіп, тау бөктеріндегі қалың шыршаға барып кіреді. Қазақ үйді айнала өтіп терістікке қарай бет алған тарам-тарам бірнеше жол жатыр. Бұл енді айлап-жылдап өріске қарай бет алған мал тұяғынан қалған сүрлеу болса керек. Айнала құлаққа ұрған танадай тып-тыныш. Адам да, табиғат та күндізгі қарбаластан құтылып, бей-жәй күйге еніп, байыз тапқан шағы.

Қандай ғажап көрініс десеңізші! Шексіз-шексіз әлемнің алақандай ғана бір бөлшегі іспеттес осы бір табиғат суреті жаныңды тыныштыққа бөлегендей, дел-сал күйге түсіреді. Таңданадың, тамсанып қоясың. Қылқаламның құдыреті деген осы шығар! Бұл картина сонау жылдары (2004 ж.) Ыстықкөлде танысқан, қырғыздың дарынды суретшісі О. Сәкеевтің туындысы. «Алатау көріністері» атты серия бойынша салынған. Өз қолымен маған ұстатып тұрып: «Байеке, төріңізде ескерткіш ретінде мәңгі ілулі тұрсын» деп үлкен ілтипатпен беріп еді.

Бұл қиял дегенді қойсаңызшы! Сол қазақ үйдің төрінде домбыра шертіп өзім отырғандай сезінемін. Дастарқан басында сәукеле киіп сәнденген бойжеткендер, күлкісі күмістей сыңғырлаған жас қыз-келіншектер жайғасыпты. Менің зайыбым

болса соларға ықылас білдіріп, құрақ ұша күтіп, жарқылдай күле жүріп қымыз сапырады. Құлағыма алыстан бұлбұлдың үні, жылқылардың кісінегені талып естілгендей, мұрныма әлгі қазандағы бұрқырап қайнап жатқан сүр еттің исі келгендей болады...

Менің ашық қоңыр түсті жазу столымның үстінде шағын компьютерім, стаканға салынған түрлі-түсті қарындаштар тұр. Орындығымның басында түйенің жүнінен тоқылған қалың кеудеше ілулі. Арқада жиі болатын боранды күндері үйдің қабырғасынан да «салқын жел» соғады. Сондай сәтте киіп ала қоямын. Әлгінде айтқан Сәбит пен әкемнің суретінің астын алагүлді матамен қапталған диван тұр. Оның да түсі қоңыр. Түннің бір уағына дейін отырып, әбден шаршаған кезде соған «құлай» кететін әдетім. Тіпті, кейде сыртқы киімімді шешпестен жата кететін едім.

Бүгін де тап солай болды. Қатты ұйықтап кетіппін. Таңға жуық өз түсімнен өзім шошып ояндым. Ойпырмай, сұмдық-ай! Қазақтар ру-руға бөлініп қырық пышақ болып қырқысып жатыр екен. Атырау, Алматы, Астана бөлектеніп бір-бір елдің орталығына айналыпты. Қоңырат, Найман, Жалайырлар өздеріне бір-бір астана жасап алыпты. Қалғандары «біз бұлардан қаламыз ба?» дегендей сендей соғылысады. Даңғаз, айғайшудан құлағың тұнады. Бір әңгүдік келіп менің жағамнан ұстап, қылқындырып әлек. Ауа қармап, екі қолымды ербеңдетіп, жанталасып жатырмын. Ояна кетсем, түсім екен! Жалт беріп терезеге қарадым. О, тоба! Бәйтерек те, президенттің Ақордасы да орнында тұр! Көк туым желмен толқындап баяу ғана желбірейді...

Шалқалай, екі көзімді бір нүктеге тіктеген күйі ұзақ жаттым. Жотам суланып, маңдайымнан шып-шып тер шығады. Япырай! Мұндай да түс болады екен-ау, ә! О, Жаратқан, түсімде көргенді өңімде көрсете көрме!

...Ғұлама тарихтың тарам-тарам сүрлеуіне көз жүгіртсеңіз қазақ деген халықтың сонау көнеден бастау алған өмір соқпағы, басынан өткерген небір «тар жол-тайғақ кешулері», замана сарыны тайға таңба басқандай сайрап жатыр. Талай-талай асулардан көктей өтіп, сан-алуан елдерді жүгіндіріп, әлемнің тең жартысын өзіне қаратқан қаһарман елдің атойлаған іздері жатыр.

Ақылмен, көрегендікпен, қайсарлықпен болашаққа жол салып дәуірлеген сол кезеңді – көшпенділер дәуірі, көшпенділер өркениеті дейді екен. Оны да еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген осы кездері ғана жұтына оқып, санамызға сіңіріп жатырмыз. Тарихшыларымыз, зерттеуші ғалымдарымыз, археологтарымыз талай дүниенің түйінін шешіп, тот басып, көмескіленіп жатқан жәдігер-қазынамызды тауып, шым-шымдап болса да ел ырзығына айналдыруда. Мұның өзі ғасырлар тұңғиығында қалып, әбден шиеленісіп қалған «орама жіпті» бір-бірлеп тарқатумен бірдей нәрсе.

Сан ғасырлар бойы кең байтақ еуроазия кеңістігінде өмір кешіп, адамзат тарихында терең із қалдырған, шектеусіз мол тарихи оқиғалардың куәсі болған көшпенділер дәуірін, өркениетін, мәдениеті мен тағлым-танымын бұрмалап, жасырып қоюға немесе астарын кері айналдырып көрсетуге болатын шығар, алайда мұндай байтақ тарихты жойып, мүлдем құрдымға жіберу мүмкін емес. Оған бүгінгі таңдағы өзгерістер мен жаңғырулар куә.

Мұхиттың толассыз аласұрған толқындары іспеттес биікке көтеріліп, арнасынан асып түсіп жер жаһанды басып кететіні сияқты адамзат өркениеті де қанатын кеңге жайып, бүкіл әлемді құшағына алып, өз ырқына көндіретіні рас. Адамзат тарихында өркениеттің осындай екі толқуы болғанға ұқсайды. Соның біріншісі (ең алғашқы) шығыстан батысқа қарай жайылған көшпенділердің көне өркениеті. Толқынды толқын қуғандай Қаңлы, Дешті Қыпшақ заманы, Үйсіндер, Сақ, Оғыз, Ғұндар дәуірі, Түркілер өркениеті, Шыңғыс ханның және оның баһадүр ұрпақтарының тегеурінді жорықтары Еуропа құрылығына бірінен соң бірі жетіп, ұланғайыр көлдей жайылды. Жәй ғана келген жоқ, бар құндылығын ала барды. Аюдың терісін жамылып, қолына таяқты құрал еткен көне құрылық жұрты мұны жете аңғармаған да шығар. Алайда, шындығы сол, алғаш рет көшпелі жұрт мінген мындаған ат тұяғының дүбірін естіді, жаужүрек жұрттың қаһармандығын сезінді. Темірді қамырдай илеп әрқилы қару-жарақ, құрал-сайман жасайтын, алтын-күмісті өңдеп ғажап әшекейге айналдыра алатын қолы ісмер елді көрді. Батырлықтың, соғыс өнерінің, жекпе-жек

ұрысының өзгеше үлгісін көрді. Сонымен қатар адалдықтың, мәрттіктің, даналықтың, сондай-ақ өзгеге ұқсамайтын далалық мәдениеттің, дүниетанымның, жаратылысты сезінудің саналуан үлгілерін танып білді. Бұлар шүбә келтірмейтін ақиқат.

Әсіресе, адамзаттың өсу тарихында дін атаулының бастауы болған Көк Тәңіріне табыну, жер-жаһанның бір ғана Жаратушысы бар – ол Көк Тәңірі дейтін наным-ұғымды берік ұстанған көшпенділер сол бір ықылым заманда-ақ бұл ілімнің байыбына терең үңіліп, санасына сіңірген жұрт. Сіңіріп қана қойған жоқ, онысын өзімен бірге ала жүріп, төрткүл дүниеге таныта білген жұрт. Кейіннен көшпенділердің осы сенім-танымынан әртүрлі діни көзқарастар бастау алып осы заманғы дәстүрлі діни ағымдар дүниеге келді.

Бұл жөнінде жиырма жылдан астам уақыт жан-жақты терең зерттеулер жүргізіп, тарихи мәні бар тұжырымдар жасаған түркі әлемін зерттеуші Мурад Аджидің еңбегінен көптеген мәліметтер алуға болады. Сол замандағы Тәңірқұттардың (ең жоғарғы әскери лауазым) байрағында крест (екі түзудің қиылысы) таңбасы болған екен. Ол біздің қазіргі ұғымымыздағы «крест» емес. Оның мәні тым арыда, тәңір атауымен байланысты. Төрткүл дүниенің түйісуі деген мағына береді. Сол «төрткүл дүниенің жаратушысы бір ғана – Тәңір!». «Төрт құбыла, дүниенің төрт бұрышының иесі де – Тәңір!» дейтін ұғымды білдіреді.

Талай мыңжылдықты арқалап, талай ғасырларды артқа тастаған көшпенділердің осы таным-түйсігі уақыт елегінен өтіп заманына қарай көп өзгерістерге ұшырады. Кейіннен христиандар бұл таңбаның астыңғы жағын ұзартып жіберіп, Иисус Христосты шегелеп тастаған дар ағашына айналдырып алды. Бүгінде ол бүкіл христиан әлемінің киелі таңбасы. Ал бар әлемді табанға салып бас игіземін деген Гитлер болса, тәңір таңбасының төрт ұшын иіп (майыстырып) жіберіп өз партиясының символына (свастика) айналдырды. Бұл таңба фашистердің свастикасын ғана емес, ұлтшыл-көсемдерінің (Гитлер, Гиммлер, Генрих, Геббелс деген сияқты) атын да білдіреді. Сөйтіп, сонау көне дәуірде көшпенділер көкке көтерген, 5000 жылдық тарихы бар «тәңір таңбасының» мәні де, сипаты да өзгеріп жүре берді.

Уақытта шектеу қайсы. Сол сияқты өзгермейтін дүние де жоқ. Талай мыңжылдықтар сырғып өте шықты. Ендігі жерде адамзат өркениетінің толқыны керісінше батыстан – шығысқа қарай бет алды. Бір заманда көшпенділер апарған көне өркениеттің түп негізін жойып, бояуын өзгерткен, оның ең озық үлгілерін, ерекше қасиеттерін бойына сіңірген өзгеше сипаттағы өркениетті алып келді. Бұл да талай ғасырларды өткерген, талай зұлматтарды бастан кешірген, озық үлгісі де, қайғы – қасіреті де жетерлік адамзаттың даму жолы. Біз, дала халқы, кешегі көшпенділер – бүгінгі таңда сол өркениеттің ықпалында өмір сүріп жатырмыз. Түйіндеп айтсақ, қазіргі таңда Батыстың өркениеті үстемдік құрып тұр.

Талай ғасырлар зымырап өтер әлі. Адамзаттың басына төнген қауіп-қатерлер уақыт өткен сайын көбеймесе азая қойған жоқ. Экологиялық апат, табиғи апат, жердің дүмпуі, топан судың қаптауы, жер бетінің өртке орануы сияқты адамның ырқына көне бермейтін алапат күштердің тақалып қалғанын айтып ғалымдар зар илейді. Тіпті, сырттан келетін қауіп-қатердің де көп екенін айтады. Жұмыр жерді бетке алып зымырап келе жатқан небір аспан денелері, метеориттер, қаптаған зіл тастар. Тіпті, жұмыр жердің де, онда мекен етіп жатқан адамзаттың, бүкіл тіршілік атаулының ендігі тағдыры өз қолында емес екен. Оның болу-болмауы өзге бір планетада тұратын беймәлім өркениеттің қолында дегенді де айтып зәре-құтыңды алады. Ғалымдардың сөзіне сенсең бізді (адамзатты) осындай алапат күштерден сақтандырып, аман алып қалып жүрген көзге көрінбейтін «қорғаушымыз» да бар екен. Қойшы әйтеуір, ғылымның өрісі кеңіп, адамзаттың білім-түйсігі, ой-санасы тереңдеген сайын әлгіндей сәуегей сөздер бүгінде көптеп айтылады. Бұған не деп дау айтасыз? Мұның түйінін сонау ықылым заманда-ақ: «Бәрі де бір Тәңірдің, бәрі де бір Жаратқанның қолында» деп ата-бабаларымыз айтып кеткен жоқ па?...

Адамзатқа сырттан келетін толып жатқан қауіп-қатерлерді былай ысырып қойып, бүгінгі таңда болып жатқан адамдар тірлігіне көз тоқтатып көрелікші. Толассыз соғыстар, қасақана жасалған жарылыстар, адам қырғыны, террор, күшті елдердің әлсізге көрсетіп жатқан зорлық-зомбылықтары, қысым көріп

ел-жұртын тастап шуаған босқындар, аш-жалаңаш қалған балашаға, қарттар, әйелдер. Айта берсең мұның шегі жоқ. Адамзат өркениеті үшін ең қауіпті зұлмат міне осылар. Бұларды ешкім сырттан келіп жасап жатқан жоқ, жербасып жүрген адамдардың өздері өз қолымен, ең қауіптісі саналы түрде жүзеге асырып жатқан іс-әрекеттер.

Бұған айғақ іздеп алысқа барудың еш қажеті жоқ. Бір ғана араб елдерінің бастан кешіріп жатқан тірлігі бұған дәлел. Мыңжылдықтар өтінде қалыптастырып, өзінің дара өркениетін дүниеге әкелген араб әлемі бүгінгі күні күйреудің аз алдында тұр. Бұған көп жағдайда өздері кінәлі. Араб еліне табиғат берген ұлан-ғайыр мол ырзығы мұнай ғой. Содан түсетін миллиардтаған ақшаның соңына құныға түсіп, айналып келгенде соның «құлына» айналды. Ұрпақ тәрбиесі, білім беру кенжелеп қалды. Тіршілік тізгінін өзгенің қолына беріп қойды. Кештеп барып ес жинаған кезде халықтың ғасырлап қалыптасқан рухани мұрасының көмескіленіп, табиғи байлығының талан-таражға түскенін, тарихи құндылықтардың біразынан айрылғанын бірақ білді. Сонау көне Мысыр, фараондар заманынан бері келе жатқан көне өркениеттің жібі сөгіліп, ыдырай бастады. Тұтас бір әлемнің, тіпті бүкіл адамзаттың арқауы, асыл діңгегі болған исламдық танымның өзіне сызат түсіп, әрқилы өзгерістерге ұшырап, байырғы құндылығынан айрылғандай көрінеді. Бірін-бірі мойындағысы келмейтін, бірін-бірі жоққа шығарып қаралайтын, қарама-қарсы зиянды көзқарастар, діни идеялар ағымы пайда болды. Бұған қыбын тауып сыналай кірген сыртқы күштердің де ықпалы болмай қалған жоқ. Сөйтіп, дүниежүзінің бір бөлігін тұтастай алып жатқан араб әлемінің іргесі шайқала бастады. Бәрінен де қауіптісі халқы миллиондап саналатын, ең озық, ең бай дейтін Иран, Ирак, Араб эмираты, Сирия, Кувейт басқа да толып жатқан араб елдері бір-біріне қол ұшын беруден қалды. Ынтымақ, бірліктен айрылды. Әр ел өз қамын ғана шиырлап, шексіз баюды, өз аумағында өктемдік студі ғана мақсат тұтты. Мұндай сәтте андысын андып жатқан эззіл күштер қарап жата ма? «Бөріні бөрікпен ұрып алғандай» шалт қимылдап естерін жиғызбай әр елдің шаңырағының астанкестенін шығарды. Бұған айтар желеу де, сылтау да толып жа-

тыр. Ақиқаты сол: «әр заманда да күштілер алдында, әлсіздер кінәлі» болмақ.

Ал алауыздық жайлаған, береке-бірліктен айрылған елдің қандай күйге ұшырайтынын айтып жатудың өзі артық. Ата-бабамыз сонау ықлым заманда-ақ: «Бірлік түбі – тірлік! Бірлігі бар ел озады, бірліксіз ел – тозады!» дегенді санамызға сіңіріп кеткен жоқ па?! Көнекөз бабалардың мұндағы айтпағы байлығы шалқыған көл-көсір елдерді немесе осы күнгі төбесіне бұлт үйірілген зәулім үйлерді емес, қай дәуірде болмасын ел бірілігінің, өзара ынтымақтың, болашақ ұрпаққа рухани тәрбие берудің қаншалықты маңызды екендігін меңзеп отыр.

Біз бұл жерде әлдекімді жазғырып, әлдебіреудің осалдығын, кемістігін айтуды көздеп отырған жоқпыз. Мұндай жағдайды мыңжылдық тарихы бар көшпенділер де, сол ұлыстың бүгінгі мұрагері қазақ елі де молынан көріп, бастан кешірген. Ынтымақтан айрылып, басынан бақ тайған, көпірме эззілдің сөзіне ерген елдің бар ырзығы, жер-суы, өзен-көлі «ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кететінін кешегі Күлтегін, Білге қаған, Таныкөк бабаларымыздың тасқа «қашап» жаздырып кеткен аманатынан да көруге болады. (М. Жолдасбеков «Асыл арналар», «Жазушы» баспасы, 1990 жыл, 46-48 беттер.)

*«...Төрт бұрыштың бәрі дұшпан екен,  
Сарбаздарымен аттанып,  
Төрт бұрыштағы халықты,  
Көп алған, бәрін бейбіт еткен.  
Бастыны еңкейткен,  
Тізеліні бүктірген....Түркі елі,  
Бектерінің, халқының ымырасыздығынан,  
Табғаш (Қытай) елінің тепкісіне көнгендігінен,  
Арбауына жүргендігінен,  
Інілі-ағалының дауласқандығынан,  
Бекті халқының жауласқандығынан,  
Түркі халқы елдігін жойды...  
Түркі халқы өкін!  
Біресе ілгері шаптың,  
Біресе кері шаптың.*



*Барған жерде не пайда таптың?  
Қаның судай құйылды,  
Сүйегің таудай үйілді,  
Бек ұлдарың құл болды,  
Пәк қыздарың күң болды...».*

Сонау VI-VIII ғасырлар аралығында өмір сүріп, батырлықтың, елдіктің ғажап үлгісін көрсеткен, көк түріктер атанған бабалардың көзіндей бұл шежіре сөздерді тек аманат қана емес, болашақ ұрпақтың санасында мәңгі жүретіндей, жүрегінде мәңгі ұялап қалатындай қасиетті ұғым деп қабылдау қажет.

Егемен ел атанып іргемізді бүтіндеп, жоғымызды түгендеп, барша әлемге қазақ деген жұрттың бар екенін әйгілеп, «атой салып» жатқанмызға да отыз жыл болып қалыпты. Тарих тағлымы үшін бұл қас-қағым сәт қана. Тәуелсіз ел атану бір басқа, ал сол тәуелсіздікті сақтап қалу, ата-бабаларымыз үлгі етіп қалдырған біртұтас мызғымас мемлекет қалыптастыру бір басқа. Бүгінгі таңда өрелі ұл-қыздарымыз осындай абыройлы істің бас-қасында жүріп, бар күш-жігерін сала еңбек етіп жатқаны жасырын емес. Алайда, байырғы көшпенділердің, кешегі көне түркілердің көзіндей, сарқытындай саналатын қазақ жұртының бүгінгі тірлігіне, жасампаз жетістіктеріне, дауылпаз өрлігіне қырын қарайтын мысық тілеу күштердің да бар екенін естен шығармау керек. Мұндайда қасиетті бабаларымыздың: «жау қайда деме - жар астында, бөрі қайда деме – бөрік астында» дейтін даналық сөздері еске түседі.

Расында, әлемнің тең жартысын алып жатқан көшпенділердің құс қанаты талатындай, ең ұшқыр деген тұлпардың өзі тұяғы кетіліп әрең жететіндей ұлан-ғайыр жер аумағын түгелдей иемденбесе де, соның бір «пұшпағына» ие болып қалған қазақ елі – бақытты ел. Оның өзі де жерінің аумағы жағынан әлемде 9-шы орында тұр. Кең байтақ жерінің асты да, үсті де «қазынаға» толы. Таулары асқақ, даласы кең-байтақ, өзен-көлдері шалқып жатыр. Мұндай елге кім қызықпайды, кім сұқтанбайды?

Бүгінгі таңда бүкіл адамзаттың тізгінін қолдарына «түсірген» әккі елдер, барын-жанын салып әлемді билеудің

небір сұрқия әдістерін, алдау-арбаудың небір құйтырқы жолдарын тауып, жанталасып жатқаны еш жасырын емес. Олар бұл ретте бір елдібір елге айдап салу, арандатуды былай қойғанда, көпе-көрнеу соғыс ашу тәсіліннен де бас тартпайды. Өз мақсатына жету үшін айлы-шарғының барлық түрін пайдалануда. Ал оның жолдары, қасақана жасалатын тәсілдері сан-алуан. Мән-мағынасы жоқ әсіре қызыл бояуға толы телешоулар, музыкалық көрсетілімдер, интернет арқылы адам санасын улап жатқан миллиондаған жасанды мағлұматтар, тәнін жалаңаштап тастап, ойына келгенін істейтін кино туындылар, адамдарды ой-сананың иесі емес, жыртқыш аң ретінде дәріптеу сияқты іс-әрекеттер қазіргі дәуірдің ащы шындығы. Компьютерге телміріп, интернетке байланған бүгінгі ұрпақ осыларды көзбен көріп, бар тәрбиені содан алып жатыр. Жаһандану үрдісі болса елдің апшысын қуырып күннен күнге күш алып барады. Аз уақыттың ішінде талай елді тізе бүктіріп, шаңырағын шайқалтып жіберді. Бұл үрдіс біздің басымыздан сипайды дейсіз бе?!...

Немере-шөберелеріміз мультфильмдегі кейіпкерінің тілімен сөйлеп жатса, бойжеткен ұл-қыздарымыз тәнін ашып, түр әлпетін өзгертіп анайылыққа, дөрекілікке ыңғай танытып жатса кімнен көресің? Ғасырлап қалыптасқан ұлттық қасиеттен, салт-дәстүрден, ерекшеліктен қас-қағым сәтте айрылу деген осы болады. Бұған қарсы бүкіл ел болып қарекет жасаудың орнына арқаны кеңге салып, «бізге келіп тұрған қауіп жоқ» дейтін көпірме сөздер, бейғам, шалымы жоқ көзқарастар ертеңгі күні орға жықпасына кім кепіл.

Әлгінде сөз еткендей батыстан - шығысқа қарай жол тартып, біздің заманға қол созған адамзаттың батыстық өркениетінің ұлан-ғайыр жетістігімен қоса, осындай «қауіпті» жағы да бар екенін ұмытпаған жөн. Оның басты мақсаты жас ұрпақты рухсыздандыру, өзінің түп тамырынан үзіп әкету болмақ. Ал өскелең ұрпағынан айрылған елдің көпке бармайтыны бесенеден белгілі. Мұның өзі, әсіресе ұлттық рухтан, өзара береке-бірліктен айрылған елдер үшін аса қауіпті.

Сондай идеологиялық «шабуылдардың» бір түріне ұлттық

әдет-ғұрыпты, адамдардың ойлау, сөйлеу мәнерін, тіпті күнделікті киетін киіміне дейін өзгерту, өзге стандартқа көшіру де жатады. Бұл тұрғыдан да батыстық идеология біраз нәтижеге қол жеткізді. Олай дейтініміз, өзінің ұлттық қасиеттеріне, діліне аса берік, етек-жеңін қымтап жүретін, ең сыпайы дейтін Пәкістан, Үнді, Индонезия секілді елдердің де жастары осы ықпалға түсіп, шаштарын күзеп, тәндерін жалаңаштай бастады. Онысын алысқа бармай-ақ, сол елдердің өздері шығарып жатқан бүгінгі кино туындыларынан да көруге болады.

Тым «асанқайғыға» салынып, құрғақ сөз қуып, көлгірсіп кеткендей болмайық. Мұның бәрі көзі ашық, санасында сәулесі бар кез-келген адамға белгілі жай. Біздің айтпағымыз осындай құртиқы, әзәзіл заманда өмір сүре отырып, ұрпағымыздан көз жазып қалмайық, елдігімізден, салт-дәстүр, тілімізден айралып, баяғы мүсәпір күйге қайта түсіп жүрмейік дейтін ақ тілеу, ізгі ниет қана.

*«Бір ниетте, бір тілде халқым бірдей болсайшы,*

*Артығы жоқ, кемі жоқ салтым бірдей болсайшы»* деп атақты Кенен ақын армандап өткендей, ендігі жерде ешкімге тәуелсіз, рухы асқақ, түйсік-танымы биік, ешкімнің алдау-арбауына көнбейтін бақуатты, біртұтас ел құру әр қазақтың көкейкесті мұратына айналуға тиіс. Осындай жасампаз елдің болашағы, алтын дінгегі өскелең ұрпақ екені ақиқат. Ал сол ұрпақтың білімді, ұлтжанды, парасатты болып өсуіне, туған жерін, отанын көзінің қарашығындай қорғайтындай жаужүрек, патриот болып қалыптасуына қоғам, бүкіл ел-жұрт болып атсалысу кезек күттірмейтін аса маңызды міндет.

***Бақытжан Кененұлы,  
«Егемен Қазақстан» газетінің  
2022 ж. 1-ші ақпандағы нөмірінде  
қысқартылып басылды.***

## МАЗМҰНЫ

Автордан .....	3
С.Латиева. Бақытжанның әндері .....	4

### Ән мәтіндері нотасымен қоса

Қош бол, балалық! .....	8
Ақ арманым .....	9
Жүрек сазы .....	10
Наз .....	11
Сағыныш .....	12
Құштар көңіл .....	13
Қасиетті, киелі махаббат! .....	14
Нақыл ән (Жігіттер силасуда өмір мәні) .....	15
Көңіл кептері .....	16
Бал күндер .....	17
Досыма .....	18
Күншуағым .....	19
Бала кез достарым .....	20
Тұлпар өмір .....	21
Жүрек сәлемі .....	22
Жаным-ау, сені іздедім! .....	23
Беймаза көңіл .....	24
Өмірге менің жоқ өкпем .....	25
Ауылым – берекем! .....	26
Мойындау .....	27
Күзгі тамшылар .....	28
Мағжаным – арманым! .....	29
Қыздың жолы осындай .....	30
Жақсы болса жан жарың .....	31
Ауылынан ғашық жардың аттанарда .....	32
Қалай танысың? .....	33
Шатқалға біткен - Бәйтерек! .....	34
Асыл аға! .....	35
Махаббатым балауса .....	36
Ел бесігі Есілім! .....	37
Аққу құстай пәк дүние .....	38
Тәңірдің сыйы шығарсың .....	39

Дәурен-ай! .....	40
Әкеге тағзым! .....	41
Көңілге, балам, тоқып ал! (терме-ән) .....	42

## **Б. Кененұлының тырнақалды өлеңдері мен әңгімелері**

Үйрен жас дос .....	45
Туған жер тұғырың .....	46
Ана ойы .....	46
Ауыл кеші .....	47
Көктем келді .....	48
Молда мен олжа .....	48
Туған жер .....	49
Домбыра .....	50
Мектеп анам! .....	51
Өзіме серт! .....	52
Айтшы жүрек сырынды .....	52
Арман көп .....	53
Аяз ата .....	54
Көктемгі шумақтар .....	54
Анаға тағзым! .....	55
Менің ауылым .....	56
Жанкүйердің сағынышы .....	57
Жалғыз құлақ .....	59
Қос билет .....	63
Шай үстінде .....	75
Бір түйір тұз .....	79

## **Арнау өлеңдер, ақ тілеу, құттықтаулар**

<b>Т. Байілденов.</b> (жезем) Мұрагері атаның .....	81
<b>Т. Кененқызы.</b> Бауырым, Бақытжанға .....	82
<b>Қ. Әлімқұлов.</b> Кенекемнің кенжесі .....	84
<b>С.Әміреқызы.</b> Бақытжанға бата .....	85
<b>Қ. Әлімқұлов.</b> Беу, Бақытжан , бауырым! .....	86
<b>Ж.Жүсіпов.</b> Қайынаға әрі құрдас Бәкеңе .....	88
<b>Ж. Мұратқызы.</b> Бақытжан атамның тойына .....	89

**Б. Кененұлының арнау өлеңдері**  
**(Парламентте бірге қызмет істеген әріптестеріме)**

Талғат құрдасқа .....	91
Әріптесім, Өз-Бәтимаға .....	92
Камалға .....	93
Әрі бажам, әрі бастығым Серікқалиға .....	94
Бауырым, туысым, Жұмаханға .....	95
Бақытжанның беташары.....	97
Көкшеге тартқан кербездік.....	100
<b>Қ. Қорабаев Б. Кененұлына ізгі тілек .....</b>	<b>104</b>

**Пейілі таза, көңілі кенен азамат**

**(Б. Кененұлы жайлы бірер сөз)**

<b>С. Меңдібаев.</b> Досым менің, Бақытжан .....	105
<b>О. Жолдыбай.</b> Парасат биігінде .....	108
<b>Қ. Қожахмет.</b> Бәйтеректің бұтағы.....	117
<b>Е. Иманбай.</b> Әке рухымен сырласу .....	126
<b>М. Айымбетов.</b> Жүрекжарды ғұмырнама .....	128
<b>Ж. Қарабасов.</b> Асылдың сынығы .....	132
<b>М. Көркемжанұлы.</b> Өнегелі өмір .....	140
Жолбарыстың хаты .....	143
Ақылбектің хаттары .....	145
<b>М. Шапиян.</b> Бақытжан ағамен сұхбат .....	150
<b>Қ. Қажымқызы.</b> Әкемнің 107 әні бар (ой бөлісу) .....	159

**Б. Кененұлының әр жылдары, әртүрлі тақырыпта жазған  
мақала, ой толғаулары**

Ел билеуді емес, ел болуды ойлайық! .....	164
Театрды «тірілтсек» .....	184
Жиенбет жырау Бортағашұлы.....	190
«Классикалық өнердің» ұлттық сипаты .....	201
Табынамын жүрегіне қазақтың .....	211
Армандағанның бәрі орындала бермейді.....	221
Қадірлі жерлестерім!.....	230

Ойтүрткі (К. Әзірбаевтың өмір жолы) .....	238
Тосыннан келетін толғақ ойлар.....	256

### **Сиреп те қалды-ау, қатарым!**


Таңғы шықтай тазалық .....	271
«Шалдың сарқыты» деп әзілдеуші еді.....	275
Әзіліміз жарасқан Ақкөл досым! .....	282
Көңілдің мұнша толқуы-ай! .....	294

### **«Алпыс – тал түсі! Жетпіс – жет те пісі!» деген сөз**

Жүрекжарды лебіздер .....	308
Ресми құттықтаулар, алғыс хаттар.....	316
<b>Б. Кененұлы. «Түйін сөз.» .....</b>	<b>321</b>

*Бақытжан*  
*КЕНЕНҰЛЫ*

**ТҰЛПАРДЫҢ ТҰЯҒЫ**  
(естеліктер, мақала-арнау өлеңдер)



Жауапты шығарушы -  
“Алматы-Болашақ” АҚ  
Өндіріс жағын басқарушы - И.Ү. Ақбасов  
Көркемдік жағын қараған - В. В. Стенякин  
Редактор - М. Б. Ақсан  
Беттеген - А. Рахманбай

Басуға 00.00.20223ж. қол қойылды. Қалыбы 60x90  $\frac{1}{16}$   
Басылымы офсеттік. Шартты баспа табағы - 21.0  
Таралымы - 500 дана. Тапсырыс № 454

АҚ «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды. Алматы қаласы,  
050026, Мұқанов көшесі 223 «В».  
Тел.: 378-40-08, 378-42-00